

ГҮЛХАН НҰРАДИН, БЕРІК АТАШ,
ДИНА КУЛЬБАЕВА

ӘЛЕУМЕТТІК- ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСНАМАСЫ

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ



ОЙЛАН



ҮЙРЕН



КУАН



ЖЕҢІМПАЗ
БОЛ!



ҰМТЫЛ



ДОС БОЛ!



ЕРІНШЕК
БОЛМА



ТОҚТАМА



ДАМЫ



ОҚЫ

**Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті**

**Г.Б. Нұрадин
Б.М. Аташ
Д.Д. Кульбаева**

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСНАМАСЫ

Оқу-әдістемелік құрал

**«Dulaty university»
баспасы
Тараз, 2025**

ӘОЖ 371.3:3(075)
КБЖ 74.263:6я7
Н86

Нұрадин Г.Б., Аташ Б.М., Кульбаева Д.Д.

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи әдістемесі: Оқу-әдістемелік құралы. – Тараз: Dumaty university, 2025. – 149 б.

ISBN 978-9965-37-572-9

Пікір жазғандар:

- | | | |
|-------------------|---|--|
| Өмірбек Бекежан | – | философия ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамед атындығы Атырау университетінің әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі; |
| Жамбыл Мырзабеков | – | PhD докторы, Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, «Тарих және география» кафедрасының меңгерушісі; |
| Жанна Сейткулова | – | тарих ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті философия және саясаттану кафедрасының доценті. |

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи әдістері қазіргі кезде ең жиі қолданылатын білім беру саласындағы негізгі әдістер ретінде сипатталады. Интерактивті оқыту, проблемалық оқыту, кейс әдіс, жобалық оқыту, электронды оқыту және т.б. Әр әдістің ерекшеліктері және оларды пайдалану мүмкіндіктері талданады. Тиімділікке байланысты зерттеулердің нәтижелері оқу процесінде әртүрлі әдістерді қолдану туралы да айтылады.

Оқу-әдістемелік құралы «философия» пәнін жүргізетін философ-оқытушыларға, сондай-ақ философиялық емес және әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы білім беру бағдарламаларының профессор-оқытушы құрамы мен студенттеріне, магистранттары мен докторанттарына арналған.

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи әдістемесі» атты оқу-әдістемелік құралы, ИРН АР23485390 «Практикалық философия - әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудағы интегралды білім беру мен дизайн-ойлау тұжырымдамалық метамоделі» гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

ӘОЖ 371.3:3(075)
КБЖ 74.263:6я7

Баспаға М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінде 2025 жылдың 29 мамырындағы Ғылыми Кеңесімен мақұлданып, № 14 хаттамамен басып шығаруға ұсынылды.

ISBN 978-9965-37-572-9

© Нұрадин Г.Б., Аташ Б.М., Кульбаева Д.Д. 2025
© М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, 2025

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңде білім берудің жаңа технологиялары мен оқыту әдістемесін жетілдіре түсу заман талабынан туындап отыр. Ол сол оқытылатын пәндердегі қозғалатын мәселелер ауқымын тереңірек игеру және зияткерлік деңгейді көтеруге келіп ұштасып жатыр. Сонымен қатар, практикалық философияның негіздеп отырған өзекті мәселелері – білім беру философиясы бойынша нақты ұстанымдарды негізге алады. Практикалық философия ауқымды сала, дегенмен, біз ұсынып отырған осы оқу-әдістемелік құралға қатысты мәселелерін, мақсаттары мен міндеттерін былайша тиянақтап көрсете аламыз: әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың заманауи технологияларын пайдалану мақсаты бойынша – инклюзивтілік, сыни және шығармашылық ойлауды дамыту, «шынайы білімді» басшылыққа алу, білім алушылардың тұлғалық ерекшеліктері мен білім сапасын объективті бағалау т.б.; когнитивтік-прагматистік тұрғыдан алғанда – теориялық білімдердің қоғамдық өмірдегі қолданылуының технологияларын ұсыну, теориялық білім мен нақты өмірлік тәжірибе арасындағы байланыстарды нығайту, алынған білімдердің шынайы өмірде қаншылықты маңыздылығы екенін көрсету т.б.

Авторлар оқу-әдістемелік құралын дайындау барысында негізінен үш тұғырды басшылыққа алды:

а) практикалық философия негіздеген салалардың бірі – білімнің практикалылығы туралы тұжырымдамалар – бірақ бұл оқу-әдістемелік құралында білімнің практикалылығы туралы философиялық тұжырымдамалар талқыланбайды, олар негізге алынады;

ә) оқытудың педагогикалық әдістемелерінің философиясын қолдануды негізге алу, яғни, «философ педагогикасы» және «оқыту философиясының педагогикалық негіздері» – бірақ, бұл мәселелердің теориялық-әдіснамалық қырлары зерттелмейді, сараланбайды, оны осы әдістемелік құралды пайдалана отырып қолдану мақсат етіледі;

б) оқу-әдістемелік нұсқаулықтар классикалық білім беру жүйесі бойынша әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытуда қолдану үшін көп нұсқалардың бірі, баламалы құрал ретінде пайдаланылады және оны білім алушылар да өз бетінше еркін қолдануы тиіс, мәселен, қажет кезінде, көптүрлі баламалы тапсырмаларды таңдау еркіндігі білім алушылардың өздерінің таңдау еркіне қалдырылады – бірақ, бұл еңбекте қарастырылған және ұсынылған білім беру технологиясы – тек қана осында көрсетілгендей стандарттар мен стереотиптерді негізге алуды, тотальділікті, қандай-да болмасын әдістемелер мен технологиялардың абсолютті дұрыс екендігі туралы көзқарастарды өзгелерге таңбайды.

Оқу-әдістемелік құралды дайындау барысында авторлар философиялық, әлеуметтанулық, саясаттанулық, мәдениеттанулық білім мазмұнын (оқу бағдарламаларында бекітілген сол пәннің тарихы мен теориясы) пайдаланады және басқа да әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқытудың педагогикалық әдістемелерімен қатар оның философиялық негіздемелерін қолданады.

Сондықтан да, біз негізге алып отырған «Практикалық философияның» негізгі мәселелер ауқымын ажыратып алғандығымыз жөн. «Қандай философиялық бағыт практикалық?» деген сауал қойылады. Барлық философиялық бағыттар да практикаға бет бұрып бара жатырған «практикалық», сондықтан, да олардың градацияларын былайша тиянақтап көрсетуге болады:

- а) гедонистер, киниктер, суфистер т.б. – практиканы өз призмасынан өткізіп өз ілімдерін дәйектеушілер;
- ә) софистер, перфекционистер, психоаналитиктер – философиялық тәсілдерді нақты өмірде қолданушылар;
- б) марксистер, экзистенциалистер (экзистенциалды психоаналитиктер), прагматистер – практикасын әлеуметтендірушілер, яғни, тұтас қоғамдық өмірге қолданушылар;
- в) қазіргі заманғы философиядағы жаңа арналар: саясат философиясы, бизнес философиясы, білім беру философиясы, сана философиясы, экологиялық философия т.б.

Философия Аристотельдің көзқарасы бойынша:

- теориялық – мақсаты «білім – білім үшін» болып табылады. Теориялық философия: физикалық-математикалық және алғашқы философияға бөлінеді.
- практикалық - мақсаты білімге қызмет ету үшін. Практикалық философияға этика мен саясат жатады;
- нойетикалық (шығармашылық) – мақсаты білім шығармашылық үшін. Нойетикалыққа — шешендік өнер мен саясат жатады.

Аристотель бойынша «логика» — жеке дара ғылым емес, ал пропедевтика барлығының жиынтығынан құралады.

Шеллинг интеллектіні теориялық және құлықтылықты-практикалық деп бөліп, бұларды теориялық және практикалық философия аймағында қарастыру керектігін негіздеді. Интеллект бір сәтте көшіруші және туғызушы болса, объектіні туғызатын шығармашылық және оны көшіретін – интеллектуальді интуиция қалыптасады дейді. Теориялық философияның жүйесі «интеллект әлемді қалай таниды» деген мәселе аясында болса, практикалық философия «практикалық интеллект бұл әлемді қалай тәртіпке келтіреді» болуы тиіс дейді. Неміс философы Гегель философияны өмір көшінен үнемі кеш қалып жүреді деп сынаған болатын. Сондықтан да, философия өмірдің өзімен қатар ғана емес, одан да озық жүруі тиіс екендігі белгілі жайт.

Бұл әдістемелік құралды дайындау барысында әлемдік философия тарихындағы әдіснамалық бағдарлар ретінде пайдаланылатын философиялық, педагогикалық, саясаттанулық, әлеуметтанулық бағыттар мен тұжырымдамалар және олардың технологиялары негізге алынды: прагматизм, феноменология, психоанализ, примитивизм, аналитикалық философия, герменевтика, логика, әсіресе, сыни ойлау-креативті ойлау, постмодернизм, білім мен білім беру философиясы, экзистенциализм т.б. Мәселен, лингвистикалық философиядағы У.Оккамның ізімен артық сөйлемдер мен сөздерді қолданбау, примитивизмдегі – Э.Махтың «ойды үнемдеу» қағидасы, герменевтикадағы – түсіндіру мен түсіну, феноменологиядағы – санадағы түсініктердің өзіне үңілу, логикадағы – логикалық

зандар мен дұрыс ойлау, креативті сыни ойлаудағы – білім алушының өз ойын туындатуға мүмкіндік беру, постмодернизмдегі – ойлау еркіндігі және стереотиптік ойлауды бұзуға берілген мүмкіндіктер, білім беру философиясындағы реформалық бағыттар – білімнің экзистенциалдық мәні, субъект-субъект қатынастары, прагматизмдегі – өзінің ойын өзгелерге таңбай, білім алушыларға шығармашылық мүмкіндік беру т.б. Сондай-ақ, әлемдік философиялық кеңістіктегі «Практикалық философия» бағытының өкілдерінің немесе практикалық философия туралы толғаған философтардың пікірлері мен тұжырымдамалары негізге алынды. Атап айтқанда, Л.Е.Балашовтың «Практикалық философия», Жиль Дилездің «Спиноза. Практикалық философия», Дарио Салас Соммердің «Адамның құндылығы неде?», Юрген Хабермастың «Практикалық ақылға сын», Пьер Адо «Philosophy as a way of life», Александр Николаевич Чумаковтың «Практическая философия», Марио Бунге «Practical Philosophy», Т.Айраксинен мен В.Гаспарскийдің «Практикалық философия және әрекет теориясы» еңбектері, М.П. Желтовтың «Практикалық философия» атты оқу құралы, Стефани Панкенің «Білім берудегі дизайндық ойлау: перспективалар, мүмкіндер және қиындықтар» мақаласы т.б.

Яғни, бұл құрал практикалық философияның өзі (не екендігі немесе оның теориялық мәселелері) туралы емес, осы практикалық философиядағы қойылған түпкі мақсаттарды мен міндеттерді тәжірибеге енгізуді оқу-әдістемелік құралдар арқылы беру және оны әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда қолданудың бағдарларын білім беру бағдарламаларына сәйкестендіре отырып ұсыну болып табылады. Бірақ бұл еңбекте «Практикалық философияның» теориялық мәселелері талқыланды, практикалық философия мен дизайндық-ойлауды, дизайндық-оқыту мәселесіне назар аударылады. Нақтырақ айтқанда, практикалық философияның технологиялары тек қана философияны оқыту арнасында ғана емес, тұтас гуманитарлық білімдерді оқытуда педагогиканың инновациялық технологияларымен бірлесе отырып жұмыс жасауы тиіс деп айта аламыз.

Біз қарастырып отырған практикалық философияда мынадай константтарды, яғни, тұрақты және ара жігін ашып алуды қажет ететін үдерістер бар:

а) таза практикалық философияның өзі – аскеттік, гедонистік, перфекционистік т.б. бағыттар;

ә) жалпы философиялық білімдерді практикада (күнделікті өмірде) қолдану – этика, эстетика, логика б) философиялық білімдерді практикада қолданудың теориясы – қалай қолдану керектігінің әдіснамасы мен бағдарлары, тұрғылары, амалдары т.б. мен білім және білім беру философиясы

б) философиялық білімдерді практикада қолданудың практикасы (үйрету, дағдыландыру) – педагогикадағы, оның оқыту әдістемесіндегі әдістер;

в) осы әдістерді жетілдірудің де теориясы мен практикасы туралы теориялар – сыни ойлау, креативті ойлау, шешімдер қабылдау т.б.

г) осы практика туралы теорияларға эксперименттер жасау – тренингтер, таза қолданбалық тәжірибелер, психоанализ, психотерапия т.б. Бұл тізбектер бір-біріне ұқсағанмен, мәні мен қолданбалылығы жағынан әрқилы. Мәселен, оны былайша нақтыландыруға болады: «таза практикалық философияның өзін» «философиялық

білімдерді практикада қолданудың практикасына» айналдыруға болады, сайып келгенде, «таза практикалық философияның өзі» «осы практика туралы теорияларға эксперименттер жасауға» өтуі тиіс. Яғни, практикалық емес барлық – онтологиялық, эпистемологиялық, аксиологиялық, теологиялық, тіпті космологиялық философиялық мәселелерді «философиялық білімдерді практикада қолданудың практикасына (үйрету, дағдыландыру)» айналдыруға болады. Біз қарастырып отырған практикалық философия мен дизайн ойлаудың негізгі мақсаттарының бірі де осы.

Мысалы, герменевтикалық тұрғыдан келгенде, түсіндірудің өзінің практикасының сатыларын ұсынуға болады: «Мәтіндер – мәтіндерді теориялық тұрғыдан меңгеру – мәтіндерді күнделікті тілге аудару немесе қарапайымдандыру – мәтіндерді түсіндіру теориясы мен технологиялары – теорияны қолданудың практикасының теориясы – практикасының теориясы арқылы оны қолдану, яғни, пайдалану – тексеру нәтижелері».

Нәтижесінде, білім алушылар алған білімдерін практикада қолдануына, арнайы зерттеулер жүргізуіне ашылған мүмкіндіктердің бағдарлары көрсетіледі.

Жоғары және арнаулы оқу орындарының көпшілігінде аталған сала бойынша кәсіби арнайы мамандықта емес топтар үшін таңдау немесе міндеттелген оқу пәндерінің бірі – әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану негіздері болғандықтан, біз, жалпы әлеуметтік-гуманитарлық пәндермен қатар, осы пәндерге айрықша назар аудардық.

Р.С. Ұсынылған әдістемелік тапсырмалардың шамамен 90 пайызы Алматы қаласы бойынша: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Шет тілдер және іскерлік карьера институты, Алматы энергетика және байланыс университеті, Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінде және М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде бірнеше жыл бойы тәжірибелік сынақтан өткізіліп, оңды нәтижесін берген.

ӘЛЕУМЕТТАНУ ПӘНІ БЛОГЫ

Әлеуметтану – қоғамды, олардың өзара әрекеттесуін және оларды сақтайтын, өзгертетін процестерді зерттейтін әлеуметтік ғылым. Ол мұны институттар, қауымдастықтар, халық, гендерлік, нәсілдік немесе жас топтары сияқты қоғамдардың құрамдас бөліктерінің динамикасын зерттеу арқылы жасайды. Әлеуметтану сонымен қатар әлеуметтік мәртебені немесе стратификацияны, әлеуметтік қозғалыстар мен әлеуметтік өзгерістерді, сондай-ақ қылмыс, ауытқулар мен революциялар түріндегі қоғамдық тәртіпсіздіктерді зерттейді.

Әлеуметтануды оқыту бағдарламасында: әлеуметтану пәні, әлеуметтанулық зерттеулер, әлеуметтік құрылым және қоғамдағы стратификация, әлеуметтану және бірегейлік, отбасы және қазіргі заман, девиация және әлеуметтік бақылау, дін, мәдениет және қоғам, этнос және ұлт әлеуметтануы, масс-медиа, технологиялар және қоғам, экономика, жаһандану және еңбек, денсаулық және медицина, урбанизация және қоғамдық қозғалыстар, әлеуметтік өзгерістер мен жаңа әлеуметтанулық пікірталастар сынды қарастырылатын мәселелер аясында семинар тапсырмалары бар.

Әлеуметтанудың теориялық және практикалық деп ажыратылатындығын ескерсек, қазіргі таңда әлеуметтану пәнінің ролі мен маңызының артуы да оның осы практикалық жағына, нақтырақ айтқанда, эмпирикалық әдістеріне байланысты болып отыр. Эмпирикалық әдістер қазіргі таңда күрделі технологиялар арқылы жетіліп келеді, ол жалпы гуманитарлық ғылымдарды цифрландыру мен математикаландыруға байланысты жаңаша сипатқа ие болған. Зерттеулер жүргізетін арнайы құралдары мен технологиялары да заман талабына сай ыңғайластырылған.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ (БӨЖ)

ТАПСЫРМА I.

Қоғамдағы әлеуметтік мәселелер бойынша эссе жазу

«Эссе» – аналитикалық, интерпретациялық немесе сыни әдеби шығарма, әдетте диссертацияға немесе тезиске қарағанда әлдеқайда қысқа және аз жүйелі және формальды және әдетте өз тақырыбын шектеулі және жиі жеке тұрғыдан қарастырады. Кейбір алғашқы трактаттар, мысалы, Цицеронның «кәріліктің жағымдылығы» немесе «сәуегейлік өнері» туралы, Сенеканың «ашу немесе мейірімділік» туралы, Плутархтың «оракулдардың жойылуы» туралы трактаттары белгілі бір дәрежеде эссенің формасы мен болмысын болжайды. Бірақ XVI ғасырдың аяғында ғана эссенің икемді, әдейі немқұрайлы және көп қырлы түрін француз жазушысы Мишель де Монтень жетілдірді. Ол адамның өзіндік жазбалары мен жеке ойлары және тәжірибелерін білдіруге тырысу немесе талпыну екенін баса көрсету үшін «Essais», яғни «Эссе» деп ат қойды

да, оны өзін-өзі тану құралы ретінде пайдаланды. Оның 1588 жылы соңғы жағында жарияланған эссесі әлі күнге дейін ең үлгілі эсселердің бірі болып саналады. Эсселер бір-біріне ұқсас болғанымен, қазіргі таңда оларды мынадай түрлерге бөліп қарастыру қолға алынған.

Публицистикалық эссе. Қоғамдық, әлеуметтік, саяси т.б. мәселелерді талқылайтын және қарапайым тілмен берілетін, әдеби-көркемдік, ғылыми стильді пайдаланғанмен, оларды жұмсарты отырып, түсінуге оңай тілмен жеткізу, терминдерді мүмкіндігінше аз қолдану, қолданған жағдайда мәтін астына немесе жақшаның ішіне қарапайым түсіндірмелер берілуі тиіс.

Ғылыми эссе. Белгілі бір ғылыми тақырыпты талқылайтын, түсіндіретін, қажет кезінде сол ғылым саласына қатысты дәйектемелер, терминдер, тұжырымдар да келтіріледі. Жазу стилі барынша жеңіл болғанмен, көркемдік-әдеби стильдер көп қолданылмайды. Тақырып ғылыми болғандықтан, қозғалып отырған мәселе барынша нақты болғаны дұрыс.

Философиялық эссе. Кез-келген мәселені жалпылама түрде қарастыра отырып, тереңнен ой толғап, әлемдегі, қоғамдағы, адам болмысына, дүниетаным мен ойлауға т.б. қатысты ахуалдарды толғаумен қатар, эссе авторы өзіндік тәлтіма, айрықша, бұрын соңды айтылмаған, қайталанбайтын тың ойлары мен идеялары ұсыналатын эссе.

Әдеби-сыни эссе. Әдеби туындыларды, оның ішінде, әсіресе бір әдеби туындыны нысанаға ал отырып, оны жан-жақты талдау, кей тұстарда сыни көзқарастарын да білдіру, қажет кезінде, әдебиет теориясындағы талдаулар мен сынның технологияларын да пайдаланатын эссе.

Көркемдік эссе. Эстетикаға қатысты, ол эстетикалық пайымдау, эстетикалық сезімдерді ояту, эстетикалық қажеттіліктерді терең түйсінуді мақсат етеді және әдеби көркемдік әдістер қолданылатын, тілдің қатаң логикалық нормалары мен форматтарына бағынуды талап етпейтін, кез-келген тақырыпты таңдауға мүмкіндік беретін эссенің бір түрі.

Автобиографиялық эссе. баяндау мен қойылып отырған мәселеге қатысты негізгі оқиғалар автордың өзіне қатысты, өзі өмір сүрген кездегі аухалдарды мысалға алу немесе басқа псевдонимдер жасау арқылы құрылымданады. Өзі сол оқиғалардың ішінде жүреді, ол жабық немесе өзі екендігі ашық түрде де жазыла береді.

Эсселерге ортақ жазу мәнерлері: нақыл сөздердің сілтемелер ретінде, тек рационалды ғана емес, сезімдік толғаулардың да кірістірілуі, ойдың ашық және еркін жеткізілуі, қатаң жүйелілік, бірізділік, нақтылық т.б. сақталуының міндетті емес екендігі, автордың өзінің жеке ойларының кірістірілуі (ол ойлар

көлемге байланысты емес, кейде, тұтастай, кейде, бір абзац түрінде немесе қорытынды бөлімде ғана көрсетіледі)

Бірақ эсселердің бұл түрін де қатаң жіктеп, бірыңғай тәртіпке бағындыруға да келмейді. Эсселердің бұл түрлері бір ғана эссенің ішінде араласып жүруі де ықтимал екендігін ескерген жөн.

Эссе тақырыптары:

1. Оптимизм және пессимизм: әлеуметтік -психологиялық климат.
2. Жаңа мыңжылдықта адамзат эволюциясы қалай қалыптасады?
3. Қазіргі заманғы Қазақстандық азамат қандай болуы тиіс: адам ресурсының сапалары мен қасиеті.
4. Тұлға бостандығы дегеніміз не?
5. Отбасылық өмірдің әлемдік және отандық келбеті: проблемалары мен жетістіктері.
6. Тәуелсіз Қазақстанның жаһандану қатерлерінен қорғанудың тетіктері.
7. Батыс пен Шығыс аймақтарындағы адам келбеті.
8. Әлемдегі суицид мәселесі және оның алдын алудың жолдары: жаңа таным парадигмалары.
9. Ақпараттық кеңістіктегі тұлға феномені: бейімделушілік пен бейімделе алмаушылық, консерватизм мен радикализм.
10. Қазіргі Қазақстан қоғамындағы қала мен ауыл айырмашылығы: жетістіктері мен проблемалары.
11. Жұмыссыздықты жоюдың жаңа технологияларын ұсыныңыз?
12. Бизнес пен шағын кәсіпкерлікті дамытудың әлеуметтік мәселелері
13. «Отан отбасынан басталады» деген афоризмнің әлеуметтік мәні
14. «Дін адам басын айналдыратын апиын» деген К.Маркстің тұжырымдасы: сыни пікірталастық талдау.
15. Қоғам дамуындағы әлеуметтік зерттеулер: тиімділігі мен алынатын нәтижелердің сараптамасы.
16. «Заман» ұғымына әлеуметтанулық түсіндірме беріңіз?

!!! Егер де білім алушының бұл тақырыптардан басқа өзіне қызықты, толғандырып жүрген мәселелері болатын болса, онда еркін тақырып ретінде өз бетінше басқа бір тақырыпты таңдап алуына болады.

Орындалу тәртібі мен рәсімделуі: эссе көлемі 3-5 бет аралығында болуы тиіс және мазмұнында әлеуметтанушылардың, басқа да ойшылдардың пікірлері (кемінде екі әлеуметтанушы) қамтылуы тиіс, сонымен қатар автордың өзіндік шығармашылқ ойлары ғылыми немесе ғылыми-публицистикалық деңгейде құрылуы керек. Орындалған жұмыс антиплагиат көрсеткіші бойынша 70 пайыздан кем болмауы талап етіледі.

«Дін әлеуметтануына» қатысты қазіргі заманғы діни сенімнің жалпылама келбеті мен еліміздегі көріністері туралы ғылыми философиялық-әлеуметтанулық сыни көзқарастағы эссенің үлгісі

Тақырыбы: «Заманауи діни сенімнің моделі» немесе дін насихатшыларының кейбірі бізден нені жасырады?» (Практикалық философиялық талдау)

Діни сенімдердің қалыптасуы мен негізгі қызметтерінің байырғы замандарда бастапқыда қалай құрылымданғандығы бізге беймәлімдеу және күңгірттеу. Дегенмен, қоғамдық санадағы заманауи сенімдерге, қазіргі заманғы Еуропа; АҚШ, мұсылман елдеріндегі діни сенімдерді емес, сол елдердегі сенуші тұлғалардың келбетін неореалистік тұрғыдан зерделеуіміз қажет. Сондықтан да, біз діни сенімнің нақты жеке тұлғаға қатысты өзіндік құрылымының қолданбалы көріністерін және зайырлы нұсқасын былайша модельдеуімізге болады: **«ноуменалды» - «интровертті, имманентті» - «ауто-сельф-конструктивистік» - «динамикалы-адаптациялық» - «сыни-өзіне сыни» - «индивидуалды-терапиялық сенім»** форматын ұсынамыз. Бұлар сенімнің деңгейлерін, дәрежесін, тереңдігін білдіретін бір-біріне қатыссыз жеке-жеке элементтер емес, тұтастай сол сенімнің деңгейін, тереңдігін, дәрежесін, оңды зайырлылығын бере алатын кіріккен формат деп айта аламыз.

Ноуменалды (феноменалдыға қарама-қарсы) сенім. Ноуменалдылық (тәжірибе мен істен гөрі, атаулар мен сөздерді басымдылықта ұстау) тұтастай көне заманнан бастап, бүгінгі күнге дейінгі дін мен діни сенім тарихында жаппай болмаса да, ішінара жиі кезігетін үдеріс. Бұл дінге деген сенімнің ноуменалдылығы болғандықтан, оны жартылай-толықтай, либералды-консерваторлы т.б. деп ажыратпаймыз, өйткені, ол дінге деген сенуші субъектінің өзінің ішкі қалауы бойынша, өздігінен-ақ реттеледі. Ноуменалды сенімнің негізгі белгісі дінге сенуші тұлға – көп жағдайда тек атаулармен, сөздермен, ұғымдармен жұмыс (өмір сүреді) жасайды.

Бұл жерде дінге сенуші өзінің сенім деңгейі мен дінге қаншалықты берілгендігін өлшеп отырмайды, бірақ ол дінді жоққа шығармайды, өзінің де сенетіндігін жоққа шығармайды, ол өзінің үрейін ноуменалды сенім әрекеті арқылы «жұмсартады», бірақ діни үрейден (құдайдан қорқу) толық арыла алмайды. Сондықтан, ол құбылыстар, діни тәжірибе, діни салттарды орындауды құп көргенмен, оны іс жүзінде нақ өзі сақтауға құштар емес. Сондықтан, ол атаулар арқылы өзіне-өзі компенсация жасайды (алдаусыратады), яғни, діни концепттерді қолдану, мақұлдау, пайдалану арқылы дінге деген сенімінің деңгейінің жоғары еместігін жасанды түрде бүркемелейді. Басты ұғымдық атаулары (концепттері): Жаратушы, Құдай, Құдыретті күш, Пайғамбар т.б. асқақ эстетикаландырып, күнделікті тілде қолданады, діни ғалымдар – ғылыми тілде коннотациялық мағынасынан (уағыздан) алшақтатқан сияқты болып қолданады (кейбір теологтар тұтас тұжырымдама да жасап шығаруға ұмтылады). Яғни, дінге

деген сенім сәттерінде оның ритуалдары мен салттары емес, осы ұғымдық атаулары аса маңызды роль атқарады, бұл қолданыстар діни қоғамдық санада «күп», «дұрыс» болып қабылданады. Ең басты ерекшелігі осы «ноуменалды сенім», дінге сенімнің деңгейін бүркемелейді, тіпті оны атеистер де қолдануы ықтимал. Бірақ психолог-психоаналиктер, сараптамашы философтар т.б. мамандар кез-келген ноуменалды сенімнің деңгейлерін анықтауына болады. Бірақ осы ноуменалды сенім үнемі жасырын күйде болады. Ноуменалды сенімнің артықшылықтары: фанаттықтан ада, экстремистік пиғылды емес, діни адамдар үшін де келісімпаз т.б. мәселен, өзін «мұсылманмын» деп санайтын, бірақ мұсылмандық шарттарын орындамайтын адамдардың тобы қазіргі ҚР Қазақстан республикасында немесе елімізде жиі кездесетін типтер. Өйткені, бұл типтердің исламға қатысты алғанда, қазақ даласында бұрыннан бері өзіндік бір тарихи үлгісі қалыптасқан деуімізге де болады. Шындығында, біздіңше, бұл сенім заманауи зайырлы қоғам үшін оңтайлы үлгі деп айта аламыз.

Интровертті-имманентті (өз сырын өз ішіне бүккен адам) сенім. Бұл – жеке тұлғаның дінге деген өзінің сенімін: өзгелерге жариялау мен жарияламауға байланысты параметрлер. Қазіргі таңда елімізде: өзі орындаған діни сенім ғұрыптарын жариялап, әйгілеп, демонстрациялап жүретіндер мен «интроверттелген-имманенттелген сенім» түрін ұстанатын екі топ бар. Соңғылары дін туралы ақпараттарды тасымалдаумен, насихаттаумен, жариялаумен, өзінің сенімін өзіне-өзгелерге «мақтаныш» ретінде таңумен шұғылданбайды. Тіпті, кей жағдайда, дінге сенетіндігін көпшілікке, аудиторияға ерікті түрде жариялағысы да келмейді. Ал кейбірі еріксіз немесе ерікті түрде, ресми емес тиымдар бойынша жариялай алмайды, мәселен, ресми өкілдер: саяси биліктегілер, ғалымдар т.б. азаматтық, зайырлы қоғам тұлғасы болғандықтан, жариялай алмайды. Бұл дінге деген сенімнің тек «өзі-үшін-ғана» екендігін түйсінгендіктің айғағы іспеттес. Яғни, кез-келген діни сенім жариялап, жарнамалап, өзгелерге мақтану т.б. үшін емес, тұйық, өзінің ішкі рухани дүниесі үшін қажетті атрибут ретінде сақталады. Бірақ сол дінге сенетін нақты адам психологиялық тип бойынша интровертті болмауы да мүмкін, алайда, оның сенімі интровертті (тұйық), иманентті (ішкі) болуы тиіс. Сондықтан, біздіңше, бұл үлгі де қазіргі зайырлы қоғам адамының сенімінің оңтайлы бір көрінісі іспеттес. Интровертті-имманенттілік сенім адамы – дінді: ұжымдық, корпоративтік рух түрінде, әңгімелесе қалса, дінді көбірек айтатын – коммуникативтік ортаның бірден-бір объектісі т.б. ретінде бағаламайды, оны «өзгелерге ашылмайтын», тек «өзі-үшін-құндылық» ретінде ғана түйсіне алады. Яғни, интроверттілік сенім – кез-келген адамның діни сенімін жай ғана өз ішінде сақтау емес, «тылсым мен құпияларын», «қасиеттілік пен әлдеқандай бір киелілікті» ешкімге айтпау және осы «құпиялықты сақтау» мақсатында жалған сөйлемге болып табылады.

Дінге сенуші адам – ауто-конструктор (дінді өз бетінше құрылымдаушы). Тұлға жеке өзінің сыни ойлау деңгейіне, дүниетанымына, стереотиптеріне, жағдайына, өмірлік белестеріне т.б. байланысты діни сенімнің мазмұнын тұтастай қайта құрылымдайды (реконструкциялайды). Кез-келген діни сенімнің тарихи заңдылықтары мен ережелері, нормалары мен тәртіптері

тұтасынан алғанда, дәл, сол қалпында сақталуы үшін қазіргі адамдар үшін тым қатаң және заманға сай жаңашалана алмайды (модернизацияланбайды). Сондықтан да, діннің жалпы құрылымдарына сүйене отырып, әрбір тұлға діни сенімді өзіне ыңғайлап өзгертеді: саналы-бейсаналы түрде. Өйткені, діни мәтіндер (әсіресе, авраамдық діндер) герменевтикалық талдауларға ашық және еркін талдауларға жол бере алады. Дінге сенуші бұл жағдайда тек тікелей діни мәтіндерді ғана қайта құрылымдап, талдап отырмайды, сол діни мәтіндерді түсіндірушінің нормалары мен талаптарын да «өзі-үшін» оның мазмұнын қайта құрылымдайды. Себебі, дінге сенуші тұлға «арғыбейсанасында» (авт.) «адам – дін үшін емес, дін – адам үшін» екендігін түйсіне алады. Осы «күпияны» кейбір діндарлар жасырғанмен, кейбір қарапайым адамдар оны интуитивті түрде сезеді. Сөйтіп, әрбір дінге сенуші тұлға өзіне ыңғайластырылған дінді жасайды, тудырады, құрылымдайды, өзгерте де алады т.б. (Жер бетінде қанша дінге сенуші болса, сонша дін бар). Мәселен, алкогольді ішімдіктерді, шылым шегуді қолданатын, жемқорлықпен айналысатын, кей сәттерде зұлымдықтарға да бара алатындарда дінге сенетіндер қатары аз емес. Бұлар дінге сенбейді емес, сол дінді өзіне ыңғайлап құрылымдап алғандар. Тіпті, жезөкшенің де өзінің діні бар. Мәселен, жер бетіндегі соғыс өртін тұтандырушылардың барлығы дерлік дінге сенетін адамдар, олар жай ғана дінді өздеріне ыңғайластырып жасап алғандар. Кейбірі, дінді саяси негізде, кейбірі бизнеске (өзі үшін ақша табу ғана) айналдырып, кейбірі тек өз жеке бас мүддесі үшін ғана конструкциялайды. Бірақ ешкім де: «мен кәсіпкерлік діннің ғана мүшесімін», «мен дінді саясаттандырушы ғана адаммын» т.б. деп айтпайды. Ал кейбір сыни ойлауы төмен адамдар, өзгелердің «өзі-үшін-ғана» құрылымдаған субъективті діндерінің ықпалымен ғана жүреді.

Бұл тұста, қарапайым халық білуі тиіс түйткілді мәселе бар: дін насихатшысының ішкі дүниесінде бір платформаны (діннің рухани көздері, кітаптары, тарихтағы дінді түсіндірушілер т.б.) негізге алғанмен, екеуі екі бөлек, бір-біріне ұқсамайтын екі конструкция қалыптасады: бірі – «өзі-үшін-ғана», екіншісі – өзгелер, яғни, «көпшілік халық үшін», біріншісі – имманентті, ішкі, жасырын, өзгелерге арналмаған, тек Өзі үшін, өзінің жеке өмірі үшін ғана, тек өзінің мүддесі үшін ғана ыңғайластырылған, діни сенімнің шарттарын қажет кезінде өзгерте алатын, ол – кәсіпкерлік, саяси, дипломатиялық, көпшілікке жарияланбайтын, кейде, өзінен де өзі «жасыратын» конструкциялық үлгі. Ал екіншісі – дін үшін ғана емес, сол өзінің конструкциясы үшін қызмет ететін үлгі, бұл тұста, «Өзі-үшін-ғана» қызмет ететін өзінің «жасырын» конструкциясы басты орынға шығарылады да, «дін-үшін» екінші жоспарда тұрады. Оның түпкі мақсаты – «Өзі-үшін-ғана» құрылымдаған үлгі арқылы, тікелей өзіне және өзі сияқты өзгелерге (айналасындағы дін қызметкерлеріне) қызмет ететін «көпшілік тобырды неғұрлым көбірек жинау маркетингін» одан әрі жетілдіру. Яғни, дін насихатшысы уағыз айтқанда «өзі-үшін-дінді» үгіттемейді, көп жағдайда сол үлгіге қызмет ететін мақсатта жасақталған басқа бір үлгіні насихаттайды деген сөз. Осы екі модельді қазақ халқы бұрыннан-ақ білген: «Молданың істегенін істеме, айтқанын істе» деп қысқа ғана қайырған. Яғни, осы екі үлгінің мазмұны бір-біріне қарама-

қайшы келуі де мүмкін, бірақ ол дін насихатшылары үшін маңызды емес. Бұл тек бүгінгі Қазақстан Республикасы ислам институтының ғана емес, жалпы әлемдік діни климатта да бар, христиандық, иудейлік діни ағартушылардың «маркетингінде» кездесетін жайт («Діни менеджмент» пен «діни маркетинг» деп атауға болатын бағдар өз алдына жеке зерттеуді керек етеді).

Дінге сенуші адам – сельф-конструктор (дін қажет сәтінде өзін жасаушы), ол ауто-конструктормен тура сәйкес емес. Сол ауто-конструктор дайындаған сенімнің форматын, яғни, өзі жасап, өзі дайындаған сенімнің форматына өзін бейімдейтін, өзін оған қайта құрылымдап өзгертетін жан. Нақтырақ айтқанда, ауто-конструктор – теоретик сияқты (бірақ ол «тәжірибенің теориясын» (авт.) жасаушы), ал сельф-конструктор оның практигі – екеуі бір адам. Ауто-конструкциялауда да тәжірибе бар, ал сельф-конструктор өзін қайта құрылымдаушы: таза діннің өзіне емес, өзі қалаған, өзі жасаған, өзіне ыңғайласқан діни сенімнің форматтарына өзін бейімдеу, адаптациялау (Әрине, экзистенциалдық тұрғыдан алғанда, барлық адамдар да, «өмірдегі барлық жағдайларда да сельф-конструктор» (авт.) болып табылады, біз бұл жерде біз, жалпы емес, нақты дінге қатысты тұрғыны ғана негізге алып отырмыз). Нақты айтқанда, өзі жасаған діни сенімін өзгелерге таңу емес, оны тек өзі ғана жүзеге асыруы тиіс, ол тек Өзінің «рухани жеке меншігі» (жеке меншігіндегі өзіне ғана тән «өмір сүру философиясы»). Сонымен қатар, өзінің конструкциясының жүзеге асуы үшін, оны қорғау мен сақтап қалу үшін өзгелердің конструкциясына сыни көзқараспен қарап, оларды үнемі-үздіксіз рационалды сүзгіден өткізуі қажет. Өйткені, ол конструкция өзіндікі емес – өзгенікі: мүлде басқа адамның, Сенің жағдайыңды, ешкімге ұқсамайтын ішкі рухани әлемінді түсінбейтін адамның конструкциясы.

Динамикалы сенім (діни климаттағы құбылмалылық) Негізінен алғанда, діни мәтіндер тұрақтылықты қалайды, бірақ оның түсіндірмелері барынша тұрақсыз және өзгермелі (динамикалы). Осы динамикалық тек діни мәтінді түсіндіруші немесе насихат жүргізушіге ғана емес, оны қабылдайтын кез-келген қалыпты адам үшін де көп жағдайда өзгермелі, құбылмалы болып келеді. Осы екі жақты динамикалық, шындығында, сол діннің өмір сүруінің, сабақтасуының, қазіргі заманда сақталуының барынша, бірден-бір гуманистік тәсілі болып отырған сыңайлы. Сенім және оның деңгейі – заманға, қарым-қатынас жасап отырған ортаға, уақытқа т.б. байланысты өзгеріп отырады, кейде, бір сәтке құбылса, кейде араға айлар мен жылдар өткізіп барып құбылады. Мәселен, күнделікті өмірде атеист адамдар Еуропаға барғанда, христиандық сенімді, араб мемлекеттеріне барғанда адамдар арасындағы қарым-қатынаста исламды сырттай құптағандай сыңай танытады. Келісімпаздық-бейімделгіштік (конвенционалистік-адаптациялық) сана басты роль атқарады да, сенім екінші жоспарға шығарылады. Діни сенім қоғамдық санада тұтастай алғанда, тұрақты, тотальді, қатаң бола алмайды, ол қоғамдық жағдайға, қоршаған ортаға, мемлекеттің ұстанған саясатына, қоғамдық пікірге, ғылым мен техниканың дамуына орай өзгеріп отырады. Ең маңызды фокус: кез-келген, үдерісті, құбылысты діни қағидаттарға қарсы емес қылып бейімдеуге де болады, өйткені, діни мәтіндердің өзі емес, оның

түсіндірмелері де динамикалы. Соған орай, жеке адамның санасындағы діни сенім де құбылмалы, өзгермелі, бейімделгіш (динамикалы-адаптациялық) болуы тиіс, соған сай сенім деңгейі азаюы да, күшейе түсуі де ықтимал.

Сыни көзқарастар. Ең бастысы – дінді насихаттаушы кез-келген субъект, мейлі ол «данагөй» болсын, «тек өзінің дінді түсінген деңгейінде ғана, өзіне қолайлы көзқарасты ғана, сайып келгенде, өзінің дін үрейін (Құдайдан қорқуын) ғана уағыздаушы субъект» болып табылатындығын кез-келген жеке тұлға түсінуі тиіс. Өйткені, ешкімнің де дін туралы айтқандары таза абсолютті шындық бола алмайды, біз ұсынып отырған осы модель де абсолютті емес – жай ғана философиялық негіздемелерге сүйенілген. Бұл тұста, мүмкіндігінше бір ғана өлшем бар, ол – рационалдылық пен бейтараптылық. Сондықтан, кез-келген дін насихаттаушысын «шексіз дана-көсем» (субстанционалданған индивидуалдылық) деп бағаламау керек. Өйткені, ешкім де Сіздің ішкі жан дүниеніңізді толық түсіне алмайды. Яғни, дін насихатшысы діннің өзі туралы емес, алдымен, дінге сүйенілген манипуляциялық, санаға сіңірушілік технологиялармен тек өзінің «Ойын ғана» білдіріп тұр деген сөз: өзгенің ойын айтқан күнде де, нақ сол қалпында бола алмайды немесе сол өзгемен келісетіндігін ғана баяндайды – басқа ешнәрсе де емес. Дінге қатысты сыни көзқарас тек сыртқа ғана емес, адамның өз ішіне өзі үңілу арқылы «ауто-сын» түрінде де болуы тиіс. Мәселен, «менің діни көзқарастарым фанатыққа қарай беттеп бара жатқан жоқ па?» деген өзіндік сана, яғни, өз ішіне өзі үңілу, бұл үдеріс үздіксіз жүріп отыру тиіс.

«Индивидуалды-терапиялық» (жеке адамның ішкі рухани әлемін сауықтырушылық) сенім ұстанымы бойынша, дін әрбір адамның жеке тұлғалық терең ішкі әлемімен байланысты болғандықтан, Сіз өз сенімін өзгелерге жариялаумен, әйгілеумен, өзгелерге дінді насихаттаумен және уағыздаумен, дін таратушылықпен айналысып (онымен айналысатын арнайы мекемелер бар, Сіз оның қызметін атқаруға тиісті емессіз), діни ережелер мен қағидаттары үйрететін, өзгелерге «ақыл айтатын», ең соңғы түпкі ақиқатты айтушы болып көрінумен т.б. шұғылданбауыңыз керек. Діннің «сырттан орын толтырушылық» (компенсаторлық) қызметіне байланысты, діни сенім – алдымен, жеке адамның өзінің ішкі күйзелістері, қорқыныштары, өмірдегі әрқилы қуанышты-қайғылы жағдайларда адамның көңіл-күйі мен санасын реттейтін құрал қызметін атқарады, жеке сенушілер осы құралдарды пайдалануына болады. Яғни, діннің «рухани терапиялық» қызметін жеке оқшауланып барып, пайдалануға әрбір адамның құқы бар. Әрине, рухы мықты адам дінсіз де өзін-өзі реттей алады, ал егер де, Сізде психологиялық әлсіздік, сырттан әлдеқандай бір демеу күту т.б. болатын болса, дін көмекке келуі ықтимал – адамға психологиялық жеңілдену туғызып, адамның өзін-өзі сендіруінің мотиваторы бола алады. Бұл мотивациялар – адамның архетиптік санасында: дін үрейі, жалғыздық т.б. негіздер (платформалар) ретінде сақталған, мәселе, осы архетиптік сенімдеріңізге қиналған сәттерде ғана қозғау салуыңызға болады.

Бұл модель – феноменологияны, экзистенциализмді, психоанализді, конструктивизмді, лингвистикалық философияны, неорационализмді, гиперсыншылдықты, прагматизмді, практикалық философияны, постструктурализмді, дін

философиясын, еркін ойды т.б. философиялық бағыттардың технологияларын зерттеп, ойлау мәнерін пайдалана отырып дайындалды;

Бұл модельді әмбебаптандыруға да болады, ол – жалпы өмірдің мақсаты мен мәні, өмірлік қағидалар болып қабылданатын басқа да діни емес ұстанымдарға да ыңғайласа алады, бірақ қоғамдық өмірдің әрбір саласына байланысты олардың өзіндік ерекшеліктері мен нәзік тұстарына сай ыңғайластырып қолданылуы тиіс;

Бұл модель түсіндірмелік сипатта, өйткені, адамзат тарихындағы дінге сенушілердің ұстанымдарының осындай бағыттары болған сыңайлы. Мәселен, қазақ халқының: «Ораза, намаз тоқтықта» деген мәтелі дін әрқилы жағдайларға байланысты салыстырмалы екендігін айғақтайды. Біз тек сол модельдердің тарихи негіздемелеріне сүйене отырып, философиялық бағыттар бойынша талдап, жинақтап, жүйелеп, сұрыптап беріп отырмыз.

Бұл модель діни догмаларды, схоластикалық талдауларды, құр сөзділік түсіндірмелерді маңызсыз санайды, нақты «Сіздің немесе Менің діни Сенімім нақ осы шақта қандай болуы тиіс?» деген прагматистік-практикалық, қолданбалы мәселерді ғана меңзейді. Яғни, басты мәселе, бұл модельді түсіну ғана емес, оны қолдана білуімен маңызды болып табылады. Діни апологеттер мен дінді насихаттаушылардың көбі осы шындықтан (сюрреализмнен) қашқақтайды.

Бұл модельді дінді ғылыми тұрғыдан зерттеулерде әдіс, әдіснама ретінде пайдалануға болады (әрине, біз сүйеніп отырған философиялық концепцияларға сілтеме жасай отырып) және бұл үлгі де шексіз жетілдіре беруді қажет етеді.

Шындығында, қазіргі экстремист, фанат, дүмше т.б. деп атап жүрген дін иелері, насихатшылары, апологеттері, теологтар т.б. кейбірі осы форматпен де күресіп келеді (көрінетін-көрінбейтін күрес): бірақ кейбірі – саналы түрде, ал кейбірі – сол фанаттықтың жетегінде жүрген сыңайлы.

Бұл модель атеистер, скептиктер, антиклерикалшылдар, деистер, пантеистер т.б. еркін ойды ұстанатын тұлғаларға арналмаған – өйткені, олар әлдеқандай бір қуатты діни сенімдерге көп жағдайда мұқтаж емес. Сонымен қатар, дінді зерттеуші ғылыми қауымдастықтан гөрі, ғылыми емес қоғамдық санаға бағдарланған үлгілер болып табылады.

<https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/12552> (сілтемесі бойынша алынған)

ТАПСЫРМА II.

Мәтінге конспект жасау. Конспект туралы мағлұмат

Конспект жасау жазу дағдысы бірден қалыптаса қоймайды, олар неғұрлым көбірек конспект жазған сайын, соғұрлым нәтижелі конспектілерге қол жеткізуге болады. Дұрыс конспект жазу – ақпараттар тасқынынан негізгі деген идеяларды бөліп ажыратып алу, оны негізгі мәтінді оқып отырған сәтте арнайы белгілеп (түртіп алу) алып, нәтижесінде, қысқа және түсінікті мәтін дайындау. Негізінен конспект жазудың бұндай дағдысы мектеп табалдырығында қалыптасуы тиіс. Конспект жасау кейінгі студенттік білім беру шағында жалғасуы керек. Конспект ақпараттарды қысқа және ықшамды түрде жеткізе

алады, бірақ оның логикалық жүйелілігінің сақталуына да қатаң мән берілуі тиіс, демек, негізгі мәтінді қысқаша түрде қайта жаңғырту мақсат етіледі. Сонымен қатар, ең басты міндеті – кейіннен де сол ақпараттардың есте сақталуы болып табылады.

Конспект жазуға мынадай шартты талаптар қойылады: Түпнұсқадағы (конспект жасалатын мәтіндегі) берілген ақпараттар тұтас қамтылуы қажет; берілген ойдың жүйелілігі, бірізділігі, логикалылығы сақталуы тиіс; жазылған конспектілер ықшам және оқылуға жеңіл болуы қажет; ақпараттар бөлімдер мен бөлімшелер, абзацтар бойынша жіктеліп, жүйеленгені де дұрыс; негізгі ақпараттарды іздеу барысында кілттік сөздермен немесе маңызды деп табылған идеялар арқылы тез қолжетімді болуы керек, нақты ақпараттылық пен көрнекілікті де қолдануға болады т.б.

Конспект түрлері:

Мәтіндік – өте қысқа тезистер түріндегі;

Тақырыптық – белгілі бір тақырыпты ашуды мақсат етеді;

Схемалық жоспар – ақпараттар қысқа және көрнекілікті пайдаланатындай немесе сұрақтармен қамтылатындай;

Жоспар-конспект – мәтіндегі ақпараттар жоспарлар сияқты болып құрылады; аннотациялық – мәтінге берілген аннотацияларды кең көлемде және нақты бөліктерге бөлу арқылы түсіндіру т.б. Конспектілерде схемалық, кестелік, таблицалық, графикалық, суреттік таңбаларды да қолдануға болады.

Интеллект-карта - сол тезистер мен конспект бойынша, орталық түсініктің өзінің мағынасын кеңірек ашу болып табылады. Ол қойылып отырған мәселеден ауытқып кетпей, ең басты деген мағлұматтарды беруге ұмтылады. Мәселен, әлеуметтану ілімінің пайда болуы, алдымен, «әлеуметтану дегеніміз не, ол нені зерттейді» деген сауалдарды тудырады. Осыған орай, біз әлеуметтанудың зерттеу объектісіне қатысты салаларын тізіп көрсетсек те болады және оның әлеуметтік институттар ретінде айқындалатындығын ескерген жөн: отбасы әлеуметтануы, саяси әлеуметтану, құқық әлеуметтануы, ғылым әлеуметтануы, басқару әлеуметтануы, қоғамдық пікірді зерттеу әлеуметтануы, халықаралық қатынастар әлеуметтануы, керітартпа әдет әлеуметтануы, тәуекелдер әлеуметтануы, қауіпсіздік әлеуметтануы т.б. Бұл – барлық ғылымдар сияқты оның тарихына шолу жасағаннан кейінгі ашылуы тиіс «теориясы» болып табылады.

Индекстер бойынша конспект жасау – бұл технологияда, белгілі бір концепттер, ұғымдар, түсініктер, ұстанымдар, қағидалар т.б. таңбалармен, геометриялық фигуралармен, рәміздермен т.б. беріледі. Мәселен, Υ –

әлеуметтанудағы мектептер; → – әлеуметтану тарихы; Ψ – әлеуметтану салалары т.б.

Конспект жасау әрқилы және барынша еркін болғанмен, оның тиімді болып табылатын нұсқалары да ұсынылған. Мәселен, Корнелла әдісі бойынша, сызбалар, таблицалар, интеллект-карттар, индекстер, бағыттар, нөмірлеу т.б. қолданылады және олардың әрқайсысының өзіндік технологиялары да бар.

ҮЛГІ

Кесте 1.

**«Әлеуметтану ілімінің пайда болуы» тақырыбы
бойынша конспект үлгісі**

<i>Даталар мен түсіндірмелер</i>		
Негізгі даталар.	Түсіндірмелер,	сипаттамалар. Қысқаша мағлұматтар
Б.з.б. 1500-1000 жылдықтар Үнді Б.з.б. 5-2 ғасыр – Антика дәуірі Б.з.б. 4-3 ғасырлар Қытай	Әлеуметтану ғылымына дейінгі көне замандағы әлеуметтанулық ойлар. Қоғам және ондағы әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институттар туралы идеялар философия ғылымының аясында дамыды	
Орта ғасыр, қайта өрлеу дәуірі, жаңа заман	Кейінгі әлеуметтанулық ойлар эволюциясы Орта ғасырлық батыс еуропада – діни, қайта өрлеу дәуірінде – жеке адамға бетбұрыс пен гуманизм, жаңа заманда – қоғам туралы көзқарастар пайда болды	
XIX ғасыр	Әлеуметтанудың жеке ғылым ретінде пайда болуы: О. Конт, Г. Спенсер, Дж. Сьюарт Миль т.б.	

Конспектіде жіберілетін қателіктер: шектен тыс қысқарту, тақырыпты баяндаудағы жүйесіздік, сөздерді қайталаушылық, құрылымды жоғалту, кілттік тезистердің ғана берілуі мен ойлардың аяқталмай қалуы т.б.

Конспектіні антиплагиатқа тексеру. Егер конспект электронды форматта терілген болса, онда тексеру оңай. Бірақ қазіргі антиплагиаттық жүйелер кейбір жасырын плагиаттарға жауап бере алмай қалуы мүмкін.

Конспектіні рәсімдеу. Конспектіні классикалық тұрғыдан рәсімдеумен қатар, қазіргі «дизайн ойлау» мен «дизайн оқыту» бойынша, әрқилы кестелер, схемалар, графикалармен және жазу мәнеріндегі графикаларды еркін қолданумен (бас әріптер, курсив, сызықша, үтір т.б. тыныс белгілер) қатар, жанды картиналар, стикерлер, фрагментті видеолар т.б. қолдануға мүмкіндіктер ашылады және түрлі-түсті жазуларды мәтін мазмұнын тыс (ескертпелер,

жалпылама ойлар т.б.) емес, сол мәтіннің мазмұнын неғұрлым тереңірек ашу үшін, оларды жіктеу үшін қажет болады. Мәселен:

Әлеуметтану тарихы (қызыл түсті): көне заман, орта ғасыр, қайта өрлеу дәуірі, жаңа заман т.б.

Әлеуметтанудағы мектептер (көк түсті): тарихи, биологиялық, антропологиялық мәдени т.б.

Әлеуметтану салалары (жасыл түсті): отбасы, саяси, құқық, ғылым т.б. Бұл түстер, қарастырылып отырған мәселелердің әрқайсысының басқа жазықтықта екендіктерін, әрқилы алаңдағы мәселелер екендігін айғақтап тұрады.

Конспект жасаушыға кеңестер. а) қысқартулар бірізді болу керек. Мәселен, «Ү – әлеуметтану салалары» мағынасында сол мәтіннің тұтас өн бойында сақталуы керек. Мәселен, кейде, бір терминді қазақшаға аудару барысында, оның бірнеше баламалары бар, әрине, бір мәтінде ол баламалардың барлығын әрқилы қолдана беруге болмайды: категорический императив (И. Кант) – кесімді, үзілді-кесілді, түпкілікті императив. Сол сияқты, жоғарыда көрсетілгендей, белгілі бір түстерді де бір мағынада қолдануымыз қажет; ә) мәтін мазмұны бойынша ең маңызды, ең басты, ең құнды деген ақпараттарды іріктеп ала білу аса маңызды; б) мәтін мазмұнын толық игеру қажет және терең түсінуіміз керек.

Конспект көлемі. Негізінен конспект көлемі де еркін, бірақ ең басты мәселе: түпнұсқамен пропорциясы сақталуы, білім берудің бағдарламасы талаптары мен білім берушінің ұстанымдары, айтылатын ойдың толық жеткізілуі т.б. ескеру керек.

Конспект тақырыптары:

1. М. Вебердің «Протестанттық этика және капитализм рухы»
2. И. Конттың «Позитивті философия курсы»
3. Э. Тоффлердің «Үшінші толқыны»
4. С.Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы және әлемдік тәртіптің шегі»
5. П.Сорокиннің «Социология жүйесі»
6. Э. Дюркгеймнің «Социология. Пәні, әдісі, мағынасы»
7. Ю. Хабермастың «Коммуникативті әрекет теориясы»

Конспектінің орындалу тәртібі мен рәсімделуі: А4 қағазға; аралықтар: сол жақ-3; оң жағы-1,5; жоғары және төмен-2; көлемі 14 шрифтпен терілген; 2 беттен кем-4 беттен артық болмауы тиіс және конспект бүткіл еңбек мазмұнын ашып тұруы керек. Орындалған жұмыс антиплагиат көрсеткіші бойынша 70 пайыздан кем болмауы тиіс. Біз үлгі ретінде еркін және қатаң бірізді жүйемен берілген конспект (аннотациялық) үлгісін ұсынамыз.

**С. Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы және
әлемдік тәртіптің шегі»
(Бұл – еркін конспект үлгісі)**

«Өркениеттер қақтығысы» – американ саясаттанушысы, әрі әлеуметтанушысы Саммюэль Хантингтонның өркениеттік күйреу туралы тұжырымдамасы. Алғаш рет бұл тұжырымдама Хантингтонның «Өркениеттер қақтығысы» мақаласында келтірілді, қысқа мерзім ішінде бірнеше тілге аударылып, қызу пікір-талас тудырды. Кейінірек мақаласының негізгі идеялары оның «Өркениеттер қақтығысы және әлемдік тәртіптің шегі» атты кітабында одан әрі өрбітілді. А. Тойнбидің ізінше Хантингтон өркениетті ең жоғарғы дәрежедегі мәдени қауымдастық ретінде және адамдардың ең ауқымды мәдени бірегейлігінің деңгейі ретінде қарастырады. Өркениеттер объективті тұрғыдағы, тіл, әдет-ғұрып т.б. институттар сияқты ортақ белгілердің, сондай-ақ адамдардың субъективті өзара бірегейлігінің болуымен сипатталады. Осы орайда ол қазіргі әлемдегі келесідей өркениеттерді көрсетеді: батыстық, конфуциандық, жапондық, исламдық, индуистік, православиелік, славяндық, латын американдық және африкандық.

Автордың пікірінше, қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін, Кеңестік одақ қирағаннан кейін, қазіргі әлемдегі қайшылықтардың жаңа торабы жоғарыда аталған өркениеттердің арасында болады. Жаһандану процестері адамдардың дәстүрлі бірегейленуін ағын судай шайып бара жатса, бұл түпкі ұлттық тамырға қайта оралуға талпынып, кері реакция тудыруда.

Бұл, әсіресе, діни фундаментализмнің қайта өрлеуінен көрініс табуда (исламдық, конфуциандық, шығыс- православиелік және т.б.). Батыстық емес елдердің батысқа қосылу жолындағы кедергілер күрделілігі және тереңдігі жағынан біршама ерекшеленеді. Шығыс Еуропа мен Латын Америкасы елдерінде ол аса байқалмайды. Бірақ, ең көп кедергі мұсылман, конфуциандық, индуистік және буддистік халықтар арасында кездесуде. Хантингтонның пікірінше, дәл осы мұсылман-конфуциандық одақ, қазіргі кезде Батысқа ең үлкен қауіп төндіріп тұр. Хантингтон бұл өркениеттік жік әлеуметтік-саяси тұрғыда да әсіресе, түпкілікті батыстық құндылықтар деп саналатын және адам құқы мәселесінде көрініс табуда дейді. Батыстық мәдениеттің біразы басқа әлемді үстірт жаулап алды. Бірақ, терең бойласақ, батыстық идеялар мен көзқарастар басқа өркениеттерге қатысты көзқарастардан әлдеқайда алшақ. Исламдық, конфуциандық, индуистік, буддистік және православиелік мәдениеттерде, либерализм, адам құқы, теңдік, еркіндік, заң үстемдігі, еркін нарық, шіркеудің мемлекеттен бөлінуі сияқты идеялармен қатар, осы құндылықтарды уағыздап, таратуға бағытталған Батыстың әрекеті «адам құқының империализміне» қарсы жауықтырып, төл мәдениеттің түпкілікті құндылықтарын нығайтуға септігін тигізеді. Хантингтонның өркениеттік жік теориясы Ф.Фукуяманың «Тарихтың ақыры» жөніндегі тұжырымына және либералды демократия принциптерінің салтанатына өзіндік қарама-қарсы салыстыру болды. Хантингтон ұсынған көптеген ережелерді жаһандану қарсыластары қолдануда. «Өркениеттер қақтығысы» мақаласы философиялық, әлеуметтік, саясаттанулық ортада, әдебиеттерде қызу пікір-талас тудырды

«Өркениеттер қақтығысы» (1993) мақаласында С.Хантингтон егер XX ғасыр идеологиялар қақтығысының ғасыры болса, XXI ғасыр өркениеттердің немесе діндердің қақтығысқан ғасыры болатынын атап өтті. Сонымен қатар қырғи қабақ соғыстың аяқталуы ұлттық қайшылықтар үстем болған ескі әлем мен өркениеттер қақтығысымен сипатталатын жаңа әлемді бөлетін тарихи кезең ретінде қарастырылады.

С. Хантингтон «Өркениеттер қақтығысы және дүниежүзілік тәртіпті қайта құру» кітабын шығарды, бұл мақаланың негізгі ережелері мен идеяларын растайтын және оларға академиялық көрініс беретін қосымша фактілер мен дәлелдер келтіруге тырысты.

Хантингтонның негізгі тезисі: «Қырғи қабақ соғыстан кейінгі әлемде адамдар арасындағы маңызды айырмашылықтар идеологиялық, саяси немесе экономикалық емес, мәдени болып табылады». Адамдар өздерін мемлекетпен немесе ұлтпен емес, кең мәдени біліммен - өркениетпен анықтай бастайды, өйткені ғасырлар бойы қалыптасқан өркениеттік айырмашылықтар «саяси идеология мен саяси режимдер арасындағы айырмашылықтардан гөрі іргелі ... Дін бөлінеді. Адам жартылай француз және жартылай араб болуы мүмкін, тіпті екі елдің де азаматы болуы мүмкін.

Хантингтон алты заманауи өркениетті - индус, ислам, жапон, православ, қытай (сининдік) және батыстық өркениеттерді бөліп көрсетеді. Олардан басқа, ол тағы екі өркениет туралы айтуға болады деп санайды - Африка және Латын Америкасы. Дамып келе жатқан әлемнің беті, Хантингтон, осы өркениеттердің өзара әрекеттесуі мен қақтығысы арқылы қалыптасады дейді.

Хантингтон, ең алдымен, Батыстың тағдырына қатысты, ал оның пайымдауының негізгі мәні «батыс қалғандарына қарсы» формуласы бойынша бүкіл әлемге Батысқа қарсы тұрудан тұрады, яғни, Батыс әлемнің қалған бөлігіне қарсы.

Хантингтонның пікірінше, Батыстың үстемдігі аяқталады және батыстық емес мемлекеттер әлемдік аренада пайда болады, олар батыстық құндылықтардан бас тартып, өздерінің құндылықтары мен нормаларын қорғайды. Батыстың материалдық қуатының үздіксіз құлдырауы батыс құндылықтарының тартымдылығын одан әрі төмендетеді.

Кеңес Одағы тұлғасында күшті дұшпанын жоғалтты, ол консолидация үшін қуатты жұмылдырушы фактор ретінде қызмет етті, батыл жаңа жау іздейді. Хантингтонның пікірінше, ислам халыққа жарылыс, мәдени жаңғыру және айналасында барлық ислам елдері топтаса алатын орталық мемлекеттің болмауы салдарынан Батыс үшін ерекше қауіп төндіреді. Шындығында, ислам мен Батыс онсыз да соғысып жатыр. Екінші үлкен қауіп Азиядан, әсіресе Қытайдан келеді. Егер исламдық қауіп-қатер миллиондаған белсенді жас мұсылмандардың бақыланбайтын энергиясымен байланысты болса, онда азиялық қауіп сол Азия экономикасының өсуіне ықпал ететін тәртіптен туындайды. Экономикалық жетістіктер Азия мемлекеттерінің өзіне деген сенімін және олардың әлем тағдырына ықпал етуге деген ұмтылысын күшейтеді. Өркениеттер негізінен алғанда, өзара іштей қайшылықты бола алмайды, дегенмен, заман шындығы негізінде олардың арасында бәсекелестіктер туындап, әр түрлі қайшылықтарға

алып келетіндігі жалғаса береді. Оның астарында түрлі экономикалық, саяси, әлеуметтік мәселелер жатады.

ҮЛГІ

Қысқаша жүйелі аннотациялық конспект

Пьер Адо «Philosophy as a way of life» еңбегіне аннотациялық шолу
ГОСТ: Pierre Hadot. Philosophy as a way of life – 1995. – 356с.

«Философия өмір салты ретінде» (Philosophy as a Way of Life) кітабы – француз философы Пьер Адоньң маңызды шығармасы. Бұл кітапта Адо философияны тек теориялық білім ретінде емес, өмір сүрудің практикалық, рухани жолы ретінде қарастырады. Автор философияның күнделікті өмірмен, адам мінезімен және рухани өсуімен байланысын терең зерттейді.

Адо ежелгі грек және рим философиясындағы философияны өмір сүрудің тәсілі ретінде түсінуді ұсынады. Ол философтардың, әсіресе Сократ, Платон, Аристотель, Стоиктер мен Неоплатониктердің философияны тек теориялық білім ғана емес, өзін-өзі жетілдіруге, жан дүниесін тазартып, моральдық қалыпқа келтіруге бағытталған жаттығулар мен өмір салтына айналдырғанын көрсетеді.

Кітаптың мақсаты – философияны теориядан тыс, өмір сүрудің практикалық жолы ретінде қарастыруға бағытталған. Автор ежелгі философтардың даналығын зерттей отырып, философияның адамның рухани және моральдық дамуы үшін маңызды екенін көрсетеді. Кітапта философияны күнделікті өмірге енгізудің тәсілдері, соның ішінде философиялық жаттығулар, ішкі тыныштыққа ұмтылу, өзін-өзі бақылау мен жетілдіру әдістері ұсынылады. Адо философияны тек интеллектуалдық ізденіс емес, өмір сапасын жақсартатын құрал деп санайды. Ол қазіргі адамдарға философияны рухани өсу мен үйлесімділікке жету жолы ретінде қолдануды ұсынады.

Кітапта бірнеше негізгі сұрақтарды көтереді:

1. Философияның шынайы мақсаты қандай?
2. Философияны қалай өмір салтына айналдыруға болады?
3. Философиялық жаттығулар не үшін қажет?
4. Ежелгі философияның қазіргі замандағы орны қандай?
5. Философияның теория мен тәжірибесі арасында қандай байланыс бар?
6. Бұл сұрақтар арқылы автор философияны өмірге жақындатып, оны практикалық тұрғыдан қарастыруға шақырады.

Кітаптың негізгі тұжырымдамасы - философияны тек теориялық білім немесе интеллектуалдық ізденіс ретінде емес, адамның өмір салтына айналатын практикалық және рухани тәжірибе ретінде қарастыру.

Негізгі идеялар:

1. Философия – өмірді өзгерту құралы: Ежелгі дәуірде философияның мақсаты адамның өзін-өзі жетілдіруі мен рухани дамуына негізделген. Ол тек білім алу емес, тұлғалық трансформацияға жетелейтін жол.

2. Философиялық жаттығулардың маңызы: Философияны күнделікті өмірде қолдану үшін өзін-өзі бақылау, медитация, рефлексия сияқты практикалық жаттығулар қажет.

3. Даналыққа ұмтылу: Философияның түпкі мақсаты – даналыққа жету және өзінмен, әлеммен үйлесімді өмір сүру.

4. Теория мен тәжірибенің бірлігі: Философия ойлар мен идеялардың ғана жиынтығы емес, оны іс жүзінде жүзеге асыру – шынайы философ болудың белгісі.

Адо философияны рухани жетілудің, моральдық тәрбиенің және үйлесімді өмір сүрудің жолы ретінде ұсынады.

Пьер Адо үшін практикалық философия – адамның күнделікті өмірін өзгертетін, рухани және моральдық дамуына ықпал ететін құрал. Ол философияны тек теория немесе интеллектуалдық ізденіс емес, өмір сүру тәсілі деп түсіндіреді. Ежелгі философиядан шабыт ала отырып, Адо философиялық ойларды өмір салтына енгізуді ұсынады. Адоның пікірінше, философия – бұл өмірді мәнді ету жолы. Ол теориялық ойларды күнделікті өмірде қолдануға шақырады, философияны әр адамның рухани өсуіне және моральдық жетілуіне ықпал ететін құрал ретінде көреді. Практикалық философия адамның шынайы болмысын түсінуге және өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

Кітаптың басты талабы - философияны тек теориялық білім ретінде қарастырудан бас тартып, оны күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі ету. Адо ежелгі философияның негізгі қағидасын қайта жаңғыртып, философияны рухани және моральдық жетілудің практикалық жолы ретінде қабылдауды ұсынады.

Қорытынды: Пьер Адоның «Философия өмір салты ретінде» кітабы философияны тек теориялық білім мен интеллектуалдық ізденіс ретінде емес, адам өмірінің практикалық және рухани бөлшегі ретінде қарастыруды ұсынады. Адо ежелгі философияның маңызын қайта жаңғыртып, философияның адамды жетілдіру, ішкі тыныштыққа жету және моральдық даму жолы ретінде қолданылуын насихаттайды. Кітапта философиялық жаттығулардың, мысалы, медитация мен рефлексияның, адамның өмір сапасын жақсартуға және оның өзімен, әлеммен үйлесімді болуына әсері қарастырылады. Адо философияны теория мен тәжірибенің үйлесімі ретінде көріп, оның әрбір адамның күнделікті өмірінде жүзеге асырылуы қажеттігін атап көрсетеді. Оның пікірінше, философия – бұл өзін-өзі тануға, рухани жетілуге және даналыққа ұмтылуға бағытталған өмір салты. Бұл кітап философияның адамның ішкі дүниесіне терең әсер етіп, оны өмірдің мәні мен мақсаттарына жақындататын құндылық екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Сөздікпен жұмыс

Мәтіндер ақпаратты ұрпақтан-ұрпаққа сақтауға және таратуға мүмкіндік береді, ал мәтін түрлері сол мәтінде сақталған ақпараттың түрімен анықталады. Сөз – мәтінде өмір сүреді және ал оның сөз өмірбаянының айғақтары сөздіктер мен энциклопедияларда сақталады. Сөздікпен жұмыс істеу деген терминдер мен ұғымдардың өмір жолын көру, тағдырымен танысу дегенге саяды. Автор мен оқырманның арасын жалғайтын ол – мәтін, ал мәтін сөздерден тұрады. Кез-келген еңбекті оқу кезінде мәтін мен оқырманның арасында ажырамас және органикалық байланыс болуы керек. Автордың ойлау дизайнын түсінуге бағытталған коннотациялар мен авторлық позиция сөздікпен жұмыс істеу барысында ғана айқындалады. Сөздіктермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру қажеттілігі педагогика, филология, философия ғылымдарында өткір мәселе ретінде түсініледі. Қазіргі білім беру жүйесінде іргелі, ал оқыту процесін, ең алдымен, білім алуға мүмкіндік беретін құралдарды игеруге бағытталған іс-әрекет ретінде түсіну оқу іс-әрекетінің мақсатын тұжырымдау, оған жету жолдарын білу және таңдау қабілеттерінің болуын болжайды. Бір тақырыпты жіті түсіну үшін сол тақырыпқа қатысты кілт немесе тірек сөздерін жинақтау және оған түсініктеме беру қажет. Мұндай сөздікпен жұмыс тек тақырыпты ашып ғана қоймай, сонымен қатар білім алушының сөздік қорының көбеюіне, сәйкесінше дүниетанымының кеңеюіне тікелей ықпал етеді.

Төмендегі сұрақтар бойнша кілт сөздер тауып сол сөздермен жұмыс істеу керек.

1. Әлеуметтанушы, философтарды табыңыз?
2. XIX ғасырдағы әлеуметтанушылар және оларды шұғылданған мәселелері бойынша қалай жүйелеуге болады?
3. Қоғам дамуының болашағы туралы ой толғаған әлеуметтанушыларды табыңыз?.
4. XX ғасырдағы әлеуметтанушы, әрі саясаттанушы ойшылдар?
5. Ең ұзақ және ең қысқа өмір сүрген әлеуметтанушы?
6. Қоғамдық қызметпен шұғылданған әлеуметтанушылар?
7. Прогресс туралы шығармалар және олардың авторлары
8. Ағылшын әлеуметтанушылары?
9. Американдық әлеуметтанушылар?
10. Антика дәуіріндегі қоғам дамуы туралы толғанған әлеуметтанушылар?
11. Дінге қатысты толғанған әлеуметтанушылар?
12. Әлеуметтану ғылымына қатысты түсініктер мен терминдер?
13. Француз әлеуметтанушылары кімдер?
14. Психологиялық мәселелермен де айналысқан әлеуметтанушылар?
15. Тарихшы әлеуметтанушылар?
16. Отбасы әлеуметтануымен шұғылданғандар?

17. Отбасына байланысты әлеуметтанулық терминдер мен түсініктер?
18. Ақпараттық қоғамға қатысты терминдер мен ұғымдарды тізбелеп көрсетіңіз, мағынасын түсіндіріңіз
19. Дін әлеуметтануына қатысты ұғымдарды жинақтап, жүйелеп беріңіз және әрбіреуінің мағынасын өз сөзіңізбен түсіндіріңіз.
20. Демографияға қатысты ұғымдар мен түсініктерді жинақтап беріңіз.

ҮЛГІ

Дін әлеуметтануына қатысты ұғымдар мен түсініктер және олардың жүйесі мен өзіндік мағынасы

Еркін-ой санаға жататындар	Діннің қызметтері	Теология түрлері	Діни Экзистенциалдық мәселелер
Атеизм	Компенсаторлық	Катафатикалық	Тағдыр
Антиклерикализм	Регулятивтік	Апофатикалық	Теодицея
Пантеизм	Дүниетанымдық	Диалектикалық	Джабариттер
Деизм	Сакральдандыру	Теософия	Кадариттер
Зайырлы қоғам	Ұжымдастыру-бауырластыру	Табиғи теология	Ритуал
Скептицизм	Басқарушылық	Физика-теологиялық	Құдайды сүю
Реформация	Сендіру, көзін жеткізушілік	Схоластикалық теология	

Кесте 2.

Ескертпе: алынған мәліметті кез-келген уақытта дәйектей алатындай болу үшін мәлімет алынған көздерді нақты (беті, сөздіктің аты т.б.) білу қажет. Студент сөздікті ерікті-еріксіз түрде түгел қарап шығатын болады.

ТАПСЫРМА IV.

Баяндаманың, рефераттың қорытындысын жазу

Баяндаманың орындалу тәртібі: өзгелер дайындаған рефераттарды, көлемді баяндамаларды студенттер түгел оқып шығып (дайын рефераттардың қорытындысын алып тастап беруге болады), 1-1,5 бет көлемінде реферат мазмұны бойынша өз бетінше қорытынды жазылуы тиіс және оны өзі ауызша баяндап бере алуы керек.

Әлеуметтанудағы әлеуметтік стратификация туралы теориялар

Кіріспе

1. Әлеуметтік стратификация түсінігі
2. Қоғамдағы ашық және жабық жүйелер
3. З.К. Маркстің қоғамдағы таптар туралы ілімі
4. М. Вебердің әлеуметтік қабаттар туралы теориясы
5. П. Сорокиннің әлеуметтік мобильділік теориясы
6. Т. Парсонс: қоғамда әлеуметтік жіктелудің түрлері

Әлеуметтік стратификация - қоғамның әлеуметтік жіктелуі. Біз қоғамның әлеуметтік құрылымын сөз еткенде қоғам өзінің құрылымы жағынан бірдей емес екендігіне көз жеткіземіз. Қоғам адамдарының арасында теңсіздік бар. Соған байланысты олардың әлеуметтік жүйедегі алатын орындары да бірдей емес. Жекелеген индивидтер мен адам топтарының арасында әлеуметтік жіктелу бар. Оларды жіктегенде бірқатар өлшемдер басшылыққа алынады, мәселен, табыстарының көлемі, білімдерінің деңгейі, мамандықтағы мәртебесі, билікке қатынастары. Қоғам мүшелерінің арасында әлеуметтік теңсіздіктің табиғатын, себептерін, оның заңды құбылыс ретіндегі мәнін түсінуде әлеуметтік стратификация теориясының маңызы зор. «Стратта» деген геология термині жердің құрылымындағы қабаттарды анықтауға байланысты қолданылады. Ал, қоғамға байланысты біздің ана тілімізде қабаттан гөрі «жік» деген ұғымды пайдаланғанымыз жөн. Біз тарихтан қоғамның әр даму сатысына тән түрлі стратталардың болғанын білеміз. *Қоғам адамдарын стратталарға жіктеудің тарихи үш типі белгілі.* Олар:

- касталар;
- сословиелер;
- таптар.

Осы аталған жіктеудің үш типіне байланысты стратификациялық жүйе былайша екіге бөлінеді:

- «Ашық жүйе» – қоғам мүшелерінің статустары мен әлеуметтік жағдайларын өзгертулеріне мүмкіндік бар әлеуметтік құрылым ашық стратификациялық жүйе деп алады да, ал, мұндай мүмкіндік болмайтын қоғам жабық стратификациялық жүйе деп аталады;
- «Жабық жүйе» – Үндістан қоғамында орын алған касталық жүйені жатқызуға болады. Каста - латын тілінде *castus* (таза) деген мағынаны береді. Бұл жүйе 1900-шы жылға дейін сақталып келген. Үнді қоғамында қалыптасқан дәстүр бойынша қоғам мүшелері касталарға жіктелген және соған байланысты әлеуметтік статус ата-аналарынан балаларына беріліп, ол өмірлік статусқа айналып отырған. Бұл қоғамда касталардың 4 тобы болған:
- брахмандар (діни иелері, абыздар), олар халықтың 3%-ын құрайтын;

- кшатрийлер (әскери адамдар);
- вайшьтер (саудагерлер), бұл екі топ халықтың 7%-ын құрайтын;
- шудралар (шаруалар мен қолөнершілер) – 70%-ға жуық;
- хариджандар – қоғамдағы ең төменгі, ауыр жұмыстарды (ауланы сыпыру, қоқыстарды жинау, тері илеу, шошқа бағу) атқаратын адамдар.

Қоғамдағы қалыптасқан діни наным мен дәстүр бойынша, жоғары каста мен төменгі каста адамдарының араласуларына, қарым-қатынастар жасауларына қатаң тыйым салынған. Драхмалық діни наным бойынша, әр адам құдайдың берген тағдырына көніп, өмір бойы сонымен келісімде болуы керек. Қазіргі кезде де Үндістанның кейбір аймақтары мен селолық жерлердегі адамдардың мінез-құлықтары және өмір салттарында касталық жүйенің қалдықтары сақталған. Сословиелік жүйелер-феодалдық қоғамда орын алған стратификациялық жіктеу типі. Бұл қоғамдағы адамдар жоғары және төменгі сословиелерге бөлінген. Сословиелік статустар атадан балаға мұра ретінде беріліп отырған. Жоғары сословиеге дворяндар, дін иелері, ал, төменгі- қолөнершілер, шаруалар, көпестер жатқан. Бұл аталған жүйеде бір сословиеден екіншісіне өту шектелгенімен, олардың арасында кейбір жағдайда некенің орын алуы және төменгі сословие адамдарының сіңірген еңбектеріне байланысты билік тарапынан оларға жоғары сословиелік статусты сый ретінде беру сияқты жағдайлар орын алған. Тап деген ұғым ғылыми айналымға жаңа заманда енді. Әсіресе, XVIII-XIX ғасырларда Батыс Еуропа ойшылдарының еңбектерінде бұл ұғымның мәні негізделіп, қоғамда таптардың бар екендігін мойындау болды. Бастапқы кезде таптар деген ұғымның саяси мазмұны баса айтылды. Тек кейін К. Маркс және М. Вебер еңбектерінде қоғамдағы таптық жіктелудің экономикалық себептері мен астарларына терең назар аударыла басталды.

К. Маркс өз заманында таптар туралы ілімді одан әрі дамытып, өзінің тап күресі туралы теориясын негіздеді. Соның нәтижесінде ол әлеуметтік стратификация теориясына өз үлесін қосты. Ол таптардың пайда болуының экономикалық себептерін ашып көрсетті. Бұл себептерге К. Маркс қоғамдық еңбек бөлінісі мен жеке меншіктің шығуын жатқызады. Сонымен қатар К. Маркс қоғамда негізгі және негізгі емес таптардың болатынын атап көрсеткен. Негізгі таптар қоғамдағы өмір сүріп тұрған негізгі меншік қатынастарының түрінен туындайды. Сонда: құл иеленушілік қоғамдық-экономикалық формацияның негізі таптары - құл иеленушілер мен құлдар; феодалдық қоғамда – феодалдар мен шаруалар; капиталистік қоғамда – буржуазия мен жұмысшы табы негізгі таптар болып есептеледі. Негізгі емес таптар өткен дәуірден қалған немесе жаңадан қалыптасып келе жатқан қоғамдық-экономикалық формацияның таптары. Мәселен, капиталистік қоғамда феодал мен шаруа таптарының сақталуы мүмкін. К. Маркс қоғамда негізгі және негізгі емес таптардан басқа әлеуметтік жіктердің болатынын ескертеді. Әлеуметтік жіктер-таптың белгілерін бойына толық сіңіре қоймаған аралық таптар. Мысалы, жұмысшы ақсүйектерін алсақ, олардың жұмысшылардан артықшылықтары бар, ал, буржуазиядан айырмашылығы-меншік иесі емес. Олай болса бұл тапты өз алдына бір тапқа жатқызу қиынға түседі. К. Маркс интеллигенцияны әлеуметтік топқа жатқызады. Өйткені, бұл

топтың да белгілі бір тапқа ұқсас белгілері өз және олар шығу тегі жағынан да әртүрлі таптардың өкілі болуы мүмкін. Сол себепті К. Маркстің ізін қуушылар интеллигенцияның өзін «буржуазиялық», «ұсақ буржуазиялық» және «пролетарлық» деп жіктеуді ұсынған. К. Маркс қоғамды таптарға жіктеумен ғана шектелген жоқ. Ол капиталистік өндіріс тәсіліне жан-жақты талдау жасап, бұл қоғамдағы қанаудың мәнін түсіндірді және өзінің тап күресі туралы теориясын негіздеді. К.Маркстің таптар жөніндегі ілімін одан әрі дамытқан В.И.Ленин болды. Ол өзінің 1919-шы жылы жазған «Ұлы бастама» деген еңбегінде таптарға мынадай анықтама берген: «Таптар дегеніміз-қоғамдық өндіріс жүйесінде алатын орны мен өндіріс құрал-жабдықтарына қатынасына қарай және қоғамдық байлықтан алатын үлесінің көлемі мен сол үлесті алудың әдісіне байланысты жіктелетін адамдардың үлкен тобы; сонымен қатар таптар деп, бір топтың қоғамдық өндірістегі алатын орнындағы айырмашылыққа байланысты екінші бір топ адамдардың еңбегін қанауын айтамыз». Сонымен, маркстік ілім тапты құрайтын басты белгілерге: адамдар тобының өндіріс жүйесінде алатын орнын; олардың өндіріс құрал-жабдықтарына қатынастарын; еңбекті ұйымдастырудағы адамдар арасындағы қарым-қатынасты; қоғамдық байлықтан алатын үлестің көлемі мен оны алудың әдісін; қоғамдық өндірісте бір топтың басқа адамдардың еңбегін қанауын жатқызады. Бұл белгілердің таза экономикалық сипаты болғандықтан, таптар тек экономикалық категория ретінде көрінеді.

Әлеуметтік стратификация проблемасына қатысты қазіргі заманғы көзқарастың негізін Макс Вебер қалаған болатын, ол әлеуметтік құрылымды таптармен және оларды тудырушы меншік қатынастарымен қатар әлеуметтік мәртебе мен билік те маңызды орын алатын көп өлшемді жүйе ретінде қараған. М.Вебер экономиканы ұйымдастыруды стратификацияның негізі деп санамай, экономикалық сипаттамалардың бастапқылығы тезисінен бас тартты және «стратификацияның үш автономды өлшемдері» туралы өз ұғымын тұжырымдады.

Әлеуметтік стратификация теориясына өз үлесін қосқан М.Вебер бұл мәселеге байланысты тұжырымдамаларында К.Маркстің теориясынан өзгеше және оған ұқсас жақтары да бар екендігін айта кету керек. М.Вебер К.Маркстың қоғамның тапқа жіктелуінің объективтік экономикалық негіздері бар деген ойымен келіседі. Ол пікірді ол басқа да экономикалық факторлармен толықтырады.

Біріншіден, М.Вебер таптық айырмашылықтар тек меншіктің болу, болмауына байланысты емес, сол сияқты адамдардың жоғары білімінің болуына, мамандық түріне, кәсіби дәрежесі мен шеберліктеріне де байланысты дейді;

Екіншіден, М.Вебер адамның статусын – саяси партияға, яғни, билікке қатынасы деген стратаға жіктеудің өлшемдерін енгізеді. М.Вебердің пікірінше, статус әлеуметтік топтар мен индивидтердің қоғамдағы алатын орны мен мәртебесіндегі айырмашылықты көрсетеді. Адамның белгілі бір тапқа жатуы объективтік факторларға байланысты да, ал, адамның статусы – білімі мен шеберлігінің дәрежесі, өмір салты сияқты субъективтік факторлармен түсіндіріледі дейді. М.Вебер қоғамдағы тапқа бөлінуге әсер ететін факторларды ескере отырып, 4 түрлі таптарды атап көрсетеді.

Сонымен, М.Вебердің ұсынған әлеуметтік стратификация теориясында қоғамды стратаға жіктеудің біршама кең өлшемдері берілген. Ғылыми әдебиетте қоғамның страталарға жіктелуінің басқа да өлшемдері кездеседі. Ғалымдардың көпшілігі стратификациялық құрылымның негізі адамдар арасында болатын табиғи және әлеуметтік теңсіздік екеніндігін мойындайды. Осы теңсіздік деген өлшем қоғам адамдарының біреулерінің басқалардан жоғары, екінші біреулерінің төмен орналасуына ықпал етеді. Табиғи теңсіздік адамдардың табиғи жаратылыстарына байланысты (жыныс, жас мөлшері, темперамент, терісінің түсі, бойы, ақыл-ойының деңгейі) ерекшеліктерінен туындайды. Мәселен, ақыл-парасатымен, күш-қайратымен ерекшеленетін адамдар көпшілікке ықпал етіп, оларды өзіне бағынышты етуге ұмтылады. Ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздік ерте заманда пайда болып, күні бүгінге дейін сақталып келеді. Барлық дерлік елдерде әйелдерінің табыстарының көлемі ерлерге қарағанда төмен. Әйелдер арасындағы жұмыссыздықтың да деңгейі жоғары. Әлеуметтік теңсіздіктің пайда болуына қоғамдық еңбек бөлінісі, яғни адамдардың кәсіби мамандануы ықпал етеді. Ең көлемді қоғамдық еңбек бөлінісі еңбектің аграрлық және өнеркәсіптік деп жіктелуіне байланысты болды. Мұның өзі қала мен ауыл өмір салтының қалыптасуына, халықтың территориялық-аймақтық жағынан жіктелуіне әкелді. Қала өмірінің ауылға қарағанда бірқатар артықшылықтары бар. Атап айтсақ, еңбектің мазмұны мен түрлерінің сан алуандылығы, тұрмыстық және мәдени қызмет көрсету салаларының, саяси және басқару орталықтары мен бұқаралық ақпарат жүйесінің, ғылым мен білімнің кеңінен дамуы қалаларға тән сипатты белгілер. Қоғамдық еңбек бөлінісі ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы айырмашылықтың пайда болуына, соның нәтижесінде қоғамда білімі мен кәсіби деңгейлері жоғары адамдар тобының қалыптасуына ықпал етті. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік иерархияға негізделген және ол адамдар мен топтардың вертикалды бағытта сатылы орналасуынан көрінеді. Яғни тік сызық бойында бір топтың екінші бір топтан жоғары немесе төмен орналасуы деген сөз. Вертикалды бағыттағы жіктелудің себептерін Р.Дарендорф «билік» және «бедел» деген ұғымдардың негізінде түсіндіреді. Ол тұтас қоғамды басқарушылар мен басқарылушыларға жіктейді. Басқарушылардың өзін а) басқарушы меншік иелері және ә) меншіктері жоқ бюрократ – менеджерлерге жіктейді. Автор сонымен қатар басқарушылар: жоғарғы топ – жұмысшы аксүйектерінен, төменгі топ – мамандық дәрежесі төмен жұмысшылардан тұрады және басқарушылар мен жұмысшы аксүйектерінің ассимиляциясының нәтижесінде «жаңа орта тап» қалыптасады деген қорытындыға келеді. XX ғасырдың екінші жартысында Батыс елдерінің ғалымдары әлеуметтік стратификация құбылысын одан әрі тереңірек зерттеуге кірісті.

Ғалымдардың пікірінше, капиталистік қоғамдарда таптар арасындағы қайшылықтар бәсеңдеп, жұмсара түсті. Олар сонымен қатар қоғам мүшелерінің түрлі топтарға, таптарға, стратталарға жіктелу процесі тереңдей түскенін атап көрсетті. Батыс Еуропа мен АҚШ әлеуметтанушылары нақты әлеуметтік зерттеулер жүргізіп, қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың, таптардың және стратталардың арасындағы қарым-қатынасты реттеуге байланысты ұсыныстарын

негіздеді. Бұл кездегі әлеуметтік стратификация теориясының көрнекті өкілдерінің бірі – П.А. Сорокин болды. Ол қоғамдағы адамдардың иерархиялық жоғары және төменгі топтарға жіктелуіне әсер ететін факторлар ретінде құқық пен артықшылықтардың, жауаркершілік пен міндеттердің, байлық пен жоқшылықтың, билік пен ықпалдың тең бөлінбеуінен болады деп түсіндіреді. Автор сонымен қатар бұл аталған өлшемдер өмірде бір-бірімен сабақтас екендігін ескертеді. Қолдарында үлкен байлығы бар жоғары экономикалық топтардың өкілдері сонымен қатар жоғары саяси және кәсіби топтарға да жатады дейді. Яғни, байлығы бар адамның билікке, жоғары кәсіби топтарға енуіне мүмкіндігі мол немесе керісінше билігі бар адамның жоғары кәсіби даындығы да бар, байлығы да бар деген сөз.

П.А.Сорокин қоғамда экономикалық, саяси және кәсіби стратификацияның барлығын айтып, олардың әрқайсысына терең талдау жасайды. Ал, американдық әлеуметтанушы Т.Парсонс қоғамда әлеуметтік жіктелудің факторларын 3 топқа топтастырған.

1. Біріншісі – адамның туа біткен табиғи белгілеріне байланысты факторларды: этникалық тегі, жыныстық, жастық ерекшеліктері, туыстық байланыстары, дене бітімі мен интеллектуалдық қабілеті.

2. Екіншісіне – қызмет түрі, мамандығы және кәсіби деңгейін жатқызған.

3. Үшінші топқа – меншік, материалдық және рухани құндылықтар мен артықшылықтарды жатқызады.

Ғалымдардың көпшілігі әлеуметтік стратификация процесінде осы аталған өлшемдер мен факторлардың шын мәнінде орын алып отырғанын атап көрсетеді.

Қоғам дамуының бір кезеңінде бұл өлшемдердің біреуі маңыздырақ болса, келесі бір кезеңде келесі біреулерінің маңызы ара түседі. Мәселен, Кеңес қоғамындағы иерархиялық жіктелу процесінде саяси факторлардың маңызы зор болды. Билік саласында қызмет ету, партияға мүше болу, саяси шешімдерді қабылдауға қатынасу сияқты факторлар жоғары топ адамдарын қалыптастырды. Ал, жоғары билік адамдарының байлық пен меншікке қол жеткізуде мүмкіндіктері кең болды. Кеңестік дәуірден кейінгі қоғамдарда нарықтық экономикаға өту барысында әлеуметтік жіктелуге әсер ететін жаңа факторлар маңызға ие бола бастады. «Әлеуметтану институты» жүргізген зерттеулер нәтижесінен қазіргі қоғамдағы әлеуметтік жіктелуге әсер ететін факторлардың төмендегі иерархиясын байқауға болады. Респонденттердің 91,3%-ы әлеуметтік жіктелудегі басты фактор ретінде «билікті» атап көрсетсе: табыс көлемін - 91,2%-ы; меншікті – 64,8%-ы; көлеңкелі экономика немесе заңға қарсы іс-әрекеттерді – 52,7%-ы; білімді - 35,1%-ы; қабілет пен талапты – 34,6%-ы; мамандық түрін – 30,1%-ы; адамның шығу тегін – 25,0%-ы; ұлттық тегін – 14,5%-ы атап көрсеткен. Яғни зерттеудің нәтижесінен бұл қоғамда билікке қатынас, табыс көлемі, меншіктің болуы сияқты факторлардың әлеуметтік жіктелу процесінде жоғары маңызға ие болып отырғанын көруге болады.

Әрине, әлеуметтік стратификация процесінде білім деңгейі, кәсіби шеберлік, жоғары мәртебе (престиж) деген өлшемдердің маңызы зор екенін естен шығармуымыз керек. Білім деңгейі – мектептегі, орта жоғары оқу орындарында

алған біліммен, сол сияқты ғылыми атақ, дәрежемен есептеледі. Кәсіби шеберлік – белгілі бір мамандық бойынша адамның арнайы білім дәрежесі мен шеберлігінің танылуы. Мәртебе – адамның жоғары статусына қоғам тарапынан көрсетілетін сый немесе құрмет. Соңғы кезде әлеуметтанушылар жоғарыда айтылған өлшемдерді ескере отырып, қоғамды 3,4,6 және одан да көп жіктерге бөліп қарайтын стратификациялық модельдерді ұсынуда. Біз соның 4 жіктен тұратын моделіне тоқталсақ, олар мыналар: жоғары тап; орта тап; жұмысшы табы; төменгі тап. Жоғары тапқа ірі меншік иелері – қаржы және өнеркәсіп магнаттары, жоғары билік элиталары – мемлекет президенттері, премьер-министрлер, министрлер, жеке ведомстволар мен қызметтердің басшылары, яғни жоғары категориядағы чиновниктер жатады. Бұлар қоғамдағы шамадан тыс байлығы бар, қоғамның экономикалық және саяси өмірінде шешуші рөл атқаратын топ. Қоғамдағы олардың үлес салмағы аз, дамыған елдерде олар шамамен халықтың 1%-ын құрайды. Кейбір елдерде жоғары тапқа жоғары шенді әскери топтар мен творчестволық интеллигенцияның танымал өкілдері де жатады. Бұл топ өкілдерінің білім және мәдени дәрежелері, қоғамдағы статустары да жоғары. Орта таптың қоғамдағы алатын орны ерекше. Алдыңғы қатарлы дамыған елдерде олар халықтың 60-80% - ын құрайды. Бұл тапты қоғамдағы әлеуметтік тәртіп пен тұрақтылықтың тірегі десек те болады. Өйткені орта тап қоғамның негізгі интеллектуалдық күші мен жоғары мамандық иелерінен тұрады. Орта тапқа қоғамдағы әр түрлі әлеуметтік топтардың мамандықтардың өкілдері жатады. Олар – ғалымдар, жазушылар, суретшілер, діни қызметкерлер, оқытушылар, дәрігерлер, заңгерлер, орта және шағын кәсіп иелері, маманданған жұмысшылар, т.б. Орта тап адамдарының тұрақты да, сенімді қызмет орындары, жоғары табыстары және заман талабына сай өмір салттары бар. Олар көп еңбек етеді, кейбіреулерінің меншіктері (жер, құнды қағаздар, қозғалмайтын мүліктері, т.б.) бар, яғни, олар экономикалық және саяси тұрғыдан қарағанда тәуелсіз адамдар. Бұл таптың адамдары «жақсы өмірге қажырлы еңбектің, күш – жігердің, білімнің нәтижесінде жетуге болады» дегенді басшылыққа алады. Бұл жерде айта кететін бір жағдай – орта таптың да өз ішінде жіктелетіндігі. Олар:

- жоғары орта тап;
- орта таптың орташасы;
- төменгі орта тап.

Орта тапты осылайша жіктеуде жоғарыда айтылған факторлар, яғни адамдардың билікке қатынастары, табыстарының көлемі, кәсіби және білім деңгейлері ескеріліп отыр. Жұмысшы табының қазіргі кездегі бейнесі өткен дәуірдегіден мүлдем басқа. Ғылыми – техникалық прогресс заманында жұмысшы табы еңбегінің мазмұны, сипаты өзгерді. Олар механикаландырылған және автоматтандырылған өндіріс салаларында – заводтар мен фабрикаларда, ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен халыққа қызмет көрсету салаларында еңбек етеді. Бұл тап өкілдерінің тұрақты табыстары, белгілі бір дәрежеде білім және кәсіби дайындықтары бар. Төменгі тап – құрамы жағынан сан алуан. Оларға арнайы мамандықтары жоқ жұмысшылар, жұмыссыздар және люмпендер (қайыршылар, босқындар,

қылмыскерлер) жатады. Бұлардың көпшілігінің тұрақты табыс көздері болмағандықтан, олар абсолюттік кедейшілік жағдайда өмір сүреді.

Сонымен, әлеуметтік стратификация кез келген қоғамға тән құбылыс. Барлық қоғам мүшелерінің арасындағы жаппай теңдік орнататын эгалитарлық (француз тілінде – теңдік) қоғам орнату мүмкін емес екендігін әлемдік даму тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Қорытынды:

Әлеуметтік қабаттарға бөліну қоғамдағы топтардың мансаптарына, мәртебелеріне, материалдық жағдайына, әлеуметтік роліне т.б. байланысты болатын жіктелулер. Яғни, адамдар әр түрлі топтарға біріктіріледі. Ол көне замандардан бастау алған үдерістердің бірі. Оның екінші бір қыры қазіргі әлеуметтануда касталар, сословиелер, таптар болып ажыратылған. Оның ашық және жабық деп аталатын жүйелері әлеуметтік мобильділікке қатысты айтылады. Мәселен, Үндістандағы әлеуметтік жіктерге бөліну көнеден қалыптасқан өмір салты және ол жабық жүйе болып орныққан. Бұл жүйеде әлеуметтік әділеттілік сақталмайды және ол тағдыр тағайындаған мәртебелер болып есептеледі.

Қоғамдағы әлеуметтік стратификация К. Маркс ілімінде қалыптасқан. Бірақ оны К.Маркс таптар деген атаумен қарастырды: үстем тап пен төменгі тап немесе буржуазия мен пролетариат. Оның түсінігі бойынша, бұл тап күресі бітіспес қайшылықта болып, бейбіт, келісімпаздық жолмен реттелмейді, тек қоғамда төңкеріс жасау арқылы ғана өз шешімін табады, нәтижесінде пролетариат диктатурасы орнайды. Бұл идея кейіннен, КСРО мемлекеті құрылуымен себептескен В.И. Лениннің идеяларында жалғасын тапты. Дегенмен, кейінгі неомарксизм бағытында бұндай тап қайшылығы бітіспес күрес түрінде бейнеленбеді.

М.Вебердің «стратификацияның үш автономды өлшемдері» ұғымында әлеуметтік жіктелудің басқа да қоғамдық өмірде өзіндік факторлары бар екендігін негіздеді. Әрине, адамдар арасында да табиғи теңсіздіктердің орын алатындығын айта келе, әйел мен ер, қала мен село т.б. арасында да елеулі айырмашылықтар бар екендігі сөзсіз. Кейіннен, бұл идеяларды Дарендорф кеңейте түскен еді.

АҚШ әлеуметтанушысы П. Сорокин қоғамдағы страттар арасындағы әр түрлі жылжуларды көрсетті. Ол таптардың: горизонтальді және вертикальді түрде жылжуы мүмкін екендігін атап өтті. Төменгі тап адамы кей жағдайда жоғары тапқа өтуі де мүмкін немесе керісінше. Сондай-ақ, мобильділік басқа елдерге кету, ауылдан қалаға көшу арқылы өзінің әлеуметтік мәртебесін өзгертуі сияқты құбылыстар горизонтальді мобильділік деп аталды. Т. Парсонс әлеуметтік жіктелудің басқа да факторларын атап өтеді: генетикалық табиғаты, қызметі мен мамандығы, меншік пен материалдық жағдайы. Негізінен алғанда, қоғамдағы әлеуметтік құрылымның вертикальді көрінісінде өзіндік бір қатаң жүйелер мен параметрлердің болмайтындығы көрсетілді. Шындығында, төменгі, орта, жоғары тап деп бөлінудің өзі шартты екендігіне байланысты материалдық жағдайлары да әр елде әр түрлі өлшемдер бойынша құрылады. Біздің Қазақстанда да мәселен,

орташа таптардың қымбат көлігі, жеке сәулетті тұрғын үйі, оның шет елдерге сапар шегуге мүмкіндігі, басқа елдерде білім алуға деген жағдайының болуы т.б. параметрлер ұсынылғанмен, олар да кейіннен жылдар өткен сайын өзгеріп отырады. Қазақстандағы кедейшілік деңгейі күнкөріс минимумы, ең төменгі жалақы, әлеуметтік жәрдемақыға мұқтаж адамдар т.б. арқылы төменгі тап деп бағаланады. Сонымен қатар таптарға жатпайтын топтар ұғымы да бар. Оған: интеллигенция, өнер иелері т.б. жатқызылады.

ТАПСЫРМА V.

Баяндама жазу

Әрбір студенттен семестр соңында әлеуметтану тарихы бойынша жеке баяндама ретінде БӨЖ қабылданады. Баяндама тақырыптары студенттің таңдауына байланысты болуы керек. Өзі жазған баяндама мәтіні бойынша экстренді түрде үш сұрақ қойылады. Студент баяндама мәтініне қарамай сол сәтте тез жауап беруі қажет (бірнеше секунд). Бағалау жауап беруі бойынша қойылады.

ҮЛГІ

Баяндама тақырыбы: Отбасы әлеуметтануы.

Сұрақтар:

«Нуклеарлы отбасы дегеніміз не?»;

«Ажырасудың қандай себептері бар?»;

«Неке мен отбасы арасындағы айырмашылықтар неде?».

СЕМИНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ

Өтілген бір тақырып бойынша тест сұрақтарын құрастыру. Оның бірнеше нұсқалары бар:

«**Жеңіл**» - барлық өтілген тақырыптар бойынша, саны – 5, бір жауабы дұрыс;

«**Орташа**» - тек өтілген бір тақырып аясында, саны – 10; бір жауабы дұрыс;

«**Қиын**» - екі немесе үш жауабы дұрыс – саны 15.

Жеңіл тест	Орташа тест	Қиын тест
Әлеуметтану ғылымының негізін қалаушы? А) Вебер Ә) Конт Б) Сорокин В) Тоффлер Г) Аристотель	Қоғамдағы артқа тартушылық күштердің жалпы атауы? А) либерализм В) консерватизм С) анархизм Д) марксизм Е) скотизм	Ежелгі Үнді қоғамындағы касталарға жататындары? А) иогалар Ә) Брахмандар Б) индуистер Г) ведантистер Ғ) кшатрилер Д) буддистер Е) шудралар

Тестпен жұмыс. Дайындалған тест сұрақтары студенттердің өздеріне шешу үшін беріледі, бұнда өзі дайындаған тестінің өзіне сай келіп қалмауы қадағаланады немесе басқа топтар дайындаған тестілер беріледі. Жауаптарының дұрыс, не теріс екендігі сол сәтте оқытушы тарапынан тексеріледі.

Орындалу тәртібі: *Тестілерді құрастыру мен шешу кезінде студенттердің ешқандай да ақпарат көздерін шпаргалка ретінде пайдалануына жол берілмеуі тиіс. Дәптер, кітап, ұялы телефонды қолдануға болмайды. Демек, студент өтілген тақырып аясында өз бетінше алған білімдері бойынша құрастыруы және жауабын табуы керек.*

Терминдерге түсініктеме беру. Мысалы, «Қала мен село әлеуметтануы» тақырыбы бойынша терминдер мен түсініктерді қайта таразылау. Әрбір студент осы тақырып аясындағы терминдерді теріп жазып, оған түсініктемелер беріп, өздігінше мысалдар келтіруі тиіс. Жұмыс нәтижелерін оқытушыға арнайы тапсырады. Мысалы, Урбанизация

- Қала мен село, демография мәселелеріне қатысты түсінік;
- Ауыл мен басқа да шағын елді мекендердегі халықтың қалаға шоғырлануы;
- шоғырланудың себебі жұмыс орнының көп болуы, білім беру орындарының орналасуы т.б.
- урбанизацияда көп жағдайда жастардың қалаға келуі жүзеге асып отырады;
- урбанизация бір қалада күшейген сәтте, ол қала мегаполистерге айналады;
- урбанизация көбіне дамыған мемлекеттерде күшейе түсетін үдеріс;

ТАПСЫРМА VI.

Пікірталас

Оқытушы-профессор немесе студенттердің өзі талқылау тақырыбын ұсынады. Ол баршаға қызықты, өзекті, студенттер деңгейінде және белгілі бір деңгейде шешімін табатындай болуы тиіс.

ҮЛГІ

«Қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік» ашық пікірталас

Студенттің ойын еркін білдіруге мүмкіндік ашылады, өз ойын ашық білдіріп, пікірталасқа белсене қатысқан студенттер ескеріледі және белгілі бір деңгейде практикалық мағыналы қорытындылар шығарылады.

Оқытушы-профессор қазіргі заманғы әлеуметтік әділеттілік мәселелері жөнінде сауалдар тастайды. Сұрақтар бір-бірінен туындайтындай жүйелі болуы

тиіс және студенттердің ойлары негізгі тақырыптан ауытқып кетпеутері қадағаланады. Бұл тұста, білім алушылардың білім деңгейі, өзіндік пікірі, сыни және креативті ойлауы т.б. бағалау шкаласын анықтайды.

Сұрақтар:

- Қоғамда неліктен әлеуметтік әділетсіздіктер орнайды?
- Әлеуметтік әділетсіздіктерді болдырмаудың қандай заманауи тәсілдері бар?
- Қазақ қоғамындағы бұрынғы әлеуметтік теңсіздік пен әділетсіздік және оны бәсеңдетудің амалдары қандай болған т.б.

Пікірталас қорытындысы «Әлеуметтік әділеттілік пен әділетсіздік: кеше, бүгін, ертең»

- а) Әлеуметтік әділетсіздік адамзаттың саналы қоғамы пайда болғаннан бастап бар, қазір де бар, болашақта да бола береді. Бірақ оның деңгейлері мен дәрежесі әр түрлі болып өзгеріп отырады;
- ә) Әлеуметтік әділетсіздіктің шығу көздері: мансапқұмарлық, байлыққұмарлық, гуманизмнің кешеуілдеуі, жат мінезді жағымсыз психологиялық мінез-құлық т.б.
- б) БҰҰ-ның конвенциялары, дін, мораль, құқық т.б. әлеуметтік әділеттілік орнатудың құралдары, демек, ең бастысы осыларды күшейту, бұдан басқа жолдардың бірі – адамның өзін-өзі тәрбиелеуі;
- в) қазақ қоғамында әлеуметтік теңдік орнатудың форматтары: қайырымдылық шаралар: асар, үме, жылу т.б.; билер соты арқылы орындалатын шешімдер; діни сенім мен әдет-ғұрып шарттарын қатаң сақтау т.б.

ТАПСЫРМА VII.

Тестпен жұмыс

Өтілген материалдар бойынша оқытушы өзі дайындаған тест сұрақтарын студенттерге таратады, оның бірнеше нұсқасы болғаны жөн. Оның жауаптары оқытушы тарапынан тексеріліп, қателіктері сол сәтте айтылады. Бастапқыда шпаргалка пайдалауына мүмкіндік беріледі, кейіннен ешқандай материал пайдаланбастан шешу талап етіледі. Тест саны баллдық шкаламен сәйкестенеді, мәселен, дұрыс шешілген 5 тест – 5 балл; 4 тест – 4 балл; 3 тест – 3 балл; 2 тест – 2 балл; 1 тест – 1 балл. Немесе, 10 тест ұсынылса, 2 дұрыс табылған тест бір балды құрайды.

6. Қоғам дамуындағы жаңа өзгерістерді қалайтын бетбұрыстар
7. Қоғам дамуындағы әлеуметтік қабаттардың жіктелуі
8. 8.Тоффлер негіздеген қазіргі қоғам атауы
9. Әлеуметтік жіктелуде этникалық тегі, жыныстық, жастық ерекшеліктеріне назар аударған ғалым
10. Қоғам дамуында бітімге келу, келісу деген мағынаны білдіретін түсінік
11. Қоғам дамуында өзекті мәселелерді қозғаған испан ойшылы

ТАПСЫРМА II.

Түпнұсқамен жұмыс

Курстың басталған мерзімінде әр студентке өтілетін тақырыптар бойынша әлеуметтанушылардың еңбектері (түпнұсқада) оқуға беріледі. Бұл тапсырманың орындалуы II ағымдық бақылауда бағаланады.

Бұл сол материал бойынша нақты сұрақ-жауап түрінде бағаланады.

ҮЛГІ

Э. Фроммның «Адам жаны» еңбегі бойынша сұрақтар:

- Садизмді Э. Фромм қалай түсіндіреді?
- Нарциссизмді қалай ұғындырады?
- Түс көруді талдауын қысқаша баяндаңыз?
- Гитлерді мысалға келтіруі қалай сипатталған т.б.

ТАПСЫРМА III.

Ғылыми жоба жазу, қорғау

Студенттер семестр соңында Ғылыми жоба қорғайды. Ғылыми жоба тақырыптарын студенттің өзі таңдауы қажет. Тақырып бұрын-соңды зерттелмеген тың және өзекті болуы тиіс.

Жобаның құрылымының рәсімделуі: Жоба тақырыбы, өзектілігі (100-150 сөз), мақсаты мен міндеттері (50-100 сөз); Қозғалатын мәселелер (150-200 сөз) Күтілетін нәтижелер: теориялық және практикалық (50-100); қортынды (50 сөзге дейін).

ТАПСЫРМА IV.

Афоризмдермен жұмыс

Әрбір студентке ойшылдардың қоғам туралы даналық сөздері немесе афоризмдері таратылады. Оның авторын табу және оның мағынасын өз бетінше түсіндіріп беру тапсырылады. Нәтижесін жазба түрінде оқытушыға тапсыруы

тиіс. Мәселен, «Адам – әлеуметтік (саяси) жануар», «Өзіңді-өзің таны», «Адам адамға қасқыр», «Дін – адам басын айналдыратын апиын» т.б.

ҮЛГІ

«Өзіңді-өзің таны»

Авторы Сократ. Негізінен Дельфи храмындағы жазу болып та табылады.

Талдау: Жалпы адамзат, олардың өздігінше құрған мифтері, діндері т.б. әлем туралы толғаныстары тек сыртқы дүниені тануға бағытталса, Сократ өзін-өзі тануға ұмтылу жоспарын ұсынды. Ол әрбір адамның өзін-өзі тануы. Қазіргі таңдағы перфекционизм ағымында адамның шексіз жетілуі мен өзін-өзі жетілдіруі жолға қойылған. Ол үшін алдымен адам өзін толықтай тануы қажет. Сонымен қатар философиядағы, психологиядағы өзін тану, өзіне-өзі үңілу, интроспекция, сайып келгенде «Мен-Тұжырымдамаға» келіп тіреледі. Онда серпінді-Мен, романтикалық-Мен, идеалды-Мен, нақты-Мен сияқты форматтар құрылған. Яғни, нақты адамның өзін-өзі бағалауы, сол күйі, қандай болғысы келетіндігі мен болашақта қандай болатындығы туралы жоспарлары т.б. Өзін-өзі тану сайып келгенде, өзін-өзі сынау арқылы өзін-өзі жетілдіруге алып келеді. Өзін сынау барынша объективті болуы тиіс немесе ол өзінің жағымсыз тұлға екендігі туралы толассыз пессимистік сарындарға жүгінбеу керек. Психоанализде адам өзінің бейсаналы қатпарларына үңіліп оны санаға шығарады. Сол арқылы өзін не мазалап жүргендігін, неліктен көңіл-күйі жоқ екендігін т.б. табады.

ТАПСЫРМА V.

Шығармашылық тест немесе интеллектуалды тренинг тесттері

Шығармашылық ойлау тестілері таратылады. Әрбір студент өзі белгілеген жауаптарын түсіндіріп беруі тиіс. Бұнда жауаптардың дұрыс немесе теріс екендігі маңызды емес, студенттің өзінің ойын негіздеуі маңыздырақ.

Олар мынадай бағыттарда құрылады: тесттің барлық жауаптары да дұрыс және дұрыс емес сияқты болып тұрады. Дегенмен, барынша ақылға сиымды бір жауабын ұсынуға болады.

ҮЛГІ

Шығармашылық тестілері

1. Өнер мәдениетке енетін болса, арнайы өнер социологиясын қарастырудың қажеттілігі қанша?

- А) Мәдениетке өнер енбеуі мүмкін
- В) мәдениет салаларын жіктеу қажеттілігіне байланысты
- С) бұның қажеттілігі айтарлықтай қажеттілік емес
- Д) бұл жалпы мен жекенің қатынасы бойынша алынған

Е) бұл аса маңызды мәселе болып табылмайды

2. Егер сенімді дәлелдесе, ол:

- А) ақиқатқа айналады
- В) дәлелдеу мүмкін емес
- С) сенімнің де өз дәлелдері бар
- Д) бұл күрделі проблема
- Е) дәлелдесе де сенім күйінде қала береді

3. Болашақтың өткенге айналуы қай сәтте?

- А) осы шақ арқылы оны жүріп өткенде
- В) болашақ үнемі болашақ күйінде, жақындаған сайын алыстай береді
- С) өткен мен болашақтың диалектикасы бойынша
- Д) уақыт кері аққанда өткен болашаққа айналады, болашақ өткен болып шығады
- Е) егер даму циклды болатын болса, болашақтың барлығы да өткен

4. «Мауглидің» адамдық сипаты қандай?

- А) адам анықтамасына сәйкес емес, адам емес
- В) ол да адам
- С) биологиялық адам, психологиялық, әлеуметтік жақтары жоқ
- Д) мақұлық типтес адам
- Е) адам типтес мақұлық

5. Тұлға неліктен өзгеше болуы тиіс?

- А) Адамдар арасындағы өзгешеліктер шартты
- В) Тұлға дегеннің өзі салыстырмалы атау
- С) Өзгеше болғанмен, адам әрқашан тұрақты бола алмайды, ол өзгеріп тұрады
- Д) Тұлға мен жеке адам арасындағы айырмашылықтар нақты емес
- Е) Тұлға қашанда өзгешелігі арқылы танылады

ҮЛГІ

Әлеуметтануды зерттеуге арналған құралдарды жобалау Метаплан техникасы

Метаплан әдістемесі оқу ақпаратын визуализациялаудың тиімді құралы болып табылады. Ол Қытайда пайда болған және қазір Еуропада кәсіптік, университеттік және үздіксіз білім беру саласында кеңінен қолданылады. Метаплан – белгілі бір мақсатты көздеген символдық формалардың (элементтердің) инвариантты жиынтығы. Метапланның элементтеріне жолақ, бұлт, сопақ, төртбұрыш, шеңбер жатады. Әрбір элементке белгілі бір тұжырымдаманың, қорытындының немесе жалпылаудың белгілі бір маңызды сипаттамалары беріледі:

- жолақтар заңдардың қысқа және нақты тұжырымдарын немесе қорытындыларды, жүзеге асыру операцияларын көрсету үшін қолданылады
- бұлттар тәуелсіз теорияны немесе заңдылықты жалпылайтын негізгі ұғымдарды көрсету үшін, сондай-ақ сұраулы сөйлемдер мен тақырыптарды бөлектеу үшін пайдаланылады;
- сопақшалар ғылымдағы фактілік сипаттағы ұғымдарды, идеяларды, гипотезаларды бейнелеу үшін, себеп-салдарлық байланыстарды және тіктөртбұрыштар үшін қосымша ақпаратты көрсету үшін қолданылады.
- тіктөртбұрыштар негізгі ұғымдарды белгілеу және кесте бағандарын құру үшін қолданылады;
- шеңберлер нақты немесе жеке ұғымдарды белгілеу үшін қолданылады. Сонымен қатар, шағын шеңберлер нөмірлеуді, сондай-ақ маңызды мәселелердің қажетті тұстарын көрсетеді.

Метаплан техникасы ойлау процестерін анықтау, оқу элементтерін (ұғымдарды) құрылымдау, олардың мазмұндық белгілерін және себеп-салдарлық байланыстарын жүзеге асыру міндеттерін орындау үшін келесі ережелерді қатаң сақтауы қажет:

1. Мәлімдемелерді құрастыру қысқа болуы керек.
2. Ақпарат элементтердің өзінде тіркеледі.
3. Әрбір картада тек бір ғана аргумент немесе ұғым жазылады.
4. Мәтін анық жазылуы керек (әр карта элементінде үш жолдан аспауы керек).
5. Төрт түстен артық пайдаланбау керек.
6. Түсті елемей рұқсат етілмейді.
7. Элементтің мағынасын өзгертпей оның пішінін өзгертуге рұқсат етілмейді.
8. Элемент түсін оның мағынасын өзгертпей өзгертуге рұқсат етілмейді.

Метаплан символдық көрнекі құрал ретінде белгілі бір психологиялық және эргономикалық өлшемдерге сәйкес келеді. Метаплан-техниканы пайдаланудың психологиялық аспектісі көзбен қабылдау ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Метапланның элементі – белгі, заттанған объект. Оның сенсорлық қасиеттері: пішіні мен түсі бар. Белгінің пішіні оны тануды жеңілдетеді. Оның үстіне форма ұғымның (оқу элементінің) немесе идеяның мазмұнын еске түсірмейді, тек оларды таныстырады. Метаплан элементтерінің формалары түсінікті, ажыратылған және қарапайым, бұл оқытуда қажетті белгінің материалдық формаларын сезімдік қабылдаудан туындайтын арнайы талаптарға сәйкес келеді. Гештальтпсихологтар атап көрсеткендей, объектінің физикалық формасы неғұрлым қарапайым болса, оны қабылдау оңайырақ, фигураны қабылдау үшін соғұрлым аз ақпарат қажет болады. Тиісті фигураны таңдау ұсынылып отырған білім беру ақпаратына көзқарасыңызды салыстырмалы түрде жылдам орналастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан, егер метаплан элементтері оқу элементтерін анықтау қызметін атқарса, онда олар салыстырмалы түрде нақты болуы және белгіленген мағыналарда тұрақты қолданылуы керек. Метаплан элементтері әртүрлі танымдық функцияларды


орындайды; олар сондай-ақ ойлау процестерінің айқындалу нәтижелерін белгілі бір формада қалыптастуға және бекітуге қабілетті. Түс объектілік бейненің атрибуты ретінде қабылдау мен сезімдерге тікелей әсер етіп, зейінді арттырады. Метаплан техникасымен жұмыс істегенде ақ, ашық жасыл, ашық сары, ашық қызғылт түстерді қолданған жөн. Метаплан техникасында түсті пайдалану маңызды перцептивті ерекшеліктермен шектеледі, сондықтан келесі ережелерді сақтау керек:

- бір метапланда үш-төрт түстен артық пайдаланбау;
- бірдей ережелерді, ұғымдардың белгілерін бір түспен бейнелеу;
- білім алушылардың көзін шағылыстырып, шаршататын ашық ақ түстен бас тарту;
- фигуралар мен фон арасында жақсы контрастты қамтамасыз ету;
- қызыл және сары түстерді біріктіруден аулақ болу, өйткені көптеген білім алушылар оларды ажырата алмайды;
- түс ассоциацияларды тудыруы мүмкін екенін ұмытпаңыз (мысалы, қызыл, сары және қызғылт сары әдетте міндетті түрде орындауды талап ететін нұсқауларды көрсетеді).

Әлеуметтанулық мәтіннің метапланының мысалы суретте келтірілген.

Кесте 4.

Әлеуметтік мәтіннің метапланы



Тірек конспект

Тірек конспектісі - бұл білім алушылардың логикалық-танымдық әрекетінде оқу материалының негізгі мазмұнын көрнекі түрде көрсету. Әлеуметтік пәндерді оқыту процесінде тірек конспект сияқты пәндік-белгілік құралға деген қызығушылық оның мүмкіндіктеріне негізделген. Тірек конспектілері пәнді (тақырыпты) тұтастай қабылдауға ықпал етеді. Көрнекілік пен технологиялылық артықшылығының арқасында олар жаңа материалды түсіндірудің қолжетімділігі мен қисындылығын арттырады, сабақтың көп бөлігін оқу дағдыларын бекітуге қалдыра отырып, жаттандылыққа кететін уақытты едәуір азайтады. Тірек конспектілерінің көрнекілігі мен дәлдігі алынған ақпаратқа қызығушылықты арттырады. Тірек конспектілер бойынша материалды қайталау, еске түсіру, бақылау түрлеріне дайындалу оңай болады. Тірек конспектілерді қолдану оқу процесін ілгерілетуге мүмкіндік береді, бұл ретте оқытудың келесі кезеңдерінде қажетті ақпаратты берік меңгеру үшін жағдайлар қалыптастырылады.


Көрнекі құралдар ретінде математикалық білімге сүйеніп ізнрленген жасанды белгілер жүйесін, метаплан-техниканы, олардың үйлесімділігін пайдалану ұсынылады.

Оқыту ақпараты оқу әрекетінің логикасына сәйкес жүзеге асады. Алдымен көрнекі формада қызметтің болжамды негізін құрайтын оқу элементтері, содан кейін – орындаушылық және бақылаушы әрекеттерді қалыптастыратын оқу элементтері ұсынылады. Бұл бір жағынан зерттелетін әлеуметтанушылық объект туралы білімнің тұтас жүйесін және екінші жағынан оларды қалыптастыру жөніндегі оқу-танымдық іс-қимылдардың жалпы жүйесін құрады. Осы негізде құрастырылған тірек конспектісінің үлгісі төмендегі кестеде берілген.


Тірек конспектілерді әзірлеудің әдістемелік жүйесін құрудың негізгі ережелері:

- толық, негізгі ойларды нақты бөліп көрсетумен, оқу материалын тірек жазбаларда блоктар түрінде көрсету (блоктар саны бестен көп емес);
- оқу материалын орналастырудың логикалық жүйелілігінің қатаң сақталуы. строгая логическая последовательность в расположении учебного материала. Логиканы ерікті түрде бұзуға жол берілмейді, өйткені тірек жазбалардағы оқу материалын беру логикасы білім берушілік мәнге ие. Студенттер оқу ақпаратын ұсыну логикасына дағдыланады, бұл оларға жаңа оқу материалын бағдарлауға көмектеседі.
- бейнелі көрнекілік, ықшамдылық, ақпараттың түсті кодталуы.

Капитал импорты мен экспортының негізгі формалары мен түрлері



Капитал көші-қонының негізгі себептері



«Халықаралық капитал көші-қоны» тақырыбы бойынша тірек конспект.

Тірек конспектілеріндегі таңбалы форма ақпаратты іріктеудің және оның жекелеген бірліктеріне мән берудің арқасында маңызды ақпаратты, негізгі байланыстарды көрсету мүмкіндіктері беріледі. Негізгі таңбалар мен белгілердің бірігуіне байланысты мағынаны біржақты түсінуге жол ашылады.

САЯСАТТАНУ ПӘНІ БЛОГЫ

Саясаттану – қоғамның саяси жүйесі мен саясатты талдаудың эмпирикалық және жалпы ғылыми талдау әдістерін қолдану арқылы басқаруды жүйелі зерттеу. Сонымен қатар, саяси бағдарламалардың тиімділігін, сайлау нәтижелерін, саяси өмірдің әртүрлі аспектілерін зерттейді және қоғамды ізгілендіру тетіктерін ұсынады. Саясаттану пәні дәстүрлі түрде анықталғандықтан және зерттелгендіктен ол мемлекетті, оның органдары мен институттарын зерттейді. Дегенмен, қазіргі заманғы пән үкімет пен саяси дененің жұмысына өзара ықпал ететін барлық әлеуметтік, мәдени және психологиялық факторларды зерттеуді қамтиды.

Саясаттану пәні аясында: саясаттану ілімі мен оның негізгі мәселелері, объектісі мен пәні, әлемдік саяси ойдың даму тарихы, мемлекет және оның құрылымы, қоғамның саяси жүйесі, ондағы партиялар мен қозғалыстар, идеология, халықаралық қатынастар, қазіргі заманғы әлемдік саяси ахуал сияқты мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы саяси мәселелер мен олардың шешімі туралы толғаныс оның практикалық жағын қамтиды.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ (БӨЖ)

ТАПСЫРМА I.

Сөздікпен жұмыс

1. Халықаралық қатынастарға қатысты түсініктер мен ұғымдарды жинақтап беріңіз?
2. Саясаттанушы-философтарды табыңыз?
3. Мағынасы жуықтайтын терминдер мен ұғымдар және олардың айырмашылықтарын табыңыз?(үлгі, мысал ретінде төменде көрсетілді)
4. Антика дәуіріндегі саясат туралы толғанған ойшылдар кімдер және оларды қозғаған мәселелері бойынша қалай жүйелеуге болады?
5. Американдық саясаттанушылар кімдер?
6. Биліктің, басқарудың этика мен гуманизмге жатпайтын үлгілері қандай?
7. Саяси партияларға қатысты ұғымдар мен түсініктерді жинақтап көрсетіңіз?
8. Имидж, пиар, репутация, саяси бедел т.б. ұғымдарға жуықтайтын терминдерді табыңыз?
9. Қоғам туралы шығармалар және олардың авторлары?
10. Саяси жанжалға қатысты ұғымдар мен терминдер және олардың мағынасын түсіндіріңіз?
11. Саясаттану ғылымында қолданылатын зерттеу әдістерін жинақтап көрсетіңіз?
12. Саясаттанулық зерттеулердегі үшке бөлінетін құбылыстар мен нәрселер?
13. Саясат туралы шығармалар және олардың авторлары

14. Күнделікті қарапайым тілдегі сөздердің терминдерге айналған түрлері

Орындалу тәртібі: алынған мәліметті кез-келген уақытта дәйектей алатындай болу үшін мәлімет алынған көздерді нақты (беті, сөздіктің аты т.б.) білу қажет. Студент сөздікті ерікті-еріксіз түрде түгел қарап шығатын болады. Сөздікпен және оқулықтармен, оқу құралдарымен жұмыс жасауға да болады.

ТАПСЫРМА II.

Сөздікпен жұмыс

«Мағынасы жуықтайтын терминдер мен ұғымдар және олардың айырмашылықтарын табыңыз?»

ҮЛГІ

Кесте 6.

Консенсус, Конвенционализм, Медиация. Ортақ құбылысы: түсіністік, түсіну т.б.

<i>Мағынасы жуықтайтын терминдер мен ұғымдар және олардың айырмашылықтары</i>		
Консенсус	Конвенционализм	Медиация
Көбіне арнайы ресми құжаттармен бекітіледі	Саясатта ғана емес, жалпы қоғамдағы келісімділіктердің барлығына ортақ атау	Көбіне екі тарапты бітістіруші үшінші тарап қатысуы тиіс
Көбінесе халықаралық деңгейді қамтиды	Саяси ұстаным ретінде бағаланады, мәселен, көпвекторлы саясат	Келісімдер саяси, құқықтық, өмірлік жағдайларда да кездеседі
Консенсустың басталатын және күшін жойып аяқталатын мерзімі болуы ықтимал	Қағида, теория ретінде де қабылданады. Мысалы, Т. Гоббстың конвенционализм қағидасы	Бітімгер арқылы бітімге келуімен аяқталуы тиіс, қазақ тілінде ара ағайын деген түсінікпен де беріледі

Кесте 7.

Реформа, Модернизация, Ратификация, Толықтырулар мен өзгерістер енгізу, Реконструкция т.б. – ортақтастыратын түсінік ЖАҢА РТУ

<i>Мағынасы жуықтайтын терминдер мен ұғымдар және олардың айырмашылықтары</i>				
Реформа	Модернизация	Ратификация	Толықтырулар мен өзгерістер енгізу	Реконструкция
Қоғамдық өмірдің белгілі бір саласындағы заңдар мен оның жүру тәртібін қайтадан жасақтау. Мысалы, білім берудегі реформа	Қоғамдағы құбылыстар мен мәдени саласын жаңашаландыру. Саяси құбылыстар мен процестерді түбегейлі жаңаша сипатта қайта құру	Белгілі бір құрылымдарды жаңартып, оның мүшелері мен бөліктерін қайтадан жасақтау. Мәселен, парламентті ратификациялау	Белгілі бір заңнамалық құжаттарды заманға сай кейбір тұстарын алып тастау немесе қосымшалау	Қайта құрылымдау деген мағына береді, Саясаттануда және саяси өмірде оның нақты модельдері мен үлгілері құрылымданады және оны іске асырудың жобалары жасалады.
Реформа белгілі салада жасалғандықтан кей жағдайда оның жүзеге асуына бір басшы жауапты болады	Кез-келген объектіні жаңа сапаға келтіріп, тұтас қоғамдық жүйе мен қоғамдық идеологияны да қамтиды	Ұйым немесе топ құрамын басқа адамдардан құрастырады	Тек заманға сай жаңарып отырады, кейде консерваторлық сипатта болуы да мүмкін	Дайын бұрынғы құрылымды қайтадан құрылымдайды, ол құрылым барынша күрделі болып келеді

ТАПСЫРМА ІІІ.

Қазіргі саяси-әлеуметтік құбылыстарды талдаңыз, оған баға беріңіз. Оған мынадай тұрғылардан келіңіз: жағымды-жағымсыз жақтары, сыни тұрғы, генетикалық тұрғы, футурологиялық тұрғы, салыстырмалы тұрғы т.б.

ҮЛГІ

Жаһандану құбылысы (жағымды-жағымсыз жақтары)

Жағымды жақтары	Жағымсыз қырлары
Әлемдік өркениет көшінен қалмауға жағдай жасайды	Ұлттық мәдениетке жаһандану гегемонияларының ықпал етуі мүмкін
Әлемдік ақпараттар тез қолжетімді бола алады	Ұлттық тіл халықаралық тілдің аясында жоғалу қаупі бар
Ғаламдық мәселелерді бірлесе отырып шешудің мүмкіндіктері артады	«Алтын сегіздік» елдерінің ғана мүддесіне басымдылық танылуы ықтимал
Техногендік және медицина жетістіктеріне ашық қоғамдар үшін мүмкіндіктер жасалады	Ұлттық нарық бәсекеге шыдамай қалуы мүмкін
Экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан қарым-қатынастардың артуына жағдайлар жасалады	Ұлттық қауіпсіздікті нығайта түсу қажеттілігі туындайды

Кесте 8.

ҮЛГІ

Кесте 9.

Зайырлы қоғам үлгілері (салыстырмалы талдау)

Швециядағы	Франциядағы	АҚШ	Қазақстандағы

ТАПСЫРМА IV.

Қазіргі саяси оқиғаларға өзіңіздің пікірлеріңізді білдіріңіз, қысқаша түсіндірмелер жазыңыз, өз пікіріңіз бойынша саяси сараптама жасаңыз.

ҮЛГІ

Қойылып отырған мәселе: Ауғанстандағы тәлібтер қозғалысы.

Саяси сараптама: Ауғанстандағы тәлібтер мәселесі осыдан бірнеше жыл бойы қозғалып келе жатқан күрделі ахуалдардың бірі, ол халықаралық сарапшылар мен ұйымдардың көзқарасы бойынша исламдық терроризм болып табылады. Екінші бір қырынан алғанда Ауғанстанда жаңа үкімет орнатуды көздейтін ауғанстандықтардың көзқарасына сәйкес келеді. Дегенмен, оның Қазақстанға да кері әсері болуы ықтимал: террористік актілер, еліміздегі діни экстремистік топтардың қызметіне демеушіліктердің болуы, елімізге босқындардың ағылуы мен оларды баспанамен қамтамасыз ету жағдайының туындауы, ауған халқының мәдениетінің кейбір белгілерінің келуі, Ауғанстан халықаралық сарапшылар мен бағалаулар бойынша есірткі тасымалдайтын мемлекет болғандықтан, Қазақстанға да оның кері ықпалы болуы мүмкін т.б. дегенмен, ол тек Қазақстан халықтарына ғана емес, Орта Азия халықтарының ішкі қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі де мүмкін. Сондықтан, бір кездерде АҚШ сияқты мемлекеттер өз әскерін Ауғанстаннан алып кетіп жатса да, қайтадан Ауғанстандағы жағдайды реттеу бойынша халықаралық деңгейде мәселелер қозғалып, нақты іс-шаралар да қолға алынуы ықтимал.

***Орындалу тәртібі:** сараптама 150-200 сөз аралығында болуы тиіс және оның мазмұны саяси оқиғаларға сараптама жасау негізінде болуы тиіс, яғни, саяси сараптамашылардың пікірлеріне де сүйенуге болады.*

ТАПСЫРМА V.

Қазіргі заманғы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ахуал бойынша баяндамалар дайындау.

Негізгі тақырыптары:

- Қазіргі Қазақстандағы саяси партиялар мен қозғалыстар
- Қазіргі еліміздегі саясаттанушы ғалымдар және олардың ұстанымдары
- Қазақстан парламенті және оның бүгінгі қызметі
- Еліміздегі әлеуметтік саясаттың жүру бағдары: кемшіліктері мен артықшылықтары
- Саяси идеологиядағы патриотизм идеясы
- Ұлттық идеяның саяси әлеуметтік астарлары мен қызметі
- Діни саясат және зайырлы қоғамымыздың үлгілері
- Әлеуметтік әділеттілік саясатының жүру бағыттары және болжамдаулар

- Саяси реформалар мен саяси өзгерістер (соңғы үш жыл аясында)
- Тәуелсіздік - басты құндылық
- Ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың стратегиясы мен тактикасы
- Қазақстанның халықаралық аренадағы бітімгершілік саясаты: тәжірибелер мен жетістіктер т.б.

Орындалу тәртібі: Баяндама көлемі 7-10 бет аралығында, шрифт 14, жоларалық интервал. Құрылымы: Кіріспе, негізгі бөлім, қолданылған әдістер, қорытынды, әдебиеттер тізімі, қосымшалар, соңында студенттердің өзіндік ойлары жинақталады. Баядаманы слайдтар түрінде қорғауға болады. Автор нәтижесінде саяси сараптама жасай отырып, 1 бет көлемінде өзіндік ойларын баяндауы тиіс. Баяндамада ғалымдардан сілтемелер болуы міндетті емес, бірақ антплагиаттан өткізілуі тиіс.

ҮЛГІ

Ұлттық идеяның саяси әлеуметтік астарлары мен қызметі (Құрылымдық-функционалдық талдау)

Әлемдегі кез-келген этностың бірегейленуінің, өміршеңдігінің, тұтастығының сақталуының, өзіндік болмысынан ажырамауының түпнегізі, базисі – сол ұлттың рухының қуаты мен әсер ету деңгейіне байланысты болып келеді. Рух: жалпы рух және оның ұлттық көрінісі болып екіге бөлінеді. Рух философия мен психологияда екі мағынада қолданылады: біріншісі – сана, жан т.б., екіншісі – рухтану құбылысына жақын келетін мазмұнды қамтиды. Ал «ұлттық рух» ұғымында осы екінші мағына жамалған. Ұлттық рух түсінігінің өзі табиғаты жөнінен иррационалды-рационалды болып келеді. Ол адам бойында бойында мәңгілік сақталатын, оның болмысы мен тіршілігінің, «бар болуының» ішкі жағдайдағы қуаты. Сонымен қатар сол халықтың, этностың тұтасқан, біріккен, сабақтасқан формасында анығырақ байқалады және этностың өмір сүруінің - өмірлік күші, оны сақтауы мен болашағын құруының жалпылама үлгісі. «Күш» әрине бұл жерде физикалық емес, ішкі психологиялық рухани қуат.

Сонымен, ұлттық рух дегеніміз – белгілі бір этностың мүддесіне ғана құрылған, тұтас халықтың тылсым-астарлы, яғни, қастерлі тарихи-объективті, белсенді-біріктіруші сана сезімінің барынша айқын көрінісі.

Ұлттық рух пен рухтану құбылыстары мағыналық жағынан алғанда синонимдес емес, ұлттық рух ұлттық идеяның психоәлеуметтік құндылықтарының бөлігі. Дегенмен, рухтану үдеріс ретінде ұлттық рухтан туындайды, психофизиологиялық түрде «бөлініп шыққандай» болады немесе оның белсенділігінің көріністерінің бірі ретінде сақталады. Ұлттық рух – құбылыс, ал рухтану – үдеріс, беталыс, демек, ұлттық рух рухтанудың психологиялық қуатының түпнегізі болса, рухтану ұлттық рухтың нәтижесі мен өмір сүретіндігінің шынайы келбеті.

Жүзеге асу құралдары мен айқындалау көрінісі: ұлттық намыс пен жігер; ұлттық сана мен ұлттық сезімдік күш; ұлтжандылық сезім; тылсым қуат;

топтасу мен бірігу т.б. арқылы ұлттық рух өзін өзі аша түсіп, өз мәнін қайталап, ұғымдықтан әрекетке, абстрактіліктен нақтылыққа өтеді.

Саяси-әлеуметтік мәні мен мақсаты: геосаяси кеңістікті сақтау; халықаралық деңгейдегі көшбасшылық; ұлт дербестігін қамтамасыз ету; ұлт мүддесіне негізделген қоғамдағы және әлемдегі шынайылық пен әділеттілікті сақтау т.б. өмірмәнділік тәжірибелік ұстанымдар арқылы қоғамдық өмірге енеді.

Ол өзінің асқақтығы, өзге халықтарға үрей туғызушылығы, ерлігі арқылы – эстетикалық тұрпатты; әділеттілік, адамгершілік, намыс пен жігер бойынша іске асатындықтан – этикалық негізді; бірігушіліктің, топтасуды, қоғамдасуды басшылыққа алатындықтан – әлеуметтік тұғырлы; ел мүддесін қорғауды, халықаралық деңгейдегі беделді түсірмеуді қолдайтын болғандықтан – саяси бағдарлы; ашу-ыза, рухтану, жабырқау, аңсау арқылы жүзеге асатындықтан – психологиялық астарлы болып келеді.

Ұлттың ұлт ретінде сақталуының, оның мәдениетінің ішкі бірлігінің тұтастануының негізгі күші – ұлттық идея. Себебі ұлттық идея – мәңгілік түсінік және ұлт болмысына қарағанда түпбастапқы ұғым. Белгілі бір ұлттың қалыптасуы үшін оның бірігуі мен болашағы туралы идея керек. Осы алғашқы идея – ұлттың жасампаздығы мен өміршендігінің, болашақ бағдарының көзі, ұлтпен мәңгі бірлікте өмір сүретін ажырамас қасиеті. Ұлттық идея құрылымдық негізі күрделі – ұлттық сана, ұлттық сезім, ұлтжандылық, ұлттық намыс, ұлттың өткені мен болашағын тұтас қамтитын жалпылама қағида болып табылады.

Ұлттық идея жөнінде пікірлердің тоғысатын тұсы – «ұлттық идея дегеніміз не және оны қалай іске асыруға болады?» деген сауал төңірегіне топтасады. Ұлттық идея – ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи-мәдени дамудың жалпылама идеологиясы, этникалық қоғам базисінің саяси-әлеуметтік-мәдени қондырмасы, ұлттың жасампаздығы мен мәңгілік өміршендігінің түп теориясы бола отырып, «өткен-бүгін-болашақтың» бейнесін әйгілейтін этникалық ділдің парасатты-сезімдік көрінісі. Ол әрбір қоғамдағы ұлттың және мемлекеттің түпкі мақсатын, жеке адамдардың мүдделерін белгілі бір этностың өзіндік даму бағдарларын сәйкестендіретін белсенді-әрекетшіл ұлттық рухтың шынайы көрінісінен туындайды. Бірақ оның ұлттық идеологиядан өзіндік айырмашылықтары бар.

Кесте 10

№	Ұлттық идеология	Ұлттық идея
1	Ұлттық идея ұғымының ауқымында – жеке	Ұлттық идеологияны да қамтитын – жалпы
2	Уақытша-өзгермелі	Салыстырмалы түрде тұрақты
3	Саяси-әлеуметтік қыры басым	Табиғи-тарихи тамыры бар
4	Ресмиленген	Ресми емес
5	Әлеуметтік институттар арқылы іске асырылады	Қоғамдық санада орнықтырылады, Ұжымдық бейсанада елес береді
6	Ғылымиланған-рационалды	Психологиялық-эмоционалды

Ұлттық идеяның өміршеңдігі мен бүгінгі заманға дейін келіп жетуінің тәсілі – «өзінің эволюциясын өзі жасайтын тәуелсіздігі» болып табылады. Ұлттық идея мәңгі өмір сүретін, өзіне-өзі қайта оралатын ұлттық рухтың тылсымдығымен үстемеленеді. «Ұлттық» деп аталатын кеңістікте оның атрибуттары болып саналатын ұғымдар мен түсініктер жинақталған: ұлттық мүдде, ұлттық сана, ұлтжандылық, ұлттық мәдениет, ұлттық рух т.б. Ұлттық идеяны толығырақ түсіну үшін оның шығу тегі мен өрлеуі, құрылымдық-қызметтік негіздері, оның бүгінгі таңдағы маңызы, іске асу, қолданылу аясы былайша ұсынылады.

Философияда: қоғам қатар қалыптасқан қоғамдық сана мен қоғамдық болмыстан тұратын болса, ендеше аналогиялық түрде *ұлттық* қоғам да *ұлттық болмыс пен ұлттық санадан* құралады, бұдан ұлттың болашағы, қалай қалыптасатындығы туралы қозғаушы күш – *ұлттық мүдде* туындайды, осы мүдде – тұтас жүйелі, дәйекті, жалпылама *ұлттық идеяның* қалыптасуына алып келеді, одан соң оның сол қоғамда қандай қызмет атқаратындығын анықтау қажет, яғни, «не үшін керек, *функциялары* қандай» деген мәселені қамтиды. Одан соң идея – рухани құбылыс: қағидалар, әдіснамалар, ой-пікірлерден құралатын болса, сәйкесінше оның көздері де идеялық түрде құрылуы тиіс, осы идеялылықтың *құрылымын* сипаттау керек.

Сол ұлттық идеяның қоғамда, ұлттық кеңістікте қалай өмір сүретіндігі, яғни, қандай өмір сүрудің тәсілдерімен дамып отырғандығы көрсетіліп, идеяның түпкі шығу көздері, оның алғышарты мен тамырлары өмір сүру тәсілімен қатар бейнеленеді. Осы ұлттық идеядан өздігінен психоәлеуметтік құндылықтар туындайды. Бұл құндылықтар ұлттық идеяның қуатталуы мен сақталуының негізгі шартына айналады.

Осылай құрылған ұлттық идея қоғамда мынадай басты қызметтер атқарады: Ұлт тұтастығы, Ұлттың өркендеуі, Тәуелсіздікті сақтау, Ұлттық Менді сақтау, Ұлттық құндылықтарды бағалау, Ұлтжандылықты нығайту, Дидактикалық-өнегелік т.б. Яғни, ұлттық идея, алдымен, сол этностың тағдыры мен болашағына алаңдап, оның жаңғыруы мен рухының асқақ болуына негізделеді. Ұлттың өмір сүруі мен сақталуының кепілі – оның тұтастығы мен ішкі бірлігі, ынтымақтастығы мен ұйысуы болып табылады. Бұл ұстанымды халқымыздың тарихы мен өткенінің өн бойына сіңірілгендігі арқылы тануға болады.

Келесі ұлттың өркендеуі мен тәуелсіздікті сақтау қағидасы да сан ғасырлар бойғы қалыптасқан қазақ халқының арман мұраттары болып табылады. Өркендеу – рухани-әлеуметтік, экономикалық-саяси салаларды тұтас қамтитын этномодернизацияның басты шарты болса, «тәуелсіздік» - сақтауды, нығайтуды, құрметтеуді қажет ететін қасиетті құбылыс. Яғни, ұлттық идея этностың өркендеу стратегиясын, мемлекетіміздің дербестігінің рухани және экономикалық тұрғыдан нығая түсуін басшылыққа алуы тиіс.

Сондай-ақ ұлттық «Мен» құбылысы оның субъектілерінің, яғни, әрбір қазақ азаматының «МЕН – Концепциясының» тұтастығынан құралатын әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Яғни, ұлттық өзіндік сана – ұлттың өзін-

өзі қайтадан тануы, өзін-өзі сынау, өзін-өзі жетілдіру т.б. құрылымдарды кеңінен қамтитын Ұлттық Менге жинақталады. Мәселен, отаршылдық психология сарқыншақтарынан құтылу, ұлттық мақтаныш сезімін орнықтыру, өзінің өткеніне қайта үңіліп, шынайы тарихты жасау өзінтанудың бастапқы қағидаттары. Бұдан ұлттық болмысты зерделеуді тереңдету, осыған сәйкес, теориялық-практикалық іс шараларды нығайту қажеттігі туындайды. Ол үшін білім беру саласына ойысқак, психологиядағы өзінтану курсын «ұлтың өзін тану» бағдарламасына дейін кеңейту, этнопедагогика курстарын модернизациялау, тарих, әдебиет, тіл білімі, философия т.б. қоғамдық пәндерді оқытуда оның ұлтжандылықты қалыптастыру тетіктеріне жете көңіл бөлу қажет. Демек, ұлтты – жай ғана кеңістік пен мәдениет арқылы біріккен адамдар тобы ғана емес, табиғи шартталғандық, генетикалық туыстық, психологиялық ұлттық рух тұтастығы, діл пен дүниетанымның өзгеше түрі арқылы ұйысатын органикалық бүтіндік деп қарастыруымыз қажет. Бұл ұлттың бірегейленуін қамтамасыз етудің басты шарты болып табылмақ.

Осыдан Ұлттық идеяның ұлттық құндылықтарды бағалау қызметі туындайды. Олар материалдық және рухани игіліктерді тұтас қамтиды. Ұлттық құндылықтар дегеніміз – этноболмыстың өн бойында сақталатын ажырамас қасиеттері мен оңды (позитивті) сапаларының жиынтығы. Яғни, ұлттық игіліктердің асқақтығын, жетілгендігін, қажеттілігін, құрметпен қатынас жасауға тиістілігін ұрпақтарымыздың бойына идеологиялық түрде сіңіру және көзін жеткізу деген тұжырымды айғақтайды.

Ұлтжандылықты нығайту да ұлттық идеяның басты қызметі. Қазақ халқы қашанда ұлтжандылықты нығайтудың тәлімгерлік жақтарына баса назар аударған. Осыдан ұлттық идеяның дидактикалық-өнегелілік қызметі туындайды. Яғни, идея идеология түрінде қайталамалы, әсерлі үлгі боларлықтай тәрбиелік жағдайда өмір сүреді.

Демек, «Ұлттық идея қалай құрылады, негізгі құрылымдық элементтері қандай?» деген сауал бойынша оның мазмұны ұлттық, өмір сүру тәсілі – рухани негізді, шынайы идея кейпінде болғандықтан, ол – Ұлттық идеология, Тарихи сана, Ата-баба рухы (аруағы), Дәстүршілдік қағидалар, Ұлттық дүниетаным т.б. бөліктерден құралады. Идея – рухани құбылыс: қағидалар, әдіснамалар, ой-пікірлерден тұратын болса, сәйкесінше оның көздері де осындай руханилық тамырларынан бастау алады.

Ұлтық идеяның келесі бір құрылымы – тарихи сана. Тарих – ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолы, өткен ғұмырының қайталанбастығы және оның шынайы бейнесі. Осы түсініктер ұлттық идеяның түпқазығына айналады да, ұлт тарихы құндылық ретінде танылып, тарихшылдық оның маңызды бір қозғаушы күшіне өтеді. Осыған байланысты ұлтжандылықты қалыптастыру шаралары: алдымен шынайы ұлт тарихын құру, оны құрметтейтін және қастерлейтін құндылық ретінде сезіндіру, «тарих – өзіміздің ата-бабаларымыздың қайғысы мен қуанышты сәттерінің асқақ өмірі» екендігін түйсіндіру т.б.

Ал ата-баба рухы – мазмұны жағынан ғылыми-рационалистік байыптаулардан гөрі, образдық-бейсаналы түрде елес беретін халықтың ішкі қозғаушы күші, кеңістік пен уақыттан тыс мәңгі жасампаздықты шақыратын ерекше өмірлік көрініс. Мәселен, ата-баба аруағы, намыс, жігер, қуаттылық, төзімділік т.б. құрылымдар – осы Рухтан туындайтын шынайылықтар. Демек, Ата-баба рухы ұлттық идеяның мазмұнына бейсаналы-саналы түрде сіңіріледі. Ұлтжандылықты қалыптастыру мен жастарды оған тәрбиелеу үрдістерінде бұл тәсіл кейде әдіснама ретінде қолданылып та жүр. Мәселен, ұлттық намысты ояту, рухтандыру т.б. үрдістер.

Ал дәстүршілдік қағидалар осыдан туындайтын жалпы ұғымдық ережелерден құралады. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың өзі – мыңдаған жылдар бойғы халқымыздың ұстанған – саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени, психологиялық-этикалық, құқықтық-моральдық қағидалары деп атауға тұрарлық тұтас кешенді жүйе. Ол да бүгінгі қоғамдық өмірдің әрбір саласына сәйкес келетін туынды, ұлттық идеяның сусындар нәрі болып табылады. Ұрпақтарымызды дәстүр бойынша тәрбиелеу – ұлтжандылық ділді оятудың, қайта жаңғыртудың ерекше тәсілі. Бүгінгі қоғамымызда ол да іске асырылып жатқан үдеріс.

Сондықтан, жаһандану жағдайындағы ұлтжандылықты қалыптастыру мен ұлттық идеяны сіңірудің тарихи-мәдени қыры, сәйкесінше, салт-дәстүрді сақтаудан, дін мен өнерді дамытудан, тіл мен әдебиетті құрметтеуден, наным сенімдерді бағалаудан құралады. Бұл жоғарыдағы халқымыздың тарихына шегініс (ретроспекция) жасағандай, бейресми ұлттық идеяның дамуы мен өркендеуінің, бүгінгі күнге дейін ұлттың сақталуының, этнос болмысымен бірлікте дамитын шартына айналуының негізгі рухани көзі. Яғни, ұлттық идеяның мазмұнын құрайтын қағидалар. Бұл бөліктер ұлттық болмыстың рухани қыры болғандықтан, оның идея түрінде өмір сүруінің негізгі ішкі қуаты. Бұл үрдістерді қайтадан іске асыру 1991 жылғы тәуелсіздік алғаннан кейінгі сәнге айналған құбылыс немесе уақытша әлеуметтік шаралар емес, керісінше, ұлттық болмысты қайта қалпына келтіру (этнореставрация) мен ұлттың өзіне-өзі үңілуінің (этноинтроспекцияның) көрінісі. Осы рухани болмыс элементтері сан мыңдаған жылдар бойғы ұлттың бірегейлену (этноидентификациялық) қызметін атқарып келген табиғи-тарихи құбылыс.

Халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі күрделі және көпқызметті ауқымды құрылым. Атап айтқанда оның: саяси-әлеуметтік, мәдени-психологиялық, құқықтық-тарихи, этикалық-эстетикалық, экологиялық-экономикалық т.б. құрылымдарын атап өтуге болады. Сондықтан ол, сан ғасырлар бойғы халқымыздың тіршілік етуінің жалпылама формуласы мен ережелерін құраған. Өмір заңдылығы мен тіршілік ету дәстүрлерінде, ғұмырымыздың әрбір сәтінде шешілуі айқынсыз мәселелер орын алады: «енді не істеу керек», «қайсысы дұрыс», «қалай өмір сүру керек» деген сан алуан сауалдарға ата-бабамыз осы салт-дәстүр қағидаларынан жауап таба алған. Яғни, оның құрылымында «бәрінің әу бастан берілген жауабы дайын» болғандықтан адамзат тіршілігінің даму жолында кателесуді, адасуды, құлдырауды

болдырмайтын жауаптар мен үлгі образдар берілген, сондай-ақ онда психологиядағы «байқап көру – қателесу» құрылымындағы байқап көрмей-ақ, қателеспес үшін арнайы өмірлік ұстанымдар белгіленген. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрып қалыптасуы мен дамуы жөнінен: діни сенімдер, тиым салулар, көне салттар, ұлттық этика, спорт, өнер, тіл мен әдебиет, жаугершілік заманның талаптарын орындау, жас ұрпақты тәрбиелеу, қоғамдық қарым-қатынастарды реттеу ережелері т.б. салалардан құралған күрделі жүйе. Яғни, өзінің даму сатыларында: сұрыпталу, жүйелену, жетілу т.б. үрдістерді басынан кешірген мінсіз үлгі болып табылады. Сондықтан, ол өздігінен іріктеліп, қажетсіз элементтері жойылып, ұмытылып, тиімді жақтары сақталып, дамытылып отырған өміршең және өрлейтін рухани құбылыс.

Ұлттық идеяның мазмұны мен мәнін құрайтын саяси-әлеуметтік қырлары: геосаяси кеңістік, әлемдік саяси сахнадағы (аренадағы) көшбасшылық (лидерлік), этникалық дербестік, Қазақстанның болашағы (перспективасы) мен оның болжамын (прогностикасын) құру т.б. құрылымдардан тұрады.

Әлемдік саяси сахнадағы көшбасшылық мәселесі де Қазақстанның болашақтағы арман-мұраттарының бірі. Түркіорталықтық кезең байырғы ата-бабаларымыздың тек қана саяси ғана емес, мәдени-өркениеттілік саладағы көшбасшылығын қамтамасыз етті. Себебі Қазақстан тарихы көрсеткендей, түркілер бастапқы жаһанданулардың (протоглобализация) орталығына (эпицентріне) айналды. Демек, қазіргі замандағы жаһандандыру үрдісінде де, еліміздің орталық қызметін атқаруына тарихи-табиғи алғышарттары мен тұтас ұлттық өзіндік сана бойынша тәжірибесі бар. Ал этникалық дербестік бүгінгі жаһандану үрдісінде «жұтылып кетпеді», яғни, ұлттың өзгелерге түбегейлі сіңіріліп кетуін шектеудің басты талабы. Яғни, ұлттық идеяның орнықты сақталуы мен дәйектелуі үшін қажетті қуат көзі – ұлттық рух болып табылатындығы және оны ұрпақтарымыздың бойына ғылыми-теориялық әдіснамалар бойынша сіңіріп отыру қажеттілігі. Бұл үрдіс Қазақстан мемлекетінің болашағы мен даму жобасын құруды қамтамасыз етеді. Басты мәселе – болашақ мемлекеттігіміз туралы болса, осыған сәйкес құрылған ұрпақ тәрбиесі маңызды буын екендігі сөзсіз. Демек, қазіргі «ұрпақтарымыздың әрбіреуінің жеке өміріне қатысты болашағы – мемлекеттің болашағы» – Қазақстан мемлекетінің келер заманға сенімділігі болып табылады.

Ұлттық идеяның биопсихологиялық қырына сәйкес туындайтын туыстық (генетикалық) тұтастық пен тазалыққа айрықша мән берген халқымыз «жеті атаға дейін қыз алыспау», жыныстық бейберекетсіздікке тиым салу тәрізді тәртіптерді қатаң бақылаған. Себебі ұлттық идеяның басты мақсаты этностың мәңгілігі мен жасампаздығы болып табылады. Сондықтан рулық жіктелуге құрылған шежіренама бұл тұста жағымды және маңызды құбылыс болып табылады. Бұл қағидалар ұлттық идеяның мәңгілік ұстанымдары болғандықтан, бүгінгі таңда да сақталуы тиіс тәлімгерлік маңызы бар талаптар.

Ал ұлттық діл ұлттық идеяның сақталуы мен өміршеңдігінің басты әлеуметтік құралы. Ұлттық идея өзінің болмысын діл арқылы жалғастырады. Себебі қоғамдық психология мен қоғамдық санада сақталған идеяның ұлттық

сипаты мәдени сабақтастық пен биологиялық архетиптер арқылы жалғасын тауып отырады. Сондықтан діліміз ұлттық идеяның қорғаныш тетігіне айналады. Немесе, ұлттық ділде ұлттық идея биопсихологиялық кейіпте орныққан. Сондықтан ұлттық идеяны ұрпақтар бойында қалыптастырудағы басты сүйенер құрал да – ұлттық діл болмақ.

Ұлттық рух пен рухтану құбылыстары бір ұғым емес, ұлттық рух ұлттық идеяның психо-әлеуметтік құндылықтарының бөлшегі. Дегенмен, рухтану үрдісі ұлттық рухтан туындайды, психофизиологиялық түрде «бөлініп шығады». Ұлттық рух – құбылыс, ал рухтану – үрдіс, демек, ұлттық рух рухтанудың психологиялық қуатының орталығы (ядросы) болса, рухтану ұлттық рухтың нәтижесі мен өмір сүретіндігінің шынайы көрінісі. Демек, рухтану немесе рухтандырушылық дегеніміз – ұлттық сананың сақталуының нәтижесінен туындаған, ұлттық ділдің намыс пен жігер, қуат пен күш жағдайында көрінетін ішкі психологиялық тылсым қуатының іске асуы. Бұл ұлттық идеяның сақталуы мен психологиялық көрінісінің нышаны. Мәселен, 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі қазақ жастарының рухтануының айқын тұсы болып табылады. Ұлттық идеяның биопсихологиялық қырларының бірі – Өзіндік сана - «Мен» болып табылады. Яғни, ұлттық өзіндік сана мен Ұлттық Меннің әйгіленуі. Әрбір жеке тұлғаның этностық қоғамдасуының тұтастығының бөлшегі екендігін сезінуі.

Жоғарыда көрсетілгендей, ұлттық идеяның мазмұны мен мәні үш құрылымды басшылыққа алады. Біріншісі, ұлттың өткеніне қарайлауы (этноретроспективтік), яғни, өткенге қайта оралу, ұмытылған және ұмытылып бара жатырған дәстүрлі ұлттық құндылықтарды қайта жаңғырту, тарихилық пен дәстүршілдік қағидаларға сүйену. Бұл – бүгінгі таңдағы жаңалық немесе артқа тартушылық емес, әлемдегі кез-келген дәстүрлі мемлекеттердің, өркениетті дамудың басты ұстанымдарының бірі.

Екінші, болашақты құру (перспективтік) ұстаным өткенді ескеріп отыру арқылы ашылады. Себебі тек қана өткенге ұмтылуды сыңаржақты негіздеуге болмайды, қазіргі өркениеттілік талаптары мен ұлттың болашағының жаңа үлгілерін құру стратегиясы еліміздің келешек тағдырының жобасы болып табылмақ. Бұл – ұлттық идеяның жасампаздығы мен өміршендігінің көрінісі, әрі толық мазмұны.

Ұлттың өзіне-өзі үңілуі (этноинтроспективтік принцип) сәйкесінше, өзіндік сананы қайта жаңғыртып, өзінтану мен өзін бағдарлауды қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде ұлттың бірегейленуіне (этноидентификацияға) алып келеді. Яғни, жеке адамға арналған «Мен-Тұжырымдама» ілімі тұтас «Ұлттық-Мен-Тұжырымдамаға» айналады: «Біз кіміз?», «Қазақ халқының әлемдегі орны қандай?», «Қазақстан әлемдік өркениеттің биік сахнасынан қалай көрінеді?» деген сауалдарға орай, өзінің «Мұраттық» (Идеалдық), «Серпінді Менін» жасауы тиіс. Ол саяси-әлеуметтік мәселе болумен қатар, мемлекетіміздегі әрбір жас буынды толғандыратын жауапкершіліктер жүктейді. Бұл – жастардың жан-жақты болуын талап ететін табиғи дамудың заңдылығы: білім мен іскерлік, адамгершілік пен ұлтжандылық, қабілеттілік пен шығармашылық т.б.

Ұлттық идея мазмұны қашанда стратегиялы, сондықтан жаһандану жағдайындағы Қазақстан азаматын қалыптастыру – оның болашақ ұстанымын нығайтады, еліміздің әлемдік өркениеттілік белесіне оңай өрлеуіне септігін тигізеді. Ал ұлтжандылық қағида бойынша әрбір азамат өз елі мен ұлтын құрметтейтін зиялы қауымдастықты құрауы тиіс, ұлт бірлігі мен ынтымақтастығының болашаққа жетелейтін бағдар екендігін түйсінуі қажет.

Ұлттық идеяның өрлеуі мен өмір сүру тәсіліне тоқталар болсақ, оның мәңгілігі, кеңістіксіз-уақытсыз болып шартталуы – ұлтжасампаздықпен тікелей байланысты екендігінен туындайды. Белгілі бір ұлт немесе этнос қалыптасқаннан кейін өзінің ішкі «Меніне» бейсаналы-саналы түрде болса да бойлай еніп, ұлттық рух өзін танып, болашақ бағдарларын айқындайды, сол ұлттың болмысын айшықтайды.

Ал оның түбірлестік-құрылымдық (синкретизмдік-конструктивтік) сипаты да бүткіл ұлттық болмыстың рухани-әлеуметтік қырларының барлығын жинақтайтын, діл мен ұлттық психологияға сәйкес келетін барша құндылықтарды қамтитын өзіндік жүйесіне байланысты. Себебі, ұлттық идея құрылымында этнос мүддесі мен болашағы үшін айқындалған барлық қозғаушы күштер мен бөліктер ұсынылуы шарт.

Ұлттық идеяның жаңартылып отырылатын (модернизацияланатын) тәсілі де әрбір дәуірдің заманауи қажеттіліктерінен, қоғамдық даму заңдылықтарынан туындайды. Идея – барынша тұрақты болғанмен, әрбір кезең үшін белгілі бір мақсат қояды, оны шешуге ұмтылады, сәйкесінше, келесі дәуірге жаңа ұмтылыстар түзеді. Жаһандану үрдісі үшін жаңарған Қазақстан, ондағы жаңа әлемдегі әмбебап тұлға қалыптасыру ұстанымдары да ұлттық идеяның жаңарып отыруын қажет етеді. Бірақ негізгі түпбастауларын (субстраттарын) сақтай отыра, заманауи қажеттіліктерге сәйкес үстемелерді (суперстраттарды) жамай түсумен ерекшеленетін өзгермелі-өрлемелі болуы шарт.

Оның идеологиядан көрініс табуы – мәңгі сақталуы мен насихатталуы және мойындалуы үшін қажетті шарт. Сондықтан ұлттық идея өздігінен оқшау, абстрактылы, ешкімге қатыссыз көзқарастар тізбегі емес, халқымен бірге шынайы өмір сүретін, олардың таным-түйсігі мен өмірлік қағидаларының, болашақ ұстанымдарының жалпы әдіснамалық негіздерін құрайды. Осыдан оның өмірмәнділік-тәжірибелік сипатта болуы үшін қайталамалы-тәрбиелік (дидактикалық) қыры ашылады. Ол қоғамдық әлеуметтік институттардың барлығында: жанұя, балабақша, мектеп, орта және жоғарғы оқу орындарында қамтамасыз етіледі.

Жоғарыда көрсетілгендей, оның шығу көздерінің бірі – биогенетикалық құбылыс. Бұл ұлттық идея субъектісі, демек, сол ұлттың өкілінің биологиялық-генетикалық жалғасқан мирасқорлығына байланысты туындайды. Осы биогенетизм құбылысы – идеяға тасымалданады, идея шығу көзі жөнінен осы қағидалардан құралады. Бұл – оның табиғи түрде сақталуы мен өмір сүруінің негізі. Демек, этнос – эволюция заңдылығы болатын болса, оның рухани негізі осы – *ұлттық идея*. Сондықтан ол қоғамдық санада бейсаналы түрде болса да шынайы өмір сүретін – руханилық болып табылады. Себебі идеясыз ешнәрсе де

болмайтындығы түсінікті, ал этностың идеясы әрине ұлттық мазмұнда, шынайлығы оның пішіні.

Ұлттық идея сол этностың өмір сүруінің – өмірлік қуат күші, оны сақтауы мен болашағын құруының жалпы парадигмасы. «Күш» әрине физикалық емес, ішкі психологиялық рухани қуаттылық. Демек, өмірлік күш түріндегі ұлттық идея ұлттық рухқа айналады. Ұлттық идеяның психоәлеуметтік құндылықтары: ұлттық сана, ұлттық сезім, ұлттық рух, ұлтжандылық сезім, ұлттық намыс т.б. Олар бір-біріне мазмұны жағынан жақын ұғымдар болғанмен, арнайы жеке қарастырылуға тиісті игіліктер болып табылады. Ұлттық сана дегеніміз – жеке тұлғалардың әрбіреуінің сол ұлттың өкілі екендігін байыпты сезіну түйсіктерінің тұтастануынан құралып, ұлттық рухқа жалғасатын жалпы ұғым және этноболмыстың өмірмәнділік тарихи тәжірибесінің жиынтығы. Ол да бейсаналы, әрі саналы түрде түзілетін құбылыс. Ұлттық рух дегеніміз – белгілі бір этностың мүддесіне ғана құрылған, тұтас халықтың тылсым, қастерлі тарихи-шынайы, белсенді сана сезімінің айқын көрінісі. Мәселен, маргинал топтардың ұлттық санасы төмен болғанмен, ұлттық рухы бейсаналы-архетиптік түрде болса да сақталады. Себебі ол да биогенетикалық жалғасатын, түбегейлі жоғалмайтын тылсым күш. Мындаған жылдардан бері жалғасқан рухтың соңғы отаршылдық кезеңдегі 200-300 жыл ішінде түбегейлі жойылып кетуі де мүмкін емес. Демек, біздің ұлтжандылық сананы қалыптастырудағы басты алғышартымыз да, сүйенеріміз де, жалпы әдіснамалық бағдарымыз да осы – ұлттық рух.

СЕМИНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ

ТАПСЫРМА I.

Тест сұрақтарын құрастыру әр түрлі деңгейде жүргізіледі, барлығы 12 тест:

- а) белгілі бір өтілген тақырып аясындағы тесттер – 3 тест;
- ә) өтілген барлық тақырыптар бойынша терминдерден құралуы тиіс – 3 тест;
- б) өтілген барлық тақырып бойынша жауаптары тек саясаттану ойшылдардан тұруы керек – 3 тест;
- в) ХХІ ғасырдағы саясат пен саясаттанудың негізгі ұғымдары мен ондағы климат негізінде ғана құрылымдануы керек – 3 тест т.б.

Өтілген барлық тақырып бойынша жауаптары тек саясаттану ойшылдардан тұруы керек

«Мемлекетті философтар басқаруы тиіс» деп тұжырымдаған көне Грек ойшылы

- А) Аристотель
- Ә) Диоген
- Б) Сократ
- В) Платон (дұрыс жауабы)**
- Г) Фалес

ТАПСЫРМА II.

Баяндаудың экстернді түрдегі сұрақ жауап тәсілі. Дәстүрлі семинар өткізу тәртібі бойынша студенттер толығымен жауап беруі тиіс. Әрбір студентке әр түрлі дайындалған тақырыбы бойынша үш сұрақ қойылады. Ол сұрақтардың жауабы қысқа болуы керек және білім алушы сол сәтте жауап беруі керек.

«Мемлекет және оның құрылымы» тақырыбы бойынша:

- Мемлекеттің анықтамасы айтыңыз?
- Мемлекетті басқарудың түрлері қандай?
- Мемлекет болу үшін қандай белгілері болуы керек?

Орындалу тәртібі: Әрбір студент тек өзіне ғана қойылған сұрақтарға сол сәтте шпаргалка пайдаланбай, ешқандай қосымша материалды сол сәтте қарап отырып қолданбай, тек алған білімі ойыныша тез жауап беруі талап етіледі. Басқа студенттер оқыстан жауап берген жағдайда сұраққа жауап беруі тиіс студенттің жауаптары есептелмейді. Бағалау студенттің жауабының дәлдігіне, тездігіне, толықтығына, қысқаша анық болуына қарай жүргізіледі.

ТАПСЫРМА III.

Өтілмеген, келесі сабақтарда өтілетін күнтізбелік тақырыптар бойынша дайындалу. Әрбір студентке әр түрлі келешекте өткізілетін тақырыптар бөлініп беріледі. Соны әрбір студент өз түсінігі бойынша баяндайды. Бұл тұста өтілмеген тақырыптар бойынша жауап беру талап етілгендіктен барынша жеңілдіктер жасалуы тиіс.

ТАПСЫРМА IV.

Қазақстан парламенті: заңдарды ұсыну мен талқылау. Семинар тобы өздігінше парламент моделін құрастырады:

- а) алдын ала дайындалған спикер-студент заң жобасын ұсынушы болады. Қалғандары сол заңды талқыға салады. Ол ресми түрде Қазақстан парламентінде бұрын талқыланған немесе талқылануы мүмкін үрдістер мен құбылыстар болуы мүмкін;
- б) қабылданған заңдарға толықтырулар мен өзгертулер енгізілу жүргізіледі.

Ол семинар сабақтарының тақырыбына тура сәйкес болуы міндетті болмаса да, соның аясында болуы тиіс. Талқыланатын үлгі тақырыптары:

- Қазақстандағы діни ахуал және экстремизмнің алдын алу туралы заң жобасы;
- Мемлекеттік тілдің аясын одан әрі өркендету саясатын жетілдіру туралы заң жобасы;
- Жұмыссыздықты жоюдың жаңа технологиялары туралы заң жобасы;
- Әлеуметтік қорғау және зейнетақы төлеу жүйесін реформалау туралы заң жобасы;

- Қазақстандағы трансгендеризмнің жаңа талаптары мен оны реттеу туралы заң жобасы т.б.

***Орындалу тәртібі:** студенттер кез-келген заң жобасымен алдын-ала танысып алып, соны үлгіге алуы тиіс және парламенттегі талқылау тәртібі, регламенті, басқару жүйесі т.б. уақыт ықшамдалып барып сақталуы қажет. Мысалы, ҚР Тіл туралы заң ұсынылады, оған толықтырулар мен өзгерістер енгізу мәселесі қарастырылады. Әрбір студент өзінің пікірлерін білдіреді. Ол үшін студенттер сол заңмен алдын-ала толықтай таныс болуы керек.*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11.

1-тарау. Жалпы ережелер (1 - 7 баптар)... 27-бап. Тіл - халықаралық қызметте Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдар жанындағы өкілдіктерінің қызметі мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда басқа да тілдерді пайдаланып жүзеге асырылады.

Екіжақты халықаралық шарттар, әдетте, уағдаласушы тараптардың мемлекеттік тілдерінде жасалады, көпжақты халықаралық шарттар оған қатысушылардың келісімімен белгіленген тілдерде жасалады.

Қазақстан Республикасында басқа мемлекеттер өкілдерімен өткізілетін ресми қабылдаулар мен өзге де шаралар басқа тілдерге аударылып, мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Заңның толық нұсқасын мына сайттан қарау керек:

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000151>

Толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін. 25-1-бабына: («Ономастикалық комиссияның құзыреті») сәйкес комиссия құрамына үкімен мүшелерімен, саяси қызметкерлермен, шенеуніктермен қатар ғалымдар, еріктілер, қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері де енгізілсін және ол комиссия құрамы мүшелерінің 50 пайызынан аспауы тиіс екендігі туралы 25-1-а1 бабы енгізілсін.

20-бап. Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін жазу бойынша: «Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазу Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуге тиіс» делінген бапқа «Сонымен қатар кісі есімін, әкесінің есімін және тегін жазу ерікті таңдаулар бойынша да жүргізіуі мүмкін» деген сөйлем енгізілсін.

ТАПСЫРМА V.

Қайталау сұрақтарының берілуі. Студенттер сол күнгі 1 ғана семинар негізіндегі берілген тақырып немесе дайындалған тақырып бойынша емес, тұтас

өтілген тақырыптар аясында дайындалады, әр тақырып бойынша үш сұрақтан қойылады. Студент сол сәтте тез ауызша жауап беруі тиіс.

«Саясаттану пәні және оның құрылымы» тақырыбы бойынша:

- «Саясат» сөзі қандай мағына береді және қай тілден енген?
- Саяси ойдың тарихын қандай кезеңдерге бөлуге болады?
- Саясаттану басқа да қандай ғылымдармен байланысты?

«Мемлекет» тақырыбы бойынша:

- Мемлекет дегеніміз не, анықтамасы қандай?
- Мемлекетті басқарудың формалары қандай?
- Идеология дегеніміз не, мысал келтіріңіз?

Саясаттану басқа да қандай ғылымдармен байланысты? Студенттің жауабы: Әлеуметтанумен, әлеуметтік философиямен, тарихпен, мәдениеттанумен т.б.

Орындалу тәртібі. Семинар уақытына байланысты сұрақтар қысқа да, нұсқа болуы қажет. Студент шпаргалкаға қарамай сол сәтте өзіндік ойымен, бұрын алған білімдерімен жауап беруі тиіс. Сұрақтар әрбір студентке жеке арналады (индивидуалды). Сондықтан, оған басқа студенттер жауап беруіне жол берілмейді. Сұрақтардың саны бойынша бағалау шкаласы өздігінен реттеледі. Мәселен, 16 сұрақ. Екі сұрақ бір баллды құрауы мүмкін.

ОҚЫТУШЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫМЕН БІРГЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ (ОБӨЖ)

ТАПСЫРМА I.

Қазіргі Қазақстанның саяси-әлеуметтік өміріндегі маңызды, өзекті ахуалдарға байланысты ғылыми-тәжірибелік жобалар құрастыру. Жоба құрылымы: өзектілігі, мақсаты, жаңалығы, іске асыру жолдары, алынатын нәтижелер, көлемі 1 беттен аспауы тиіс.

Жобаның тақырыптары:

- Қазақстандағы жұмыссыздықты жою және оның тетіктері;
- Еліміздегі тұрғын үймен қамтамасыз ету саясатының тиімді жолдары;
- Жастардың әлеуметтік жағдайын жақсарту;
- Гендерлік саясаттың стратегиялар мен тактикалары;
- Қазақстанның халықаралық саясаттағы беделін көтермелеу шаралары;
- Саяси сауаттылықты арттырудың тактикасы мен стратегиясы;
- Саяси белсенді тұлға қалыптастырудың жолдары мен міндеттері т.б.

Жоба тақырыбы: Қазақстандағы жұмыссыздықты жою және оның тетіктері

Орындаған: XXXXXXXXXXXXXXXX

Тексерген: XXXXXXXXXXXXXXXX

Қорғау күні: XXXXXXXXXXXXXXXX

Қорғалды: XXXXXXXXXXXXXXXX

Жобаның өзектілігі. Еліміздегі жұмыссыздар санының көбеюі мен халықтың әл ауқатының нашарлай түсуі, жұмыссыздықтың жағымсыз салдарының болуы т.б. қазіргі заманда шешімін табуы тиіс мәселелердің бірі болып отыр. Жұмыссыздық азайса, халықтың әл-ауқаты арта түседі, әлемдік деңгейдегі Қазақстанның жұмыспен қамту саясатының өз нәтижесін көрсететін мезгілі келді. Ол үшін атқарылуы тиіс шаралар тізбегін ұсыну керек.

Жобаның мақсаты. Еліміздегі жұмыссыздар санын азайту үшін жұмыспен қамтамасыз етуді жақсарту түсетін бағдарламалар мен ұсыныстар беру және оның тәжірибелік қырларын ашып беру.

Жобаның жаңалығы. Қазіргі ақпараттық және цифрлы қоғам жағдайына бейімделген тұлға қалыптастыру мен жұмыссыздықты жоюдың өзіндік тиімді үнемді тетіктерін қарастыру.

Іске асыру жолдары.

1. Цифрлы Қазақстан жағдайына орай жұмыс жасаудың жаңа құрылымдарын ашу және соған сай жаңа курстар ұйымдастыру. Электронды түрдегі, онлайн форматтағы бизнес түрлеріне халықты, қоғамдық сананы бейімдеу.
2. Мөлшері аз жалақымен қамтылған жұмыс орындарында жалақыны кезең-кезеңмен арттырудың бағдарламасын жасау және оны іске асыру.
3. Ұсыныс пен сұранысты зерттеп, оқу орындарында қажетті мамандар даярлауға деген бетбұрыс жасап, мониторингтер арқылы болашақтағы жетіспеуі ытимал мамандықтар ашу және оның халыққа жариялы болуы.
4. Шет елдік жұмысшылар үшін Қазақстанда қызмет ететіндерге мемлекеттік салық мөлшерін күшейту.
5. Шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында бастапқы 2 жыл ішінде пайызсыз несие беріп, бизнесі өркендеп келе жатқан жағдайда оның пайыздық мөлшерлемесін бірте-бірте көбейту т.б.

Алынатын нәтижелер. Халықтың көп бөлігі саяси сауаттанып, АИТИ технологияны меңгеру арқылы жұмыспен қамтамасыз етіледі. Шағын кәсіпкерлікті өркендетуге мол мүмкіндіктер ашылады. Мемлекеттен жәрдем күту инфантилизмі жойылады.

Ескертпе: Жобадағы ұсыныстар тың және қолжетімді, аз қаражатты ғана керек ететін, әрі мемлекет бюджетін толықтыратындай болуы тиіс. Жобадағы әрбір пункт нақты, өмір тәжірибесімен тығыз байланысқан болуы тиіс.

ТАПСЫРМА II.

Мемлекеттерге сараптама жасау. Әрбір студентке бір-бірден мемлекет атауы беріледі. Сол мемлекеттің жалпы сипаты туралы баяндауы тиіс: географиялық орны, халқының әлеуметтік жағдайы, ел басқару ісі, күнкөріс деңгейі, байлықтары т.б. сипатталады. Жұмыс көлемі 1 беттен аспауы тиіс.

Баяндаулар қысқаша, нақты, дәл, тарихи және саяси айғақтар бойынша жазылуы тиіс және соңғы ақпараттармен қамтамасыз етілуі керек.

ТҮРКМЕНСТАН

Түркменстан астанасы – Ашхабад қаласы, басшысы Түркменбашы деп аталады: Бермухамедов Сердар Гурбангулыевич. Халқының саны 2023 жылғы санақ бойынша 7,364 миллион. Басқару жүйесі көбіне тоталитарлық жағдайда және жабықтау мемлекет болып саналады. Яғни, халықаралық аренаға шыға қоймайтын, шет елдік жаңалықтар мен сырттан келген ақпараттарға тосырқап қарайтын қоғам.

Халықтың әлеуметтік жағдайы орташа, кей жерлерде орташадан да төмен. Дегенмен, әлеуметтік қорғау жақсы жетілген болса да, бөлінентін қаражаттар мардымсыз. Қалалары мен ауылдары нашар дамығандығына қарамастан көзбояшылықпен көбірек айналысады. Мәселен, жолдың бойы мен орталық көшелеріндегі үйлердің тек беткі жағы ғана әспеттелген.

Түркменбашыға арналған сарайлар мен салтанатты орындар, ескерткіштер шамадан тыс көп. Тіпті ол сарайға тек өзі ғана кіріп шығатын арнайы есігі бар. Негізінен мұнай мен газ өндіретін мемлекет, өндіріс пен ауыл шаруашылығы жақсы дамымаған. Брендтері: ахалтеке жылқысы, түрікмен кілемі т.б. сыртқа шығарылмайды.

Халқының сауаттылық деңгейі аса жоғары емес, бірақ ұлтжандылық пен дәстүрді сақтау орнықты болса да, кейде шовинистік пиғылдар мен өзге ұлттарға толеранттылық таныла бермейді. Мәселен, ұлттық киімдерін киіп жүру жиі кездесетін жағдайлардың бірі. Сондықтан да, түркімен тілінің қолданылуы аясы барынша кең, орыс тілі сирек қолданылады, өздерінің салт-дәстүрлерін қатаң сақтайды. Ислам дінін ұстанғанмен, терроризм мен экстремизм қатері жоғары емес, тым аздау деуге де болады.

Тегі түркі халықтарына жатқызылғанмен, халқының көпшілігі еуропалық нәсілді болып келеді.

Жері құмдауыт және шөлейт аймақтарға жатқызылады. Қарулы күштері, стратегиялық дамуы, ғылымы мен өндірісінің дамуы т.б. Орта Азия елдерінің

соңғы қатарларында болып келеді. Курортты жерлер мен жұмыс орындары көп емес. Мемлекет шағын болып есептеледі.

Бүгінгі күні Қазақстан Республикасымен достық қарым-қатынас орнатқан. Түрікменстан да қазақтар көп тұратын аймақтарға жатқызылады, дегенмен, тәуелсіздік алғаннан бастап, Нұрлы көш бағдарламасында қазақтардың Атамекенге қоныс аударуы жиілей түскен.

ТАПСЫРМА ІІІ.

Саяси оқиғаларды талқылау

Орындалу тәртібі: Әрбір студент газет бетінде жарияланған соңғы жаңалықтарды өзімен бірге ала келіп, оны тиянақтап оқып алып, аудиторияда соны өздігінен баяндап, талқылаулар өткізеді. Газет мақалалары көлемді (кемінде жарты беттей) болуы тиіс және Республикалық газеттерде жарияланған болуы шарт.

ПРЕЗИДЕНТ АУҒАН ҚАЗАҚТАРЫН ЕЛГЕ ӘКЕЛУГЕ ПӘРМЕН БЕРДІ



Сурет 1.

Күллі әлем Ауғанстандағы жағдайға алаңдап отыр. БҰҰ бас хатшысы - Антониу Гутерриш БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері алдында сөйлеген сөзінде Ауғанстандағы жағдайды «Хаос. Тәртіпсіздік. Белгісіздік. Қорқыныш» деп сипаттады. Жексенбіде тәліптер Кабулды басып алған еді. Ауғанстан президенті Ашраф Гани мен басқа да ресми адамдар елден кетті. Мыңдаған адам үйлері мен мүліктерін тастап, Ауғанстаннан кетіп жатыр. ҚР Мемлекетінің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Ауғанстандағы ахуалға байланысты жиын өткізді.

Жиынға Премьер-Министр Асқар Мамин, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Сыртқы істер, Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктері, Бас прокуратура, Мемлекеттік күзет қызметі басшылары мен Қауіпсіздік Кеңесінің - Хатшысы қатысты.

Іс-шара барысында Ауғанстан Ислам Республикасындағы жағдайға байланысты Қазақстанның ұлттық мүддесін ескере отырып, шұғыл әрекет ету шаралары және біздің елдің азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Президент құзырлы мекемелерге Ауғанстандағы жағдайды жан-жақты бақылауда ұстауды тапсырды. Мемлекет басшысы өзінің Твиттердегі аккаунтында «Президент Әкімшілігі мен Сыртқы істер министрлігіне Ауғанстанға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіруді тапсырдым. Кабулдағы Қазақстан елшілігі шағын құрамда жұмыс істеуде. Қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр. Ауғанстандағы жағдай бойынша күштік құрылымдардың басшыларымен жиын өткіздім. АИР-дағы азаматтарымыз бен дипломаттарымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде тапсырма бердім. Қазақстан Ауғанстандағы жағдайдың ушығып бара жатқанына алаңдайды. Ахуал мұқият бақылауда» деген болатын. Айта кетейік, Ауғанстанның басым бөлігі талибандардың (Қазақстанда тыйым салынған ұйым) қолына өткен соң, әлемдік қауымдастық бұл елдегі жағдайға алаңдап отырғанын жеткізген еді. Мәселен, БҰҰ Бас хатшысы кеңсесінің жексенбі күні таратылған мәлімдемесінде «БҰҰ Бас хатшысын Ауғанстандағы жағдай алаңдатып отыр. Ол «Талибан» мен басқа тараптарды адамдардың өмірін сақтап қалып, оларды гуманитарлық қажеттіліктермен қамтамасыз ету үшін барынша сабырлылық танытуға үндеді. БҰҰ бейбіт жолмен реттеу, барлық ауғандықтар, әсіресе әйелдер мен қыз балалардың құқықтарын қорғау және мұқтаж азаматтардың өмірін аман сақтап қалу үшін қажетті көмек көрсету жұмысын көздеп отыр» делінген еді. Бас хатшы бейбіт тұрғындарды қорғау, сондай-ақ гуманитарлық ұйымдарға көмекке мұқтаж Ауғанстан халқына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет екеніне баса тоқталды. Бұл жағдайда халықаралық қауымдастық бірігіп, Ауғанстандағы адам құқықтарының, әсіресе әйелдер мен қыздардың қорғалуын қамтамасыз ету үшін және елдің террористік ұйымдардың алаңы мен қорғаны ретінде пайдаланылуына жол бермеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауы керек. «Мен Қауіпсіздік Кеңесін, жалпы халықаралық қауымдастықты Ауғанстандағы жаһандық террористік қауіп-қатерді басу және адам құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық құралдарды қолдануға шақырамын» деді Гутерриш.

Ауғанстандағы оқиғаға байланысты жабық есік жағдайында өткен шұғыл мәжілістен кейін БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің мүшелері БАҚ үшін мәлімдеме жасады. Онда Ауғанстандағы қақтығыстар мен зорлық-зомбылықты тез арада тоқтату, конституциялық тәртіп пен қауіпсіздікті қалпына келтіру, ұлттық татуласуға қол жеткізу және келіссөздер арқылы шұғыл жаңа үкіметті құруға шақырған. Қауіпсіздік Кеңесі БҰҰ мен оның гуманитарлық серіктестеріне

мұқтаж адамдарға көмек көрсету мүмкіндігін беру, сондай-ақ гуманитарлық қызметкерлердің, дәрігерлер мен аудармашылардың қорғалуын қамтамасыз ету қажеттігін мәлімдеді.

Осы уақытта ел арасында ауған босқындарын Қазақстан тарабы да қарсы алуға дайындалып жатыр деген сөз тарап кеткен болатын. Саясаттанушы Ерлан Қарин бұл сөзді жоққа шығарып: «Ахуалды жіті бақылап отырғандар қазіргі жағдайда, барлық шекаралық өткелдер жабық тұрған кезде ауған азаматтарының жаппай елден кетуі, тіпті босқындар жайында сөз болуы мүмкін емес екенін түсінуі қажет» деп пікір білдірді. ҚР Президентінің баспасөз хатшысы Берік Уәли де Facebook-тегі парақшасында Президенттің ауған босқындары туралы шешім қабылдамағанын атап өтті. «Президент Ауғанстан босқындары туралы шешім қабылдаған жоқ. Бұған қатысты тараған ақпарат негізсіз. Дүниежүзілік ұйым басшылығы ресми өтініш білдірген жағдайда БҰҰ қызметкерлеріне ғана көмек көрсетілетін болады» деді ол.

Ол ел жаппай хаосқа ұшыраған уақытта Қазақстан Ауғанстаннан 42 адамды эвакуациялады. «ҚР Әскери әуе күштерінің С-295 әскери-көлік ұшағы Ауғанстаннан эвакуацияланған 42 жолаушымен Алматыға сәтті қонды. Қазақстанға 25 Қазақстан азаматы, оның ішінде 15 ересек адам және 10 бала, сондай-ақ ҚР Елшілігінің қызметкерлері келді» делінген ҚР Қорғаныс министрлігінің мәліметінде. Осы бортпен Қырғызстан тарапының өтініші бойынша бұл елдің 14 азаматы эвакуацияланды. Гуманитарлық операция ретінде осы ұшақпен ҚР Елшілігіне көмек сұрап жүгінген 1 Ресей азаматы мен 1 Литва азаматы АИР-дан шығарылды. ҚР Президенті Қ.Тоқаев Ауғанстандағы этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтару мәселесі бойынша барынша көмек көрсетуді тапсырды.

(Ана тілі газетінен.-19 тамыз, 2021.-4бб.)

Сараптама: Ауғанстандағы және басқа да мемлекеттердегі қазақтардың Қазақстаннан басқа Атамекені жоқ. Олар әр түрлі саяси-әлеуметтік жағдайлармен кезінде осы аймақтан қоныс аударғандар. Сондықтан ел Президенті қандас бауырларға қол ұшын созудың парыз екендігіне баса маңыз беріп, бұл істі қолға алған. Бұл әлемнің көптеген елдерінде тиым салынған қатерлі экстремистік ұйым болып саналатын талибандардың қозғалысы мен билікті өз қолына алудан туындаған сол елдегі жағдайға байланысты. Осыған орай, бұндай күрделі ахуалға БҰҰ аландаушылық тудырып отырған сәтте Қазақстан да бұл шаралардан қалыс қалмайтындығын мәлімдеп, қандастырымызға қол ұшын созып отыр. Қазақстан мемлекеті ауған босқындарын жаппай қабылдап отырумен шұғылдану туралы нақты шешім қабылдамаған. Әрине, біз Қазақпыз дегендердің ұлтын дәл анықтау да қиындықтар келтіреді, кейбірінің нақты деректемелері мен құжаттары да болмауы ықтимал. 42 жолаушымен Алматыға келген Қазақстанға 25 Қазақстан азаматы, оның ішінде, 15 ересек адам және 10 бала, сондай-ақ ҚР Елшілігінің қызметкерлері келді. Осы мәселені әрі қарай жалғастыру үшін этникалық қазақтардың оралуына жағдай жасауын Президент құзырлы органдарға тапсырып отыр.

Бұл ұлтшылдық немесе бөле жару емес, халқымыздың бауырмалдығы мен ұлттық идеяға келіп саятын оңды әрекет. Қазақ атамыз айтқандай, «Қанына тартпағанның сағы сынсын» дейді. Бірақ ақпараттық желілерде оған керісінше көзқарастар да қалыптасқан. Ол қоғамдық пікірде мынадай сарындар бойынша өрбиді: «Кезінде елін сатып кетіп қалғандар, басына іс түскенде ғана қазақ екендері еске түскен екен». Бұндай пікірді біз жеңіл және тайыз ойлаудың нәтижесі деп білеміз. Абай атамыз айтқандай, осындайда «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деген сөзі отаншылдық рухқа жетелеуі тиіс.

Орындалу тәртібі: Сараптамашы студент мақаланы толықтай оқып шығып, оқиғаларға талдаулар жасау керек және оған өзіндік көзқарастарын да білдіріп отыруы тиіс. Басқа студенттер қойған қосымша, сыни сұрақтарға жауап беруге дайын болуы қажет.

ТАПСЫРМА IV.

Әрбір студент өтілген тақырыптар бойынша, жалпы саясаттану ілімі аясында өзіндік авторлық афоризмдерін ұсынуы тиіс. Ол бірін-бірі қайталамайтын, тың және белгілі бір деңгейде терең мағыналы болуы қажет. Сонымен қатар ұсынған афоризмдерін автордың өзі дәйектеп, түсіндіріп беруі қажет.

«Саясат түптеп келгенде анық, әрі тым анық емес дүние. Өйткені, кез-келген білікті саясаткер оны толықтай түсіндіріп бере алмайды және қоғамдық санада оны бәрі де түсіндіріп бере алады».

Түсіндірмесі: Бір қырынан алғанда, саяси оқиғалар мен үдерістер болып жатқан нақты оқиғалар тізбегі, баршаға белгілі, онда ешқандай да күрделі жоғары математикалық теңдеулер, терең философиялық мәнді сауалдар, ғарыштың тылсым заңдылықтары болып отырмайды. Сондықтан да оқиғаларды сол күйінде қоғамдық қарапайым санада баршаға қолжетімді түрде кез-келген адам сипаттай алады. Екінші бір қырынан саяси ойындарды түпкілікті шешу мүмкін емес, ол тек болжамдар түрінде құрылатын шахматтың жүрістері тәрізді болып келгендіктен, оның арты мен нәтижесі сан түрлі форматтардың арасынан біреуін ғана таңдайтын жол. Тіпті саясаткердің де, саяси болжамдаушылардың да дәйектемелері жүз пайыз сәйкес келуі мүмкін емес.

ТАПСЫРМА IV.

Ұлттық идея мен идеология жүргізудің жана технологиялары мен тактикаларын ұсыныңыз. Ол ұтқыр, тиімді, пайдалы, ғылыми тәсілдерді қолдану арқылы жүргізілетіндей болуы тиіс: «ұлттық идеяны қалай орнықты және нәтижелі жүргізуге болады?» деген сауалға жауаптармен бағдарлануы қажет.

- Ұлттық идеяны орнықтырудың психотехникалық жақтарын өркендету керек: архетиптік бейсаналыққа сүйену тактикасын қолдану қажет;
- Ұлттық идеясы орнықты мемлекеттердің модельдерін пайдалануға болады;

- Ұлттық идеяны санаға сіңіруде қазіргі заманғы IT технологияны пайдаланып, «Цифрлы Қазақстан» деңгейінде өрістетудің технологияларын ғылыми теориялық түрде бағдарлау керек т.б.

Саясаттану пәнін жүргізуде интерактивті тәсілдердің бірі ретінде пікірталастар өткізу әдісі білім алушылардың көпшілік алдында сөйлеу, сыни тұрғыдан ойлау машығын қалыптастыру, белсенділігін арттыру мен саяси сауаттылығын көтеру тәсілі ретінде кең қолданысқа ие.

Пікірталас – топтық талқылауды, зерттеуді, мәселелерді, даулы мәселелерді көпшілік алдында талқылауды, әртүрлі пікірлерді дәлелді түрде білдіруді пайдалана отырып, оқу процесін ұйымдастыру әдісі. Пікірталас сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, коммуникативті және пікірталас мәдениетін қалыптастыру, білім алушылардың белсенділігі мен бастамасын ынталандыру әдісі ретінде қолданылады. Жұмыс барысында әр түрлі пікірталас түрлерін қолдануға болады.

Құрылымдық немесе реттелінген пікірталас - нақты топтың өкілдері жаһандық мәселенің бір бөлігі ретінде қандай да бір «жеке» мәселені қарастыратын анық жоспары, құрылымы, талқылау реттілігі бар пікірталас (мысалы Қаңтар оқиғасы: азаматтық мойынсұнбау актісі ме, мемлекеттік төңкеріс жасау әрекеті ма, көтеріліс пе, әлде революция ма?).

Ойын үлгілері пайдалынатын пікірталас –мәселе қазіргі заман адамының көзқарасына қатысты қойылып, шешілмейді белгілі бір әлеуметтік топтың өкілі ретіндегі ұстаным тұрғысынан қойылып, шешілетін пікірталас түрі (мысалы жаңа билеушіні тағайындау).

Жобалық пікірталас - мәселені (тақырыпты) зерттеу және оны шешудегі қиындықтарды анықтау нәтижесінде белгілі бір тақырып бойынша жобаны дайындау және қорғау әдісіне негізделген пікірталас. Пікірталас барысында студент мәселенің ықтимал шешу жолдарын белгілеп, оны жобалық түрде қорытындылайды.

«Дебаттар» – белгілі бір тақырып бойынша қарама-қарсы топтар арасындағы ресми пікірталас (мысалы, азаматтық соғыста кімдікі дұрыс болды: қызылдар ма, әлде ақтар ма?).

Талқылауды бағалау критерийлері: жалпылау, сыни тұрғыдан түсіну, жүйелеу қабілеті, пайымдаулар мен тұжырымдардың логикасын талдай білу: көпшілік алдында сөйлеу, дәлелдеу, пікірталас пен полемика жүргізу дағдылары, ақпаратты сыни қабылдау.

Кесте 11.

Бағалау	Дескриптор
«Өте жақсы»	студент оқу материалын толық меңгерген; талдау, жалпылау, сыни пайымдау, көпшілік алдында сөйлеу, дәлелдеу, пікірталас және пікірталас жүргізу, ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын

	көрсетеді; материал сауатты, белгілі бір логикалық реттілікпен жазылған, терминология дәл пайдаланылады; теориялық жағдайларды нақты мысалдармен көрсете білу, оларды жаңа жағдайда қолдана білу; өз көзқарасын білдіру; бұрын зерделенген ілеспе мәселелерді игеру, құзыреттіліктің, іскерлік пен дағдылардың қалыптасуы мен орнықтылығы көрсетіледі. Аса маңызды емес, екінші кезектегі мәселелерді қарастырғанда, бір-екі дәлсіздік орын алуы мүмкін.
«Жақсы»	«негізінен «өте жақсы» бағасына қойылатын талаптарға сай келеді, бірақ мынадай кемшіліктерге жол береді: оқу материалын игеруде жауаптың мазмұнына әсер епейтін бірқатар олқылықтар орын алған; көпшілік алдында сөйлеу, дәлелдер келтіру, пікірталас пен полемика жүргізуде, ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауда бір-екілі ескерілмей қалған кемшіліктер жіберілген.
«Қанағаттандырырлық»	материалдың мазмұны толық емес немесе жүйелі түрде ашылмаған, бірақ сұрақты жалпылама түсінген және оны әрі қарай түсіну үшін жеткілікті дағдылар көрсетілген; ұғымдарды анықтауда, терминологияны қолдануда бірқатар қиындықтар немесе қателер орын алған, бірақ олар бірнеше жетекші сұрақтардан кейін түзетілген; теориялық материалды толық меңгермегенде, құзыреттердің, іскерліктердің және дағдылардың жеткіліксіз дамуы анықталғанда, студент теорияны жаңа жағдайда қолдана алмайды.
«Қанағаттанарлықсыз»	оқу материалының негізгі мазмұны ашылмаған; оқу материалының ең маңызды немесе көп бөлігіне қатысты білімінің болмауы немесе түсінбеушілік байқалған; ұғымдарды анықтауда немесе терминологияны қолдануда қателіктер жіберілген, олар бірнеше жетекші сұрақтардан кейін де түзетілмеген; көпшілік алдына шығып сөйлеу, дәлелдеу, пікірталас және полемика дағдылары, ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдау дағдылары қалыптаспаған.

«Саясаттану» курсы бойынша пікірталастар тақырыбы:

1.Пікірталас. «Қазақстандағы саяси ғылымдар»

Бұл пікірталаста отандық саяси ғылымдардың қазіргі жағдайы мен болашақтағы перспективаларына қатысты қалыптасқан көзқарастар ауқымын көрсетеді. Қатысушылардың пікірлері қазақстандық саясаттануда қалыптасқан пікірлерді білдіреді. Келтірілген көзқарастармен танысыңыз. Қазақстандық саясаттанудың жетістіктері мен проблемаларына қатысты өз пікіріңізді білдіріңіз.

2. Пікірталас «Саяси билік» ерекшелігі»

Төменде көрсетілген пікірталаста саяси биліктің ерекшелігіне қатысты түрлі

көзқарастар берілген. Ұсынылған теориялық ұстанымдарды қарап шығыңыз. Осылардың ішінде ең дәйектісі қайсысы деп ойлайсыз? Аталған мәселеге қатысты өз көзқарасыңызды қалыптастырыңыз.

3. Пікірталас «Билеуші элита бейнесі»

Саясаттанушылар осы кезге дейін билік жүргізуші элитаның сипаты туралы ортақ келісімге келе алмауда. Төмендегі кестеде ғалымдардың билік жүргізуші элитаның табиғатына қатысты негізгі көзқарастары берілген. Билік жүргізуші элитаға қатысты өз пікіріңізді дәйектеніз.

Кесте – Саяси билік концепцияларының типологиясы (XX ғ.соңы)

Кесте 12.

Салыстыру деңгейі	Элитарлық плюрализм	Неоэлитизм	Үстем тап концепциясы
	Р. Даль	Т. Дай	У. Домхофф
Биліктің бір ғана орталығы бар ма?	Жоқ	Иә (билік жүргізуші элита)	Иә (Үстем тап)
<i>Жоғарғы таптың бірігу деңгейі</i>	<i>Жоғары емес. Элита маманданған, әрқайсысы өз саласын бақылайды. Элиталар бәсекелестігі бар.</i>	<i>Жоғары. Өзгешеліктері жеке мәселелерге қатысты. Егер жүйенің негізгі мүдделеріне қатысты болса, бәсекелестік кейінге шегеріледі. Элита – жабық болмаса да, біріккен топ</i>	<i>Жоғары. Билік басындағы үстем тапта ірі корпорациялар мен банктер әлемінің байлары басым</i>
Саяси бағдарлану	Көп жағдайда либералды	Көп жағдайда консервативтік	Солшыл радикалды, неомарксистік
Қоғам үшін күшті, тұтас элита пайдалы ма?	Жоқ, бұл демократия үшін қауіпті, тирания қатерін төндіреді	Иә, егер ол білікті, тиімді элита болса.	Жоқ, бұл қалың бұқараны қорғансыз қалдырады, олардың қаналуын күшейтеді.
Саясаттың субъектісі болып кім табылады?	Мүдделі топтар	Басқарушы элита	Үстем тап

4. Пікірталас «Көшбасшы және жағдай»

Көшбасшылық – жағдайдың қызметі деген тұжырым қаншалықты шындыққа жанасады? «Егер жағдай Наполеон үшін пісіп-жетілген болса, онда Наполеон жағдай үшін пісіп-жетілгеніне күмән жоқ. Ұлы оқиғалар – әрқашан адам мен уақыт арасында болатын некеге ұқсайды. Ұлы көшбасшы жағдайды «сезінеді» және оны пайдалана алатын деңгейге дейін жетелеп, дамуына жол

беруді біледі. Ең ұлы көшбасшылар жағдайды өз пайдасына шеше алатын қабілетке ие. Жағдайлар ұлы көшбасшының күшімен жасалуы мүмкін, сондай-ақ жағдайлар әлсіз көшбасшыны тудыруы мүмкін». Өзінің даңқын арттыру үшін ұлы тұлғаның жағдайды пайдалану мысалдарын келтіріңіз

5. Пікірталас. «Н. Макиавеллидің саяси мінез-құлық ережелері»

Макиавеллиөзінің билігін сақтап қалғысы келетін билеушілер мен мемлекет басшыларына саясат жүргізу өнерінің келесі ережелерін ұсынды:

- «Билеуші жыртқыш аңдар сияқты дөрекі күшті пайдалана отырып, өз бойына арыстан мен түлкінің қасиетін біріктіруі керек»;
- «Көреген билеуші егер оны орындау оған зиян тигізетін болса, берген уәделері мен міндеттемелерін орындамау керек»;
- «Билеушілер жағдайға қарай әрекет ету үшін өз сенімдерін өзгертуге икемді қабілеті болу керек»;
- «Өзінен қорқу сезімін тудыра отырып, билеушілер өзіне жеккөрушілік сезімін тудырудан аулақ болу керек. Олар үшін өшпенділік тудырмай, қорқыныш тудыру өте тиімді»;
- «Адамдарды басқарғанда оларға не сүйіспеншілікпен қарау керек, немесе қысым көрсету керек. Егер бағыныштыларға қысым жасау керек болса, олардың өш алуына мүмкіндігінен айыратындай етіп, жасау керек».

Осындай ұсыныстармен келісуге болады ма? Жоғарыда айтылған тұжырымдардың негізінде қандай басымдықтар жатыр. Қазіргі заманғы көшбасшылар қандай қасиеттерге ие болуы керек? Ұлы саяси көшбасшылардың заманы келмесе кетті деген пікірге қалай қарайсыз? Өз пікіріңізді негіздеңіз.

Ойын- пікірталас: «Ең жақсы саяси көшбасшы»

Ойынның мақсаты. Студенттерді саяси көшбасшылардың түрлі типтерімен таныстыру: белгілі тарихи мысалдар арқылы оларға түрлі саяси көшбасшылық типтерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалауға және қазіргі танымал саяси көшбасшылардың қай типке жататындығын анықтауға мүмкіндік беру.

Нұсқаулық. Неміс саясаттанушысы әрі әлеуметтанушысы М. Вебер саяси көшбасшыларды үш негізгі типке бөліп көрсетеді: дәстүрлі, харизматикалық, рационалды-құқықтық. Ойын - пікірталас барысында аталған үш типтің әрқайсысына баға беру керек.

Ойынды жүргізу тәртібі.

1. Ойынға қатысушылардың барлығы үш шағын топқа бөлінеді, олардың әрқайсысы жоғарыда көрсетілген көшбасшылық типтердің артықшылықтарын қорғауы керек.
2. Сарапшылар тобы тағайындалады (сайланады).
3. Әр топ жеке отырып, өздерінің пікірталасқа қатысу бағдарламасын

дайындайды. Бағдарламада және кейінгі баяндамаларда «өздерінің» көшбасшы типінің артықшылықтарын дәлелдеп қана қоймай, сондай-ақ объективті және субъективті факторларды (қоғамның даму деңгейі, көшбасшының жеке қасиеттері, қалыптасқан жағдайлар және т.б.) көрсету қажет. Мұндай көшбасшының билікке келуіне ықпал ететін жағдайларды ашып көрсету керек.

4. Пікірталас барысында әр топ кезекпен сөз сөйлейді. Қалған топ қатысушылары дәлелдер мен пікірлерді тыңдайды, сосын сұрақтарын қояды.
5. Әрі қарайғы пікірталаста әрбір команда «өз» көшбасшының билік жүргізудегі артықшылығын дәлелдеп, қарсыластарының дәлелдеріндегі әлсіз тұстарын табуы керек.
6. Ойын-пікірталастың талдауы. Сарапшылар тараптардың алдын-ала келісілгеніндей топтардың жұмысын бірнеше позиция бойынша бағалайды. Мысалы: дәлелділік, қойылған сұрақтың теориясы мен тарихын білу, әдептілік (бейәдептілік) және т.б. Ең көп балл жинаған топ жеңімпаз атанады. Сонымен қатар жеке есеп бойынша үздік көшбасшы анықталады.
7. Өткен ойын-пікірталастың жалпы талқылауы.

Ойын-пікірталас: «Мемлекеттік құрылымның ең жақсы формасы»

Ойынның мақсаты. Студенттерді мемлекеттік құрылымның түрлі формаларымен таныстыру: оларға белгілі бір саяси режимдердің «жақсы» және «жаман жақтарын» өздері бағалауға мүмкіндік беру; теориялық концепцияларды және саясат туралы өзіндік ой-пікірлерді көпшілік алдында баяндауын дамытуға үлес қосу.

Ойынның жүргізілу тәртібі.

Оқу тобы түрлі саяси режимдерді (билік формасы) «қолдаушыларына» бөлінеді.

Сарапшылар тобы сайланады (тағайындалады). Әр топ таңдаған саяси режиміне қатысты өз кредосын (латын тілінен аударғанда *credo* – сену – сенім, сенім мен дүниетанымға негізделген көзқарастар) қалыптастырады. Пікірталас басталады, оның барысында әр топ «таңдаған» саяси режимнің артықшылықтарын негіздейді және басқарудың басқа формаларының кемшіліктерін дәлелдейді.

1. Өткізілген ойын-пікірталасты талдау.
2. Ойын-пікірталастың талдауы. Сарапшылар тараптардың алдын-ала келісілгеніндей топтардың жұмысын бірнеше позиция бойынша бағалайды. Өзі таңдаған билік формасының артықшылықтарын жан-жақты дәйектеп, дәлелдеген топ жеңімпаз атанады. Ең көп балл жинаған топ жеңімпаз атанады. Сонымен қатар жеке есеп бойынша үздік көшбасшы анықталады.
3. Өткен ойын-пікірталастың жалпы талқылауы.

АҚШ ЖӘНЕ ЕУРОПА ЕЛДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАРЫ

Америка құрама штаттары

АҚШ – федеративті республика. Ол 50 штаттан (өзін-өзі басқаратын аймақтар) және Колумбияның федералды (астана) округінен тұрады.

1959 жылы Аляска мен Гавай аралдары 49-шы және 50-ші штаттардың құқығын алды. Әрбір штаттың өз конституциясы, өз заңдары және басқару органдары бар. Штат басшысы – губернатор. Америка Құрама Штаттарының орталық, федералды деп аталатын басқару органдары Вашингтонда орналасқан. Мемлекеттің ең жоғары заң шығарушы органы – Конгресс. Ол Өкілдер палатасы мен Сенаттан тұрады. Конгресстің екі палатасы да заңдарды қабылдайды, мемлекеттің бюджетін бекітеді.

Сенат үкіметтің басқа мемлекеттермен жасасқан шарттарын ратификациялайды, соғыс жариялауға және бейбітшілік орнатуға құқылы, президент тағайындайтын министрлерді, елшілерді және басқа да жоғары лауазымды тұлғаларды бекітеді. Сенатта АҚШ вице-президенті төрағалық етеді. Сыртқы істер министрі АҚШ-та Мемлекеттік хатшы деп аталады.

Америка Құрама Штаттарының Президенті мемлекет пен үкіметтің басшысы, сонымен қатар қарулы күштердің бас қолбасшысы болып табылады. Оның атқарушы билігі бар. Конгресс пен заң шығарушы органдарға тек өте ауқатты адамдар немесе ірі капиталдың өкілдері ғана кіре алады, өйткені сайлау науқаны орасан зор қаражатты талап етеді.

ҰЛЫБРИТАНИЯ

Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі - конституциялық монархия. Заң шығарушы билік Парламент пен патшада, ал атқарушы билік министрлер кабинетінде, ал сот билігі Жоғарғы Соттың қолында.

Монархия – Ұлыбританиядағы ең көне саяси институт. Монарх тұтастай алғанда мемлекетті бейнелейді. Англияда монарх атқарушы, заң шығарушы және сот билігінің басшысы болып табылады. Ол елдің қарулы күштерінің бас қолбасшысы және Англия шіркеуінің басшысы. Жыл сайын қараша айында монарх парламентті шақырады – бұл оның құқығы. Сонымен қатар ол парламентті өз қалауы бойынша тарата алады. Оның құқықтары: Премьер-министр мен министрлерді тағайындау, соғыс жариялау немесе бітімгершілік орнату – барлығы ағылшын заңдарымен бекітілген.

Шынайы өмірде бәрі басқаша. Іс жүзінде барлық билік премьер-министрдің қолында, шын мәнінде ол мемлекеттің нағыз басшысы болып табылады. Айтылғандай, монарх билейді, бірақ басқармайды. Ағылшын парламенті екі палатадан тұрады: Лордтар палатасы және Қауымдар палатасы. Лордтар палатасының 1100 мүшесі бар, оның басым бөлігі бұрыннан

парламентте отырған байырғы дворяндық әулеттердің ұрпағы. Ол уақыттарда лордтар палатасы орасан билікке ие болды және кез-келген заңға «абсолюттік вето» сала алатын. Бүгінгі таңда парламенттегі лордтардың құқықтары айтарлықтай көп емес. Атап айтқанда, олар бір жылға дейін «кейінге қалдырып, мемлекеттің белгілі бір актісін қабылдауды кідірте алады. Сонымен қатар, ағылшын заңдары бойынша кейбір заң актілері тек бір айға ғана кейінге қалдырылуы мүмкін. Осылайша, лордтар Палатасының іс жүзінде қолында нақты билігі жоқ, оған тек Англияның саяси өмірінде дәстүрлі институттың ролін орындау ғана қалады. Қауымдар палатасы елдегі сайлау округтеріне сәйкес 650 адамнан тұрады. Әр округтан парламентке 5 жылдық мерзіммен бір депутат сайланады.

XIX ғасырдың ортасында қауымдар палатасы маңызды саяси күшке ие болды, кез-келген үкіметтік шешімді қабылдау үшін оның мақұлдауы қажет еді. Бірақ ол кезеңдер келмеске кетті. Қазіргі кезде қауымдастар палатасы көп жағдайда үкіметті сынау алаңына айналған. Жоғарыда айтылғандай, Англияда мемлекеттің шынайы билеушісі Премьер-министр болып табылады. Оны парламент арасынан сайлауда көпшілік дауысқа ие болған партиядан монарх тағайындайды. Өзінің тағайындалуынан кейін премьер-министр министрлерді тағайындап, олардың бастыларының ішінен министрлер кабинетін жасақтайды.

ГЕРМАНИЯ

Германияның Конституциялық органдары заң шығарушы қызметтерді атқаратын бундестаг пен бундесрат. Атқару қызметі федералды канцлер мен федералды президент басқарған федералды үкіметке жүктеледі. Конституциялық деңгейде сот төрелігі функциясын Федералдық конституциялық сот атқарады.

Германия Федеративтік Республикасының басшысы федералды Президент болып табылады. Оны тек осы мақсат үшін құрылған конституциялық орган Федералдық Жиналыс сайлайды. Оның құрамына Бундестаг депутаттары және штат парламенттері сайлайтын делегаттардың саны бірдей кіреді. Федералды президент көпшілік дауыспен 5 жыл мерзімге сайланады. Федералды Президент елдің атынан өкілдік етеді, федерация атынан шет мемлекеттермен шарттар жасайды, елшілерді қабылдайды және аккредиттейді, федералдық судьяларды тағайындайды және босатады, федералдық канцлер лауазымына кандидатты Бундестагқа ұсынады және т.б. Федералды президент мемлекет пен конституциялық құрылымдағы біріктіруші принципті таныта отырып, ерекше түрде саяси қоғамның бірлігін бейнелейді, барлық партияаралық кикілжіндерді реттейді.

Германияның Бундестагы – халықтық өкілді орган болып табылады. Ол 4 жылдық мерзімге сайланады. Бундестагтың ең маңызды қызметтеріне заңдарды қабылдау, федералды канцлерді сайлау және үкіметтің қызметін бақылау жатады. Бундестаг Пленумы – парламентарийлер сыртқы және ішкі саясаттың өзекті мәселелерін талқылайтын форум.

Германия Бундестагының депутаттары жалпыға бірдей, тікелей, еркін, тең

және жасырын сайлау құқығымен сайланады. Олар халықтың өкілдері ретінде тек өз ар-ұжданының үніне құлақ асуы керек. Олардың еркін мандаты бар. Олар өздерінің партиялық белгілеріне қарай фракцияларға немесе топтарға бірігуге ерікті. Депутаттардың қаржылық тәуелсіздігі депутат атқаратын лауазымның маңыздылығына сәйкес келетін жалақымен қамтамасыз етіледі. Парламентте 8 жылдан кем емес жұмыс істегендер зейнеткерлік жасқа жеткенде зейнетақымен қамтамасыз етіледі. Бундесрат 16 федералдық жерлердің өкілдігі ретінде заң шығару жұмыстарына және федерацияны басқаруға қатысады. Бундесрат жергілікті үкімет мүшелерінен немесе олардың өкілдерінен тұрады. Халық санына байланысты жерлер үш, төрт, бес немесе алты дауыс алады. Барлық заңдардың жартысынан астамын Бундесрат мақұлдауы керек. Бірінші кезекте ол федералды жерлердің мүдделерін қорғайтын заңдарға қатысты, мысалы қаржы мәселесі немесе жерлердің басқарылу дербестігін қамтамасыз ететін заңдар. Өздерінің президентін бундесрат жерлердің өкілдерінен бір жылға сайлайды. Бундесрат президенті ол өз қызметтерін атқара алмаған жағдайда, федералды президент міндетін орындайды. Федералды үкімет, «кабинет» федералды канцлер мен федералды министрлерден тұрады.

Үкіметте канцлер министрлерге қарағанда жоғары мәртебеге ие. Ол тек өзі ғана қалыптастыруға құқылы үкімет кабинетінде төрағалық етеді. Сондай-ақ канцлер министрлердің саны мен олардың қызмет ету саласын белгілеу туралы өз бетінше шешім қабылдайды. Осындай тәртіппен бекітілген министрлер өздеріне жауапкершілік ала отырып, әрқайсысы өз саласын басқарады. Сондықтан да Германия үкіметінің жүйесі «канцлерлік демократия» деп аталады. Федералды канцлер – парламент сайлаған үкімет кабинетінің жалғыз мүшесі және тек соған есеп береді.

ГРЕЦИЯ

1975 ж., 7 шілдесінде қабылданған конституцияға сәйкес Греция – президенттік - парламенттік республика. Мемлекет басшысы – президент в 1986 ж., 7 наурыздағы конституцияға енгізілген өзгерістерге сай парламенттің ашық дауыс беруі арқылы бес жылдық мерзімге сайланады. Президентті қайта сайлау бір рет қана мүмкін болады. Егер президент 10 күннен астам шетелде болса, қайтыс болса, отставкаға кетсе немесе еңбекке қабілетсіз болса, оның міндеттерін депутаттар палатасының төрағасы орындайды.

1986 ж. 7 наурызында енгізілген түзетулер президенттің құзыретін шектеп, оған парламент пен үкіметті тарату, төтенше жағдай жариялау, парламент қабылдаған заңдарға вето қою құқығын тоқтатты. Заң шығарушы билік депутаттар палатасымен (4 жылға сайланатын бір палаталы парламент) және республика президентімен жүзеге асырылады. Атқару билігі президент пен премьер-министр басқаратын үкіметке тиесілі. Президент парламентте көпшілік дауысқа ие партияның жетекшісін премьер-министр етіп тағайындайды.

Грецияда тарихи қалыптасқан тоғыз облыс бар: Македония, Фракия, Эпир, Фессалия, Орталық Греция, Пелопоннес, Эгейские аралдары, Ионика аралдары және Крит аралы. Әкімшілік жағынан елдің территориясы 25 номға (аймақ немесе

облыс) бөлінген. Аймақтардың біреуі – Айон-Орос (немесе Афон қасиетті тауы) монастырлық облыс саналады және белгілі бір дербестікке ие. Номдар епархияларға (аудандарға), димдерге (қалалық қауымдастық) және кнотиттерге (ауылдық қауымдастық) бөлінеді.

Грецияда әртүрлі бағыттағы саяси партиялар жұмыс істейді. Олардың ішінде ең ықпалдысы – басымдыққа ие үкімет партиясы Жалпы Грек Социалистік Қозғалысы (ПАСОК), ол негізінен қала мен ауылдың кішігірім меншік иелерінің мүдделерін қорғайды. Ірі меншік иелерінің мүдделерін оңшыл бағыттағы Жаңа демократия партиясы білдіреді. Демократиялық орталық одағы (ЭДИК) – либералдық буржуазияның партиясы. Демократиялық социализм партиясы (КОДИСО) демократиялық социализм бағытында әрекет етеді.

ИСПАНИЯ

Испания – конституциялық монархия. Елде 1978 жылы 6 желтоқсанда өткен ұлттық референдум арқылы қабылданып, 29 желтоқсанда заңдық күшке ие болған Конституция әрекет етеді. 1939 ж. Испанияда фашистік диктатура болған. Франсиско Франко Ваамонде мемлекеттің өмірлік басшысы болды. Оның ұсынысымен 1969 жылы мемлекет басшысының және болашақ Испания патшасының мұрагері ретінде Хуан Карлос Бурбон бекітілді. Ол патшалық таққа 1975 жылы 22 қарашада Франконың өлімінен кейін отырды. Он вступил на королевский престол 22 ноября 1975 г. после смерти Франко. 1978 жылғы конституция бойынша мемлекет басшысы тек символдық билікке ие король болып табылады. Ол жарлық шығара алмайды, заң жобаларын ұсына алмайды немесе референдум тағайындай алмайды.

Заң шығарушы билікті Бас кортестер (парламент) жүзеге асырады, ол король бекітетін заңдарды әзірлейді және қабылдайды, үкіметтің қызметін бақылайды. Кортестер екі палатадан : депутаттар Конгресі мен Сенаттан тұрады. Депутаттар Конгресі төрт жыл мерзімге жалпыға бірдей тікелей және жасырын сайлау арқылы халық сайлайтын кемінде 300, бірақ 400-ден аспайтын депутаттан тұрады. Сенат жалпы, төте және жасырын дауыс беру арқылы төрт жыл мерзімге сайланады. Атқарушы билікті Премьер-Министр басқаратын үкімет жүзеге асырады.

Премьер-министрді король саяси партиялармен және Парламенттің екі палатасының төрағаларымен кеңескеннен кейін тағайындайды, содан кейін Премьер-министрдің кандидатурасы депутаттар конгресінің абсолютті көпшілігімен мақұлдануы керек.

Премьер-министрдің іс жүзінде президенттік өкілеттігі бар. 1983 жылға қарай орталықтандырылған мемлекетті автономиялық облыстардан тұратын мемлекетке айналдыру процесі аяқталды. Сонымен қатар, Испания Марокконың Жерорта теңізі жағалауындағы Сеута және Мелилья қалаларының аудандарын, сондай-ақ іргелес Велес-де-ла-Гомера, Алусемас және Чафаринас аралдарын бақылайды. Испания 1713 жылғы Ухтрехт келісіміне сәйкес Ұлыбританияға тиесілі Гибралтар егемендігін қайтаруды талап етуде.

ИТАЛИЯ

Италия – парламенттік республика. Мемлекеттік құрылымы 1947 ж. Конституциямен анықталады. Мемлекет басшысы – парламент және аймақтық кеңестердің делегаттары жеті жыл мерзімге сайлайтын президент. Президентке кең өкілеттіктер берілген. Ол заңдарды бекітеді, жарлықтар шығарады, парламентті таратуға және жаңа сайлауды тағайындауға құқылы.

Жоғарғы заң шығарушы орган – екі палатадан: бес жыл мерзімге сайланатын Республиканың депутаттар палатасы мен сенатынан тұратын парламент. Депутаттар палатасының 630 мүшесі бар. 25 жасқа толған кез келген республика азаматы депутат болып сайлана алады. Республика Сенатында 322 сенатор бар. Италия конституциясы бойынша 40 жасқа толған азамат сенатор болып сайлана алады (тағайындалады).

Италия заңына сәйкес, 18 жасқа толған барлық азаматтар депутаттар палатасында, ал 25 жасқа толған барлық азаматтар Сенатта дауыс беру құқығына ие. Палаталарға кең өкілеттіктер берілген: олар мемлекеттік бюджетті бекітеді, қарыз алу мен несиелер беру мәселелерін шешеді, халықаралық шарттарды ратификациялайды және т.б. Конституцияға сәйкес, екі палатаның бірлескен отырысы президенттің ант беруі, парламент мүшелерінің бірін депутаттық иммунитеттен айыру немесе соғыс жариялау туралы шешім қабылдау үшін өткізіледі.

Барлық билік үкіметке тиесілі. Президенттің ешбір актісі, егер оған оны ұсынған министрлер қол қоймаса, күшіне ие болмайды, ал заңдық күші бар актілерге Министрлер Кеңесі Төрағасының қолы да қажет. Италия әкімшілік жағынан 20 аймаққа, 94 провинцияға және 8090 коммунаға бөлінген.

Жоғарғы билік органы – бес жылға сайланатын кеңес. Кеңестің атқарушы органы джунта болып табылады. Ең төменгі әкімшілік-аумақтық бірлік – ауылдық қоғамдастықтың (қалалық коммуна) коммуналдық (муниципалдық) кеңесі бар – муниципалитеттен тұрады. Қауымдастықты (коммунаны) синдик (мэр) басқарады.

НОРВЕГИЯ

Норвегия – конституциялық монархия. Ел 19 әкімшілік бірлікке бөлінген – әдетте «провинция» деп аударылатын фюлькелерден тұрады.

Әр провинция бірнеше коммуналардан тұрады (біреуден бастап, астанасындағыдай 44 дейін). Астанасы бұрын Кристиания деп аталған, 1925 ж. Осло деп өзгертілді. Мұрагер монарх Король Харальд V 1991 жылы 17 қаңтарда өзінің марқұм әкесі, сүйікті король Олаф V-нің орнына таққа отырды.

Заң шығарушы билікті бір палаталы парламент (Стортинг) жүзеге асырады, ал атқарушы билік премьер-министр басқаратын үкіметке тиесілі. Король басқаратын үкімет арнайы органды - Мемлекеттік кеңесті құрады, оның функцияларына аса маңызды заң жобаларын және басқару мәселелерін талқылау кіреді.

ТҮРКИЯ

Түркия 1923 жылдан парламенттік республика. Ел 1932 жылы қабылданған конституциямен басқарылады. Елдегі заң шығарушы билік, Негізгі Заңға сәйкес, бір палатадан (400 депутат) тұратын Түркия Ұлы Ұлттық Мәжілісіне (ТҰҰМ) тиесілі. Жоғарғы Ұлттық Жиналыс (Мәжіліс) депутаттары жалпыға бірдей дауыс беру арқылы бес жыл мерзімге сайланады. 21 жасқа толған түрік азаматтары сайлау құқығын пайдалана алады. Әскери қызметшілер мен әскери оқу орындарының курсанттары жасына қарамастан сайлау құқығынан айырылады. Атқарушы билікті ел Президенті мен Премьер-Министр басқаратын Министрлер Кеңесі жүзеге асырады.

Президентті жоғары білімі бар және жасы 40-қа толған депутаттар арасынан Жоғарғы Ұлы Ұлттық Жиналыс жеті жылға сайлайды. Әкімшілік жағынан Түркия 73 провинцияға, 571 уезге және 35 780 болысқа бөлінген. Әрбір провинция (вилаят немесе ил) уездерге (илче), ал уездер болыстарға (буджактар) бөлінеді. Болыстық – бірнеше ауылдар мен елді мекендердің бірлестігі. Қалалардағы ең кіші әкімшілік бірлік аудан (махалле), ал ауылдық жерлерде ауыл болып табылады.

ФИНЛЯНДИЯ

Финляндия - ұлы державалар арасындағы жаһандық қақтығыстардан аулақ болуға ұмтылатын және барлық елдермен, әсіресе көршілерімен достық қарым-қатынастарды дамытатын бейтарап ел.

Финляндиядағы мемлекет басшысы – Республика Президенті. Конституция оған басқа солтүстік елдердегі патшаларға қарағанда әлдеқайда жоғары, едәуір көп өкілеттіктер береді. Президент парламентті таратып, жаңа сайлау тағайындай алады. Президент Финляндияның сыртқы саясатын анықтайды. Бейбіт уақытта ол қорғаныс күштерінің бас қолбасшысы қызметін де атқарады. Президент барлық жоғары лауазымды тұлғаларды қызметке тағайындайды.

Президенттің күшті позициясына қарамастан, Финляндия дәстүрлі «солтүстік демократия» әрекет ететін халық билігіне негізделген ел екені сөзсіз. Финляндиядағы ең маңызды мемлекеттік басқару органы 200 депутаттан тұратын парламент болып табылады. Президент тағайындаған үкімет парламенттің сеніміне ие болуы керек. Парламент заңдарды қабылдайды, Президент оларды бекітеді. Президент парламент қабылдаған заңның күшіне енуіне кедергі келтіре алмайды, ол тек оның күшіне енуін кейінге қалдыра алады. Парламент пен Президент бірге заң шығару өкілетілігін атқарады.

Мемлекеттік кеңес (Үкімет) елге жалпы басшылық жасауға жауап береді. Сот билігін тәуелсіз соттар жүзеге асырады. Ел аумағы 12 провинцияға (лянь) және жергілікті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын 460 коммунаға бөлінген. Финляндия парламентінің депутаттары төрт жыл мерзімге, ал республика президенті алты жыл мерзімге сайланады. Бірінші кезеңде бірде-бір кандидат көп дауыс жинай алмаса, екінші кезең өткізіледі. Муниципалдық кеңестердің мүшелері муниципалды сайлауда төрт жыл мерзімге сайланады.

ФРАНЦИЯ

Франция – парламенттік республика. Заң шығару билігі екі палатадан: заң шығару, соғыс ашу құқығына ие Ұлттық жиналыс пен салыстырмалы түрде шектелген құқықтары бар Сенаттан тұратын парламентке тиесілі. Ұлттық жиналыс пен Сенатқа депутаттар бес жыл мерзімге сайланады. Мемлекет басшысы – Ұлттық Жиналыс пен Сенат бірлескен отырыста жеті жыл мерзімге сайланатын Республика Президенті. Президент Министрлер Кеңесінің төрағасын тағайындайды, ол Ұлттық жиналыстың сенім вотумын алуы тиіс үкіметті құрады.

Қазіргі конституциялық режимнің айрықша белгісі республика президентінің өкілеттіктерінің айтарлықтай кеңеюі және парламент құқықтарын шектеу арқылы атқарушы биліктің күшеюі болып табылады. Үкімет президентке тікелей бағынады және ресми түрде парламент алдында жауапты. Ел аумағы 96 департаментке бөлінген, оның ішінде Париж жеке департамент ретінде. Әр департаменттің басында үкімет тағайындайтын префект тұрады. Префект орталық үкіметтің нұсқауларынан басқа, департаменттің сайланбалы органы Бас кеңестің шешімдерін де орындайды. Департаменттер коммуналарға бөлінген. Францияда 38 мыңға жуық коммуна бар. Әрбір коммуна мэр басқаратын муниципалды кеңесті сайлайды.


ШВЕЦИЯ

Швеция-парламенттік басқару нысанындағы мұрагерлік конституциялық монархия. 1975 жылдан бері қолданылып келе жатқан жаңа конституция халық егемендігі, демократия, парламентаризм қағидаттарына негізделген және үш негізгі заңды қамтиды: «Басқару нысаны туралы акт», «Тақ мұрагері туралы акт» және «Баспасөз бостандығы туралы акт». Мемлекет басшысы – король, ол конституцияға сәйкес тек өкілдік функцияларын сақтайды. Заң шығарушы билік халық тікелей дауыс беру арқылы үш жылға сайлайтын 349 депутаттан тұратын бір палаталы парламент-Риксдагқа тиесілі. Швецияда көппартиялық жүйе қалыптасқан. Шведтік Риксдаг тұрақты қызмет атқаратын мекеме ретінде XIV ғасырдан бері бар. Жалпыға бірдей сайлау құқығы Швецияда 1921 жылы енгізілді. 18 жасқа толған барлық швед азаматтары Риксдаг пен жергілікті үкіметке сайлауға және сайлануға құқылы. Бұл сайлаулар бір мезгілде өткізіледі. Елде кемінде үш жыл тұрған иммигранттар жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға қатысуға құқылы. Әдетте, сайлауға дауыс беруге құқығы бар халықтың 90%-ға жуығы қатысады. Кейде жалпыхалықтық референдумдар өткізіледі, бірақ бұл жиі бола бермейді.

Елдегі ең жоғары атқарушы билік премьер-министр басқаратын министрлер кабинетіне (үкімет) тиесілі. Парламенттің қарауына жіберілген заң жобаларын дайындау 13 министрліктің құзырында болса, заңдар мен нормативтік актілердің орындалуы салыстырмалы түрде тәуелсіз 100 орталық әкімшілік департаменттер мен 24 провинциялық әкімшіліктердің (лен басқармаларының) жауапкершілігінде.

Лендерде орталық билікті губернаторлар жүзеге асырады. Швецияның әкімшілік жүйесіне тән қасиет министрліктер мен орталық әкімшілік органдар арасында міндеттерді бөлу болып табылады және басқа елдермен салыстырғанда Швеция министрліктерінің аппараты шағын. Швециядағы әкімшілік органдар дәстүрлі түрде саяси көшбасшыларға қатысты тәуелсіз позицияны иеленеді. Парламент әкімшілік органдарды бақылауды парламенттік омбудсмен деп аталатын тексеруші орган арқылы жүзеге асырады. Бұл орган 1809 жылдан бері бар. Омбудсмендер барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттерін қадағалап, билікті теріс пайдалану фактілерін тексеріп, алдын алады. Сауда ережелері стандарттары мен тұтынушылардың құқықтарын, нәсілдік кемсітушілікке қарсы заңдарды, ерлер мен әйелдердің теңдігі туралы заңдарды және баспасөз ұйымдарының этикалық нормаларды сақтауын қадағалайтын омбудсмендер бар.

Сот жүйесіне Жоғарғы Сот, алты апелляциялық сот, қалалық және аудандық соттар кіреді. Сондай-ақ арнайы соттар бар: мүлік, жер, полиция, әкімшілік және т.б. 24 округтің әрқайсысында жергілікті сайланбалы орган — ландстинг бар, оның міндеттеріне, ең алдымен, денсаулық сақтау мен медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру кіреді. Бұл мақсаттарға қаражат негізінен жергілікті табыс салығы есебінен қалыптасады. Ел 280 төменгі әкімшілік-аумақтық бірліктерге — коммуналарға (муниципалитеттерге) бөлінген. Олардың әрқайсысында сайланбалы жергілікті басқару органы бар (лендердегі ландстингке ұқсас). Бұл органдардың негізгі міндеті қала құрылысы, тұрғын үй, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру, мектептер мен мектепке дейінгі мекемелер мәселелерін шешу болып табылады. Сонымен қатар Швецияда тарихи провинцияларға бөліну сақталған, олардың шекаралары негізінен лендердің шекараларымен сәйкес келеді және үш ірі тарихи-географиялық аймаққа бөлінеді: Норланд, Свеаланд және Геталанд. Қазіргі уақытта бұл бөлініс әкімшілік сипатқа ие емес. Швецияда бірқатар азаматтық хал актілерін тіркеу міндеті: туу, өлім, неке, ажырасу және т.б. — өзінің әкімшілік-аумақтық бірліктері (приходтары) бар шіркеуге жүктелген. Кез келген азамат Құдайға және дінге көзқарасына қарамастан, приходтардың бірінде тіркелуі керек. Швецияның қазіргі королі - Карл XVI Густав, ол 1973 жылы 19 қыркүйекте 27 жасында швед тағына отырды және әйгілі Наполеон маршалы Жан-Батист Бернадотта негізін қалаған Бернадот әулетінің 17-ші королі болды. Конституция бойынша Швеция королі елін таныстырудағы кең ауқымды ресми міндеттерге ие. Ол министрлер кабинеті құрамының өзгеруімен байланысты отырыстарды басқарады, үкіметтің ақпараттық жиналыстарында және сыртқы экономикалық комиссиясында төрағалық етеді, парламент отырыстарын ашып, шет елдердің елшілерінен сенім грамоталарын қабылдайды, қорғаныс күштерін басқарады және жоғары әскери атаққа ие.



АВТОРИТАРИЗМ ТҮРЛЕРІ

- *Пост-отаршылдық;*
- *Дәстүрлі;*
- *Бюрократиялы;*
- *Жасанды демократия.*

ДЕМОКРАТИЯ

- *Өкілдік демократия;*
- *Тіке демократия;*
- *Конституциялық демократия.*

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯ

- *Билікті сайлау және алмастыру қағидасы;*
- *Көпшіліктің басқару және көпшіліктің құқығы, бірақ азшылықты құрметтеу;*
- *Еркіндік қағидасы: сөйлеу, таңдау, ар-намыс еркіндігі;*
- *Заң алдындағы баршаның теңдігі қағидасы;*
- *Ақпарат алудағы альтернативтік-таңдау*

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

- *Жеке адамның бостандығы;*
- *Даралыққа, өзгешелікке құрмет;*
- *Көпшіліктің шешімі.*

ДЕМОКРАТИЯ ШАРТЫ

- *Білім шарты;*
- *Экономикалық шарты;*
- *Әлеуметтік шарты;*
- *Идеологиялық шарты.*

МӘДЕНИЕТТАНУ ПӘНІ БЛОГЫ

Мәдениеттану – мәдениетті қалыптастырудағы әлеуметтік институттардың рөлін зерттейтін пәнаралық сала. Мәдениеттану Ұлыбританияда 1950 жылдардың аяғында пайда болды және кейіннен халықаралық деңгейде, әсіресе Америка Құрама Штаттары мен Австралияда таралды. Бастапқыда Бирмингем университетінің заманауи мәдени зерттеулер орталығымен (1964 жылы құрылған) және Ричард Хоггарт, Стюарт Холл және Раймонд Уильямс сияқты ғалымдармен анықталған мәдениеттану кейінірек көптеген академиялық мекемелерде қалыптасқан салаға айналды, содан бері ол әлеуметтануға, антропологияға, тарихнамаға, әдеби сынға, көркемдік сынға философияға және т.б. ықпал етуде.

Мәдениеттану – ең жас ғылымдардың бірі. Мәдениеттану жеке ғылым мәдениетін зерттейтін фактілерді жалпылауға тырысатын мәдениеттің жалпы теориясы ретінде әрекет етеді. Сондықтан мәдениеттануда теориялық зерттеулер, тарихи-мәдени материалды жүйелеуге мүмкіндік беретін теорияларды әзірлеу ерекше маңызды.

Мәдениеттану теориясы, кез-келген ғылыми теория сияқты әртүрлі элементтерді қамтитын күрделі құрылым: тұжырымдамалық аппарат, логикалық және ғылыми-зерттеу схемалары, ғылыми модельдер, теориялық құрылымдарды эксперименттік тексеру әдістері және тағы басқалар.

Мәдениеттану саласы бойынша қарастырылатын мәселелер: мәдениеттану пәні мен оның басқа ғылымдармен байланысы, мәдениет түсінігі және оның өркениетпен байланысы, мәдениеттің түрлері, қазіргі заманғы мәдениет пен әлемдік мәдениеттің даму тарихы қарастырылып, қазіргі кездегі қоғам дамуындағы техногенік прогреске дейінгі ахуалдар қарастырылады.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ (БӨЖ)

ТАПСЫРМА I.

Сөздікпен жұмыс

1. Қытай мәдениетіне қатысты түсініктер мен ұғымдар қанша?
2. Мәдениеттанушы-философтарды табыңыз?
3. Этикаға қатысты түсініктер мен ұғымдар қанша?
4. Мағыналас терминдер мен ұғымдар және олардың айырмашылықтарын табыңыз?
5. Ақпараттық қоғам туралы пікірлерін тұжырымдаған ойшылдар?
6. Батысшылдық мәдениетке қарсы болған мәдениеттанушылар?
7. Дін мен алғашқы сенімдер туралы зерттеген мәдениеттанушылар?
8. Тілге қатысты пікірлер айтқан мәдениеттанушылар?
9. Мәдениеттану ілімінде қолданылатын зерттеу әдістері?
10. Қоғамдық құбылыстарды зерделейтін мәдениеттану салалары: ойлау мәдениеті, сөйлеу мәдениеті.
11. Мораль туралы шығармалар және олардың авторлары.
12. Қала туралы шығармалар және олардың авторлары.
13. Жастар мәдениетіне (контркультура) қатысты ұғымдар мен түсініктер.
14. Рухани мәдениет салаларын көрсет және оларды қысқаша түсіндіріп беріңіз?
15. Постмодернизмге қатысты ұғымдарды жүйелеп беріңіз және мағынасын түсіндіріп өтіңіз?
16. Өнердегі модернизм бағыттарын талдап беріңіз?
17. Мәдениеттегі үшке бөлінетін құбылыстар мен процестер?
18. Мәдениет тарихына шолу жасаған ойшылдар?
19. Барлық діндердің діни кітаптары мен рухани көздері?
20. Мәдениет пен адамға қатысты терминдер және олардың мағынасы?

Ескертпе: алынған мәліметті кез-келген уақытта дәйектей алатындай болу үшін мәлімет алынған көздерді нақты (беті, сөздіктің аты т.б.) білу қажет. Студент сөздікті ерікті-еріксіз түрде түгел қарап шығатын болады.

Барлық діндердің діни кітаптары мен рухани көздері: Зороастризмде – Авеста, Буддизмде – Трипитака, Иудаизмде – Көне өсиет, Христианда – Інжіл, Апостолдардың сөздері; Исламда – Құран мен хадистер; Даосизмде – Дао-дэ-Цзин; Конфуциандықта – Өңгімелер мен пайымдар; Синтоизмде – Кодзики, Нихон секи т.б.

ТАПСЫРМА II.

Афоризмдермен жұмыс

Әрбір студентке ойшылдардың қоғам туралы даналық сөздері немесе афоризмдері таратылады. Оның авторын табу және оның мағынасын өз бетінше түсіндіріп беру тапсырылады. Нәтижесін жазба түрінде оқытушыға тапсыруы тиіс. Мәселен, «Өзіңе ұнамағанды басқаға жасама» «Мен тек бұрынғыны қайталадым, ешқандай жаңа нәрсе жасаған жоқпын»; «Тіл – болмыстың үйі»; «Адамды адам еткен еңбек»; «Ақпараттарды иеленген адам әлемді де билейді»; «Өзіңді-өзің таны» т.б.

ТАПСЫРМА III.

Өтілген бір тақырып бойынша негізгі мәселелердің жіктелуі, бөлінуі, қасиеттері, мазмұны бойынша кесте құрастыру (Слайд түрінде қорғау)
Мәдениеттің түрлері



ТАПСЫРМА IV.

Конференциялар, дөңгелек үстелдер өткізу.

Егер студенттер қашықтықтан оқыту бойынша білім алушы болса немесе он-лайн түрінде оқитын болса, сабақтан тыс уақытта арнайы конференция ұйымдастырылады. Тақырыптарды оқытушы-профессор немесе студенттердің өздері тандайды. Студенттер белсене қатысуы мен ойларының құндылығы бойынша бағаланады. Егер баяндамалар дайындалатын болса, студент санына қарай регламент мерзімі белгіленеді.

Ескертпе: тақырыптар оқу жоспарындағы стандарттар бойынша емес, студенттер өз пікірлерін еркін айтылуы үшін аса қызықты және маңызды болуы тиіс.

Тақырыптар

1. «Батыс пен Шығыс мәдениеті арасындағы айырмашылықтар қандай?»
2. «Этикет және оның әрбір халықтардағы өзіндік ерекшеліктері»
3. «Сөйлеу мәдениеті мен оны жетілдірудің селф-менеджменті»

ТАПСЫРМА V.

Баяндама жазу.

Әрбір студенттен семестр соңында әлеуметтану тарихы бойынша жеке баяндама ретінде БӨЖ қабылданады. Баяндама тақырыптары студенттің таңдауына байланысты болуы керек. Өзі жазған баяндама мәтіні бойынша экстренді түрде үш сұрақ қойылады. Студент баяндама мәтініне қарамай сол сәтте тез жауап беруі қажет (бірнеше секунд және нақты дәл болуы талап етіледі). Бағалау жауап беруі бойынша қойылады.

Баяндама тақырыбы: Көне Грек мәдениеті

Сұрақтар:

- «Көне Грекиядағы Олимп тауындағы құдайларды атап көрсетіңіз және оның қызметтері қандай?»;
- «Көне Грекиядағы іргелі архитектуралық ескерткіштер?»;
- «Көне Грекиядағы дамыған ғылым саласы және оның өкілдері»;
- «Көне Грек жазуының ерекшеліктері қандай?» т.б.

«Көне Грекиядағы Олимп тауындағы құдайларды атап көрсет және оның қызметтері қандай?». Жауап: Зевс – жоғары құдай болып есептеледі; Афродита – сұлулық пен отбасы; Посейдон – теңіз т.б

СЕМИНАР ТАПСЫРМАЛАРЫ

ТАПСЫРМА I.

Әрбір тақырып бойынша терминдерге түсініктеме беру.

Мысалы, «Үнді мәдениеті» тақырыбы бойынша терминдер мен түсініктерді қайта таразылау. Әрбір студент осы тақырып аясындағы терминдерді теріп жазып, әрқайсысына түсініктемелер беріп, өздігінше мысалдар келтіруі тиіс. Жұмыс нәтижелерін оқытушыға арнайы тапсырады.

Мысалы: Нирвана, карма, Будда, веда, упанишада, каста, ахимса, монах, ғибадатхана, кшатрилер, махабхарата т.б.

Нирвана, бұл:

- Буддистік мәдениет пен буддистік сенімдегі ұғым;
- адамның бүкіл материалдық құндылықтардан бас тартуы;
- тәндік ләзаттардан барынша түбегейлі арылуы;
- таза рухани даму жолына көшуі;
- қоғамдық қатынастардан қашқақтап, оқшаулануы;
- қайғыру мен қуану сезімдерінен арылуы;
- «бәрі де бәрібір» дегендей ұстанымды ұстап өмір сүруі;
- рухани жоғары өрлеудің даналық сатысы;
- ол ұзақ жылдар бойы шұғылданған адамның жететін «қасиетті» сатысы т.б.

Мысалы, мұсылман дініндегі софы, христиандағы монах, дәруіш дегендер осындай өмір салтына барынша жақын келеді, яғни, аскеттік өмір стилі бойынша ғұмыр кешеді.

ТАПСЫРМА II.

30 сұрақ тестіні шешу. Тестілерді күрделендіріп, екі немесе үш жауабы дұрыс болып табылатын тесттер беруге болады. Бұны барлық семинар сабақтарының соңына таман немесе аралық бақылау тапсырмалары түрінде де ұсынуға болады.

Өркениет пен мәдениетті қарама-қарсы қойған ойшыл?

- А) Бердяев (Дұрыс жауабы)**
- Ә) Хабермас
- Б) Дильтей
- В) Тайлор
- Г) Шпенглер

Адамзат қоғамының дамуының кезеңдерінің мәдениеттанудағы жіктелуі?

- А) Көшпенділік, егіншілік, аңшылық, өндірістік, ақпараттық
- Ә) Алғашқы қауымдық, құл иеленушілік, феодалдық, капиталистік, социалистік**
- Б) Индустриалдыққа дейінгі, индустриалдық, постиндустриалдық**
- В) Көне заман, орта ғасыр, дін ғасыры, мәдениет пен ғылым ғасыры, технология ғасыры
- Г) Құдайлар ғасыры, батырлар ғасыры...**
- Ғ) Регресс, прогресс, жаһандану, интеграция

ТАПСЫРМА III.

Терминге түсініктеме беру

Студентке мәдениеттану саласы бойынша бірнеше термин беріледі, студенттер берілген терминге жеке-жеке әрқайсысы өз бетінше еш жерде көрсетілмеген мысалдар арқылы қысқаша түрде өз түсінігін көрсетуі керек. (Өйткені өз бетінше мысалдар келтіру түсінгендіктің нақты өлшемдерінің бірі) (Бір, екі сөйлем). Немесе керісінше термин мен ұғымдар мағынасы айтылады да, оның термин атауы мен ұғым атауы сұралады. Бұны студенттер санына байланысты бірнешеуін қолдануға да болады.

Модернизм туралы баяндаңыз және мысалдар келтіріңіз?

Жауап: XX ғасырдағы мәдениетке кең таралған жаңашылдық деген мағынаны білдіретін бағыт. Классика мен дәстүршілдікке қарама-қарсы инновацияға ұмтылған, қалыпты емес ұстаным, өнертанудағы басты ағымдардың бірі. Мәселен, бейнелеу өнерінде оның мынадай салалары бар: кубизм, сюрреализм, гиперреализм, абстракционизм, футуризм, поп-арт, оп-арт т.б. Мысалы, қазіргі кілемдердегі түсініксіздеу болып көрінетін өрнектер мен әр түрлі сызбалар осы абстракционизмнің белгісі.

Оқытушы сұрағы: жастардың қалыпты қоғам мәдениетінің кейбір белгілерін қабылдағысы келмей өздерінше, мәдениет ішінен тудырған жеке мәдениеттері мен ерекше өмір сүру салттары болып табылатын өзіндік құндылықтары. Мысалы, XX ғасыр соңындағы рокерлер, хиппилер, панктер т.б. Қазақстандағы соңғы уақыттарда кең таралған «Домбыра-Фәти» де соның бірі.

Студент жауабы – Субкультура.

ТАПСЫРМА IV.

Авторлармен жұмыс

Студентке шамамен 6 еңбек беріледі, әр шығарманың авторын табуы қажет және сол еңбекте не туралы жазылғандығы туралы қысқаша ауызша аннотация түрінде баяндауы тиіс.

- 1.....
- 2.....
- 3.....
- 4.....
- 5.....
- 6.....

«Еуропаның құлдырауы»? О. Шпенглер:

Бұл еңбекте Еуропа құрлығындағы халықтардың өркениетінің тығырыққа тірелетіндігі туралы баяндалады. Әсіресе, құндылықтардың құлдырауы, оның ішінде моральдік этикалық нормалардың ауытқулары жөнінде айтылып, еуропоцентризм мен еуропа озық үлгі деген қалыптасып қалған стереотиптер терістеледі.

ТАПСЫРМА V.

Тесттермен жұмыс

а) Өтілген тақырыптар бойынша тест сұрақтарын дайындау. Әрбір студент өз бетінше 10-15 сұрақ дайындап береді, жауаптарын көрсетпейді және оны студенттің өзі жауаптарын толық білуі оқытушы тарапынан сол сәтте тексеріледі. Немесе сол сала факультетінде білім алатын мамандарға алты жауап, оның үшеуі дұрыс болып келетін тест құрастыру тапсырылады;

ә) Дайындалған тест сұрақтары студенттердің өздеріне шешу үшін беріледі, бұнда өзі дайындаған тестінің өзіне сай келіп қалмауы қадағаланады немесе басқа топтар дайындаған тестілер беріледі. Жауаптарының дұрыс, не теріс екендігі сол сәтте оқытушы тарапынан тексеріледі.

б) Шешілген тест сұрақтарының жауаптарымен қоса, студенттерге таратылады, оның қателіктерін табу мақсат етіледі, «қатесі жоқ» болған жағдайда өзіне берілген тестінің «қатесі жоқ» екендігін студент дәйектеп беруі тиіс.

ТАПСЫРМА VI.

Өтілген тақырып бойынша әр студент ешқандай материалға қарамай өз бетінше 3-5 сөзден глоссарий немесе түсіндірмелер құрастыруы керек (өз сөзімен баяндап, өз бетінше мысалдар келтіруі тиіс).

Антисциентизм – ғылымға деген жағымсыз көзқарас орнататын бағыт. Мысалы: М. Хайдеггер: «техника қаншалықты деңгейде дамыса да, өзінің зардаптарын жоя алмайды» деген еді. Немесе, діни фанатистердің ғылымға деген жағымсыз ұстанымдары т.б.

ОҚЫТУШЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫМЕН БІРГЕ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ (ОБӨЖ)

ТАПСЫРМА I.

Мифтерді талдау

Бұл тапсырмаларды мүмкіндігінше оқытушы-профессор дәптер, ұялы телефон т.б. оқу материалдарын пайдалануға тиым сала отырып өткізгендігі жөн.

Көне замандағы мифтердің, қазақ әфсаналараның мазмұндарын баяндап, олардың дүниетанымдық жақтарын ашып көрсету.

Оқытушы-профессор бір мифтің мазмұнын баяндап, оның дүниетанымдық жақтарын, маңызы мен мағынасын, ондағы рәміздік, образдық бейнелерге герменевтикалық талдау жасап, демифологизацияның үлгісін көрсетеді, әрбір студент өзі білетін кез-келген мифті тандап алып, оны осы үлгімен жазба жұмыс түрінде талдап, оқытушыға тексертеді, жұмыс нәтижесін тапсырады.

Асан Қайғының Жерұйықты іздеуі:

1. Асан қайғының қазақ даласын шарлауы, оның аңыздарындағы қазіргі еліміздегі жер-су аттарының кездесуімен қатар, байырғы ұлттық сахараны кезуіне қарап, оны «мемлекетіміздің сол кездегі территориясын» белгілеуші деп атай аламыз. Әрине, ол өзге халықтың мекендеріне барып, баға беріп жүруі мүмкін емес екендігі түсінікті жайт.

2. Осыдан сайын даланы еркін кезіп өскен, ғұмырын өткізген халқына аймақты белгілеп бере отырып, болашақ ұрпақтарына «оны мәңгілікке сақтай біліңдер» деген ұлтжандылық-тәлімгерлік өсиет тастағаны туындайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

3. Оның қазақ сахарасына берген бағасының көпшілігі оңды, жағымды (бұнда, бүкіл дала халқының тек сол жерге ғана шоғырланып кетпеуі саясаты да бар сияқты). Осыдан оның туған даласына деген сүйіспеншілігі, шексіздігі мен кеңдігіне деген сезімі анық байқалады.

4. «Өз елімнің әрбір аймағы, әрбір топырағы «Жерұйық», - деген тезистің тұспалды ойларын аңдай аламыз

5. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды» ол өзінің философиялық діндегі ғана емес, идеалы ретінде тандап алды.

6. Жалпыадамзаттық оптимистік философия мен ұлттық рухты бітістірген Асан қайғы идеалына өзінің жеке басының оған сенгендігінде немесе сенбегендігінде емес, осы идеалдың жалпы алгоритмін (логикалық құрылымын) жасап бергендігінде болып отыр.

ТАПСЫРМА II.

Эссе жазу

А4 форматта 2 беттей. Эссе философиялық және ғылыми болып шығуы үшін және әркім өз бағытына мағынасыздықпен бұрылып кетпеуі үшін кемі 2 ғылыми сілтеме болуы талап етіледі.

«Адам барлық нәрселердің өлшемі» - «Адам мәдениет субъектісі». Бұл афоризмнің жалғасы «...өмір сүріп тұрған үшін өмір сүретіндердің, өмір сүріп тұрмағандығы үшін өмір сүрмейтіндердің» деп жалғасын табады. Адам әлемдегі бар мен жоқты анықтаушы субъект. Басқа хайуанаттар мысалы,

әлемдігінің бар немесе жоқ екендігіне алаңдамайды және бар мен жоқты саналы түрде түйсіне алмайды. Сондықтан, адам біріншіден, әлемдегі бар мен жоқтың бірден-бір өлшемі болып табылады. Екіншіден, адамның организміне қарап, әлемнің де осындай құрылыммен құрылғандығы туралы макрокосм идеясы пайда болды. Мәселен, Н. Кузанский әлем мен адамның сыртқы құрылымы ұқсас деген тұжырым дәйектеді. Бұл кейіннен эстетика мен өнерге келіп түйісті, адамдағы пропорция мен гармонияға сүйеніп архитектуралық құрылыстар салынды. Адам сұлу жетілген ағза ретінде бағаланды. Сондықтан, адам өлшемі табиғаттағы және өнердегі пропорцияға әсер етті. Мәселен, бұны Леонардо да Винчидің адам мүсінінің геометризацияланған еңбегінен көруге болады. Әлемдегі басқа да құбылыстар мен заттарды адам өздігінше анықтайды, егер ол анықталмаса, оның болмысы ашылмайды, демек, оның болмысын танып, анықтайтын, өлшемін беретін де адам болып табылады. Бұл бір қырынан антропоцентристік түсінікке келіп саяды, екіншіден, жер бетіндегі саналы тіршілік иесі, ол – адам деген тұжырымды меңзейді. Сайып келгенде, адам өзінің де өлшемі, олай болса, осы өлшемнің объектісі де субъектісі де өзі болып табылады.

Қорыта айтқанда, Адам сұлулықтың да өлшемі, адам қоғамдық нормалар мен моральдің де өлшемін бере алады, Адам – қоғамдық прогресті жасайды, Адам – ғылым мен ілім дамуының да параметрлерін ұсынады, Адам – өзіне-өзі де баға бере алады т.б.

ТАПСЫРМА ІІІ.

Тест сұрақтарын дайындау

Өтілген тақырыптар бойынша тест сұрақтарын дайындау. Әрбір студент өз бетінше 30 тест сұрақтарын дайындап береді, жауаптарын көрсетпейді және оны студенттің өзі жауаптарын толық білуі оқытушы тарапынан сол сәтте тексеріледі. Оның құрылымы: 10 тест – бір жауабы дұрыс; 10 тест – екі жауабы дұрыс, 10 тест – үш жауабы дұрыс.

1 жауабы дұрыс тест.

«Айығу кітабы» еңбегінің атторы

- А) Эль-Кинди
- В) Омар Хайям
- С) **Ибн Сина (Дұрыс жауабы)**
- Д) Иассауи
- Е) Баласағұн

2 жауабы дұрыс болып табылатын тесттер.

Көне Қытай мәдениетінің негізгі ұғымдары:

- А) **Дао (Дұрыс жауабы)**
- Ә) Махабхарата
- Б) Пайдея
- В) **Ли (Дұрыс жауабы)**

- Г) Гун
 - Е) Полистер
- 3 жауабы дұрыс болып табылатын тесттер.
Ақпараттық қоғамның негізгі ұғымдары:
- А) БАҚ (Дұрыс жауабы)**
 - Ә) Код (Дұрыс жауабы)**
 - Б) Пайдея
 - В) Цифрлы даму (Дұрыс жауабы)**
 - Г) Гун
 - Ғ) Тема
 - Е) Полистер

«Мәдениеттану» пәні бойынша практикалық сабақ кезінде викторина түрінде интерактивті сабақты өткізуге мысал келтірейік, сабақтың тақырыбы «Қазіргі мәдениеттанулық мектептер мен тұжырымдамалар». Студенттердің іс-әрекетін ынталандыру үшін сабақта қолданылатын педагогикалық технологиялар: коммуникациялық технологиялар; сұрақ-жауап формасы; проблемалық оқыту технологиясы; викторина және брейн-ринг түріндегі интерактивті технология.

Сабақтың мақсаты: Ұсынылған мәдениеттанулық мектептер мен концепциялар аясында мәдени білімді дамытудың әртүрлі бағыттарын зерделеу, мәдени ұғымды анықтау және талдау дағдыларын жаттықтыру

Міндеттері:

- 1) мәдениет теориясының негізгі мектептері мен концепцияларын зерттеу;
- 2) мәдениеттанулық мектеп немесе тұжырымдаманың негізгі ұстанымдарын анықтау дағдыларын дамыту;
- 3) маңызды және маңызды емес ақпаратты жіктеу және ажырату, мектептер немесе тұжырымдаманың негізгі идеясын тұжырымдау дағдыларын дамыту;
- 4) ойын түріндегі сұрақ-жауап түрі арқылы теориялық білімде қиындықтарды жеңу қабілетін дамыту;
- 5) мәдени талдау дағдыларын жетілдіру;
- 6) студенттердің қарым-қатынас және әлеуметтену дағдыларын дамыту;
- 7) сұқбат жүргізу қабілетін дамыту;
- 8) ақпаратты жылдам талдау және дұрыс жауапты табу дағдыларын жетілдіру.

Сабаққа дайындық: сабаққа екі апта қалғанда студенттерге «Қазіргі заманғы мәдениеттанулық мектептері мен тұжырымдамалары» тақырыбы бойынша келесі мәселелер бойынша материалмен танысу тапсырмасы беріледі:

1. Мәдениеттің аполлондық және дионистік принциптері (Ф.Ницше).
2. Мәдениеттің пьесалық концепциясы (Дж. Хуизинга).
3. Мәдениеттің психоаналитикалық концепциясы (З.Фрейд пен К.-Г.Юнг).
4. Мәдениеттанудағы социологиялық мектеп және оның негізгі теоретиктері (2-3 негізгі өкілдері)

Ұсынылған сұрақтарға дайындалу кезінде студенттер келесі схеманы басшылыққа алады:

- мектеп немесе концепцияның пайда болуының уақыты мен тарихи жағдайлары;
- мектеп немесе концепцияның бас теоретикі туралы қысқаша өмірбаяндық жазба;
- мектеп немесе тұжырымдаманың негізгі теориялық идеялары мен дәлелдері;
- мектеп немесе концепция постулаттары бойынша тәуелсіз жеке бағалау.

Сабақтың барысы.

1. Командаларды бөлу: топ төрт бірдей командаға бөлінеді, олар сабаққа дайындық кезінде студенттерге оқуға ұсынылған төрт мәдениеттанулық мектебіне сәйкес келеді. Әрбір команда белгілі бір мәдениеттанулық мектептің/концепцияның теориялық және практикалық білімінің сарапшысы болады (5 мин).

2. Тапсырма: әр командаға біріншіден, мәдениеттанулық мектебінің/тұжырымдамасының негізгі идеясын көрсететін топ атауын ойлап табу, екіншіден, басқа топтарға қойылатын 15 сұрақ құрастыру тапсырылады. Сұрақтар таңдалған мәдениеттану мектебінің/концепциясының негізгі, маңызды идеяларымен байланысты болуы керек, сонымен қатар түсінікті, дұрыс тұжырымдалған және біржақты, даусыз жауабы болуы керек. Сұрақтарды құрастыруға 25 минут уақыт беріледі. Осы уақыт ішінде командалар жеке қағазға команданың атын және қатысушылардың құрамын жазуы керек; дайындық уақыты өткеннен кейін парақ оқытушыға беріледі. Сондай-ақ дәптерге немесе бөлек қағазға әр топ таңдаған тақырыбына сәйкес 15 сұрақты дұрыс жауаптарымен ретімен жазады. Осылайша студенттер мәдениеттанулық мектебі/концепциясы туралы негізгі ақпаратты нақты жауабы бар 15 сұраққа шоғырландырады.

3. Ойынның негізгі бөлімінің барысы.

Кесте 13.

Оқытушы тақтаға келесі кестені сызады

Топтың атауы	0	1	2	3	4	5	Нәтижесі
Топ(Ф. Ницше)							13 «+» Баға: өте жақсы
Топ (Й. Хейзинга)							10 «+» Баға: қанағаттандыруарлық
Топ (З.Фрейд, К.-Г. Юнг)							9 «+» Баға: қанағаттандыруарлық
Топ (Өлеуметтік мектеп)							11 «+» Баға: жақсы

Кесте келесідей толтырылады: дұрыс жауап үшін команда плюс, қате жауап үшін минус алады. Сабақ соңында дұрыс және бұрыс жауаптар қосылып (плюстерден минус саны шегеріледі) және ең көп оң ұпай жинаған топ жеңімпаз деп танылады. Іскерлік ойын барысында оқытушы дұрыс және бұрыс жауаптарды жаза отырып кестені толтырады.

2. Анықтау. Оқытушы топтардың сұрақ қою ретін анықтайды. Барлығы 4 сұрақтан тұратын 15 раунд болады (әр командадан бір сұрақ). Әр топ кезекпен басқа топқа сұрақтар қояды. Сонымен қатар, сұрақ қойылатын команданы таңдау сұрақ қоюшыда қалады, яғни команда тіпті алдыңғы командалар сұрақтар қойған командаға да сұрақтар қоя алады. Сұрақтар бойынша команданы еркін таңдау жүйесі бәсекелестікті арттырады және көбінесе оқытушыға топтағы студенттердің өзара әрекеттесу ерекшеліктерін көруге және кейіннен мүмкін болатын қақтығыстарды түзетуге мүмкіндік береді. Әр команда кезекпен басқа командаға сұрақтар қояды, сұрақ қойылған сәттен бастап жауап беру уақыты 10 секунд (оқытушы таймермен реттейді), егер команда дұрыс жауап берсе «+», қате болса «-» белгісін алады және сұрақ басқа командаға беріледі, оған да 10 секунд беріледі. Сонымен, сұрақ кімге қойылса да, қалған командалардың барлығы дұрыс жауап туралы ойлана бастайды, өйткені оларға дәл сол сұрақтың берілуі мүмкін. Ойынға – 50 минут уақыт беріледі, оның барысында барлығы 60 сұрақ қойылуы керек.

3. Қойылуы мүмкін сұрақтардың мысалдары:

- Мәдениеттің ойындық концепциясының негізін қалаушы? (Жауабы: Й.Хейзинга).
- Ежелгі грек мифологиясындағы Аполлон кім? (Жауап: Аполлон - жарық құдайы, музалардың қамқоршысы).
- Питирим Сорокин мәдениеттің қандай үш мүмкін түрін анықтады? (Жауап: сезімдік, идеялық және идеалистік).
- П.Сорокин бойынша мәдениеттің сезімдік типіне сипаттама беріңіз (Жауабы: шындықты эмпирикалық, сезімдік қабылдаумен сипатталатын мәдениет түрі).
- Түйсіктер мен либидо энергиясының шығармашылыққа айналуы, мәдениеттегі жағымсыз тәжірибелерді қоғамдық пайдалы, конструктивті қызметтің әртүрлі түрлеріне айналдыру механизмінің атауы бар... (Жауап: сублимация).

4. Қорытындылау: оқытушы мен оқушылар дұрыс жауаптардың санын есептеп, жеңімпаздарды анықтайды. Қызықты сұрақтар, сабақтағы ықтимал пікірталас элементтері, студенттердің эмоциялық жай-күйі талқыланады. Оқытушы қиын немесе жеңіл болып көрінгеніне, сабақта ең көп ұнаған нәрсеге, студенттердің қайсысын белсенді деп атауға болатындығына қызығушылық танытады. Осылайша студенттер дұрыс нұсқаулар алады, басқалардың іс-әрекеті мен өз іс-әрекетін салыстыру дағдыларын игереді, өз жұмысын талдайды, өз қателерін тануға үйренеді. Қорытынды шығаруға 10 минут беріледі.

5. Сабақты бағалау жүйесі. Сабақ топтық форматта өткізілгендіктен, бүкіл топ жалпы бағаланады. Ең сәтті жүйе бағаларды келесі критерий бойынша бөлу болуы мүмкін: «өте жақсы» деген баға ең көп оң жауап алған командаға қойылады; «жақсы» баға – екінші орын алған команда; Үшінші және төртінші орын алған командалар «қанағаттанарлық» деген баға алады. Команда ойынға қатыспаған және ешқандай ойын әрекетін жасамаған жағдайда ғана «қанағаттанарлықсыз» бағасы беріледі. Сондай-ақ студенттердің іс-әрекетін жеке бағалауға болады: сұрақтар құрастырған, оны қойған және жауап берген ең белсенді студенттер «өте жақсы» деген бағамен марапатталады; Өз тобына кедергі келтіретін, ойын процесіне конструктивті емес түрде араласатын және материалды білмейтін студенттерге «қанағаттанарлықсыз» баға қойылуы мүмкін. Студенттердің іс-әрекеттерін белсендіру материалды оңай есте сақтауға және күрделі теориялық мәселелерді жақсы түсінуге көмектеседі. Белгілі бір бағыттың, мектептің және тұжырымдаманың негізгі идеяларын сұрақ-жауап түрінде шоғырландыру дәлелдеу дағдыларын, логикалық ізденістерін жетілдіруге көмектеседі, ұсынылған материалды өз бетінше және сәтті оқуға мүмкіндік береді, жеке және топ ішілік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіруге көмектеседі.

ТАПСЫРМА IV.

Бұқаралық ақпарат құралдары мақалаларынан мәдениеттанулық ойларды іріктеп алу. Газет беттеріндегі жалпы мәдениетке, қазақ мәдениетіне қатысты мақалаларды тандап алу және оны талдау. Әрбір студентке рухани мәдениет түрлеріне қатысты қозғалған мәселелер бөлініп беріледі: дін, дәстүр, тіл, діл, білім беру, өнер т.б.

Тіл туралы мақала: Ұлт тілінің - тамыры терең.

Оқу-тәжірибелік аудиториясы ашылды. Астана қаласы №10 мектеп гимназиясында Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» тақырыбында лекция оқылды. Лекцияны оқыған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Серік Негимов Елбасының бағдарламасындағы парасатты пайымдаулар, көсем пікірлер жөнінде тілге тиек етті. Төменде аталмыш лекцияны ұсынып отырмыз. Өркендеуіміздің шарайнасы кемел келешегіміздің құбылнамасы Елбасы қазақ әліпбиінің тарихын VI - VII ғасырлардағы «Орхон-Енисей жазуларынан» бастап ой сабақтайды да, «латыншаға көшудің терең логикасын» бағамдаумен қатар, «Жаңа гуманитарлық білім, қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын және Ұлттық аударма бюросын құру мәселесін қозғайды. Әлемнің таңдаулы, үздік, заманауи 100 оқулығының қазақ тілінде сөйлеуі дегеніміз олардың оқулық жазудағы шеберлігі, әдіс-тәсілдері, әдеби-мәдени, тарихи-философиялық айғақ-дәйектемелері сөзсіз қажет әрі төлтума оқулықтар туындатуға мұрындық болуға тиісті,- деп атап өтті. Мемлекетті көздің ағы мен қарасындай сақтауда, жер қазынасын, ел тағдырын қорғауда («Елді сөкпе, кенді төкпе», «Қара жерге

халық ие, Қара халыққа иман ие», «Халық қартаймайды, қара жер қартаймайды», «Милыға көнген дене азбас, милыға ерген ел азбас») нешеме алуан даналық дәрістерін толқындата туындатты. Негізінде, ұлт руханиятының беломыртқасы ұлт тілі – терең тамырлы, сан сипатты тарихимәдени құбылыс. Абайдың «Түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» деуінде осы бір күрделі жәйтті меңзеген. Сөз өмірбаяны көнеден бастау алса, белгілі бір негізі мен себебі болса, халықтық сананың даму тарихына сәйкес жанарып-жаңғырып, толығып, күрделеніп отырады. Асылы, қазақ тілінің сөздік қорында мыңжылдықтардың сыры мен құпиясын сақтаған сөз-ұғымдар, сөз-образдар, сөз - символдар бар. Қашанда ұлттың көркемдік санасын, дүниетанымын, ой-қиялын, ұлы тілегін мәлімдейтін даналық тағылымдарына бөленген мағыналы, киелі тілі бар. Мәңгілік Елдің мың қырлы Мәңгілік қазақ тілінің тарихын куәлендіретін, атап айтқанда, Аттила, Естеми, Күлтегін, Шыңғысхан, Әмір-Темір заманын толғаған тарихи әдебиеттерде «Қаған», «Баһадүр», «Хан», «Түмен», «Ноян», «Жасак», «Торсық», «Мерген», «Көбеген» (Ұлы ханның ұлдары), «Тархан», «Мәңгі», «Жарлық», «Құрт», «Арба» «Мұхит», «Теңіз» дейтін сөздер бар. Алаш көсемдері шоғырланған Абай атындағы ҚазПИде 1930 жылдарда «Халық тілі», «Жазбалар мен ескерткіштер», «Мұрағаттану мен деректану» дейтін пәндер оқытылған. Бұл өнегелік бастаманың басты себебі – ұлт руханияты, тілі, мәдениеті, тарихы ежелгі замандардан басталатындығын терең танығандықтан.

Этнограф Жағда Бабалықұлының (1917- 2010) «Тіл қорын жинайық» деген байыптамасында былай деген: «Қытай біздің жыл санауымыздан 2 ғасыр бұрын жинай бастаған. Содан бері Қытай халқының бір ұлылығы бар - әрбір патшасы, мейлі наданы, мейлі ғалымы бар, өз дәуірінде бір-бір тіл қорын жинатып, сөздік жасатып кетеді. Маузыдын уақытында 1956 жыл мен 1964 жылдың арасында он жыл 264 мың адамға ақша беріп, айлық беріп жинатыпты». (Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. Алматы, 2010. Т.9. 294-бет). Мінеки, патриотизм деген осы. Грек тілінде 5 млн, ағылшын тілінде 490 мың сөз бар. Ал жүз томдық «Бабалар сөзі» ғылыми айналымға түсіп, рухани кәдемізге асып, тарихи, мәдени, этнографиялық, әдеби, тілдік, әлеуметтік, философиялық тұрғыдан таразыланған жоқ. Ел Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» дейтін кең құлашты мақаласында кесек-кесек парасатты пайымдаулар, түйдек-түйдек көсем пікірлер тайға таңба басқандай келісті таңбаланған. Бұлар – өркендеуіміздің шарайнасы, кемел келешегіміздің құбыланамасы. Задында, рухани жаңғырудың, жан жарығымен кемелденудің, «сәулелі кісі» атанудың кілті – «ұлттық кодыңды сақтай білу», «ықылым заманнан арқауы үзілмеген ұлттың салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ету» дейді Елбасы. Негізінде, ұлттық сана дегеніміздің өзі – мемлекеттік сана. Ұлттық-мемлекеттік сана бар жерде тіл, дәстүрлер, ұлы эпостар, тарих, ізгілік қағидаттары қорғалады, жоғары деңгейге көтеріледі. Сөйтіп, өркениетті елдердің санатында көрінуге жойқын серпін берері сөзсіз. Жоғары ұлттық сана ақылды, арлы, ғылымбілімге ынтық, сұлу мінезді майталман маман болуға құлшындырады. Елшілдікті, мемлекетшілдікті, ізгілікті құнттап, адал қызмет жасауды мұрат етеді. Абай: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл,

ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ» десе, бәсекелік қабілетті де, адамшылыққа, биік санаға ие болуды да қозғап отыр. Сонымен қатар, ел аузында «Халықтың ақылы – мұхит, Дананың ақылы – дария» деген даналық сөз бар. Ендеше, Елбасы тарихи тәжірибелерге, ұлттық-рухани құндылықтарға, «тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерге», тілге, әдебиетке, музыкаға, ұлттық рухқа, ұлттық болмысқа жүгіне отырып, жаңаша, тамаша, жарқын сипаттармен толықтыруды ерекше ескертеді. Рухани жаңғыру Абайша айтқанда, «ел бағу», «мал бағу», «ғылым бағу», «дін бағу», «балаларды бағу» тарапында, Қазақстандағы Сот билігі жүйесінде, әсіресе, байырғы Билер институтының ізгі дәстүрлерін: құқықтық, ішкі һәм сыртқы саяси - әлеуметтік, мәдени-тарихи, рухани-дүниетанымдық сипаттарын кеңінен қолдану, билік философиясының мазмұнын жан-жақты байыту, дамыту, қолданысқа енгізу қажет. Ұлттық дүниетанымымызда «Пайғамбардың үстінде Құдай тұр» деген мақал бар. Билер институтының басты қаруы – әділдік, ар мен жан тазалығы. Ұлт қайраткері Жүсіпбек Аймауытұлы «Мемлекет құрылысы» дейтін көсемсөзінде («Сарыарқа» газеті, 1917 жыл, 25 маусым, №3): «Би арын жастанған, законды қолданған әділ, тура би болу керек. ...Ешкімнен қорықпаған би әділ болмақ. Ондай әділ биде туысқан жоқ. Бидің алдында айыпкер қандай бай, күшті болса да дірілдеп тұрмақ» деп, би тұлғасын анық көрсеткен. Олар ұлт, ел, тарих алдындағы ұлы қызметін, билік мұратын, ұлы ілімдерін, мемлекеттік ұлы рәміздерін, даналық ғибраттарын жеті қазынасын, «Жеті Жарғының» баптарын, дәстүрлерін ынтызарлықпен түсінген.

ТАПСЫРМА V.

Студенттерге алфавит бойынша глоссарии дайындау ұсынылады. Әрбір студентке алфавит бойынша дыбыстар таңдалып беріледі. Негізгі тақырып «Қазақ мәдениетіндегі құбылыстар мен құндылықтар»

«Ш» әрпі бойынша дайындалған глоссарий

Шаман – көне замандарда пайда болған, оның ішінде түркі халықтарына тән қалыптасқан хронологиясы белгісіз діни сенімнің бір түрі. Түркі халықтарында ол бақсы, бахши т.б. атаулармен кездеседі. Оның негізгі екі қызметі белгілі: аурауларды емдеу және болашақты болжау. Бірақ кез-келген адам бақсы бола алмайды. Оған деген екі түрлі көзқарас қалыптасқан: жағымсыз (ескілік сарқыншағы, бақсы психологиялық ауытқыған адам, джахилия дәуріндегі жабайы сенім), жағымды (халықтық медицина, эзотериялық ілім, бақсы рухани жан иесі т.б.)

Орындалу тәртібі: Әрбір ұғымның түсіндірмесі 50-100 сөз аралығында болуы тиіс. Берілген түсіндірме нақты, жүйелі, қысқа болуы қажет. Соңында алынған мәлімет көздері көрсетілуі керек (12 шрифтiмен)

Зерттеу жобасын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулық

Зерттеу жобасы — бұл нақты бір мәдени құбылыс, мәселе немесе үдерісті ғылыми әдістер арқылы талдауға бағытталған студенттің дербес ғылыми-танымдық жұмысы. Нәтижесінде құрылымды мәтін ұсынылады: талдау, қорытынды және ұсыныстармен.

Жобаның мақсаты – білімалушылардың зерттеу қабілетін жетілдіру және өзінің немесе өзге мәдениетке деген қызығушылығын арттыру.

Жобаның құрылымына қойылатын талаптар

1. Титулдық бет (ЖОО талаптарына сай)
2. Мазмұны (жоспар)
3. Кіріспе (1-2 бет):
 - Тақырыптың өзектілігі
 - Мақсаты мен міндеттері
 - Зерттеу нысаны мен пәні
 - Зерттеу әдістері
 - Жаңалығы (бар болса)
 - Жоба құрылымы
4. Негізгі бөлім (2 тарау, 10-15 бет):
 - Теориялық-әдіснамалық негіз
 - Ғылыми әдебиеттерді шолу
 - Эмпирикалық талдау (мәдени тәжірибе, символ, дәстүр, т.б.)
 - Салыстырмалы талдау
5. Қорытынды (1-2 бет):
 - Негізгі тұжырымдар
 - Практикалық ұсыныстар
6. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (АРА үлгісімен рәсімделген)
7. Қосымшалар (сұхбат мәтіндері, кестелер, фотосуреттер және т.б.)

Кесте 14.

Мазмұнға қойылатын негізгі талаптар

Компонент	Талап
Көлемі	20-25 бет (оқу деңгейіне қарай өзгеруі мүмкін)
Тілі	Ғылыми стильде, бейтарап және дәл жазу
Рәсімдеу	Times New Roman, 14 кегль, жол аралығы 1, барлық жағынан 2 см
Дереккөздер	Кемінде 10–15 ғылыми еңбек (монография, мақала, құжат, интернет-ресурс)
Дәйексөз келтіру	Дұрыс рәсімделген (сілтемелер, әдебиеттер тізімі, антиплагиат $\geq 70\%$)
Эмпирикалық бөлім	Бақылау, интервью, фотофиксация, мәдени тәжірибелер бойынша материал

Зерттеу дербестігіне қойылатын талаптар

- Жоба толығымен студенттің өз жұмысы болуы тиіс.
- Барлық алынған дәйексөздер мен ойлар нақты рәсімделуі қажет.
- Сұхбат, бақылау, фото сияқты өзіндік эмпирикалық деректер қолдануға ынталандырылады.
- Сандық құралдарды (инфографика, карта, презентация, QR) қолдануға болады.

Кесте 15.

Жобаны бағалау өлшемдері

Критерий	Қойылатын балл
Тақырыптың өзектілігі мен негіздемесі	15
Ғылыми мазмұны мен қисындылығы	20
Теориялық бөлімі	20
Эмпирикалық талдау	20
Құрылымы мен рәсімделуі	10
Шығармашылық пен дербестік	15
Барлығы	100

Ұсыныстар

- 1) Жеке қызығушылық тудыратын тақырыпты таңдаңыз — бұл зерттеуге деген ынтаңызды арттырады.
- 2) Мәдени кеңістікпен жұмыс жасаңыз: бейнелер, рәміздер, дәстүрлер.
- 3) Эмпирикалық материал жинаудан қорықпаңыз: сұхбат, бақылау, фото.
- 4) Жоба барысында ғылыми жетекшімен кеңесіп отырыңыз.
- 5) Жобаны соңғы күнге қалдырмаңыз — кезең-кезеңімен жасаңыз.

ФИЛОСОФИЯ ПӘНІ БЛОГЫ

Философия – гректің «даналыққа деген сүйіспеншілік» деген мағынаны беретін жалпы шындықты немесе адам өмірі мен тәжірибесінің іргелі өлшемдерін ұтымды, дерексіз және әдістемелік тұрғыдан қарастыру пәні. Философиялық зерттеу көптеген өркениеттердің интеллектуалды тарихындағы орталық элемент болып табылады.

Философия – көне ұғым, ол адамзат өркениеті дәуірінде пайда болған және жер мен аспандағы барлық нәрсені білуге ұмтылған. Табиғи құбылыстар мен олардың себептерін білу физика мен метафизиканың пайда болуына әкелді. Адам істерін және олардың конституциялық қатынастарын білу тарихтың этикасын, саясатын және философиясын құруға әкелді. Аспан құбылыстарын білу космология теологияға әкелді. Осылайша ежелгі әлемдегі философия көптеген ғылыми пәндердің негізін қалаушы болды.

Философияны түсіну үшін оның метафизика және этика сияқты пәнін ғана емес, оның әдісін де түсіну керек. Бірақ барлық мәдениеттерде философия білім алушыдан сыни тұрғыдан ойлауды талап етеді: олар анық, дәл, жақсы ұйымдастырылған, шыншыл, толық және қарсылықтарды жеңе білді. Сыни ойлауды зерттеу логика деп аталады.

Философ болу дегеніміз - тұтастық туралы білім іздейтін логикалық ойлайтын адам болу. Осылайша, философтар негізсіз сенімдерден аулақ болады, бірақ өз көзқарастарын ақылға қонымды дәлелдер мен дәлелдерге негіздейді. Философтар өздерінен және басқалардан негізделген логикалық сенімдерге ие болуды талап етеді.

Философияны зерттеу әртүрлі. Философия тұтастық туралы, яғни тәртіпті зерттеуге жататын барлық нәрселер туралы білімді іздейтіндіктен, философияның шексіз түрлері бар. Дәстүр бойынша, Философия студенттерінің көпшілігі философия тарихын және философияның жүйелі салаларын оқиды. Бұл екі жол бірін-бірі толықтырады, өйткені философиялық мәселелер мен ұсынылған шешімдерді тұжырымдау ғасырлар бойы дамып келеді және философиялық тарих көбінесе проблемалар мен ұсынылған шешімдердің бүгінгі күні қалай түсінілетінін анықтайды.

Инклюзивті оқыту (Практикалық философия пәні бойынша)

Инклюзивті оқытуды қазіргі таңда кең көлемде бағамдау қажеттігі туындап отыр. Сонымен қатар оның тәжірибеде қолданылуы да соншалықты маңызды. Біз бұл тұста, инклюзивті оқытуды тек қана үлгерімі нашар, әлеуметтік жағдайы төмен, мүмкіндіктері шектеулі балалар мен студенттер ретінде біржақты қарастырмаймыз, керісінше, талантты студенттерді оқытуға айрықша назар аударамыз.

Елімізде ерекше қабілетті балаларды бөліп оқытатын мектептер, лицейлер т.б. ашылғанмен, біз көп жағдайда жалпы білім алушылардың ішіндегі

таңдаулы, талантты шәкірттерді көп жағдайда назардан тыс қалдырамыз. Осыған орай, қоғамдық-гуманитарлық пәндерді оқытуда талантты білім алушыларға берілетін айрықша тапсырмаларды (қиын) ұсынамыз. Бірақ біз, бұл тұста, философияны оқыту, оның ішінде практикалық философия бойынша білім беру бағдарламасы мен оның негізгі ұстанымдарын басшылыққа аламыз. Бұл тапсырмалар қалыпты студенттер үшін қиындықтар тудыруы ықтимал, ал талантты білім алушылардың білімі мен біліктілігін, шығармашылық-креативті ойлауын жетілдіру үшін күрделірек тапсырмалар ұсынуымыз қажет.

P.S. Егер де, оқытушы-профессор тарапынан нақты аудиторияға қатысты бұл тапсырмалар «қиындықтар келтіреді» деп ұйғарылса, онда бұл тапсырмаларды тек қана «Философия» мамандығында оқитын студенттерге ғана арнау қажет.

P.S. Егер де, оқытушы-профессор тарапынан нақты аудиторияға қатысты – «Философия» мамандығында оқитын студенттерге бұл тапсырмалар «қиындықтар келтіреді» деп ұйғарылса, онда бұл тапсырмаларды, сәйкесінше, «Философия» мамандығында оқитын магистранттарға күрделендіре отырып, пайдалануға да болады.

БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫ (БӨЖ)

ТАПСЫРМА I.

«Ашық дәріс сабақ» өткізу

Орындалу тәртібі: студент «Философия» пәні бойынша, оқыту бағдарламасында бекітілген (силлабуста) өзі таңдаған және білім беруші ұсынған (екеуінің келісімі негізінде) бір тақырыпты таңдап алып, профессор-оқытушының қатысуымен имитациялық түрде ашық дәріс сабағын өткізеді. Бірақ тақырып барынша «күрделі» немесе жалпы ғылыми кеңістікте көп талқыланбайтын болуы шарт. Ол семинар емес, міндетті түрде дәріс сабағы болуы тиіс.

Ол үшін студент өзі дайындаған дәрістерін алдын-ала профессор оқытушыға көрсетеді және дәріс беру технологиясы бойынша келісімге келеді. Дәріс мазмұнына қойылатын талаптар: қарапайым тілмен берілгендік, студенттерге ұғынықты болуы, терминдер мен «түсініксіздеу» болып табылатын ұғымдарды, сөйлемдерді, терминдерді ашып беруге бағытталуы керек.

«Ж. Деррида философиясы» тақырыбы бойынша берілген жоспардың бірінші сұрағы негізге алынды:

1. «Ж. Деррида философиясын оқу үшін нені білу керек?»

(Практикалық философия аясындағы примитивизм (қарапайымдандырып түсіндіру) ұстанымы бойынша дайындалды)

Ж.Дерриданың негізгі еңбектері:

- «Хат пен айырмашылық» («Письмо и различие»);
- «Дауыс пен құбылыс» («Голос и феномен» (Голос и феномен и другие работы по теории знака Гуссерля);
- «Философия алаңы» («Поля философии»);
- «Грамматология туралы» («О грамматологии»);
- «Жануарлық, демек, мен сол болып табыламын» («Животное, которым я следовательно являюсь»).

Ж.Деррида бір қырынан постструктурализм өкілі, екінші бір қырынан таным теориясында өзіндік ойларымен танылған ойшыл. Дерриданың деконструкциясы жалпылама таным мен мәтін туралы пайымдаулардан құралады. Оның деконструкциясын белгілі бір әдіс, таным құралы, тұтас жүйе, танымның бір формасы ретінде т.б. қарастыруға да келмейді. Дегенмен, оның идеяларының негізгі бағдарларын, деконструкция туралы идеяларын былайша жинақтап көрсетуімізге болады. *(Ж. Деррида еңбектерін оқу үшін алдымен, герменевтиканың негізгі қағидаларын меңгеріп алу керек).*

Ол да басқа постмодернистер сияқты дәстүрлі еуропалық философияның көптеген жақтарымен келіспейді. Ж.Дерриданың негізгі қағидасы бүтінді түсіну үшін бөліктерге бөлу, анализдеу. Әрине, постмодернисттер белгілі бір әдіснама немесе әдістер қолданылуға аса құштар емес, белгілі бір басым бағытты, тұрғыны (тұрғысынан келу, мәселен, диалектикалық тұрғы, психоаналитикалық тұрғы, гносеологиялық тұрғы, аксиологиялық тұрғы т.б.), қырларын (мәселенің белгілі бір жағын ғана алып қарастыру, мәселен, педагогикалық, психологиялық тұрғы немесе жеке әдістік тұрғылар) да басшылыққа алып идея ұсыну маңызды болып қарастырыла бермейді. Сондықтан да, Ж.Деррида бұл тұста, тұтас құбылысты зерттеу үшін алдымен, оның бөліктерін қарастыруды негізге алғандығын көруімізге болады.

Ж.Дерриданың басты ұстанымы: «Мәтіннен басқа ешнәрсе жоқ». Өйткені, Ж.Деррида бойынша әлемнің өзі тұтас мәтін, мәтін арқылы ғана біз әлемді тануға ұмтыламыз, ол мәтіндер тіл мен айтылу түрінде ғана беріледі. Мәселен, кез-келген нәрсе, құбылыс, үдеріс, заттар т.б. әлемдегінің барлығы да мәтін, өйткені, біз осы объектілер туралы ойлай бастағанда-ақ, оны сипаттау, айту, бейнелеу, оған қатысты өз ойын айту үшін мәтінге жүгінеміз (немесе айтамыз), басқа жолы жоқ. Ал қабылдау, түйсік, елестету т.б. нәтижесінің барлығы да мәтін түрінде сыртқа шығарылады, жарияланады, «әйгіленеді». Біз бұл тұста мәтіннен басқа (оның үстіне қазіргі заманда) құрал қолдана алмаймыз. Мәтін герменевтикалық тұрғыдан алғанда, өте кең мағына береді (ол тек қана кітаптағы, қағаздағы жазу ғана емес): кітап, ғылыми мәтін, картинкалар, кинолар т.б. барлығы тұтастай алғанда мәтін болып саналады.

Ж.Деррида бұл тұста, жазба мәтінге аса маңыз береді. Ол негізінен алғанда (ешнәрсеге сүйенбейтін болса да) тіл философиясына (философия языка емес, лингвистикалық немесе аналитикалық философия) сүйенеді. Сондықтан да, мәтінді негізгі объект ретінде таңдап алады, өйткені, «бәрі де мәтін». Сондықтан оның философиясында осы тілдік философия, герменевтика, феноменология т.б. ағымдардың ұғымдар жүйесі қолданыс тауып отырады және өз бетінше де терминдер қосады немесе жай ғана сөздерге басымдық беріп, оны терминдерге,

негізгі ұғымдарға айналдырғанға ұқсайды. (Алайда өздері қашанда танымда, философияда, руханилықта т.б. ешнәрсені де орталыққа шығармауды ұсынады, «ацентризм» деп аталған түсінік бойынша, бір ұғымды, құбылысты орталықтандыру осыған дейінгі философияның «қателігі», сондықтан да, «орталықсыздандырумен» ғана ойды білдіру керек).

Постструктурализмде тілге қатысты философиялық бағыттардағы (герменевтика, феноменология, тіл философиясы, логика, тіпті қарастырып отырған постструктурализм) ұғымдар: белгі мен заттар, белгілейтін (сөз, рәміз) мен белгіленетін (кез-келген барлық объект), субъект пен предикат, семантикалық мағына мен оның берілу жолы, денотат (заттардың өзі) пен десигнат (атаулармен сілтенген нақты нәрсе) т.б. қолданыс табады.

Ж.Деррида осы тұста, мәтіндегі мағына мен тілдің байланысын да басшылыққа алады, ол сайып келгенде, Ж. Деррида үшін логика (мазмұн, ой, мағына) мен риторика (сөз, тіл, айту) қатынасы болып шығады. Шындығында, оның үңіліп отырған бұл мәселесін ұғыну үшін, лингвистикалық философиядағы сөз бен мағына туралы пайымдауларды еске алу керек. Ол ең қарапайым түрде көне Қытай философиясындағы атаулар мектебінде көрсетілген. Олар да сөз, сөйлем мен мағына қатынасына айрықша үңіледі. Мәселен, дүкеннің сыртында: «бүгін тегін, ертең қарызға беріледі» деген жазу болса, оның ешқандай да «нақты пайдасы мен мағынасы жоқ» деуге болады. Өйткені, ол жазудың қашан жазылғандығы маңызды, сондықтан, бүгін де, ертең де әлдеқашан өтіп кеткен (осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады).

Демек, лингвистикалық философияның толғаған маңызды мәселерінің бірі, (қарапайым тілмен айтсақ) – сөз, атаулар дүниедегі бейнелеп тұрған нәрсенің өзіне сай келе ме? Сондықтан да, объект атауы (сөз, рәміз, ым т.б.) мен сол нәрсенің өзінің мазмұны, мәні т.б. түсіну үшін (танымның бір үдерісінде уақытша ғана) оларды ажыратып қарастыру жиі кездесетін ойтолғау болып табылады (кейіннен, Остин, Айер, Мур т.б.). Сондай-ақ, атаулар мен сөйлемдер де шартты болып келетіндігін ұғынуымыз керек.

Ж.Дерриданың мәтін мен мағына туралы деконструкциялық көзқарастарынан да нақты жүйелілік пен бірізділікті, жалпы мен жеке қатынасын, себеп пен салдар, туындап шығатын ойдың логикалық тізбегін іздеудің қажеті де жоқ, өйткені, постмодернистер өзіндік бір жаңа ойтолғау мен пайымдау үрдісін ұсынады да, өздері де сол ойлау машығын негізге алады. Өйткені, танымдағы бұл инструменттер тек логоцентризмнің (ақылды басымдылыққа шығару) элементтері болып шығады. Постмодернистерде логоцентризмсіз де ойлауға болады, логоцентризм (ақылды орталыққа шығару, оны барлығының бірден-бір өлшемі ретінде тағайындау) әрине, қолданылады, бірақ қасаң қағидалар, дәйектелгендік, бір-бірі бірімен тығыз байланыстылық т.б. тәртіппен ойлау емес, барынша еркін ойлау маңызды болып шығады. Өйткені, логоцентризм жалпы руханилық пен таным табиғатына (бұл жерде қазақ дүниетанымындағы ақылдың қатысы жоқ, ол басқа жазықтықтағы түсінік ретінде бағалануы тиіс) үнемі үстемдік жүргізіп келеді деп түсінеді (бұл жөнінде басқа тақырыптарда тереңірек қозғалады).

Ж. Деррида алдымен, сол мәтіннің табиғатына үңіледі. Жазылған мәтіннің мақсаты, ол оқу, жай ғана оқу емес, оны түсіну болып табылады. Мәтіннің одан басқа қызметі де, мағынасы да, болашағы да жоқ, өйткені, ол сакральді, оқуы

күпия, оқылмайтын белгілі бір адамдар ғана түсінетін (эзотериялық) жазу емес, міндетті түрде оқылып түсінілуі керек екендігі белгілі жайт.

Сондықтан да, Ж. Дерриданың бұл тұстағы басты қағидаларының бірі – мәтін оқу үшін (біреудің айтқаны емес, оқырманның өзі), демек, мағына оны жазу арқылы емес, оқу арқылы құрылымданады. Мәтіндер негізінен алғанда, әрине, субъективті, тек автордың өзінің жеке ойы, көзқарасы, білім деңгейі, тіпті мінез-құлқына да байланысты жазылады, бұны Ж. Деррида мәтінге автордың өз ойын өзгелерге «таңуы» ғана деп түсіндіреді. Автордың ойы нақтырақ айтқанда, авторитарлы, догмалық, өзі түсінген дүниелерін ғана жазуы болып табылады. Әрине, автор өз ойын өзгелерге таңуды, «тек мен сияқты ғана ойлаңдар» деген қағиданы саналы, әдейі, жоспарлы түрде ұйымдастырып барып жазбайды немесе санаға сіңірудің (внушение), манипуляцияның, гипноздың т.б. психотехникасын қолдануды мақсат етпейді. Ол автор үшін ерікті-еріксіз түрде өздігінен жүзеге асатын үдеріс.

Осыдан постмодернистік тұрғы: «бір мағынадан қашу және көпмағыналық екендігін түйсіну» қажет екендігі туындайды. Көп мағыналық, яғни, плюралистік бағдар болуы тиіс, өйткені, бір ғана бағыт, бір ғана мағына адасуды туғызады, өйткені, автор мен оны солай түсінуі тиіс болып ұсынылған Идеясы, әрине, абсолютті ақиқат емес, олай болуы да мүмкін емес деген қағиданы ұстануға болады.

Кез-келген мәтіннен тек бір ғана мағынаны түйсінуге болмайды, бір ғана мағына, ол – автордың немесе оқып отырған адамның өзінің түсінген деңгейдегі ойларының жиынтығы ғана болып шығады. Авторда, мәтіндерде «тек қана өз ойын өзгелерге таңу» байқалады, әрине, ашық түрде емес. Демек, кез-келген мәтінде көп мағына бар. Оны оқып отырған адамның өзі жан-жақты түсінуге болатындығы өз алдына, қаншама адам оқыса, соншалықты мағына пайда болады. Яғни, сол оқып отырған мәтінді мысалға алсақ, мәтін біреу, ал мағына көп түрлі. Осы көптүрлі мағыналардың кейбір жақтары, тіпті көпшілігі де нақ сол мәтіннің өзінде берілмеуі де мүмкін. Оны оқу арқылы оқырманның өзі тудыра алады. Олай болса, мәтінде мағына «жоғалады».

Бұл тұста ескере кететін жайт, «бір мағынаны таңу», «мағынаның жоғалуы» деген түсініктер де шартты, сол бір мағыналықтан қашу үшін қолданылған түсініктер деп ұққан жөн (тура абсолютті мағынасында ұғынбау қажет). Дегенмен, Ж. Деррида идеясы осыған келіп саяды, бұл ұғымдарын өзі бастысы осы деп санайды.

Бұл тұста, Тіл басты роль атқарады, адам дүниені тек тіл арқылы ғана таниды. Тіл ойды жарыққа шығарудың құралы т.б. бұрыннан тіл философиясынан (философия языка) белгілі жайт. Ж. Деррида бойынша да автордың ойын жеткізу үшін, тек автор ғана емес, барлық адамдар үшін «тіл дәнекер». Бұл дәнекер құрал тәрізді (мәселен, жерді қазу үшін күрек керек, күрек – құрал). Олай болса, Тіл де басты, маңызды, бірден-бір құрал. Тіл жай ғана дәнекер емес, «бірден бір дәнекер» болғандықтан да оған басты назар аударылып отыр. Тіпті адам сөйлемесе де, ыммен түсіндірсе де ол «ым тілі» деп аталады. Тіптен болмаса, лингвистикада «адами емес тіл» деген ұғым бар. Ол мәселен, жануарлар тілі. Ал адами тілдің басты қызметтерінің бірі мәтінмен беру, жазу. Бұл тұста, тек ғылыми шығарма,

публицистикалық мақала, әдеби көркем шығармалар т.б. ғана емес, кез-келген айтылған ой да тіл арқылы берілген мәтін екендігін ескеруіміз керек.

Ендеше, мәтіндегі тілдің өзінде көп мағыналық бар. Бұл тұста, тілдегі омонимдер, рәміздік тіл, ауыспалы мағына т.б. екінші кезекке ығыстырсақ та (оларды айтпағанның өзінде), тілдегі көп мағыналықты естен шығармауымыз керек.

Тіл мәтінге басқа қырынан келуге мүмкіндік ашады, басқа мағына ашуға мүмкіндік береді. Өйткені, тіл тотальді, тек монистік (бір мағыналы) емес, әсіресе, сөйлемдерде, абзацтарда мағына бір мағыналықтан ажырай береді. Мәселен, кейбір авторлар тіл арқылы кейде өзіне өзі қайшы келіп отырғандығын байқамай да қалуы ықтимал.

Сондықтан да, Ж. Деррида бойынша, бұл тұста сол тіл арқылы мәтіннен, автордан тыс интерпретацияға жол ашылады. Демек, мәтінді де, авторды да екінші жоспарға ығыстырып тастасақ, басқа мағыналар туындайды, әрине, сол бір мәтінді объект ретінде алып отырғанда ғана бұл құбылыс жүзеге асады. Бұл тұста, адамдардың барлығы абсолютті түрде бірдей ойламайтындығы түсінікті жайт. Көзқарастар ұқсас болуы мүмкін немесе кез-келген оқырман мәтінде таңылған белгілі бір идеология (саяси, діни, ұлттық т.б.) аясында ғана ойлауы мүмкін, бірақ бір деңгейде, бірдей шамада ойлай алмайды (Осы тұста, Р. Барт бойынша негізгі автор «жоғалады» (смерть автора), бұл келесі тақырыптарда қозғалатын мәселе). Мәтін мен автордан тыс интерпретацияға ашылған мүмкіндік деген осы. Мысалы, екі түрлі мағына туындайды. Үшінші, төртінші, бесінші мағыналарды да осылай тудыра беруге болады (өйткені, постмодернизмде жағымды-жағымсыз деп бинарлық ұстанымда болу да дәстүрлі, стереотиптік, қасаң бағдар). Ж. Дерриданың ұстанымы, басқа да постмодернистер сияқты еуропалық дәстүрлі философиямен «күрес». Әрине, күрес шартты мағынасында қолданылып тұр, дегенмен, олар дәстүрлі философиялық ойлауды қасаң қағидалар ретінде ұғынады.

Ж. Деррида бұл мәселеге тереңдей ене түседі. Ол «гипертүсіну» ұғымына маңыз береді. Яғни, қарапайым тілмен айтқанда, тым асыра, тереңдеп, мәтіннің ішіне бойлай еніп барып түсіну. Мәтінді жай ғана түсінуге болады, ол автордың айтайын деген ойын түсіну немесе көпшілік қабылдаған «үстірт түсіну» деп атауымызға болады. Бір ескеретін жайт, Ж. Деррида, герменевтиктер, К. Ясперс сияқты философтар бойынша да мәтінге тереңірек ену қажет. Автордың өзі аңдамаған, байқамаған, тіпті ой деңгейі жетпеген т.б. мәтін астарында үлкен шексіз мазмұн бар. Оны образды түрде, Айсбергпен салыстырып қарауымызға болады. Мысалы, мәтіндегі автордың ойы тек бізге көрініп тұрған, белгілі болып тұрған, оңай түсінілетін немесе автордың ойы бойынша ғана ұғынылатын Айсбергтің беткі, су үстіндегі бөлігі тәріздес. Ал астыңғы бөлігі көзге көрінбейтін болғандықтан, оны ешкім аңдамайды, шындығында, айсбергтің үштен бір (мүмкін одан да аз) бөлігі ғана көрінеді, негізгі бөлігі судың астында жатыр. Міне, автордың ойын осы образды түрде бейнелеп айтсақ, «Айсбергтің су бетіндегі бөлігі» ғана, қалғандары авторда, мәтінде айтылмаған, оқырман оны ашуына, өзі түсінуіне болады. Осы мәтін астарындағы ойларды түсіну гипертүсіну болып шығады. Әрине, автордың ойы мен мәтінде берілген мазмұнды, алдымен, сол деңгейде түсініп алу керек, ал әрі қарай тереңдеп түсіну ол екінші жоспардағы

гипертүсіну болып табылады. *(Бұл мәселелер негізінен алғанда, герменевтикада да кездеседі).*

Ал егер де «автор аса талантты болып бәрін айтып кеткен болса ше», бұл теориялық тұрғыдан да, практикалық тұрғыдан да мүмкін емес, демек, гипертүсіну шексіз үдеріс. Демек, гипертүсінуге автор да, берілген мәтін де кең жол ашады. Бұны мысалы, суретшінің туындысынан байқауға болады, суретші өз туындысын түсіндіріп отырмайды, ол интуитивті, шығармашылықты, сезімдік түрде өз ойларын беруі мүмкін, ал оны ғылыми тұрғыдан талдау, сайып келгенде, гипертүсінуді керек етеді. Шындығында, Ж.Деррида бойынша, барлық мәтін осылай құрылымданады, мәтін астары жазылмаса да, сол мәтінде ол «бар» деген сөз. Автор айтпаған ойды тереңдетіп айтсақ (әрине, сол мәтінге қатысты алғанда) ол гипертүсіну болып шығады.

Деконструкция жоғарыда айтылғандай, белгілі бір әдіс емес, мәтінге қатысты жүріп отыратын үдерістер ғана. Мәселен, мәтінді сынау, оны түсініп жазып алу, оқып шығу арқылы өздігінше түсіну, өзіне қажеттілерін алу т.б. бастапқы мәтінді қайтадан «өзгертіп» жібереді. Бұл тұста, Ж. Деррида бұрынғы мәтіндерді жоққа шығару қажет, ескілік, өткен, қасаң қағида, дұрыс құрылмаған ойлау жүйесі т.б. деп бағалағанмен, мүлде қажетсіз деп санап, түбегейлі терістеуді ұсынбайды. Ол мәтінді «тазартуға» да болады деп түсінеді, верификациялауға да мүмкіндік беріледі. Мәселен, философиялық мәтіндердегі мистикаларды, мифологияларды, метафизикалық мәселелерді, схоластиканы, ғылыми емес сөйлемдерді т.б. алып тастауға да болады. Демек, деконструкциялау, қайта құрылымдау, мәтінді жоққа шығару, оны жанарту, өз ойын қосу емес, шындығында, Ж. Деррида бойынша верификациялау болып шығады. Мәселен, біз Көне Өсиет, Інжіл тәрізді діни мәтіндерді оқып шығып, ондағы мистика, мифология т.б. алып тастап, тарих ғылымына қажетті материалдарды қалдыруымызға болады.

Жазуда, мәтіндерде қашанда іздер сақталады. Бұл іздер өткеннің іздері. Ж.Деррида бойынша өткен белгілі бір құндылық, классика, беделді адамдардың заңдылықтары мен заңдары, қатаң ережелері мен аксиомалары емес, өзінен әлдеқандай кейінгіге қажетсіз-қажетті қалдырған Іздері болып саналады.

Ж.Деррида бойынша, жазу дегеніміз «белгілерді графикалық түрде белгілеу» болып табылады. Нақтырақ айтсақ, бастапқы белгінің өзі (жазылатын сөз, рәміз), шындығында белгі болып табылады. Әрине, ол белгі сол заттың, құбылыстың, үдерістің өзі емес, оны сол күйінде қағаз бетіне орналастыра да алмаймыз, тек белгілейміз, ол белгілеу дәстүрлі түрде, әріптер, сөздер, сөйлемдер, тым болмаса, рәміздер, таңбалар т.б. Ендеше, осы белгілерді қағаз бетіне түсіру оларды қайтадан Белгілеу болып табылады. Демек, жазу (графика) сол белгілерді қайтадан белгілеу деген сөз. Демек, рәміз (атаулар, сөздер) рәміздерді (жазылған таңбалар) сілтейді деген сөз. Жазу бұл тұста, нақты дүниетанымнан алшақтайды, дүниетаным деп жүргеніміз жай ғана рәміздердің рәміздерді сілтеуі (бір-біріне сілтеу мағынасында) болып шығады. Жазуда кез-келген объектінің тура мағынасы емес, рәміздік түрлердің тұтас кешені көрініс табады.

Жазумен қатар Айту (дыбыстап сөйлеу) да бар. Ол да белгілі бір мәтіндерді жеткізу, сыртқа шығару, өзгелердің қабылдауына ұсыну. Бұл Ж. Деррида үшін фонологоцентризм болып шығады. Қысқаша түсіндіріп өтсек, фоно (дыбыс, айту) бұл да жазу сияқты, әрине, өзіндік айырмашылықтары бар болса да, ол да

логоцентризмге сүйеніп кеткен. Бастапқы алғашқы қауымдық құрылыста мүмкін айту маңызды болмаған шығар. Бірақ кейінгі адамзат қоғамындағы дыбыстап айтулардың өзі логоцентризмге өтті.

Ж. Дерриданың логоцентризмге қарсылығындағы өзіндік пікірінің бірі, ол – өткеннен қазіргіні үстем қоюдың метафизикалық ойлауы. Постмодернистік пайымдаулар ХІХ ғасырдағы позитивизм ағымынан бастау алған метафизикалық мәселелерді жоққа шығаруға қолдау білдіреді. Метафизикалық шешілмейтін, мағынасыз мәселелерден философияны тазартуды көздегендігіне де бұл тұста, шегініс жасауымыз керек: яғни, қарапайым айтқанда, мыңдаған жылдар бойғы философияда талқыланып, бірақ шешімін таппаған, таппайтын мәселелер өздігінен ығыстырылуы қажет. Ол – субстанция, рух. Әлемді ақыл, ақиқат, Абсолют т.б. түсініктерден анығырақ көрінеді. Мәселен, философтар мен басқа да ғалымдар ақиқатты мыңдаған жылдар бойы іздеп келеді, бірақ нақты нәтиже мен түйін шешіліген жоқ, сайып келгенде, ол ақиқаттың өзі қаншама ақиқат туралы толғаныстар болғанмен, тек «салыстырмалы ақиқаттар» деп алатындарға ғана қол жеткізді. Немесе, Рух ұғымы да нақты тәжірибеден өткізілмейтін және осылай жалғаса беретін түсінік болып қыбылданады. (Б. Рассел сынды тілдік құрылымдарды зерттеу арқылы оны берудің тәсілдері бойынша бұл метафизикалық мәселелерді шешуге болады деген көзқарастардан басқа). Постмодернистер де осы метафизикалық мәселелер мен метафизикалық толғаныстарға қарсы бола отырып, «постметафизикалық ойлауды» басымдылыққа шығарады.

Ендеше, қашанда соңғы айтылғанды, жазылғанды «дұрыс» деп қабылдау иллюзиясы басым түсіп отырғандығына да Ж. Деррида назар аударып, ол да логоцентризм элементі деп бағамдайды. Бұл да өткен мен қазіргіні қарама-қарсы қойып, қазіргіні басымдылыққа шығару деп санайды. Жалпы алғанда, Ж. Дерриданың осындай ой машығы: «әлемді бинарлық позицияға қойып түсіну» де дәстүрлі еуропалық философиялық ойлау машығындағы стереотиптер болып табылады: ізгілік пен зұлымдық, трансценденталдылық пен эмпирика, рационалдылық пен эмоционалдылық т.б. Осы бинарлық позицияда (оппозицияда) немесе оппозицияға қоятын позицияда логоцентристік ойлау бойынша біреуін жоғары қойып түсінетін иерархиямен ұғынушылық бар. Көбіне біреуін жоғары қою: рационалдылық, ізгілік т.б. жиі кездесетін ойлау конструкциясы екендігі шындық. Нақтырақ айтқанда, Ж. Деррида осы құрылысты терістейді, олай қарсы қойып қарамай-ақ та ойлауға болады деген сияқты пікірлерін ұсынады.

Осы «бинарлық дүниетанымға» тағы да шегініс жасауымыз қажет. Психологияда ойлаудың ассоциациясы деген ұғым бар, оның бірнеше түрлері тиянақталған: себеп-салдарлық, қарама-қарсылық, туыстық, жалпы мен нақты т.б. Олар осы қарама-қарсы құбылыстың бір жағын ойлағанда, еріксіз екіншісі ойға оралады, ол ойлаудың автоматты түрде жүзеге асатын үдерісі, «қарама-қарсылықтар ассоциациясы» деп түсіндіруімізге болады, біріншісі арқылы екіншісінің ойға оралуын ойдағы іліктестіктер деп түсіндіруге болады. Ол еркін ассоциациялар күнделікті адам өміріндегі, тұрмыстағы ойлау мен сөйлеуде негізгі тақырыптар болып табылады, демек, тақырыптар тез ауысып отырады деген сөз. Сайып келгенде, бұл да постмодернистік бағыттағы мәселелердің бірі, мәселен,

осы еркін ой ассоциациясы бойынша жазсақ, тіпті ғылыми мақала, кітап, идея болмасын, олар да еркін ассоциация бойынша құрылуы тиіс, өйткені, адамның ойлауының өзі осындай еркін ассоциациямен жүзеге асады. Мәселен, күнделікті өмірде, тұрмыстық мәселелерді айтатын қарым-қатынастарда, жай әңгімелесуде ешкім де біріншіден, екіншіден, үшіншіден, оның себебі, салдары деп тиянақтап ой айтпайды. «Бүгін ауа райы жақсы екен, Бүгін көңіл күйім түсіп кетті, Қазір дүкенге бару керек» т.б. байланыссыз құбылыстар аясындағы әңгімелер өрбиді. Ендеше, постмодернизмде мәтіндерді де (кейде, белгілі бір жағдайларда) осылай жазуға болады, ол адамға баяндаушыға берілген Еркіндік деп түсінілген. Сондықтан да, қазіргі таңда да Қазақстанға келіп жеткен постмодернистік әдебиет, кейбір ақындардың шығармашылығы осы бағытта өрбиді.

Бинарлық позициялық ойлаудың ерекше бір көрінісі, біздіңше, диалектикалық ойлау, диалектикалық логика, нақтырақ айтқанда, «қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі» заңы ретінде ұсынылған диалектиканың заңы бойынша ойлау деп те жуықтап түсіндіруге болады (әрине, бинарлық позиция мен диалектикалық ойлаудың арасында өзіндік айырмашылықтар да бар). Әлемде бәрі қарама-қарсылықтардан тұрады, сондықтан, бұл заң объективті деп саналады. Ал постмодернизмде қарама-қарсы қойып түсіну қалыптасып қалған (стереотипті) ойлаудың бір түрі және ол ақиқатты ашуға алып бара жатқан сияқты болғанымен, мүлде олай емес деп ұғынылады.

Ендеше, сол бинарлық оппозицияларды тауып, оны, сол екі жақты айыру қажеттігі, сәйкесінше, антиподқа ауысып кетуді ажырату керек екендігіне алып келеді. Егер ауысып кетсе, онда мәтіндерде инверсия пайда болады, яғни, қарама-қарсы жақ туралы мәселе қозғалады деген сөз. Бинарлық позицияның екі полюсі тең екендігіне қарамастан, кей жағдайда, Ж. Деррида бойынша, деконструкцияда жазылған мәтіндер Хат болып табылады. Ол хаттар белгілі бір шындықты, ақиқатты ашу үшін емес, баяндаулар болғандықтан, бәрі де Хат түрінде кездеседі. Сондықтан да, Ж.Деррида үшін нәтиже емес, үдеріс маңызды болып табылады. Шындығында, нәтиже деп нені айтып отырғанымызды да түсіну керек, ол қандай нәтиже, ешнәрсе аяқталмайтын болса, одан қандай нәтиже шығуы мүмкін деген сауалдар туындайды. Сондықтан да, қандай да болмасын нәтижелер аяқталып қалмауы тиіс, аяқталып қалған салыстырмалы нәтижелердің барлығы түпкі нәтиже емес, ал үдеріс шексіз жүре береді.

Онтологиялық тұрғыдан келгенде де, қандай нәтижені аңдай аламыз, тіпті болмыстың, ғарыштың өзінен қандай нәтижені көруге болады. Адам, тіптен адамзат өзінің қысқа ғана ғұмырында (тіпті тұтастай адамзат болмысының өмір сүруінде) қандай нәтижелер алынуы ықтимал, әлем «шексіз» және уақыт бойынша мәңгі болса, біздің нәтижелеріміздің барлығы уақытша, әрі мәнсіз болып шығар еді. Жалпылама алсақ, нәтиже, мүмкін адамзат тіршілігі аяқталғанда болуы ықтимал, бірақ оның өзі шартты. Ал адамзат тіршілігіндегі ғылым мен білім, таным аяқталмайтын шексіз үдеріс. Сондықтан, салыстырмалы нәтижелер болуы мүмкін, бірақ үдеріс оған қарағанда нақты, әрі жүзеге асып отырады. Осыдан кері шегініс жасасақ, прагматизмдегі тихизмге мән беруіміз керек, демек, «әлемді әрқилы оқиғалар билейді» деген қағиданы негізге алу керек. Осы оқиғалар тізбегі Ж. Делез бойынша дәстүрлі танымда «сингулярлық» деп аталып жүрген құбылыс болып шығады (бұл өз алдына бөлек тақырып).

Өнер туындыларын талдау: кино күй, би, музыка, картина т.б.

Орындалу тәртібі: студент «Практикалық философия» пәні бойынша, оқыту бағдарламасында бекітілген (силлабуста) өзі таңдаған және білім беруші ұсынған (екеуінің келісімі негізінде) «өнер философиясы» тақырыбы бойынша қазақ халқы немесе әлемдік өнер туындыларының бір жанры, оның ішінде, нақты бір туындыны негізге ала отырып, сол туындыға философиялық талдау жасау ұсынылады. Егер де, 2 немесе одан да көп студент бір туындыны таңдап алған шақта, олардың интерпретациялары да әрқилы болуы тиіс.

Талдау ғылыми философиялық болғандықтан, кемінде, бес сілтеме (пайдаланылған әдебиеттер) болуы тиіс. Өйткені, бұл талдаудың нәтижелері келешекте, ғылыми басылымдарда мақала ретінде жариялауды да мақсат етуі мүмкін.

ҮЛГІ

К.Дүйсенбаевтың «Тастар» туындысының көркемдік-философиялық ерекшеліктері



Бүгінгі күнгі еліміздің тәуелсіздік алып, оның егемендігінің көрінісін түйсініп, рухани мәдени өрлеуімізді сезініп отырған шақта руханияттыққа бетбұрыс, оның мәніне үңілу, таразылау мен сараптау қайтадан өркендеп, өнер туындыларын байыптап қарау үдерісі қайтадан қолға алынып келе жатыр. Осы орайда, Қазақстандағы бейнелеу өнерінің дамуы белгілі бір деңгейге көтеріліп, әлемдік өнер аренасында өзіндік орнын айғақтап, еліміздің суретшілері де дүниежүзіне танылып, халқымыздың бұл саладағы шығармашылығы мен еркін ойлылығының өзіндік төлтума ерекшеліктері паш етіліп келе жатырғандығы жасырын емес. Қазақстандық суретшілердің ішінде өзіндік қолтаңбасымен айрықшаланатын—К.Дүйсенбаевтың шығармашылық табысы да әлемдік суретшілер қауымдастығы мен қазақстандық өнер аймағында өзіндік беделге ие. Суретшінің сан алуан тақырыпта жазылған туындылары мен олардың мазмұндық ерекшеліктерінің әр түрлілігі сыртқы дүниені бейнелеуде, белгілі

бір көркемдік танымның қырларында эстетикалық, философиялық, логикалық мағыналармен толықтырылып отырылады және формасы жағынан таза кәсіпқойлықтың деңгейін қамтамасыз етіп тұрады.

«Әрбір философтың философиясы оның қандай екендігінен хабар береді» деген дәстүрлі қалыптасқан тұжырымға сәйкес, суретшінің туындылары да, сол талант иесінің дүниетанымы мен ділін, мінез-құлқы мен қоғамдағы орнынан мәлімет беріп тұрады. К.Дүйсенбаевтың еңбектері де көп жағдайда ешкімге ұқсамайтын, өзіндік шығармашылығымен толықтырылған, қайсыбір терең сюжеттерді мәтін астарында беруге ұмтылатын қат-қабат мазмұндарды жинақтайды. Сондықтан оның туындыларын түсіндіріп беру мен талдау өзіндік қиыншылықтарымен, күрделілігімен ерекшеленеді. Ең бастысы суретшінің еңбектерінде терең философиялық идеялар қамтылады және қарапайымдылық үстемдік етеді, құрылым, яғни, композиция әр түрлі құбылыстарды жүйесіз кіріктіріп жібермейді. Өнертанушы А.Юсупова да-К.Дүйсенбаев, К.Мулласhev, Б.Табиев сынды еліміздегі өнер иелерінің қарапайым заттардың құндылығын бекітушілер екендігін байыптайды. Ендеше, «осындай қарапайымдылықтардан қаншалықты деңгейде парасатты ой иірімдері мен әсемдік идеалдар туындайды» деген заңды логикалық сауал бойынша, біз оның бір туындысын, атап айтқанда, «Тастар» деп аталатын еңбегін мысалға ала отырып, талдап көрсетпекпіз.

Бірінші формалық көрінісіне тоқталсақ, бұл еңбектің де композициясы, демек, құрылымы күрделі емес, қарапайымдылық константтылығы жайлаған және аса маңыз берілмегенмен, кубизмнің елесі бар. Мәселен, тұтастай алғанда, кенеп квадратпен екшелген, ол симметрияны қамтамасыз етуге мүмкіндік ашады, объект нақ орталыққа орналастырылғандықтан диагональдық аймақтардың өзіндік үлесі арасалмақтардың теңдігін қамтамасыз етіп, сюжетті барынша толықтыруға бағдарланған. Осы объектідегі тастардың формасы натурализмге сай стихиялы формалармен жабдықталған. Шындап келгенде, табиғатта да «тас» өзінің формасының тым қарабайырлығы арқылы бірден көзге түсетін элемент және ішкі қасиеті ашыла қоймайтын шағын компонент. «Тас» – бұл бейнеде жалғыз емес, бірнешеуі өзіндік бір табиғи ансамбль арқылы геометризацияланады. Осы стихиялы формалар немесе «формасыздық» туындының ішкі табиғи мәнін ашуға мүмкіндіктер береді немесе тіпті, бұл тастар шығарманың негізгі ерекшеліктерін айғақтап береді деп айта аламыз. Даналыққа ұмтылыстың тарихында, көне Грекияда «бұлыңғыр» (темный) философ атанған Гераклит бұл атауға өзінің күрделі ой пікірімен, терең пайымдауларымен өмір сүрген ғылыми ортасында құрметтеушілік мәртебесі ретінде ие болған болса, сәйкесінше, К. Дүйсенбаевтың кескіндемелерін шолып шығып, оны көпшілік атап жүргендей «қара» суретші деп емес, «күңгірт суретші» деп атауымызға болады. Біз таразылап отырған «Тастар» туындысы да осы күңгірттік үстемдігін негізге алған. Бірақ күңгірттіктің тұтастығының өзі, барынша ішкі контркомпозиция бойынша өзіндік мағынаны беретін құбылуларды құрайды. Айқынсыздау күңгірт фонда айқынырақ күңгірттік орналастырылады, демек, ашық түстер қылаң бере бастайды. Ол екі жоспарда

қарастырылған: сол жақтағы бозғылт түсті тас пен жоғарыдағы сары түсті тас және кіші елеусіз фондағы қызғылт реңктер. Демек, ашық контрастылық берілмеген, авторда контрастылық жабық және контрконтрастылық стилінде айшықталады. Бұл идеяның философиялық қырын және оның тылсымдылығын паш етеді. К. Дүйсенбаевтың шығармашылығының ерекшелігі осы тұста түстердің үйлесімділігінің қалыпты, дәстүрлі емес, стандартты емес қағидаларын басшылыққа алуымен көріне алады. Жоғарыда көрсетілген бозғылт реңк фон мен төмендегі тасқа бағдарланған, нақтырақ айтқанда, боз түс қоюлана түсу арқылы осы бояуларға тікелей алып барады, сәйкесінше, еңбектегі сары мен қызылдың туыстығы да осы беталысты білдіріп тұр. Ал күңгірт фонның өзі тұтастай алғанда, сәл айрықшаланған сәттер арқылы шартты түрде үшке бөлінген: жоғары бозғылт, төменгі қою қоңыр, сол жағы осы реңнен елеусіздеу сәл ашықтау түсті таңдап алуымен өзіндік көркемдік сипатын ашып тұр. Бозғылт тастың түстер жымдастығына кірігуінің тағы бір нұсқасы осы фондағы үш аймақтың жоғарысының бояуымен сәйкестенуі болып табылатындығын да ескергендігіміз жөн. Автор тастарды көркемдеуде астыңғы бөліктегі мозаикалы элементке де маңыз берген. Ол үстіне орналасқан қара қоңыр таспен өзіндік контрастылық туғызады.

Шығармада кеңістік екі өлшемге сыйғыздырылған және уақыттан тыс болғандықтан динамика мен қозғалыс, екпін мен шабыт белгілі бір призмада баса қатыстырылмаған. Элементтердің көлемі мен пропорционалды қатынастарының өзіндік жүйесі бар, ол қатаң логикалы тәртіпке емес, еркін құрылымға жүгінілген болғандықтан, табиғаттың шынайы қалпы мен стихиясының өзіндік ішкі мазмұнымен толықтырылған. Осы арқылы автор жалпы әлемдік үйлесімділік пен үндестіктің шағын үлгісін ашып тұрғандай болады. Бояулар символикасы қалыптасқан үлгілерден тысқарырақ, сондықтан ол көбіне суретшінің ішкі сезімінің символикасын беруге арналғандай. Осы тұста «Искусство есть выражение потребности человека в образно-символическом выражении и переживании значимых моментов своей жизни» - деген пікірлерді ескерсек, өнер иелері үшін бояу өздерінің толқынысын сыртқа шығарудың құралына айналдырылып отыратындығын байыптай аламыз. Бұл көріністегі анығырақ символика қоңырқай түстердің айналасына шоғырланған бояулардың ассимиляциясымен шартталады. Демек, символика жалпы жұмыстың мазмұнын ашып көрсететін тыныштық және қарапайымдылықпен келіп астасады.

Осыдан, бұл жұмыстың тақырып пен идея бірлігін ашу үшін, формалық талдаулардан мазмұндық түсіндірмелерге қарай ойысамыз. Алдымен «Тастар» тақырыбының таңдалып алуының өзі бейнелеу өнері туындыларында сирек кездесетін құбылыс. Тас – көркемдік ойтолғам тұңғышы тұрғысынан алғанда, сыртқы келбеті өзін-өзі тұйықтап жауып тастаған, оның ішкі мағынасы мен мәніне, мазмұнына енетін тетік қымталған жұмыр тұтастық. Бұл оның ішкі мағынасы жоқ дегенді білдірмейді, керісінше, тереңдеп енуі күрделі ішкі тұңғықты сипаттайды. Тас бір қарағанда жабық, аяқталған, екінші қырынан алғанда, өз сырын өзі ішіне бүгетін жансыз мүлгіген нәрсе. Демек, автордың

осындай тақырыпты таңдап алуының өзінен-ақ, «тұйықтықтың ішіндегі тұңғықты» терең сезіну қажет деген мәтін астарындағы ой ниеті жатқандығын аңғара аламыз. «Баяғы жартас бір жартас, қыңқ етер түкті байқамас», -деп Абай атамыз айтқан сыртқы құбылысты суретші тереңірек көркемдік түрде ашып көрсетуге ұмтылады. Жансыз әлем мен табиғаттың әрбір көрінісі белгілі бір деңгейде сансыз көп тұтастықтар мен ықшам үйлесімділіктердің жиынтығынан құралады. Оны әрбір қарапайым бірліктерден, құбылыстардан, заттардан анық байқауға болады. Осындай, табиғаттың ішкі тылсымдылығын түйсінген суретші «тастар» сәтін бейнелеуді нысанаға алады. Шығармада шиеленіс, оқиға, белсенділік пен экстраверттілік жоқ, керісінше иманентті интроверттілік жайлайды, себебі, алынған объектінің идентификациялық бірлігін сақтауды назардан тыс қалдырмайды, тіпті, тас арқылы ең көріксіз, ең тұрпайы болып көрінетін жансыз тіршіліктің «тынысын» толық сезіне білуді мақсат тұтады және суретші оны көрерменге паш ете білу қабілетін иемденеді. Гилозоизмді негізге алған Д.Скоттың «тастар да ойлай алады» деген ұстанымын рәміздік көркемдік түрде түсінсек, осындай туындылардың жарыққа шығуы заңды құбылыс. Тас шындығында, тек ұлттық қана емес, жалпы адамзаттық архетиптер аясынан тыс қалмайды. Мәселен, мистикалық сипаттағы – философиялық тас, діни сипаттағы – қара тас (қағба), ұлттық таным түсініктегі – таңбалы тас, тас мүсіндер мен тас жазулар т.б. Түркілер үшін жазу мәдениетін ғасырдан-ғасырға жеткізудің, тарихи жадының құралы болып келген тас тұрақтылық пен мызғымастықтың символы ретінде қалыптасқан. Мәселен, ұзатылған қызға да «тастай батып, судай сің» деп ақ жол тілеген халқымыздың дүниетанымы ұстамдылық пен бірқалыптылықты білдіреді. Демек, автордың ұстанымы бұл тұста, сырын ішіне бүккендікті, қатаң сақталуды, мызғымастықты, үнсіздікті, тыныштықты, қимыл қозғалыссыздықты, тылсымдық пен тәкаппарлықты, тәртіптілік пен қаталдықты т.б. тастың қасиеттерін толығырақ ашып беруді ниеттейді. Бұл жерде тастардың ішкі сыры әр түрлі түсіндірмелердің әр тараптануы ғана емес, тек тастарды нысанаға алу арқылы бүкіл жансыз тіршіліктің мүлгігендігінің жиынтық образын білдіруді орталық түсінікке шығаратын басты мазмұнды берумен байланысты болып келеді.

Автордың мүлгіген таспен көркемдік таным тұрғысынан үндестікке ұмтылысы натурфилософияны терең пайымдай алғандықтың нышанын білдіреді, тастарды бейнелеуде суретшінің ішкі психологиялық толғанысы мен сезімі анық байқалады, нақтырақ айтанда, ол адамның іштей өзімен-өзі тілдесуінің, жансыз табиғаттың жан сырын ұғына білудің және оны күңгірт түстер арқылы тылсым, асқақ, үрейлі сипатты болуымен қатар, әсемдікке ұмтылатын эстетикалық сипатын ашып беруімен көркемделеді. Демек, салқын қанды сезімсіз экзистенция лиризммен түйістіріледі. Бұл поэтизация мен сезімділік қайтадан албырттықтың нышанын туғызады, себебі, тұтас объектіге айналған тастар әр түрлі реңктермен қайтадан шабыт шақырады, асыл тастардың құндылығы мен әсемдігі автордың туындысын үмітсіздіктен үміттілікке, жабырқаулықтан жігер ұшқынына, қарапайымдылықтан

көркемделуге қарай жетелеп, осының шешімін екінші сатыда дүниенің адамға қайта ашылуымен табады. Яғни, тек қарапайым тастар болмысы ғана емес, асылданған, көркемделген тастардың рәсімделуі, өзінің романтикалық сарынын толықтырып, туындының тұтас бейнесін екі жақты шешіп береді; жабырқаулық пен көңілділік, бұл шындығында, екеуінің бірлігі кезектесіп келетін өмірдің өзінің жалпылама үлгісі болып шығады. Ал үшінші жоспарда ақшыл, сарғыш, қызғылт тастар өзінің әсемдігі мен тартымдылығын тұнық қою фон арқылы және кара қоңыр тастар арқылы аша түсіп, контрастылықтың жобасы құрылады. Осы сәтте туындыны өте алыс қашықтықтан және сәл жоғарырақ призмадан қарау қажеттігі туады. Жарық түсірілудің қажеттігі болмағандығының да себебі, сол ашық түсті тастардың өзі тұтас тастар ансамблін жарықтандырады. Ансамбль таза табиғи тұрпатта берілген, өңделмеген тастар стихиясы, әр түрлі форма мен түстер белгілі бір өзіндік құрылымдық жүйе құруға арналғандай. Себебі, тастардың пайдаланылмаған, безендірілмеген қалпынан феноменологиялық тұрғыдан алғанда, яғни, суретшінің ішкі субъектілік өлшемімен қарағанда, табиғатқа етене жақындық, белгілі бір деңгейде өркениеттіктен қашқақтау мен даламен етене байланыс сияқты толғаныстардың аңсаушылық лебі алыстан сезіліп тұрады. Бұл К.Дүйсенбаев кескіндемесінің көпшілігіне тән ортақ сарын. «Көру жеткіліксіз. Суретші заттың ішіне енуге, оны ішінен сезінуге және оның өмірін сезінуге тиіс», -деп атап көрсетілген өнер философиясының тұжырымдарындағы феноменологиялық әдіснама осы ретте біздің пікірімізді тиянақтай түседі.

Сонымен қатар бейнеде шартты түрде алғанда, тастардың арасына ашық кеңістік қалдырылмаған, олар кіріктірілмеген, тек біріктірілген болғандықтан, табиғат аясындағы әйгіленбеген, өзінің тылсымын ешкімге әлі ашпаған, үнсіз, бейтарап, белсенді емес үйлесімділікті паш етеді. Бұл жай ғана үнсіздік емес, оқшауланған үнсіздік болғандықтан, фонда ешқандай бөгде объект қатыстырылмаған. Оқшаулық жалғыздықпен шартталмайды, бірнеше тастардың бірлігімен, бейне бір толыққанды, кемелденген, қажеттінің бәрін өзінде қамтығандықпен және тәуелсіздікпен жабдыкталады. Тұтас көріністен шабытты экзистенцияның елесі байқалады, еңбек бір қарағанда ішкі тылсымдықты, екінші бір қырынан алғанда, мүлгіген тыныштық пен жабырқаулықты, үшінші бір призмада, құлшынысты білдіреді. Ал мәтін астарындағы бейсаналы терең мағыналар, диалектикалық екі полюстің төңірегіндегі құбылыстардың нышанын береді және өз мәнін өзінде сақтайтын алаңсыздықты қамтамасыз ете алады. Бұл туынды тек кеңістік пен уақыттан ғана тыс емес, ұлттық, саяси, идеологиялық, тіпті кең шеңберде алғанда адамзаттықтан және мистикалықтан тыс, онтологиялық мағынаға ие мәңгілік тастар бейнесін бойына жинақтаған әлем болмысының таным субъектісінің қабылдауының аясындағы бір сәті. Осы тұста: «Существует так называемые «вечные образы», которые вечны именно потому, что отражают существеннейшие стороны бытия, его конкретную истину в правдивом зеркале искусства», -деп атап көрсетілген пікірді мысалға алсақ, оның осы болмыс тәуелсіздігі мен мәңгілігін айшықтаған танымын байыптай аламыз.

Қорыта айтқанда, К. Дүйсенбаевтың «Тастар» туындысы тың тақырыпты қозғайтын және автордың қолтаңбасы арқылы натурфилософияны феноменологиялық тұрғыдан байыптаудың айнасы іспеттес сезімге бөлейтін, қоғам мен адамнан тыс өлі табиғаттың өзіне-өзі үнемі қайта оралатын болмысын таза күйінде бере алатын, экзистенциалдық көңіл күйді лиризммен ұштастыра отырып, философиялық ой қозғайтын таңдаулы туындылардың бірі деп айта аламыз және автордың неліктен танымал суретші болғандығын түйсінуге мүмкіндік ашамыз.

Бейнелеу өнері өзінің имманентті тұңғығы арқылы белгілі бір тылсымдық пен ішкі белсенділікті паш етіп отыратындығын ескерсек, еліміздегі суретшілердің «Өнер мәңгілік философия» деген ұстанымын бетке ұстасак, бейнелеу өнері туындыларының философиялық мазмұнын көркемдік таным тұрғысынан ашып көрсету үдерісін қолға алатын мезгіл келіп жетті деп айта аламыз.

ТАПСЫРМА ІІІ.

Сұхбаттастық түрінде БАҚ-тарда немесе басқа да ақпараттық желілерде мақала жариялау.

Орындалу тәртібі. Білім алушыға қазіргі заманғы өзекті мәселе бойынша нақты бір мәселені таңдап алып, журналист немесе басқа да қоғам белсенділерімен сұрақ-жауап түріндегі сұхбаттастық өткізу және оның нәтижелерін БАҚ-тарда немесе басқа да ақпараттық желілерде жариялау қажет. Сұхбаттастық еркін, өзекті мәселе, бұрын-соңды айтылмаған пікірлер, белгілі бір үдеріске философиялық тұрғыдан келу т.б. талаптарды қамтуы тиіс.

ҮЛГІ

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер шеңберіндегі білім беру технологиялары

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердегі білім беру технологияларын жетілдірудің маңызды аспектісі – цифрлық гуманитаристика» атты мәселе бойынша, сыни ойлауды дамыту технологиясын негізге ала отырып, дайындалған танымал журналист Дина Имамбаймен сұхбат: Берік Аташ, философия ғылымының докторы. Жасанды интеллектінің жағымсыз жағы да бар. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/63762>

ТАПСЫРМА IV.

Импакт-факторы, ғылыми рейтингі жоғары: Scopus – ең ірі ғылыми мәліметтер базасы бар; Web of Science (WoS) – ғылыми зерттеу жұмыстарын индекстеу және дәйексөзге алудың деректер базасы; Thomson Reuters (Clarivate Analytitics) – Web of Science платформасының операторы; PudMed – биомедицина мен денсаулық сақтау саласындағы ғылыми мақалаларды индекстейді; SpringerLink – әртүрлі ғылыми салалардағы мақалаларды қамтитын беделді басылымдарға жарияланған бір мақаланы алып соған талдау жасау.

Орындалу тәртібі. Білім алушы кез-келген мақаланы таңдап ала отырып, оны қазақ тіліне аударып, сол мақала мазмұнына талдаулар жасайды. Талдау жұмысы 2 беттен кем емес.

ТАПСЫРМА V.

Білім алушылар халықаралық, Республикалық, облыстық, университеттік форумдар, конференциялар, ғылыми жұмыстар сайысы т.б. мақала дайындау.

Орындалу тәртібі. Ең жуық арада өткізілетін конференция таңдалып алынады, бірақ философия ғылымы бойынша болуы міндетті емес, жалпы гуманитарлық ғылым саласы немесе тақырыпқа қатысты жаратылыстану, техникалық ғылымдар бойынша дайындалған конференция, форум т.б. мүмкіндік беріледі. Мақала ғылыми, яғни, өткізілетін конференция талаптарына сай болуы тиіс, сондықтан да, ол жариялануы керек.

ТАПСЫРМА VI.

Ақпараттық желілерде он-лайн немесе оф-лайн форматта «Практикалық философияға» қатысты дөңгелек үстелдер ұйымдастыру (мекеме, қала, аудан, Республика, Халықаралық деңгейде болуына байланысты жоғары рейтингтік баллға ие бола алады).

Орындалу тәртібі. Білім алушылардың бір тобы (2-3 адам) ұйымдастырушылар мен модераторлар ретінде таңдалып, олар дөңгелек үстел тақырыбын айқындап, дөңгелек үстел қонақтарын іздеп тауып, оларды таңдайды да, нақты күні мен бағдарламасын белгілейді. Өтілген дөңгелек үстел туралы ақпараттар ақпараттық желілерде жарияланады және дөңгелек үстел материалдары электронды форматта жарық көреді.

Дөңгелек үстел тақырыптары:

- Практикалық философия – практикалық білім мен ізденіс аймағы;
- Практикалық философия: теориялық және қолданбалық талдаулар;
- Практикалық ойлаудың философиялық негіздері: метафизика, білім теориясы, логика;

- Практикалық ойлаудың ерекше салалары: қолданбалы этика, моральдық философия, құқық және саяси философия;
- Практикалық ұтымдылық: шешімдер теориясы, дін және өнер философиясы;
- Практикалық философиялық антропология: адам табиғатын зерттеу;
- Практикалық философия бойынша қолданыстағы модельдерді талдау және бағалау;
- Дизайн-ойлау – шығармашылық дамуға бағытталған жоғары білім беру моделі;
- Дизайн-ойлаудың негізгі кезеңдері;
- Білім берудегі демократия – интегралды білім берудің кілті;
- Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер шеңберіндегі білім беру технологиялары;
- Оқыту философиясы: оқыту тұжырымдамаларының динамикасы мен сценарийлері;
- Инклюзивті білім беруді тұжырымдамалық талдау әдістері мен стратегиялары;
- Философ педагогикасы және оқыту философиясының педагогикалық практикасы т.б.

Егер де білім алушының бұл тақырыптардан басқа өзіне қызықты, толғандырып жүрген мәселелері болатын болса, онда еркін тақырып ретінде өз бетінше басқа бір тақырыпты таңдап алуына болады.

ТАПСЫРМА VII.

Сыни ойлауға дағдыландыру бойынша тапсырмалар

Сыни ойлау практикалық философияның және инклюзивті білім алушылар үшін соншалықты маңызды ойлаудың түрі. Сыни ойлау, жүйелі академиялық сала ретінде тиянақты түрде қалыптаспаса да, «Философия» мамандығында оқытындардың білім беру бағдарламасында арнайы оқытылады. Бұл пән теориядан гөрі практикаға басымдылық беретіндіктен, бір қырынан, практикалық философия болып табылады. Бұл пәнде бірнеше жаттығулар мен сыни ойлаудың форматтары беріледі. Соның біреуін мысал ретінде білім алушыларға тапсырмалар ретінде беруге болады.

Қоғамдағы кез-келген құбылысты жағымды (позитивті), жағымсыз (негативті), бейтарап (нейтралитет) деп шартты түрде бөлуге болады. Бірақ кез-келген құбылыстың жағымды (маңызы, болашақтағы сабақ алу т.б.) және жағымсыз (абсолютті дұрыс үдеріс болуы мүмкін емес) жақтары болады. Ал жағымсыз құбылыстың да соншалықты жағымды жақтары болады.

Орындалу тәртібі. Қоғамдағы кез-келген жағымсыз құбылысты таңдап алып, оның жағымды жақтарын табу және керісінше, кез-келген жағымды құбылысты таңдап алып, оның жағымсыз жақтарын табу тапсырмалар ретінде ұсынылады.

ҮЛГІ

Тезис: «Социализм – жағымсыз құбылыс», **Антитезис:** «Әрине, оның да жағымды жақтары бар».

Сапа	Жағымсыз жақтары	Жағымды жақтары
1	Отарлаудың жалғасына айналды	Болашаққа сенім идеалы құрылды
2	Ұлттық құндылықтар жойыла бастады	Білім беру, балабақша, тұрғын үй т.б. тегін берілді
3	Адамдардың барлығын қай жағынан да тең деп санайтын тым ұжымшылдық	Коммунистік партияның қатаң бақылауы болғандықтан, қоғамдағы әділетсіздіктер бірден, қатаң әшкереленіп, олар түзетілді
4	Коммунистік идеологияның діни сипаты мен ықпалының санаға әсері	Ғылым мен өндіріс белгілі бір деңгейде өрістеді
5	Қоғам социалистік мемлекеттерден басқа барлық әлемге жабық болды	Барлық салада қатаң тәртіп орнады
6	Дінге деген тым қарсы шабуыл	Жемқорлық салыстырмалы түрде мүлде аз болды

Мысалы, **Тезис:** «Техникалық прогресс жағымды құбылыс»; **Антитезис:** «Оның жағымсыз жақтары да бар».

Сапа	Жағымды жақтары	Жағымсыз жақтары
1	Адамның өмір сүру қиыншылықтарын жеңілдетеді	Экологиялық зардаптар алып келеді
2	?	?
3	?	?
4	?	?
5	?	?
6	?	?

ТАПСЫРМА VIII.

Кинофильмдерге текстологиялық фрагментарлы аналитикалық талдау жасау.

Орындалу тәртібі. Білім алушы белгілі бір фильмді таңдап алып, онымен толықтай танысып (әрине, 1 емес, бастан аяқ 2-3 рет мұқият тыңдап көру керек), ондағы оқиғаларды емес, нақты мәтінмен, оның ішінде, айтылған сөздермен, сөйлемдермен, оқыс, жаңа, тың, әсіресе, философиялық ойлармен

жұмыс жасауды басшылыққа алу керек. Яғни, философиялық деп табылған сөйлемдер мен ойларды теріп алып, оларға интерпретациялар жасайды. Кемінде, 10 сөйлем (бір сөз немесе, екі-үш сөйлем бірігіп, тиянақты ойды беруі де мүмкін) таңдалып алынады да, білім алушы оларға өз бетінше талдау жасайды. Талдаулар мен сөйлемдер топтармен талқыланады.

ҮЛГІ

Отырардың күйреуі (Гибель Отрара) фильміндегі таңдалып алынған философиялық сөйлемдер.

«Әр нәрсе өз уақытымен», «Егер жаның қиналса, жеңіл өлуіңе көмектесем», «Тозаң да әр түрлі болады: ...де, дауылдың құмынан да», «Дүниені қусырып келе жатқан боранның алғашқы тозаңы», «Өмір деген қисық дөңгелек...», «Көзбен емес, көңілмен де көруге болады, бірақ көруге тұрарлық ми қалды ма», «Өлім тек тірілерге ғана қорқынышты», «Өмір деген неғұрлым биіктен қараған сайын, қызықтырақ (анығырақ) көрінеді», «Халқыңның азабына төзу керек», «Егер күшті адам әлсіздің намысын қорласа, онда ол әділетсіздік, әлсіз адам күштінің намысын қорласа, ол әділетсіздік және маскаралық», «Жер бетінде сан мыңдаған жол бар, сен өзіңе тандаулысын қала», «Кейде мен өзімді мәңгілікке кеткендей (мәңгі өмір сүретіндей) сезінемін», «Ақылды дегенді басқа лық толтырып алуға болады, егер онда орын болса, ал сенің ойларың...», «Қараңғылыққа қарғыс айтқаннан гөрі, шығыстың шағын шамын жаққан дұрыс», «Бұл менің өмірім емес, жат, басқа біреудің өмірі», «Басқаша болып шығуы мүмкін еді ғой (тағдыр)» т.б.

«Бұл менің өмірім емес, жат, басқа біреудің өмірі».

Г.Фихтенің таным теориясында «Мен» және «Мен-емес» болады, «Мен» «Мен-еместі» және «Менді» таниды. Яғни, сыртқы әлеммен қатар, адам өзін-өзі таниды, жай ғана өзін (биологиялық, физиологиялық, психологиялық Өзі емес) нақты Мендік болмысты да таниды. Немесе, Сократ айтқандай, «Өзіңді өзің таны» – біз әлемді тануға ұмтылумен келеміз, ал адам алдымен, өзін тану керек, өзін тануға ұмтылу керек.

Экзистенциалистер мен герменевтиктер тұжырымдағандай, әсіресе, герменевтикалық шеңбер бойынша, адамның өзін тануы – өзгені тану, өзгені тану өзіңді тану. Феноменология мен қазіргі психологияда, бұл үрдіс өзіне-өзі интроспекция, өзіне-өзі рефлексия деп аталады. Сыни ойлауда басқа үдерістер, құбылыстар, оқиғалар, пікірлер, тұжырымдар ғана емес, адам өзіне-өзі де сынмен қарауы тиіс.

Адамның өз ішіне өзі үңілуі, өзінің өміріне үңілуден тұрады, кез-келген адам өзінің өткен және өтіп жатқан өмірі туралы толғанады. Психология мен философиядағы «Мен-Тұжырымдама» ілімінде, адамның қандай болғысы келуге ұмтылатын «Серпінді Менімен» қатар, «Армандаған Мені», яғни, болашақта қандай болғысы келетін «қиялдағы Мен бейнесі» және осы өмірде

қандай екендігі туралы «Нақты Мені» болады. Осы «Нақты Мені»-мен «Романтикалық Мені», «Серпінді Мені» сәйкес келмей қалған жағдайда адамда өзінің өмірі туралы тұңғыық толғанулар пайда болады. Адам Ж.П. Сартрдың адамның өз өмірін өзі жасайтын еркіндігі туралы тұжырымдар мен жазылып қойылған тағдыр арасында (фортуна-фатум) қайшылықтар туындайды. Адам тағдырдың қиын сәттеріне налиды, осы налу ұлғайған сәтте, шектен шыққан кезде, ол тіптен өзінің өмірі сияқты емес болып көрінеді, бала кездегі армандаған өмірінің дәл солай болып шықпағандығына іштей қарсылық білдіреді, осы сәтте бұл өзінікі емес, Өзге біреулердің өмірі екендігі туралы толғаныс кешеді. Бірақ тағдырдың барлық қиын сәттеріне көндігеді. Дегенмен, ешкім де өзінің өмірін қиын, күрделі етіп құруға арнамайды. Адамның жасы ұлғайған сайын өзінің өміріне өзі есеп беру де жандана түседі. Өзінің өміріне риза болмаушылық тек қайғылы, сәтсіз, қиын кезеңдерде ғана емес, керісінше де болуы ықтимал. Мәселен, адам күтпеген жерден басқа, шат-шадыман, бақытты, сәтті өмір кешуі де ықтимал. Құл болған Бейбарыс, Шыңғысхан т.б. өмірі күрт басқа бағытқа қарай бұрылғандығы тарихтан белгілі.

«Отырардың күйреуі» фильміндегі славян ұлтының құлдық өмірінің аяқталар сәтіндегі бұл тұжырымы, кейіннен, кинофильм мазмұнында құлдық өмірінің аяқталатындығын меңзеуге де ұштасады. Мүмкін, оның өмірінің бастапқы шағында игілікті, позитивті мұраттар болған шығар. Бірақ ол да ойлана келе, өзінің өмірінің неге осындай болып шыққандығына өзінің таңданысын тудырады. Сайып келгенде, өз тағдырына өзі сенбейтіндей, ол тіпті әлдеқандай бір өзінің түсі сияқты болып көрінетіндей сезімде айтылады: ««Бұл менің өмірім емес, жат, басқа біреудің өмірі»».

ТАПСЫРМА IX.

Психоаналитикалық шешімдер. Қоғамдағы әрбір құбылыстарға психоаналитикалық талдау жасау керек. Ол үшін психоанализдің теориялық мәселелерін жетік меңгеру қажет.

Орындалу тәртібі. Қоғамдағы кез-келген әлеуметтік, саяси, мәдени құбылыстар, адамдар арасындағы қатынастардың сәттері т.б. біреуін таңдап алып, оларға психоаналитикалық талдаулар жүргізу. Ол ғылыми болғандықтан, психоаналитиктердің тұжырымдамалары мен идеялары нақты дәйектеме ретінде келтірілуі тиіс. Бір құбылысқа психоаналитикалық тұрғыдан үңіліп, 2-4 бет көлемінде еңбек жазу керек.

P.S. Барлық психоаналитикалық тұжырымдар нақты тәжірибеде эмпирикалық тұрғыдан тексерілмегендіктен, презумпциялық, гипотетикалық сипат алады. Дегенмен, философиялық тұрғыдан алғанда, психоанализдің логикасына сай келсе, психоаналитикалық талдаулар болып саналады.

**Феминизм мен отбасында әйелге деген зорлық-зомбылық үдерісі:
психоаналитикалық талдау**

Әйелге деген зорлық-зомбылық әлеуметтік әділетсіздік, асқынған жағдайда заңмен қудалануы тиіс қылмыстық әрекет екендігінде сөз жоқ. Бірақ, «не себепті әйелге зорлық көрсетіледі, не себепті ер адам оған зорлық көрсетеді» деген сауалды психоанализ бойынша сараптап, бұл құбылыстың түпсебептерін таразылауды ұмыт қалдырауымыз қажет.

Бұны бірінші кезекте, психоаналитиктердің садизм мен мазохизм құбылыстарын қатыстыру арқылы талдауымызға болады. Көп жағдайда, ер-әйел арасында тең емес қатынастардың туындауын, нақтырақ айтқанда, ердің әйелге деген агрессиялы мінез-құлқын: «әйел – мазохист, ер адам – садист» деген модель бойынша қарастырсақ, жәбірленуші де, жәбірлеуші де бұл тұста бейсаналы әрекет етсе, шындығында, өз ұмтылыстарының шынайы мәнін өздері де саналы ұғына алмайтындығы түсінікті. Мәселе, осы жерден туындайды, садистік-мазохистік түзілім бойынша, садист ер мен мазохист әйел бейсаналы түрде бірін-бірі іздейді, кезіктіреді де, сөйтіп, жанұялық өмірге бірге аттанады. Тек қана соны іздейді де, зорлық-зомбылықсыз басқа да ізгі жандармен тең дәрежеде өмір сүру мүмкіндігі мол болғандығына қарамастан, басқа типтерге мүлде құштарлығы оянбайды. Мысалы, мазохист қыз қалыпты жігітті емес, садист жігітті ұнатады да, өзі оған саналы түрде жауап бере алмай қалады немесе керісінше.

Жанұялық өмірде, бұл әлеуметтік кикілжіңдерге ұласқанмен, психологиялық тұрғыдан өзіндік бір үйлесімділік орнайды, демек, бейсаналы түрде әйелі қаншама зорлық-зомбылық көргенмен, ерінен тылсым бейсаналы байланыстар арқылы ажырағысы келмейді, сәйкесінше, ері де солай.

Демек, бұндай ер мен әйел арасындағы әлеуметтік кикілжіңдерді құқықтық немесе моральдік тұрғыдан шешуден гөрі, біздіңше, алдымен оны психоаналитикалық негіздегі мәселе ретінде қою қажет. Нақтырақ айтқанда, әйелі мазохистік, ері садистік ауытқудан емделсе, әлеуметтік кикілжіңдер өздігінен шешімін табады деп айта аламыз. Демек, кінәліні іздемей, ешкімді жазғырмай-ақ, мәселені шешуге болады дегенге келіп саяды.

Бірақ бұл тұстағы түйткілді мәселелердің бірі – мазохистік пен садистіктің ауытқудың қаншалық деңгейде екендігіне байланысты, егер күшейіп кеткен жағдайда, ол психологиялық ауруға айналады. Ал егер әйелдің мазохистік ауытқуы бәсеңсісе, онда еріне деген қарсылық пайда болады. Сондай-ақ ерінің садистік ауытқуы әлсіресе, әйелінің мазохизмі сол күйінде сақталып қалғандықтан тағы да келіспеушіліктер пайда болады. Сондықтан да, сырт қарағанда, ері әйеліне зорлық-зомбылық көрсететін, өзара үндескен «садистік-мазохистік бірлік» өздерінше бейсаналы түрде – бақытты, саналы түрде – бақытсыз өмір кешуге арналып кетеді. Сондай-ақ, үйлесімді бұндай жұпта жоғарыдағыдай өзгерістер пайда болса, онда саналы-бейсаналы түрде

келіспеушіліктер пайда болады. Бұл психикадағы амбиваленттілікті, когнитивтік диссонансты туғызады.

Жалпы әйелдің немесе ердің шектен тыс мазохизмі кейіннен бәсеңсуі ықтимал. Балалық шақтағы немесе жас кезіндегі осы мазохистіктің нәтижелері кейіннен де, мазохизм бәсеңсігендігіне қарамастан жалғасын тапқысы келеді.

Диалектикалық ұстаным: міндетті түрде әйел мазохист, ер садист деген ұғым тұмауы тиіс. Көп жағдайда керісінше, болып, ердің мазохистігін бүркемелеу үшін адамзаттың қоғамдық санасында «Ер адам қуатты, күшті болуы тиіс» деген әлеуметтік миф орнықтырылады да, ер адамдарға әлеуметтік садистік сана сіңіріледі де, «жасанды садист», өзінің әлсіздігін бүркемелеу үшін садист роліне енуге мәжбүр болады. Бұл – қоғам ер адамның дәрменсіздігін сақтау үшін, тұлғалығын сақтау үшін, мазохист болмау үшін оған садистік немесе оған жуықтайтын роль береді дегенге келіп саяды. Ендеше, ер адамның әйелге деген күш көрсетуі мен зорлық-зомбылығы, түптеп келгенде, мазохистігін бүркемелеу болып шығатын сияқты. Садист әйел, өзінің бұл мінез-бейнесін бейсаналы түрде сезініп, ерінің әлсіздігін бүркемелеуге жәрдемдесу үшін сол садистігін бейсаналы түрде тежейді де, еріксіз түрде мазохист ролін ойнайты тәрізді.

Немесе, керісінше, қалыпты әйелге деген сырттан әсер ететін садистік ықпалдар мен әрекеттер, кейіннен «кемістік комплексін» (А.Адлер іліміндегі комплекс неполноценности) туғызады. Нақтырақ айтқанда, мысалы, қыз баланың балалық немесе жас шағындағы көрген қорлықтары мен зорлық-зомбылықтары бірте-бірте бейсана қатпарына жинақталып, есейгеннен кейін, өзгелерден өш алуға, әсіресе, ерлерден өзінің қайтарымын қайтаруға деген бейсаналы ұмтылыстары жарыққа шығуға тырысады. Бірақ әлі де ол өзінің бұл ұмтылыстарын саналы түрде сезіне алмайды. Өш алу заңға қайшы әрекет, оның құқықтық-өркениеттік үлгісі саяси билікті пайдаланып, психикасының сұрауы бойынша әкімшілдік-әміршілдік жүйеге ену.

Модель бойынша, гендерлік саясатқа байланысты билікке қол жеткізген кемістік комплексі бар әйел өзінің бейсаналы ұмтылыстарын жүзеге асыруға кіріседі, бірақ ол ашық түрде кездесе бермейді, сөйтіп, ол мақсаттары орындала бастағандықтан, өзі психологиялық жайбарақаттана түседі. Кемістіктердің орнын толтырумен келіп шартталатын ішкі-жасырын агрессия сатысында мазохизм керісінше жағына, садизмге өтеді, демек, бейсанада орнаған садистік пен мазохистіктің қайшылығы, келесі кезекте, садомазохизмге өтеді. Яғни, бір ғана адамның бойынан табылатын екі қарама-қайшы құбылыс өзінше бір үйлесімділік тапқандай болады, кейіннен, екі шеткі психология барынша жұмсаруы да ықтимал.

Диалектикалық ұстаным. Бірақ бұл модельді де сынауға болады, мысалы, біріншіден, «кемістік комплекс – билікке ұмтылу» детерминациясы ер адамдарда да болады, екіншіден, биліктегі әйелдерден ер адамға деген агрессиялар бәрінен түгелдей тегіс байқала бермейді, үшіншіден, ер адамның әйелді саяси биліктен алшақтатуға деген ұмтылысы – ер адамның өзінің бәскелестіктен қорқатын әлсіздігінен туындап жатады. Осы «Биліктегі әйел

фобиясы» адамзат тарихында мыңдаған жылдарға созылса, бүгінгі қарсылық соның архетиптік жалғасы ғана болып шығады. Тіпті, «өмірден қашудан» (эскапизм) тапқан арнасын, яғни, өмір шындығымен бетпе-бет келуден қашқан, сублимацияланған саяси арнасын әйелдермен бөліскісі келмеуі де ықтимал, әрине, бұл да бейсаныл түрде жүзеге асады. Себебі, ерлерге қарағанда, әйелдер, «өмірден қашуға» құштар емес сияқты.

Егер де, қоғамда кездесіп қалатын жағдай; ер адамдардың, физиологиялық-психологиялық жағынан әйелдікке қарай бейімделгендерді «феминистік-ер» (қызтеке), ал әйел жыныстылардың болмысының, керісінше ер адамдық сапаларға ыңғайласқан болып келетіндерін «маскулиндік-әйел» деп ажыратып алсақ, жалпы алғанда, ресми және ресми емес түрде болсын феминистік қозғалысты қуаттаушылардың көп бөлігі – физиологиялық-психологиялық жағынан маскулиндікке бейім әйелдердің қатарымен толығытын тәрізді. Яғни, психоаналитикалық тұрғыдан алғанда, олардың феминистік мазмұндағы қозғалыстарының түпсебебі: табиғи-физиологиялық-психологиялық «жартылай (бір бөлігі) ер адам» болып жаратылған әйелдің «Толық ер адам» кейпіне ұмтылуын жалғастыруы ғана болып шығады немесе өзін «Ер» сезінуі мен қоғамдық пікірдің оны «әйел» деп қабылдауын мойындамаудан туындап жататын сияқты. Яғни, өзінің болмысы мен қоғамдық пікір арасындағы қайшылық басқа бір тиімді жолды іздеп, оны феминистік күрестен тапқандай болады.

Екінші бір модель бойынша, феминистік қозғалыстың шығу төркіні былайша өрбуі де мүмкін. Қоғамдық санада жүздеген, тіпті мыңдаған жылдар бойы қалыптасып қалған «әйел – нәзік жанды» деген түсінікке деген қарсылық. Мысалы, кейбір физиологиялық тұстарды айта кетсек, статистика бойынша әйел ер адамға қарағанда ұзақ өмір сүреді, бірақ көп ауырады, ал ер адам әйелмен салыстырғанда аз ауырғанмен, аурудан және уақыт келуіне де байланысты жиі өмірден өтеді екен. Сонымен қатар, әйелдер суыққа да, ыстыққа да төзімді, кез-келген табиғи-әлеуметтік-психологиялық ортаға тез бейімделіп кете алады, қауіп-қатерді алдын-ала сезіну, алдауға түспеу т.б. жағынан интуициясы ер адамға қарағанда әлдеқайда жақсырақ дамыған. Мысалы, ер адам сұхбаттасушысының сөзінің жалған, не шын екенін біле алмай әлек болып отырса, әйел оның не үшін өтірік айтып тұрғандығын ойлап тұрады, тіпті оны жалған сөзге не жетелегіндігін де болжамдап қояды. Ендеше, «әйел – нәзік жанды» деген әлеуметтік мифке олар бейсаналы түрде ұжымдасып қарсы шығады. Бұл – «Біз нәзік емеспіз» деген тікелей ұстаным мағынасында көрінбейді. Себебі, физикалық күші жағынан әлсіздігі мен жоғарыдағы айтқан әлсіз еместік сапалары өзара қайшылыққа түседі де, бейсана мынадай келісімге келеді: «Біз нәзік болғанмен, әлсіз емеспіз». Бұл феминизмнің басты ұранына айналады. Ал А.Адлердің «билікке ұмтылысы» құбылысы осы жерде өркендей түседі. Түптеп келгенде, адамзат қоғамының тарихының бірнеше сәттері ер мен әйелдің билікке таласына құрылып кетеді, оның қарапайым формасы жанұядағы өмір бойғы ер мен әйелдің бейсаналы билікке таласынан да анық көрінеді. З.Фрейдтің «Эдип комплексі» мен

«Электра комплексіне» сәйкес, жанұядағы қыз балалар әке билігін қуаттаса, ер балалар ана билігіне келіп қосылады. Бұның бәрі бейсаналы түрде жүргендіктен оны ешқайсысы да саналы түсіне алмайды. Сондықтан бұл билік жанұядағы ер бала мен қыз баланың санына (несшеу екендігіне немесе қай жыныстың жоқ екендігіне) байланысты шешімін табады. Міне, жанұядағы биліктен айырылған немесе бәсеңсіген әйелдер қауымы феминистік қозғалыс арқылы өзін тыныштандырады, компенсациялайды. Тым болмаса, гендерлік теңдікті бейсаналы түрде феминизмге айналдыруды қалайды, ер мен әйелдің өзара тең құқықтығына құрылған гендерология ілімінің шындығына – бейсаналы түрде мән бермей, «гендерология дегеніміз – феминизм» ғой деген тұжырым жасайды немесе гендерге сүйеніп, феминистік көзқарасын паш етеді.

Диалектикалық ұстаным: егер әйелдер қауымы өздерінің бейтарап қалпын сақтап, олар ешқандай да феминистік әрекеттерге бармаса, ер адам өзінің әлсіздігін қайтадан сезіне бастайды. Демек, ерлер өздерінің әлсіздіктеріне қайта оралмас үшін, бейсаналы түрде феминизмді қалайды, нақтырақ айтқанда, феминистік қозғалыстар арқылы өзінің жалған дәрменсіздігін қорғайтын объектілер іздейді немесе өздерінің Ер екендіктерінің қайталанып тұруын аңсайды.

ТАПСЫРМА Х.

Дәрістер жинағын әзірлеу. Философиядағы кез-келген ағымның біреуін таңдап алып, оқытуға арналатындай мақсатта қысқаша дәрістер курсы әзірлеу.

Орындалу тәртібі. Бұл кемі 1 адамнан бастап, 10-25 адамнан құралған белгілі бір топқа берілетін тапсырма, яғни, топ мүшелері әрбір дәріс тақырыбын таңдап 15 сағатқа арналған дәрістер курсы дайындауы тиіс. Дәрістер, бұрын-соңды дайындалмаған философиядағы мектептер, бағыттар, салалар т.б. бойынша таңдалуы тиіс. Әрбір тақырып атауы мен ондағы қарастырылатын мәселелер бірін-бірі қайталамауы қажет, тақырыптардың мазмұны нақты, жүйелі, ғылыми, түсінікті тілмен жазылатындай т.б. классикалық әдістемелік шарттарды қанағаттандыратындай болуы тиіс. Ал картиналар, суреттер, таблицалар мен схемалар т.б. тақырып мазмұнына енгізілмейді, тек қосымшалар түрінде беріледі. Сондықтан, әрбір тақырып бойынша бір қосымшадан да дайындауға болады.

Дәрістер жинағының соңында барлық 15 тақырыпта ортақ «Пайдаланылған әдебиеттер» тізімі беріледі. Әрбір тақырып соңында 4-7 бақылау сұрақтары болуы тиіс. Дәрістер жинағы ретіндегі (пән атауы) әдістемелік тақырыбы бұрын-соңды оқытылатын пәндер ретінде қарастырылмаған болуы шарт.

Дәрістер жинағының жобаланған тақырыптары:

Позитивизм философиясы
Ғаламдық мәселелер философиясы
Неопозитивизм мен сыншыл рационализм
Философиялық антропология
Неотомизм философиясы және заманауи дін философиясы
Экологиялық философия
Миф философиясы
Құқық философиясы
Прагматизм мен неопрагматизм философиясы
Экономикалық философия
Лингвистикалық философиясы
Мораль философиясы
Экзистенциализм
Қазақ эстетикасы
Герменевтика және оның заманауи келбеті
Феноменология және неофеноменология
Ақпараттық және цифрлық қоғам
Психоанализ және неофрейдизм
Гендерология
Персонализм мен перфекционизм, неореализм мен неомарксизм
Өнер философиясы
Постпозитивизм философиясы мен ғылым философиясы
Медицина және денсаулық философиясы
Мистика мен оккультизм
Постмодернизм философиясы
Еркіндік философиясы
Конструктивизм мен неорационализм
XXI ғасырдағы философия
Неолуддизм мен техника философиясы

P.S. (Пән) тақырыптарын білім алушылар өз таңдауы бойынша өзгерте алады немесе басқа мәселе таңдауына да ерікті.

ҮЛГІ

«Экзистенциализм» бағыты бойынша дәрістер жинағы.
<https://farabi.university/pages/374>

Қоғамдағы іргелі құбылыстар мен үдерістердің жалпылама картинасын құрылымдық-функционалдық кесте түрінде құру. Өйткені, Дизайн оқытудың маңызды талаптарының бірі – көрнекілік. Ол кескіндер мен схемалар арқылы ойды жүйелеп, тиянақтап, негізгі мәселелерді жүйелеп бере отырып, білім алушылардың когнитивтілік қабілетін арттырады. Құрылымдық-функционалдық талдау философиядағы әдістердің бірі, дегенмен, оны біз ақпараттарды беру мен жүйелі түсіндіруде оны нақты шаблондар бойынша ұсына аламыз. Демек, кез-келген құбылыс, үдеріс т.б. бүтіндік, холизм қағидасы бойынша белгілі бір тұтас жүйені құрайды, ол жүйе бөліктерден құралады, ол бөліктер де өзіндік қызметтер атқарады. Сондықтан да, жалпылама үдерістерді нақтыландыру бойынша құрылымдық-функционалдық кесте құрастыру оны түсіну мен түсіндіру үшін аса қолайлы болмақ. Осыған орай, білім алушыларға қазіргі таңдағы нақты белгілі бір әлеуметтік беталыстар мен үдерістерді нақтыландыру мақсатында оған құрылымдық-функционалдық негіздегі кесте құру ұсынылады. Бұл – бұрын-соңды осындай схемалармен түсіндірілмеген үдеріс болуы тиіс.

Орындалу тәртібі. *Әрбір білім алушы белгілі бір үдерісті, беталысты таңдап ала отырып, оған өз бетінше схема құрастырады, ол схемалар сол құбылыстың мағынасын барынша толықтай ашып тұруы тиіс және ол схемасын орындаушы автор толықтай түсіндіруі қажет. Схема-кесте 1-2 бет көлемінде ғана болады. Ол қатаң логикалық қатынастар мен байланыстар бойынша құрылып, бірізділік, нақтылық, жүйелілік т.б. ғылым логикасы талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Құрылымдар мен қызметтер философиялық тұрғыдан құрылымдануы керек.*

Нәтижесінде, сол құбылыс пен беталыс туралы барынша толық мағлұматтар берілуі тиіс.

Р.С. Постмодернистік философиядағы көптүрлілік пен орталықсыздандыру қағидалары бұндай жүйелерді мойындамауы да ықтимал. Дегенмен, бұндай құрылымдық кестелер бойынша түсіндіру шартты және толықтай жоққа шығарылмаған когнитивтік білімдерді жүйелеп беруге болатын әдіс ретінде әлемдік білім беру тәжірибелерінде қолданыста бар.


1. Ұсынылатын негізгі құбылыстар, беталыстар, үдерістер:

1. Цифрлы қоғам
2. Ақпараттық қоғам
3. Постиндустриалдық қоғам.
4. Қазіргі кездегі ғылым
5. Заманауи білім беру
6. Тарих (деген не?)
7. Миф (дегеніміз не?)
8. Ақпараттық желілер
9. Ғылыми-теникалық прогресс
10. Гендерлік саясат
11. Әділетті Қазақстан


Р.С. Білім алушылар өз таңдауы бойынша басқа мәселе таңдауына да ерікті.

ҮЛГІ: Ұлттық спорттың құрылымдық-функционалдық негіздері

Кесте 15.



Кесте 16.



ТАПСЫРМА XII.

Білім алушылар формальді логикадағы операцияларды бейнелеу түрінде еме, нақты мәтіндер түрінде ашып, түсіндіріп нақтылап көрсету қажет. Мәселен, салыстыру операциясы екі ұқсатылған құбылыстар мен заттарды қасиеттері бойынша олардың айырмашылықтарын көрсетеді. Демек, оны логикалық шеңберлер түрінде ғана емес, кестелер түрінде де тарқатып түсіндіру керек болады.

Білім алушы ұқсас келетін кез-келген құбылыс пен үдерістерді таңдап ал отырып, екеуінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын кесте бойынша бөліп көрсетуі қажет. Салыстыру нақты, бірізді, жүйелі, логикалы болуы тиіс.

Тек салыстыру ғана емес, ұғымдарды жалпылау, нақтылау, абстракциялау т.б. логикалық операцияларды жүргізу керек.

ҮЛГІ

Спорт пен ойынды салыстыру. «Практикалық философиялық антропология: адам табиғатын зерттеу», «Практикалық ойлаудың философиялық негіздері: метафизика, білім теориясы, логика» тақырыптары бойынша алынған мәселе.

Ойындағы көрінісі	Ұқсастықтар	Спорттағы көрінісі
Дене қимылы субъектінің қалауы бойынша іске асады	Дене қимылы қамтамасыз етіледі	Дене қимылының белгілі бір шарттары бар
Мақсатта еркіндік бар	Мақсат қойылады	Мақсат айқын, ауытқуға болмайды
Көбінесе гедонистік сипатқа ғана арналады	Гедонизм бар	Гедонистік сипат алғанмен, ол спорттың көпқызметінің бірі
Ресми белгіленбеген, қатысушылардың еркімен өзгертілуі де мүмкін	Үдерістің ережесі бар	Ресми түрде арнайы белгіленген
Мемлекеттік деңгейге көтерілмейді	Қоғамдық-ұжымдық санада айрықша орын алған	Әлеуметтік институт ретінде мемлекеттік қолдау көрсетіледі
Шартты түрде, көбіне стихияда іске асады	Арнайы ұйымдастырылады	Өткізу орындары, арнайы жаттығу алаңдары бар және т.б.

Саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, философия пәндері бойынша аралық бақылау өткізу тәртібі

Әрбір студентке экстренді түрде өтілген материалдар негізінде әр тақырып бойынша үш сұрақ қойылады. Студент сол сәтте жауап беруі тиіс. Бастапқы екі сұрағы өтілген тақырып негізінде белгілі сауалдар болса, үшінші сұрағы шығармашылық, сыни, креативті ойлауға бағытталуы тиіс.

ҮЛГІ

Мәдениет пен өркениет

Тақырып бойынша 1 студентке:

- 1) Өркениет мәдениеттің кәрілік шағы деп түйіндеген ойшыл кім?
- 2) Мәдениет сөзі қайдан шыққан және қандай мағына береді?
- 3) Шығармашылық сұрақ: Неліктен көне мәдениет белгілерін кейде көне заман өркениеттері деп атайды?

Орындалу тәртібі: әрбір студент тек өзі ғана жауап беруі тиіс. Басқа студенттер жауап берген сәтте оның жауабы жойылады және бағаланбайды. Бастапқы екі сұраққа студент ешқандай материалға қарамастан тікелей сол сәтте жауап беруі керек. Ал үшінші сұраққа ойлануға мұрсат беріледі. Тіптен шығармашылық ойлау сұрақтарына сабақ соңына дейін дайын болған кезде жауап беруге мүмкіндік беріледі.

ИНТРОСПЕКЦИЯЛЫҚ АВТОСАУАЛНАМА

Интроспекция - қазіргі ақыл-ой философиясында қолданылатын термин ретінде, өзінің қазіргі немесе, мүмкін, жақында өткен психикалық күйлерін немесе процестерін зерттеу құралы болып табылады. Әрине, сіз өзіңіздің ақыл-ойыңыз туралы басқалардың ақыл-ойы туралы білетіндей біле аласыз-психологиялық мәтіндерді оқу, мимиканы бақылау (айнада), ми белсенділігінің көрсеткіштерін зерттеу, өткен мінез-құлық заңдылықтарын атап өту, бірақ әдетте сіз өзіңіздің ақыл-ойыңыз туралы интроспективті түрде біле аласыз деп ойлайды, бұл әдіс басқа ешкім жасай алмайды. Бірақ интроспекция нақты нені білдіреді? Жалпы қабылданған қарапайым сипаттама жоқ.

Интроспекция гносеологиядағы орталық ұғым болып табылады, өйткені интроспективті білім көбінесе әсіресе сенімді болып саналады, мүмкін тіпті күмән тудырмайды. Интроспективті білім көбінесе сенсорлық білімге қарағанда тікелей болып саналады. Интроспекцияның осы екі болжамды ерекшеліктері интроспективті білім білімнің басқа түрлеріне негіз немесе негіз бола алады деген идеяны қолдау үшін келтірілген.

Интроспекция сонымен қатар ақыл-ой философиясында орталық болып табылады, бұл өзін-өзі зерттеуге лайықты процесс және басқа ақыл-ой талаптары үшін апелляциялық сот. Ақылды құрал еткен философтар интроспекцияның табиғаты туралы көптеген теорияларды ұсынады және сана, эмоциялар, ерік-жігер, жеке сәйкестілік, ойлар, сенімдер, бейнелер, қабылдау және басқа психикалық құбылыстар туралы философиялық тұжырымдар көбінесе интроспективті салдары бар немесе интроспективті тексеруге болатын болып саналады. Осыған ұқсас себептермен эмпирикалық психологтар интроспективті пайымдаулардың дәлдігін және интроспекцияның ақыл-ой ғылымындағы рөлін талқылады.

Интроспекция әдісі - ысанды зерттеушінің сол нысан туралы ішкі түйсігінде бар ақпараттың сыртқа шығарылуы, когнитивтік құрылымдарды субъектілі түрде зерттеу десе де болады. Интроспекция нәтижесі ретіндегі концептуалдық талдау қорытындысы – берілген концептінің «виралдық» анықтамасы пайда болады. Бұл жердегі виралдық деп отырғанымыз – концептінің өз мәні арқылы сырт дүниеге түсінікті болуы

Байырғы Үнді философиясынан және Сократ дәуірінен бастау алған «Өзіңді-өзің таны» қағидасы мен әрбір толыққанды тұлғаны алаңдататын «Мен кімін» деген экзистенциалдық сауал адам өмірі аяқталар сәтте «Мен бұл өмірде кім болдым» деген рухани-моральдік есеп айрысумен тәмамдалатыны баршамызға белгілі.

Бірақ адамның бейсанасындағы қорғаныш тетіктер (самозащитные механизмы), батыстық психоаналитиктердің пайымдауы бойынша, адамның жағымсыз қылықтарын бүркемелей отырып, өзін-өзі ақтап шығуға тырысады және ол саналы аймаққа ауысып, кей жағдайда субъектінің өзін-өзі объективті бағалауына мүмкіндік бермейді. Сондықтан қоғамдық санаға, сыртқы көзқарастарға, көпшілік сынына жүгіну, мүмкіндік келгенше, тұлғаның өзіне шынайы баға беруінің барынша жетілген тәжірибелік үлгісі және бұдан басқа жол жоқ екендігін ескерсек, педагогтар дәл осы артықшылыққа ие, яғни, өзі дәріс беретін оқушылары, студенттері мен магистранттарының, докторанттарының арасында анонимді сауалнама жүргізу мүмкіндігін иеленеді.

Бұл – тұлға болмысының бір ғана қырын, яғни, ұстаздық қабілетті ашуға септігін тигізгендіктен, педагогиканың «ұстаздық андрагогика» саласына қатысты алғанда ғана оң нәтиже береді. Себебі, бүгінгі таңдағы андрагогика ілімінің дамуы Ғ.Қабекенов зерделегендей, ересектердің де, оның ішінде ұстаздардың да өзін-өзі тәрбиелеуін өзектілендіреді. Яғни, дәріс алушыларға қойылған ұстаздық қызметтен тыс сауалдар объективті бола бермеуі мүмкін. Ендеше, ұстаз бұл сауалдарды, өзінтану үшін мақсат еткендіктен, өзі құрастырып, өзі өткізіп, қорытындылары мен нәтижелерін де өзі тексеріп, ешкімге жарияламауға да құқықты болғандықтан, оны «автоинтроспекциялық сауалнама» немесе «интроспекциялық автосауалнама» деп атап, мынадай артықшылықтары мен объективтіліктерін көрсетуімізге болады:

- өзіндік сынның тиімді түрі, себебі, өзгелер бағалайды және мүмкіндігінше респонденттер саны да жетерлік. Сіз өзгенің тіке бетке айтылған «жағымсыз сындарынан» құтыласыз.

- ұстаздық қабілетіңізді жетілдіру немесе өзіңіз туралы объективті мағлұмат алуыңыздың кепілі. Кемшіліктеріңізді түзеу-түземеу өз құзырыңызда, бірақ ең бастысы барынша объективті және сіз үшін құнды ақпараттар мен қызықты мәліметтер алынады. Ал арнайы жетілдіру мен кемшіліктеріңізді түзеумен шұғылдансаңыз, нәтижесін, сауалнаманың қажетті сұрақтарын циклды түрде (мәселен, жыл сайын) қайталап жүргізіп, өзіңізді үнемі тексеріп отыруыңызға болады, сөйтіп, даму динамикаңыздың картинасын жасап аласыз.

- барынша объективті бағалауды ала аласыз. Сауалнама анонимді өткізіліп, таныс қызметтес немесе туыстарыңыз арасында болмағандықтан, «көңіліне келіп қалар», «ренжітіп алмайын», «жағымсыз қылығын бетіне баспайын» деген субъективтіліктен арылып, жас өспірімдік пен жастықтың «албырттау-аңғалдау» шындыққа құмарлығын пайдаланасыз.

- сауалнама жүргізу сіз үшін уақыт, материалдық, моральдік т.б. шығындарды қажет етпейді. Бұл – жас немесе тәжірибелі ұстаздарды талғамайтын өзіндік тексерістің түрі, тіпті тәжірибелі маман, ұстаз, тұлға ретінде заманауи талаптардан, яғни, жастардың көзқарастарынан хабардар болады.

Осы орайда, «өзге де ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз» бөліміне жауаптарды, анонимдікті сақтау мақсатында, жазу мәнерінен респонденттерді ажыратып қалмау үшін (танымпау мақсатында) таспа түрінде жазуын (печатный) ескерту тиімді болмақ.

- шәкірттеріңіздің өзіңіз туралы құрған мифтері мен «алып-қашпа» сөздерін білуге талпынысыңыздан арылып, оның шынайы бағасын көре аласыз. Бұған аса мән бермеуге де болады және бұл нигилизм сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ осы орайда, қазіргі заманғы мифті зерттеуші ғалымдарымыз тұлғаның жек басына шоғырлануға құштар болатын, тіпті оның әлеуметтік мәртебесі артқан сайын қоғамда ол туралы «жалғаншынайы әңгімелер» туындап, өрши түсетіндігін атап көрсетіп, бұл құбылысты ғылыми тұрғыдан әлеуметтік мифтердің саяси-мәдени түрі ретінде атайтындығын ескеру керек тәрізді. Өйткені, Сіз де шәкірттеріңіз үшін «нысаналы» тұлға болып табыласыз.

- сауалнама жоғарыдан стандарттармен бұйырылмайды, сондықтан сұрақтарын өзіңізге тиімді, жағымды, қажетті мәліметтер алу үшін ыңғайыңызға қарай сауалнама талаптарын сақтай отырып, «ашық» үлгіде өзгертуіңізге болады т.б.

Сауалнаманың мазмұны (жалпы үлгісі).

САУАЛНАМА

К. Ивановтың ұстаздық қызметін бағалау мен пікір білдіру

Сауалнаманың мақсаты – шәкірттеріміздің өзіме деген көзқарасын анықтап, «ұстаз-шәкірт» арасындағы тиімді, оңды, жағымды қатынастарды зерделеу мен жөнге келтіріп отыру үшін жүргізіледі. Сауалнама анонимді және еш жерде жарияланбайтын болғандықтан, барынша шынайы, объективті бағалау тұрғысынан жауап берулеріңіз сұралады. Егер бағалау өлшемдері төмен болған жағдайда, оның кейіннен сіздер үшін ешқандай зардаптары болмайтындығына, өзімнің сынды түсіністікпен қабылдайтындығыма, анонимділіктің құпия сақталатындығына кепілдік беремін.

Әрбір бөлімнің жауаптарындағы сандарды қоршап белгілеңіз және ол тек біреу ғана болуы тиіс. «Өз ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз» деген бөлімге ойыңызды таспа жазумен (печатный) түсіріңіз, бетше бүлініп қалған жағдайда, толтырылмаған жаңасын сұратуыңызға болады.

Қатысқаныңыз үшін алдын-ала алғысымызда айтамыз!

1	Қаталдық-қайырымдылық деңгейі
	1. Аса қатал, авторитарлы тәртіпке негізделеді 2. Қаталдау, демократиялықтан алшақтау 3. Орташа, қатал емес деуге болады 4. Жұмсақ, демократиялы стильде 5. Тым жұмсақ, сондықтан студенттерді бағындыру деңгейі төмендеу
2	Білімді бағалау дәрежесі
	1. Тым қатал талап қояды, өзінің деңгейінде білуін шәкірттерінен де талап етеді 2. Бағалау дәрежесінде өте жоғары талап қояды 3. Бағалау дәрежесі объективті, көңілге қонымды 4. Бағалауы тым жеңіл, «өте жақсы», «жақсы» деген бағалар алу оңай 5. Тым асыра бағалайды, төмен баға алу мүмкін емес
3.	Шәкірттерімен жалпы қарым-қатынасы
	1. Өзін-өзі тым асқақ ұстайды, шәкірттерінен алшақ тұрады 2. Субординацияны қатаң сақтайды 3. Шәкірттерімен қарым-қатынасы қалыпты 4. Шәкірттерімен тым еркін қарым-қатынас ұстайды 5. Өте еркін араласады, ол кей жағдайда өзінің беделінің төмендеуіне әкеледі
4.	Киім-киісі мен жүріс-тұрысы туралы
	1. Шектен тыс тәртіп пен жүйе бар, тым стандартты 2. Киім-киісі мен жүріс-тұрысы нақты, тиянақты, тартымды 3. Орташа деңгейде, бірақ көңілге қонымды 4. Орташадан төмен, тым қарабайырлау 5. Кейде оғаштау, ерсілеу көрінеді, қылықтары мен киім киісі ұстазға жат

5.	Білім деңгейі
	1. Аса білімді, жан-жақты терең шығармашылықпен ойлайды 2. Білімді деп айтуға болады 3. Шәкірттеріне (оқушыларға, студенттерге) сабақ беруге жарайтындай білімі бар 4. Білімі бізбен (оқушылар, студенттер, магистранттар т.б.) бірдей 5. Білімі тым төмен, кейде тіпті тәлім алуға жарамсыз сияқты
6.	Білімін жеткізу, сабақ жүргізу әдістемесі
	1. Өз білімін, бағдарламаны, тіпті одан да үстем білімдерді толық жеткізе алады 2. Жеткізу деңгейі жоғары деп айтуға болады 3. Жеткізу, түсіндіру әдістемесі қанағаттанарлық 4. Төмендеу, білімін көп жағдайда жеткізе алмайды 5. Білімін жеткізу мен әдістемесі жетілмеген деп бағалауға болады
7.	Моральдік-адамгершілік деңгейі
	1. Өте жоғары, рухани таза, шексіз адал, бәрін де түсіне алады 2. Жоғары деп бағалауға болады, шәкірттеріне түсіністікпен қарайды 3. Орташа деңгейде деуге болады 4. Кей жағдайда төмендеу 5. Төмен, өзімшіл, шәкірттерінің мүддесін мүлде ескермейді
8.	Біздің арамыздағы жалпы беделі
	1. Біздің арамызда беделі жоғары, бәрі де қатты құрметтейді 2. Беделі айтарлықтай, бәрі іштей құрмет тұтады 3. Беделі орташа, кейбірі сыйламайды, ығысқаннан, ұстаздығын ғана сыйлайды 4. Беделі айтарлықтай емес, тек кейбіреулер ғана құрметтейді 5. Беделі төмен, көбі іштей жек көреді 6. Құрметтеу әрбір студенттің жеке басына, адамгершілігіне байланысты, мен құрметтеймін
9	Жүргізетін пәндерінің (пәнінің) қызықтылығы
	1. Пәні өте қызықты, үнемі сол пәнді күтеміз 2. Біршама қызықты, тартымды деуге болады 3. Пәні қызықты, бірақ өзі қызығушылықты арттырмайды 4. Пәні қызық емес, мені еш қызықтырмайды 5. Бұл пәндердің бізге қажеті жоқ деп ойлаймын, бәрімізге де қызықсыз

10. Дәріс оқу мен сөйлеу мәнері

№	Бағалау көрсеткіштері	Тілді меңгеруін бағалау	Дикция мен интонациясын бағалау	Дауыс күшін бағалау (қатты-жай)	Сөйлем құрауын бағалау
1	өте жоғары, өте жақсы				
2	Жоғары, жақсы				
3	Жоғары, жақсы деуге болады				
4	Жоғары да, жақсы да емес				
5	Орташа деңгейде				
6	Төмендеу, нашарлау				
7	Мүлде төмен, тіпті нашар				

11. Өзге де ұсыныстарыңыз бен пікірлеріңіз

Белсене қатынасқаныңыз үшін рахмет!

Сондай-ақ, бұл сауалнама – 5-6 жылдай тәжірибеден өткізілгендіктен, оның мынадай кемшіліктері мен субъективті бағалаушылық жақтарын көрсетуімізге болады:

- Абай айтқандай; «Көпте ақыл жоқ, жөнге сал!» деген философиялық мәселеге кезігуіңіз мүмкін;
- респонденттер өзара келісіп, ұстаздың беделін түсіру, не тым көтермелеу мақсатын көздеуі ықтимал;
- респонденттер өздерінің бағыныштылығын жадынан шығармай, «ығысқаннан» объективті бағаламай, тым жоғары нәтиже алынуы мүмкін немесе кейбіреулер жеке бас қатынасын негізге алып, түгел топты кері жауапқа немесе жеңіл-желпі, сауалнамаға жауапкершіліксіз қарауға көпшілікті насихаттауы ықтимал. Сондықтан сауалнама білім алушыларды бағалау толық аяқталғаннан кейін (сессиясы) ғана жүргізіледі;

- қоғамдағы әлі өз деңгейінде толық кемелденбеген субъектілердің «шикілеу» пікірлеріне кездесуіңіз мүмкін. Мәселен, олар сіздің білім деңгейіңізді толық бағаламай қалатын жайттар кездесіп отырады;
- «Ұстаз – жоғары баға қойса, сабақтан жіберсе, қатаң ескерту айтпаса т.б. жақсы адам» деген қалыпты түсінікке тағы да кездесуіңіз мүмкін;
- өзіңіздің салалық мамандығыңызға сай емес пәндерді, кездейсоқ немесе уақытша, қысқа уақытта жүргізсеңіз сауалнама нәтижесі объективті болып шықпайтындығы түсінікті;
- осыларды есепке ала отырып, шамамен 15-20 пайыздық көрсеткіштерді елемеуге де болатын сияқты.

Бұл – дәл, абсолютті шынайы көзқарастарды білдірмесе де, қоғамдық пікірді барынша кең зерттеудің түрі болып саналады. Сондықтан ұстаздық тәжірибеңізді жетілдіре түсу үшін «интроспекциялық автосауалнама» жүргізудің өз дәрежесінде маңызы бар деп айта аламыз. Бұны өндіріс пен мекеме басшылары да, саяси, әлеуметтік, рухани тұлғалар да сауалдарды өзгерте отырып, қолдануына әбден болады.

Бұндай сауалнамалар психолог және педагог мамандар арасында да қолдау табатындай ниетте болып келеді. Мәселен, Дж. Андерсон айтқандай, «мен кіммін және кім болғым келеді» деген ішкі сауалдар арқылы тұлғаның өзін-өзі бағалуында өзіне сенімділікті, күдіктен арылуды, еркін сезінуді т.б. артырады және А.Г. Шмелев тұжырымдағандай, психодиагностикалық эксперттік шкалаларды адамның өзіне-өзі тудыруына мүмкіндік береді. Демек, бұл сауалнаманы жүргізу психологиялық, педагогикалық гуманизм аясындағы маңызды шаралардың бірі деп айта аламыз.

Ескертпе: оқытушы-профессор тек өзі жүргізеді, өзі қорытындылайды, нәтижесін өзі дайындайды, өзінің ұстаз ретіндегі бағасын тану үшін респонденттер неғұрлым көп болса, нәтиже де соғұрлым объективті болып шығады. Сондықтан да ол «интроспекциялық», яғни, өзіне-өзі үңілу деген мағынадағы және «автосауалнама» деген атау ғылыми айналымда кездеспесе де, біз, «автобиографияға» аналогиялық түрде өзінің өзі туралы зерттеулері дегенді білдіретін түсініктерді қолдандық.

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН САУАЛНАМА

Бұл сауалнаманың мақсаты – барлық мамандықтарға оқытылатын әлеуметтану, саясаттану және мәдениеттану курсы аяқталғаннан кейін білім алушылардың осы пәнді меңгеру деңгейі туралы пікірлерін анықтау. Сауалнама анонимді түрде (аты-жөні көрсетілмейді) жүргізілгендіктен шынайы жауап берулеріңізді сұраймыз.

(Сауалнамаға қатысқандарыңыз үшін алдын-ала рахмет!)

1. Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану, философия мазмұны мен қарастыратын мәселелері Сізді қаншалықты қызықтырды?

1. Қатты қызықтырды
2. Жалпы қызықтырды

3. Орташа
4. Аз қызықтырды
5. Қызықтырған жоқ
6. Жауап беруге қиналамын

2. Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану, философия пәні Сіздің ақыл-ойыңыз жетілуіне ықпал етті ме?

1. Иә, жақсы ықпал етті
2. Игі ықпал етті деп айтуға болады
3. Орташа
4. Ықпалдылығы аздау болды
5. Ешбір ықпал еткен жоқ
6. Жауап беруге қиналамын

3. Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану, философия пәнінің мазмұны Сізге қаншалықты қиын болды ?

1. Еш қиындық кездестірмедім
2. Қиындықтар аздап болды
3. Қиындығы орташа
4. Қиындығы көбірек болды
5. Өте қиын болды, ешнәрсе түсінбедім
6. Жауап беруге қиналамын

4.Сізге осы пәнді оқу барысында толық түсінуге қиындық келтірген (жазып көрсетіңіз):

Терминдер (категориялар): _____

Ғылыми ағымдар: _____

Қай ғалым идеясы _____

5. Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану, философия пәнінен алынған мәліметтерді өмірге қолдануға болады деп ойлайсыз ба?

1. Оңтайлы қолдану болады
2. Қолдануға болады деп ойлаймын
3. Орташа деңгейде
4. Қолдануға келмейді деп ойлаймын
5. Мүлде қолдануға келемейді
6. Жауап беруге қиналамын

6. Дәріс беруші Сіздерге Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану мен философияны дұрыс түсіндіре алды деп ойлайсыз ба?

- 1.Өте жақсы түсіндіріп берді
2. Жалпы жақсы түсіндіріп берді

- 3.Орташа деңгейде
- 4.Түсіндіре алмады деп ойлаймын
5. Дұрыс түсіндіре алмады

7.Семинар жүргізуші ұстаз осы пәнді дұрыс ұғындыра алды ма?

1. Өте жақсы түсіндіріп берді
2. Жалпы жақсы түсіндіріп берді
3. Орташа деңгейде
4. Түсіндіре алмады деп ойлаймын
5. Дұрыс түсіндіре алмады

8. Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану, философия курсы аяқтағаннан кейін бұл пән Сіздің дүниеге көзқарасыңызды өзгертуге ықпал етті ме?

- 1.Иә, көп ықпал етті
- 2.Жалпы ықпал етті
- 3.Орташа
- 4.Ықпал ете алмады
- 5.Мүлде ықпал еткен жоқ
6. Жауап беруге қиналамын

9. Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттанудан, философиядан алған білімдеріңіз басқа пәндерді тереңірек түсінуге ықпал етті ме?

1. Иә, өте жақсы ықпал етті
2. Иә, айтарлықтай ықпал етті
3. Ықпал етті деп айтуға болады
- 4.Ықпал ете алмады
- 5.Мүлде әсері болған жоқ
6. Жауап беруге қиналамын

10. Саясаттану, әлеуметтану және мәдениеттану, философия пәні Сізге қазіргі Қазақстандық саясатты түсінуге әсері болды ма?

1. Иә, өте жақсы әсер етті
2. Иә, айтарлықтай әсер етті
3. Әсер етті деп айтуға болады
4. Әсер ете алмады
5. Мүлде әсері болған жоқ
6. Жауап беруге қиналамын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Новейший философский словарь: 3-е изд., исправл. – Мн.: Книжный Дом. 2003. - 1280 с. - (Мир энциклопедий).
2. Қабекенов Ғ. Әлеуметтік педагогика және ересектер тәрбиесі//Әлеуметтік педагогика.- №2, 2010.- 7-9 бб
3. Хюбнер К. Истина мифа: Пер с нем. – М.: Республика, 1996.- 448с.
4. Дж. Андерсон. Дума́й, пытайся, развивайся. - Перевод с англ. /Общ. редакция и перевод А.Л. Шлионский, Л.М. Шлионский, Н.В.Никифорова. – Санкт-Петербург: Азбука, 1996. - 92 с.
5. Шмелев А.Г. Основы психодиагностики- Учебное пособие для студентов педвузов.-Москва, Ростов-на-Дону: «Феникс», 1996.-544 с.
6. Аташ Б.М. Интроспекциялық автосауалнама//Жантану.-№2.-2014.-15-19бб.
7. Юсупова А.К. Живопись Казахстана 1980-1990-х гг.:пути и поиски. – Астана: Фолиант, 2009. -152 с. 61б.).
8. Культурология:Учебное пособие /Составитель и ответств. редактор А.А. Радугин. – М.: Центр, 2001. — 304 с.
9. Әлемдік мәдениеттану ой-санасы//Дайзетцу Судзуки. Дзен-буддизм туралы лекциялар. Он томдық. 2-том. Мифология: құрылымы мен рәміздері.-Алматы: Жазушы, 2005.-568 б.
10. Бекбоев А, Закиров А. Современные проблемы искусства и его связь с прошлым//Әл-Фараби (Философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал, №2 (22) 2008 с.-29-38
11. Төлепбай Е. Өнер – мәңгілік философия// Қазақ әдебиеті, №28, 1999.
12. Уәлиханов Ш. Таңдамалы шығармалар// Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. – Алматы: Жазушы, 1996.-304 б.-286-293бб.;
13. Қазақ бақсы балгерлері. Құрастырған Ж. Дәуренбеков, Е. Тұрсынов. – Алматы: Ана тілі, 1993. - 224б. – 131б.;
14. Берік Жүсіп. Бақсылық // Қазақ әдебиеті, №3(3167).-2010.-15б.;
15. Токарев С.А. Ранние формы религии. – М.: Политиздат,1990.-622с.-37б. ;
16. Көкеев А. Ер тегі көк аспан. – Алматы: Айдана, 2008.-376б.;
17. Турсунов Е.Д. Истоки тюркского фольклора. Қорқыт. – Алматы: Дайк-пресс, 2001.-168с.-69-70бб.

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ КЕЙС ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Соңғы он жылдықтағы әлемдегі саяси-экономикалық күрделі өзгерістер кәсіби мамандарға қойылатын талаптарды тым жоғарылатты, соған сәйкес еңбек нарығындағы салауатты бәсекелестік қарқыны өсті, жұмыс берушілердің талаптары күрделенді. Мұндай жайттар кәсіби мамандарды дайындайтын жоғары білім беру саласына да өз ықпалын тигізді және еңбек нарығының сұраныстарын қанағаттандыратын маман дайындаудың бағдарламаларын өзгерту, жаңалау, сұранысқа бейімдеу және ізгілендіру жұмыстары басталып кетті. Жоғары білім саласындағы оқытудың жаңа бағдарламаларының сапасын жоғарылату үшін жаңа әдістер қажет болды. Жаңа әдістерді жүйеге енгізу және оны апробациялау процестері әлемнің әр түкпіріндегі озық университеттерде озық ғалымдар арқылы жүріп жатты. Сыннан өткен әдістер әлемнің барлық жоғары оқу орындарына таратылып жатты. Көптеген әдістердің сыналуды мен таралуы орта білім беру саласымен қатар жүрді, біріншіден олар бірін екіншісі жалғастырушы, екіншіден, олардың да алдында жаңа міндеттерді орындау қажеттілігі тұрды.

Жоғары білім беру саласына енгізілген жаңа әдістердің бірі – «кейс оқыту» технологиясы. Ағылшын тіліндегі «case» - жағдай, ахуал деген мағынаға саяды, «study» - оқыту деген аударманы береді, демек, дәл қазір орын алған жағдайды оңтайлы шешуге бағытталады. Әдетте өмірлік не болмаса өндірістік мәселелердің көпшілікке ыңғайлы стандартты шешімі болады, адам сондай немесе соған ұқсас мәселеге тап болған кезде сол дайын шешімді ойланбастан қолданады. Кейс оқыту технологиясы стандартты емес ойлау арқылы барынша тиімді әрі ұтымды шешімді қабылдау үшін не істеу қажеттілігін үйретуге бағытталған.

Осы тұста «жаңа әдіс» деген ұғымға түсініктеме беріп кетуге тура келеді. Нақтылап айтқанда кейс оқыту технологиясының тарихи бастамасы ғасырдан астам уақытты құрайды, яғни Гарвард университетіндегі заң факультетінің профессоры Х.К.Лэнгделли 1870 жылы студенттерге тапсырма беріп оның шешеу жолдарын әртүрлі қасарастырған кездегі тапқан жаңашыл әдісінен басталады, алайда оны жаппай қолдану науқаны бір ғасыр өткен соң ғана 1970-80 жылдары орын алған. Бұл уақыт әсіресе менеджер, маркетинг, финансист сынды экономикалық бағыттағы мамандарды ерекше дайындау қажеттелген туғызған шақ болатын. Аталған мамандарды сапалы әрі жағдайға тез бейімделгіш, жағдайдың күрделі тұсын дөп басып, күрмеуін тез шешетін етіп дайындау үшін түрлі әдістерді іздеу барысында жүз жыл бұрын қолданылған кейс оқыту әдісі көзге түседі. Кейс оқыту технологиясы жоғары білім беру процесін тиімді ұйымдастыру үшін ғана емес, сондай-ақ материалдық-техникалық базаны жоғарылату қажеттілігін де туғызды. Кәсіби міндеттерді дұрыс қою және шешу, дер кезінде өз бетінше шешім қабылдауды үйрету үшін қолданылатын «кейс оқыту технологиясы» атты белсенді әдістің сыналу және шыңдалу процесінде бірқатар ерекшеліктері айқындалды.

- Зерттеу тақырыбы мәселенің өзі емес, зерттеу тақырыбы мен зерттеу мәселесін шатастырмай мәселенің орталық нүктесін табу қажеттелегі;

- Зерттеу мәселесін шешу үшін жалпы теорияларға емесе, нақты сол тақырыптың өзіне жүгіну керек;
- Зерттеу мәселесінің құрылымын анықтау керек, яғни зерттеу мәселесінің түпкі тарихы, оның мән-мәтіндік талдамасы, яғни хронологиялық, тарихи контексттік ерекшеліктері және жағадаятқа түсініктеме беру қажеттілігі;
- Зерттеу мәселесін шешу топтың бірнеше мүшелері ғана емес, барлығы белсенді болуы керек;
- Зерттеу мәселесі қаншалықты күрделі болса да ол туралы топ мүшелерінің барлығы нақты жағдайдан хабардар болуы қажет. Зерттеу мәселесіне қатысты маңыздылығы төмен сұрақ болмауы керек;
- Зерттеу мәселесі топтың әрбір мүшесі арқылы талдану керек, шешімнің ықтимал жолын топтың барлық мүшелері ұсынып ортаға салуы керек;
- Зерттеу мәселесінің бірнеше шешім нұсқалары болуы керек.

Кейс оқыту технологиясы бір ғана әдіс емес, әдістер кешені болып табылады. Мысалы, бір адамның бір сөмкесінде сол адамға әртүрлі бағытта, әртүрлі уақытта, әртүрлі деңгейде қажет заттар бар. Адам сол заттарды өз қажеттілігіне, орнына және уақытына қарай пайдаланады. Сөмке біреу болғанымен оның ішіндегі заттар көп және олардың пайдалану мерзімдері де әрқалай болып келеді. Сол сияқты кейс оқыту технологиясы ішіне модельдеу, жүйелік талдау, проблемалық әдіс, ойын әдістері және басқа оқыту әдістемелері кіреді.

Кейс оқыту технологиясы бүгінгі күні елімізде педагогика, филология және экономика салаларында белсенді қолданылу үстінде. Кейс-технология студенттер үшін мәтіндік, аудиовизуалды, мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинауға және оқытушыларға дәстүрлі және қашықтықтан кеңес беруді ұйымдастыруда пайдаланушылардың өз бетінше игеруіне негізделген интерактивті әдіс түрі ретінде өте тиімді әдіс болып саналады. Бұл әдіс арқылы студенттер теорияны өз бетінше үйрену арқылы практикалық дағдыларды үйренеді, сонымен қатар өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Жағдайды талдай отырып, студенттер болашақ мамандарға айналады және сабақты қызығушылықпен оқуға тырысады. Кейс-стади әдісі оқытушының шығармашылық ойлауын дамытады және сабақтың бірегей мазмұнын құру үшін шығармашылық мүмкіндіктерді кеңейтуге жағдай жасайды. Біз осы бағытты өзіміздің зерттеу бағытымыз әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді университеттерде оқытуда және практикалық философияда қолдануға тырысып жатырмыз.

КЕЙС 1. «САНА МЕТАФИЗИКАСЫ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ҮЛГІНІ ҚАЙТА ЖИНАҚТАУ»

Контекст. Философиядағы сананы қазіргі заманғы зерттеулер феноменологиялық, аналитикалық және когнитивтік тәсілдер арасындағы алшақтыққа тап болады. Бір парадигмада сана субъективті тәжірибе ретінде, екіншісінде нейрондық желілерде ақпаратты өңдеу ретінде түсініледі.

Кейстің мақсаты - феноменологиялық, когнитивтік және нейроғылыми тәсілдерді біріктіретін сананың тұжырымдамалық метамоделін жасау.

Жағдаят. Қазіргі философтар мен ғалымдар сананың табиғаты туралы келіспейді. Біреулер сананы таза субъективті тәжірибе (феноменология) десе, басқалары жүйке әрекетіне (когнитивизм) қысқарған дейді. Сондай-ақ панпсихизм мен интеграцияланған ақпарат теориясының (ИТ) үлгілері бар, олар сананың бүкіл Әлемге таралғанын болжайды.

Мәселелер:

- Сана туралы философиялық және ғылыми идеяларды қалай біріктіруге болады?
- Субъективтілік пен объективтілікті қамтитын концептуалды модель құру мүмкін бе?
- Сана ұғымын оны пәнаралық зерттеу үшін қалай формализациялауға болады?

Талдауға арналған сұрақтар:

- Сана моделін құрайтын негізгі ұғымдар қандай?
- Бір зерттеу шеңберінде феноменология мен неврологияны қолдануға бола ма?
- Сананың бар үлгілерінің шектеулері қандай?

Шешім: Үш деңгейлі метамоделді анықтау:

1-деңгей: феноменологиялық сана (субъективті тәжірибе, интенционалдық).

2-деңгей: когнитивті сана (нейропроцестер, ақпарат, есептеулер).

3-деңгей: жүйелі сана (пайда болу, ЖИТ).

- Сананың бар үлгілерін салыстыру және қиылысу нүктелерін іздеу.
- Модельді АІ философиясында қолдану мүмкіндігін тексеру (бұл метамоделі «машина санасын» түсіндіре алады ма?).

Қорытынды. Сана феноменология, когнитивтік ғылым және ақпарат теориясын біріктіретін иерархиялық модель арқылы қарастырылуы мүмкін.

КЕЙС 2. ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫҚ DAҒДАРЫСТАРДЫ МОДЕЛЬДЕУ

Кейстің мақсаты – өмірдің мәнін жоғалту, өлімнен қорқу немесе жалғыздық сияқты экзистенциалды дағдарыстарды талдау және жеңу үлгісін әзірлеу.

Жағдаят. Кәсібінде табысқа жеткен орта жастағы адам өмірде бос және мағынасыз сезімді сезіне бастайды. Сыртқы жетістіктеріне қарамастан, ол өзіне сұрақ қояды: «Мен неге өмір сүремін?», «Өлгеннен кейін не болады?», «Неге мен өзімді жалғыз сезінемін?».

Мәселелер:

- Экзистенциалды дағдарыстың себептерін нақты түсінудің болмауы.
- Өмірдің мәнін табудың қиындығы.
- Эмоционалды күйзеліс және депрессия.
- Мұндай жағдайлармен жұмыс істеуге арналған құралдардың болмауы.

Сұрақтар:

- Қандай философиялық концепциялар (экзистенциализм, стоицизм, буддизм) дағдарысты талдауға көмектеседі?
- Ойлар мен эмоцияларды құрылымдауға көмектесетін модельді қалай жасауға болады?
- Дағдарыстан шығудың қандай практикалық әдістерін қолдануға болады?
- Адамға өмірдің жаңа мәні мен мақсатын табуға қалай көмектесуге болады?

Мәселенің шешімі:

1) Концептуалды модельді әзірлеу:

- Дағдарыстың негізгі элементтерін анықтаңыз: мағына, қорқыныш, еркіндік, жауапкершілік.
- Осы элементтердің өзара әрекеттесетінін көрсететін метамодель құрастырыңыз.
- Модельге философиялық тәсілдерді қосыңыз (мысалы, Сартр, Камю, Ницше).

2) Дағдарыс талдауы:

- Ойлар мен эмоцияларды құрылымдау үшін үлгіні пайдаланыңыз.

3) Философиялық ұғымдарды қолдану:

- Экзистенциализм: мағынасыз әлемде өз мағынаңызды жасау.
- Стоицизм: өзгертуге болмайтын нәрсені қабылдау және басқаруға болатын нәрсеге назар аудару.
- Буддизм: қосымшалардан бас тарту және ішкі тыныштықты іздеу.

4) Практикалық қадамдар:

- Рефлексия үшін күнделік жүргізу.
- Медитация және зейін тәжірибесі.
- Жеке мәні бар жаңа мақсаттар қою.
- Психологпен немесе философиялық кеңесшімен жұмыс.

Қорытынды:

- 1) Концептуалды мета-модель экзистенциалды дағдарыстарды құрылымдауға және түсінуге көмектеседі.
- 2) Философиялық тәсілдер мағынаны табу және қорқынышты жеңу құралдарын ұсынады.
- 3) Практикалық әдістер (журналдар, медитация, мақсат қою) бақылау мен мақсат сезімін қалпына келтіруге көмектеседі.
- 4) Әдістеме ұқсас дағдарыстарды бастан өткеріп жатқан басқа адамдарға көмектесу үшін қолданылуы мүмкін.

КЕЙС 3. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ ҮШІН ДИЗАЙНДЫ ОЙЛАУДЫ ПАЙДАЛАНУ

Кейстің мақсаты – заманауи қоғамдағы адамдар арасындағы бөтендік сезімін азайтуға бағытталған практикалық шешімдерді әзірлеу үшін дизайндық ойлау әдістемесін пайдалану.

Жағдаят. Урбанизация мен цифрландыру контекстінде көптеген адамдар әлеуметтік медиа мен технологияны белсенді қолдануға қарамастан, өзін оқшауланған сезінеді. Бұл жалғыздықтың жоғарылауына, депрессияға және өмір сапасының төмендеуіне әкеледі.

Зерттеу мәселесі – қазіргі қоғамда адами байланыстарды қалпына келтіруге және жаттықты азайтуға қалай жағдай жасай аламыз?

Зерттеу сұрақтары:

- Заманауи әлемде жаттыққа қандай факторлар әсер етеді?
- Философиялық тұжырымдамалар (мысалы, экзистенциализм, коммунитаризм) мәселені түсінуге қалай көмектесе алады?
- Адамдар арасындағы байланысты қалпына келтіру үшін қандай практикалық қадамдар жасауға болады?
- Дизайн ойлауы шешімдерді жасауға қалай көмектеседі?

Мәселенің шешімі:

- 1) Эмпатия кезеңі:
 - Олардың қажеттіліктері мен эмоцияларын түсіну үшін өзін жалғыз сезінетін адамдармен сұхбат жүргізіңіз.
 - Жаттану мәселесіне арналған философиялық еңбектерді зерттеңіз (мысалы, Маркс, Фромм, Бубер).
- 2) Фокустау кезеңі:
 - Иеліктен шығарудың негізгі себептерін анықтаңыз: терең байланыстардың болмауы, технологияға шамадан тыс тәуелділік, урбанизация.
 - Мәселені тұжырымдаңыз: «Адамдардың терең байланыстарын қалыптастыруға көмектесетін кеңістіктер мен тәжірибелерді қалай жасауға болады?»

- 3) Идеяны қалыптастыру кезеңі:
- Философтармен, психологтармен және дизайнерлермен миға шабуыл сессиясын өткізіңіз.
 - Идеялар: жергілікті қауымдастықтар құру, философия кафелерін өткізу, виртуалды байланысқа емес, нақты кездесулерге арналған қолданбаларды әзірлеу.
- 4) Прототип жасау кезеңі:
- Адамдар философиялық тақырыптарды талқылайтын және жеке тәжірибелерімен бөлісетін жергілікті қауымдастықтың прототипін жасау.
 - Нақты өмірдегі кездесулерді ынталандыратын қолданбаның тұжырымдамасын жасаңыз.
- 5) Тестілеу кезеңі:
- Шағын қалада қауымдастықтың прототипін сынап көріңіз.
 - Қатысушылардан кері байланыс жинап, тұжырымдаманы нақтылаңыз.

Қорытынды:

- 1) Адамдар философиялық тақырыптарды талқылап, қолдау таба алатын жергілікті қауымдастық құрылды.
- 2) Адамдарға шынайы өмірдегі кездесулер мен оқиғаларды табуға көмектесетін қосымша әзірленді.
- 3) Қауымдастық мүшелері жалғыздық сезімі азайғанын және өмірге қанағаттануының артқанын хабарлайды.

КЕЙС 4. ОНЛАЙН-БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИНТЕГРАЛДЫ ӘДІСТЕР

1. Кіріспе

Жаңа онлайн оқыту платформасын енгізіп жатқан университетте оқытушылар студенттердің мотивациясы төмендеп, оқу процесіне белсенді қатыспайтынын және тек үстірт білім алатынын байқады.

Контекст: Білім беру бағдарламасы кәсіби дағдылармен қатар құндылықтық-дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыруды мақсат етеді. Алайда онлайн форматта тек когнитивті (білімдік) модульдер басым болып, эмоциялық, денелік және рухани компоненттер ескерілмей отыр.

Кейстің мақсаты: Онлайн-курстың құрылымына интегралды әдістерді енгізу арқылы оқыту тиімділігін арттыру жолдарын табу.

2. Жағдайды талдау

Мәселе – онлайн-курс адам дамуының барлық қырларын қамтымайды (ақыл-ой, эмоция, дене, рух). Көптеген курстар дәріс, тест және тапсырмаға негізделіп, тек танымдық қырын дамытады. Кен Уилбер ұсынған интегралды тәсіл төрт өлшемді қамтиды: субъективті (Мен), интерсубъективті (Біз), объективті (Бұл), жүйелік (Олар).

3. Шешім нұсқалары

- 1) Контентті эмоционалды және денелік белсенділікпен толықтыру

- Медитация, сергіту жаттығулары, шығармашылық тапсырмалар енгізу
 - Артықшылықтары: Толық қабылдауды арттырады, мотивацияны көтереді
 - Кемшіліктері: Уақыт талап етеді, кейбір студенттерге түсініксіз болуы мүмкін
- 2) Дизайн-ойлау негізіндегі жобалық оқыту
- Шынайы проблемаларға жауап іздеу арқылы білім алу
 - Артықшылықтары: Жауапкершілік пен сыни ойлауды дамытады
 - Кемшіліктері: Үлкен дайындық пен қолдауды қажет етеді
- 3) Интегралды платформа + микро-топтар
- Топтық рефлексия, тәжірибе алмасу, интегралды күнделіктер жүргізу
 - Артықшылықтары: Әлеуметтік және рухани деңгейлерді қамтиды
 - Кемшіліктері: Мұғалімге жүктеме артады
4. Ұсыныстар

Таңдау: 2 және 3 нұсқаларды біріктіру

Негіздеме: Бұл тәсіл когнитивтік, әлеуметтік және рухани қырларды үйлестіріп, тұтас білім беру тәжірибесін ұсынады.

Әрекет жоспары

Не?	Кім?	Қашан?	Қалай?
Курсты талдау	Оқытушы	1-апта	Контентті талдау және рефлексия
Құрылымды қайта жасау	Әдіскер + оқытушы	2-апта	Интегралды элементтерді қосу
Рефлексия топтарын құру	Куратор + студенттер	3-апта	Мүдде және мақсат бойынша бөлу
Жобалық оқытуды іске қосу	Оқытушы	4–8 апта	Модуль бойынша тапсырмалар, кеңес
Нәтижені бағалау	Оқытушы + студенттер	9-апта	Сауалнама, пікір алмасу

5. Қорытынды

Интегралды тәсіл тек ақпарат берумен шектелмей, студенттердің терең, саналы дамуына жол ашады. Бұл үшін онлайн курстарды қайта ойлап, оқыту әдістерін жаңғырту қажет.

6. Талқылауға арналған сұрақтар

- 1) Онлайн-оқытуда жиі ескерілмейтін қандай өлшемдер бар?
- 2) Интегралды тәсілдің маңыздылығын университет әкімшілігіне қалай дәлелдеуге болады?
- 3) Интегралды модельді енгізуде қандай қауіптер болуы мүмкін?
- 4) Қай цифрлық құралдар интегралды оқытуды қолдай алады?

КЕЙС 5. МӘДЕНИЕТТАНУ ПӘНІ БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ ЖОБАСЫН ОРЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Зерттеу жобасы - бұл нақты бір мәдени құбылыс, мәселе немесе үдерісті ғылыми әдістер арқылы талдауға бағытталған студенттің дербес ғылыми-танымдық жұмысы. Нәтижесінде құрылымды мәтін ұсынылады: талдау, қорытынды және ұсыныстармен.

Жобаның мақсаты – білімалушылардың зерттеу қабілетін жетілдіру және өзінің немесе өзге мәдениетке деген қызығушылығын арттыру.

Жобаның құрылымына қойылатын талаптар

Титулдық бет (ЖОО талаптарына сай)

Мазмұны (жоспар)

Кіріспе (1-2 бет):

- 1) Тақырыптың өзектілігі
- 2) Мақсаты мен міндеттері
- 3) Зерттеу нысаны мен пәні
- 4) Зерттеу әдістері
- 5) Жаңалығы (бар болса)
- 6) Жоба құрылымы

Негізгі бөлім (2 тарау, 10-15 бет):

- 1) Теориялық-әдіснамалық негіз
- 2) Ғылыми әдебиеттерді шолу
- 3) Эмпирикалық талдау (мәдени тәжірибе, символ, дәстүр, т.б.)
- 4) Салыстырмалы талдау

Қорытынды (1-2 бет):

- 1) Негізгі тұжырымдар
- 2) Практикалық ұсыныстар

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (АРА үлгісімен рәсімделген)

Қосымшалар (сұхбат мәтіндері, кестелер, фотосуреттер және т.б.)

Мазмұнға қойылатын негізгі талаптар

Компонент	Талап
Көлемі	20-25 бет (оқу деңгейіне қарай өзгеруі мүмкін)
Тілі	Ғылыми стильде, бейтарап және дәл жазу
Рәсімдеу	Times New Roman, 14 кегль, жол аралығы 1, барлық жағынан 2 см
Дереккөздер	Кемінде 10–15 ғылыми еңбек (монография, мақала, құжат, интернет-ресурс)
Дәйексөз келтіру	Дұрыс рәсімделген (сілтемелер, әдебиеттер тізімі, антиплагиат $\geq 70\%$)
Эмпирикалық бөлім	Бақылау, интервью, фотофиксация, мәдени тәжірибелер бойынша материал

Зерттеу дербестігіне қойылатын талаптар

- 1) Жоба толығымен студенттің өз жұмысы болуы тиіс.
- 2) Барлық алынған дәйексөздер мен ойлар нақты рәсімделуі қажет.
- 3) Сұхбат, бақылау, фото сияқты өзіндік эмпирикалық деректер қолдануға ынталандырылады.
- 4) Сандық құралдарды (инфографика, карта, презентация, QR) қолдануға болады.

Жобаны бағалау өлшемдері

Критерий	Қойылатын балл
Тақырыптың өзектілігі мен негіздемесі	15
Ғылыми мазмұны мен қисындылығы	20
Теориялық бөлімі	20
Эмпирикалық талдау	20
Құрылымы мен рәсімделуі	10
Шығармашылық пен дербестік	15
Барлығы	100

Ұсыныстар

- 1) Жеке қызығушылық тудыратын тақырыпты таңдаңыз — бұл зерттеуге деген ынтаңызды арттырады.
- 2) Мәдени кеңістікпен жұмыс жасаңыз: бейнелер, рәміздер, дәстүрлер.
- 3) Эмпирикалық материал жинаудан қорықпаңыз: сұхбат, бақылау, фото.
- 4) Жоба барысында ғылыми жетекшімен кеңесіп отырыңыз.
- 5) Жобаны соңғы күнге қалдырмаңыз — кезең-кезеңімен жасаңыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл пәндерді оқып үйренудің өзіндік қиындықтарының бірі – көп жағдайда қазақ топтары үшін ана тіліміздегі оқу-әдістемелік құралдардың жетіспеуінен болып отыр. Осының салдарынан тәлім алушы көптеген терминдер мен түсініктерді ұғыну мүмкіндігі төмендеп, берілген материалдарды өздігінше қорытып, бағдарламада ұсынылған ақпараттарды, білім қорларын жеткілікті деңгейде игере алмай қалатын жағдаяттар да кездесіп қалады.

Бұл оқу-әдістемелік құрал осындай заманауи талаптар мен қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Кейбір ғылымдарды оқытудың арнайы әдістемесі жетілген, ал қайсыбірінде бұл сала кешеуілдеп қалған. Оқыту әдістемесі жетілмей қалған ілімдердің бірі – соңғы уақыттарда бір блокқа кіріктірілген әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология пәндері. Сондықтан осы мәселеге баса назар аудару қажеттілігі туындап отыр. Біз де осы түйткілді мәселені назардан тыс қалдырмадық және «қазіргі қоғамымыздағы саяси-әлеуметтік мәселелерді студенттерге қалай жүйелі, тиянақты түрде түсіндіре аламыз» деген сауалдың өзектілігі ескеріліп, оны үйренудің өзіндік жаңа технологияларын ұсындық.

Бұл оқу-әдістемелік құралда студенттердің біліктілік дағдысын қалыптастыру, шығармашылық ойлауын жандандыру мен жетілдіруге назар аударылды. Студенттің өз бетінше ізденуіне, ойлануына, өз ойын білдіріп отыруына, жаттандылықтан арылып, мәтін мағынасын толықтай түсінуіне де жол ашатын үлгілерді ұсынатын бұл еңбек олардың белсенділігін арттыра түсуге жол ашады. Аталған оқу-әдістемелік құрал әлеуметтану, саясаттану және мәдениеттану пәндерін біріктіреді.

Бұл еңбекті студенттерге және оқытушыларға да, БӨЖ және ОБӨЖ, практикалық сабақтарды жүргізуде көмекші құрал ретінде пайдалануға болады. Қазіргі адамзат қоғамындағы саяси, әлеуметтік, мәдени сала өркениетке ұмтылған сайын күрделене түсіп келеді, тез, әрі қарқынды дамып отыр. Халықаралық саясаттағы оқиғаларға баға берудің көптүрлі көзқарастар аясында өрбитіндігі, саяси таным мен әлеуметтік оқиғалар тізбегінің шынайы мәнін ұғынудың маңыздылығы, мәдени қозғалыстар мен оның жалпы мәдениет тарихымен сабақтасатын үрдістері қазіргі таңда әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану пәндерінің негізгі қағидаттары мен заңдылықтарын меңгерусіз шынайы бағасын ала алмайды.

Бұл өз кезегінде оқу бағдарламасындағы әрбір тақырыпты толығырақ түсіндіруді, тереңірек зерделеуді қажет етеді. Қазіргі адамның өзін жан-жақты интеллектуальдік тұрғыдан жетілдірудің заманында саяси мәдени кеңістіктегі сауаттылық пен сараптамалық таным айрықша құбылыс. Сондықтан, бұл ілімдердің бастапқы негіздерін оқып үйрену заман талабынан, жастардың білім аймағының кеңдігін толықтырудың сұранысынан, руханилық аясында өзін еркін сезіну және үнемі жетілу параметрлерін қамтамасыз етуден, барлық білімдердің түпкілікті негіздерін, жалпы әдіснамасын бағдарлай алу қажеттілігінен туындайды.

Ұсынылып отырған оқу-әдістемелік құралдың өзіндік ерекшелігі практикалық сабақтардың жүруі барысында берілген тапсырмалардың баламалы түрде бірнешеуінің ұсынылуы. Сондай-ақ, орындалатын бұндай жұмыстарға студенттерге үлгі ретінде арнайы мысалдар келтірілген және студенттердің сыни, креативті ойлауын қалыптастыруға баса назар аударылған.

Бұл еңбекте білім алушылардың плагиат жасауына, бір-бірінен көшіруге немесе интернет материалдарынан қиып алып ұсына салуына мүмкіндіктер берілмейді. Ал соңғы уақыттарда қолданылатын «ChatGPT» сияқты бағдарламалардан алынған білімдерді плагиаттан өткізу – білім берушілердің құзырында болады, дегенмен, қажет кезінде, бұл бағдарламаларды оңтайлы қолдануға да мүмкіндіктер беріледі. Себебі, әрбір студенттің өзіндік төлтума шығармашылығы мен жеке ізденімпаздығы талап етіледі және білім сол бойынша бағаланады. Ұсынылған бірнеше нұсқалар білім алушыларға таңдау мүмкіндігін береді, сондықтан, олар өзінің қызығушылық аймағы бойынша жұмыс жасай алады.

Сонымен қатар ұстаздарға білім алушылардың еңбектерін объективті бағалауға мүмкіндіктер ашылған, бағалау өлшемдері үшін үш тараптың қатысуы тиіс екендігі ұсынылған және оның үлгілері берілген: студенттің өзін-өзі бағалауы, топ жетекшісінің көпшілікпен келісілген ұйғарымы, нәтижесінде оқытушы-профессордың соңғы бағасы қойылады.

Тапсырмалар типтік оқу бағдарламасында қамтылуы тиіс тақырыптар мен қозғалуы тиіс мәселелер аясында білім алушының өз бетінше дайындалуын басты назарға алады. Сондай-ақ, бұл оқу-әдістемелік құралдың негізгі үлгілерін, тапсырмалардың берілу жолдарын басқа да қоғамдық-гуманитарлық пәндерде форматтауға болады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Әлеуметтану пәні блогы	7
Саясаттану пәні блогы	43
Мәдениеттану пәні блогы	81
Философия блогы	98
Интроспекциялық автосауалнама	128
Жоғары білім берудегі кейс технологиясы	137
Қорытынды	140

Нұрадин Г.Б.
Аташ Б.М.
Кульбаева Д.Д.

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСНАМАСЫ

Оқу-әдістемелік құрал

Техникалық редакторы
Редакциялық сектор жетекшісі
Компьютерлік беттеу

С.Б. Қадырбай
М.М. Саменов
Г. Маханбеткул

Баспаға 04.06.2025 ж. қол қойылды.
Пішімі 60x80 1/16. Есепті б. т.10,1. Шартты б. т. 9,4
Таралымы 100 Тапсырыс 908.

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті
«Dulaty university» баспасы
080012, Тараз қ., Сүлейменов, 11